

Оразалы СӘБДЕН

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САРА ЖОЛЫ

2023

УДК 323/324 (574)

ББК 66.3(5Каз)

С28

Рецензенттер:

Академиктер: М.Мырзахметов, Т.Койчуев,
Б.Ракишев, Б.Көмеков

Қазақстанның сара жолы. (Қоғамды жаңғырту ілімі). XXXII том – Сәбден О. – Алматы: «Service Press», 2023. - 356 б.

ISBN 978-601-354-076-4

30 жыл бойы үстемдік құрған бұрынғы жүйенің автократиялық басқаруымен қоғам дертіне айналған халық өмірінің ауыр тұстары батыл да ашық сыналып, оның оңтайлы шешу жолдарының жобасы ұсынылады. Әділетті Қазақстанның сара жолын жасау үшін қоғамды жаңғырту, сананы трансформациялау арқылы жетуге болатындығын автор данышпан Абай ізімен жазған өзінің 45 ойлы сөзінде ұсынады.

Автор бұл еңбегінде шығыстың рухани философиясын батыс өркениетінің дамуымен интеграциялауға тырысып, болатын жаңа өркениетте қоғамды жаңғырту ілімінің негізін қалауға қадамдар жасаған. Негізгі идеясы – алдағы әлеуметтік-рухани және ғылыми-технологиялық дамуды қатар алып жүріп, қазақ елін жаңа гуманитарлық-ноосфералық цивилизацияға жетелеуге арналған.

Бұрынғы «Ойлы сөз» - деген атпен шыққан кітап толықтырылып, екінші рет басылып отыр. Кітап көпшілік оқырмандарға арналады.

УДК 323/324 (574)

ББК 66.3 (5Каз)


ISBN 978-601-354-076-4

© Оразалы Сәбден, 2023

**Бүгінгі Қазақстан қоғамын жаңғырту жолында
Сізді не ойландырады:**

Әлем қайда, біз қайда бара жатырмыз?
Байлығымыз кімнің қолында?
Рухани құндылығымыз ба?
Ұлы Абайдың феномені ме?
Абайдың «Толық адам» ілімі ме? Ол кім?
Түркі әлеміне серпіліс керек пе?
Түркістанды жаңғырту ма?
Табиғат пен адам гармониясы ма?
Жаңа алтыншы, жетінші сезім түйсігі ме?
Сананы өзгерту ме?
Әлеуметтік инновация ма?
Экономика мен технология ма?
Ауыл тағдыры ма?
Кіші кәсіп – елге нәсіп пе?
Жер мен тіл тағдыры ма?
Білім мен ғылым ба?
Жастар болашағы ма?
Әрбір адамға, отбасына керегі не?
Денсаулық пен спорт па?
Мемлекетті тиімді басқару ма?
Ұлттың қауіпсіздігі ме?
Жасанды интеллект пе? Роботтандыру ма?
Ақпараттық қоғам ба, цифрлы технология ма?
XXI ғасырда адамзаттың өмір сүру жолы ма?
Қоғамды жаңғырту ілімі ме?
Өмірдің мәні неде?
Кәріліктің құндылығы неде?
Қазақ өзі кім? XXI ғасырдың қазағы қандай болу керек?

Осы және басқа да адамзат пен қоғам дамуының өзекті мәселелеріне жасапты осы еңбектен таба аласыз.



**Қазақстан қоғамын жаңғырту жолындағы
академиктің ой-толғамдары**

МАЗМҰНЫ

Бірінші сөз	Әділетті өмірге бетбұрыс	10
Екінші сөз	Әлем күрт өзгеруде	17
Үшінші сөз	Даму шығысқа бет бұрды	21
Төртінші сөз	Біз кім едік, қазір кімбіз, қайда бара жатырмыз?	25
Бесінші сөз	Қазақ өзі кім? ХХІ ғасыр- да қазақ қандай болу керек?	32
Алтыншы сөз	Байлығымыз	40
Жетінші сөз	Экономика	46
Сегізінші сөз	Рухани құндылығымыз	57
Тоғызыншы сөз	Түркі әлеміне серпіліс	65
Оныншы сөз	Түркістанды жаңғырту – рухты ояту!	73
Он бірінші сөз	Ұлы Абай феномені	79
Он екінші сөз	Ұлы Абайдың «Толық адам ілімі»	85
Он үшінші сөз	Моральға оралу	95
Он төртінші сөз	Тіл тағдыры	104
Он бесінші сөз	Жер тағдыры	109
Он алтыншы сөз	Ғылым	117
Он жетінші сөз	Білім	124
Он сегізінші сөз	Денсаулық	129
Он тоғызыншы сөз	Мәдениет	134
Жиырмасыншы сөз	Спорт	139
Жиырма бірінші сөз	Ауыл	145
Жиырма екінші сөз	Адам әлеуеті	153
Жиырма үшінші сөз	Дін	161
Жиырма төртінші сөз	Жастар	168
Жиырма бесінші сөз	Жаңа Қазақстан құруға әлеуметтік инновация керек	175

Жиырма алтыншы сөз	Табиғат пен адам гармониясы	182
Жиырма жетінші ой	Технология	189
Жиырма сегізінші сөз	Кіші кәсіп	196
Жиырма тоғызыншы сөз	Қазақстанды басқару жүйесі	202
Отызыншы сөз	Мемлекетті 5-тік спираль-мен жаңаша басқару	213
Отыз бірінші сөз	Ғарыш	222
Отыз екінші сөз	Қауіпсіздік	226
Отыз үшінші сөз	Цифрландыру	231
Отыз төртінші сөз	Жасанды интеллект, роботтандыру	237
Отыз бесінші сөз	Өркениет	245
Отыз алтыншы сөз	Генийлер келе ме?	252
Отыз жетінші сөз	6-7 сезім түйсігі	256
Отыз сегізінші сөз	Жаһандану феномені	263
Отыз тоғызыншы сөз	Келешек – сана өзгерісінде	270
Қырықыншы сөз	Өмірдің мәні неде?	275
Қырық бірінші сөз	Кәріліктің құндылығы	287
Қырық екінші сөз	Әуестік	295
Қырық үшінші сөз	Қоғамды жаңғырту ілімі	298
Қырық төртінші сөз	Қазақстанның сара жолы	309
Қырық бесінші сөз	Қорытынды. Келешекке бір сұрақ...	325
Тұжырым		335
Әдебиеттер		341
Қосымша 1. 1990-2023 жж. Қазақстан Республикасы Президентіне, Үкіметіне берілген 47 ұсыныс-хаттар тізімі		347
Автор туралы		351

**Мұхтар Әуезов «Абай жолын» жазса,
Оразалы Сәбден «Қазақстанның сара жолын»
көрсетті**

Біз Оразалы Сәбденді өткен ғасырдың 70-жылдардың басынан бері, Ұлттық ғылым академиясының Экономика институтының жас талантты экономист ғалымы ретінде білетін едік. Кейін қабілетті де жігерлі жасты Жоғарғы Кеңестің депутаттығына кандидат етіп ұсындық. Ол 39 үміткер академик, мүше-корреспонденттердің ішінен жарып шығып, депутат болып сайланды. Содан кейін де халық арасынан 4 рет депутат болып сайланып, егемендігімізге алғаш қол жеткізген жылдарда өзекті заңдар шығарып, халықтың да, біздің де сенімімізді ақтады.

Кейінгі жылдарда ғылыми-зерттеу еңбектерін жазып, ел игілігі үшін өнімді жұмыс жасап жүрген академик Оразалы Сәбден кенеттен ұлы Абайға бет бұрып, бүгінгі өмірдің беталысын Абай даналығымен тығыз байланыстырып, өз шешімін ұсынып жүргені – таң қаларлық жаңа бір қыры дер едік. «Абай, қазақ елінің болашағы және әлемдік цивилизация» атты кітабы елімізде және Лондонда басылып шықты. Ұлыбритания кітап баспасының дерегі бойынша, бұл кітап әлемнің «топ-200» университеттеріне жіберіліп, АҚШ-тан бастап, көптеген елдерде сатылуда. Әлемнің жылда үздік үштікке кіретін ең озық университеті Кембриджде автордың қатысуымен

осы кітабының тұсаукесері өткізілді. Мұны ұлы Абайдың атын әлемге шығарған Оразалының ерен еңбегі деп бағалаймыз.

Енді мына жаңа еңбегі туралы айтатын болсақ, әбден кемеліне жеткен ғалымның, уақытысында Абайдың 45 қара сөзі сияқты қазіргі шақ туралы өзіндік 45 ой-толғамдары, әлемдік көзқараста Қазақстанды жаңа өркениетке жетелеу жолында жазылған. Ат төбеліндей қазақ елін білімді қоғам ретінде көргісі келеді, сол мақсатта қоғамды жаңғыртуды, ұлттық сана өзгерісін ұсына отырып, жаңа технологияны ізгі мақсатқа жұмсаудың жолын көрсетеді.

Біз Оразалының 2 қырын байқадық. Біріншісі, ол талантты ғалым, білімнің көп саласынан хабары бар. Екіншісі, оның ұстанымы мықты, әр уақытта шындықты басып айтып жүреді, ірі саясаткер, қоғам және мемлекет қайраткері. Ол туралы заңғар ғалым, заңгер С.Зиманов ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевқа жазған хатында былай деген: «Менің ойымша, жеке тұлға ретінде, ұйымдастырушылық таланты және орындаушылық стилімен, ғалым ретінде Оразалы Сәбден кез келген министрлік кабинеттің көркін ашар еді!» Әттең сол кездегі әміршілдік жүйе ғалымның потенциалын ел игілігі үшін пайдаланбай, керісінше тосқауылдар жасады.

Асқан жігерінің арқасында тар кезең шеңберінде қалып қоймай, әлемдік мінберлерден ойларын айтып жүрген академиктің бұл «ойлы сөздері» тек Қазақстанның ғана емес, күллі әлемнің дамуына септігін тигізетін құнды ойлар.

Оразалының ойлы сөздерінің, тұнып тұрған ұсыныстарының, жобаларының мемлекеттің дамуына әкелетін пайдасын есептеу қиын болса да бағамдасақ, жорамалмен айтсақ. Біріншіден, халқымыздың рухани, интеллектуалды өсуіне пайдасы мол. Екінші, 45 сөздегі ұсыныстар іске асса елімізге миллиардтаған табыс әкелуі мүмкін. Экономикамыз үдемелі дамып, халқымыздың күнкөріс деңгейі өсер еді. Оразалы Сәбденнің келешек игілігіне арналған бұл еңбегінің Қазақстан тарихында өз орнын ойып алатынына кәміл сенеміз!

Мұндай ашық сын пікірмен жазған кітаптың жарыққа шығуы, қазіргі биліктің демократиялық жолға қадам басуында деп түсінуге болады.

Академиктер:

М. Мырзахметов - филология ғылымдарының докторы, профессор

Т. Койчуев – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қырғызстан Ғылым академиясының экс-президенті

Б. Ракишев - техника ғылымдарының докторы, профессор

Б. Көмеков - тарих ғылымдарының докторы, профессор

*Өмірдің кілті – ойда. Алдағы нәубеттен
алып шығатын бір-ақ
қару бар, ол адамның
сезімталдығы*

БІРІНШІ СӨЗ

Әділетті өмірге бетбұрыс

Бүгінгі жағдаймен қатар, ертең не болатынын ескере отырып, «не істеу керек?» деген «мәңгілік» сұрақтың жауабын беретін ғылым мен өмірге негізделген **әділетті Қазақстан құру – ең басты мәселе** [1]. Біз 70 жылдан астам уақыт ісінен сөзі көптеу, қазақтың тілі мен тарихына, төл мәдениеті мен рухани құндылықтарына бұғау салған Кеңес Одағының теріс ұранымен санамызды улап келдік.

Енді егемендік алғаннан кейін де, соңғы 30 жыл бойы авторитарлық басқару жүйе орнап, бос ұрандату жалғасып келеді, мақтаншақтық қалар емес, жүргізілген іс жүйесіздеу, өнімсіздеу, шындық аз, т.б. «Көш жүре түзеледі» деуші еді, біз қашан түзелеміз? Ол үшін не істеу керек? Осы ой мазалап, оның шешімін табу үшін көп ойландым. Өйткені, болашақ үшін алаңдаймын. Адамзат осылай әртүрлі нәубетке қала бере ме, жоқ әлде жаңа өркениетке шығар жол табады ма?

Азды-көпті өмір сүрдім. Осы жасқа дейін дүниенің төрт бұрышын шарладым. Алдымен еркін күрестен КСРО спорт шебері, Қазақстан чемпионы, содан соң жас ғалым, белгілі ғалым,

4 рет Парламент депутаты ретінде қызмет атқардым. Қазір танымал ғалым ретінде дүниежүзілік конгресс, конференцияларға қатысудамын, 800-ге жуық ғылыми еңбектерім, оның ішінде 98 монографиялық кітаптарым жарық көрді. Көптеген шетелдік ғалымдармен пікір алыстым, оның ішінде Д. Стиглиц, Р. Ауман, С.А.Тимашев сияқты Нобель сыйлығының иегерлері де бар. Жалпы, 60-тан астам елдерде болдым, сондықтан да тағдырыма ризамын. Көрген-білгенімнен ойға түйгенім баршылық. Соларды ортаға салуға әлемнің ғұламалары мен Абай бабамыздың даналық ойлары түрткі болды. Бұл ой маған Еуропа, АҚШ елдеріне бара жатқанда, ұшақта ұзақ ұшқанда, ұлы Абайдың қара сөздері мен дала ойшылы Шәкәрім туындыларын қайта шолып өткенде келді [2, 3]. «Неге біз осы елдердей бола алмаймыз, қай жеріміз кем?» – деген ойлар маза бермеді. Он үш қыздан кейін дүниеге келген мені кішкентай кезде еркелетіп, «тентек бала» атандырып өсірген Кенжекүл әже – Ұрзада анамның өсиетін еске алып, сол уақытта қойын дәптеріме әжемнің еркелетіп қойған атымен «Ошанның 30 ойлы сөз толғамдары» деп жазып та қойыппын.

2016 жылы жарық көрген «Абай және қазақ елінің болашағы» кітабымда Абай хәкімге мұң шаққандай, елдегі жағдайға күйзеле отырып, мемлекетті тығырықтан шығару жолдарын Абайдың даналығына жүгіне қарастырған едім. Мынау қарама-қайшылықты кезеңде Абай идеясын жалау етіп көтеруді сол еңбегімде алғаш ұсынған

болатынмын. Тәуелсіздік алған жылдардан қазіргі кезеңге дейінгі ел мен жер жайын қозғап, ХХІ ғасырдағы жаһандану көшіне жаңа көзқарасты алға тартатын «Абай» туралы кітабым бүгінде орыс, ағылшын тілдеріне аударылып, әлемнің сан елін аралап та кетті. Қолдарыңыздағы «Ойлы сөздерді» жазуыма да әлемдік генилермен қатар кемел Абай әлемі себеп болды десем болады.

Тәуелсіздіктен бері қарай отыз жыл бойы ештеңеге бастап әкелмеген ілім, жүргізіліп келген халықтың емес, биліктің идеологиясы бұл күннің ойлысы мен зиялысына қайғы әкелетіні рас. Билікке ынталылар тәуелсіздік ілімін о бастан елдің жарқын болашағына, халық мүддесіне бағыттамаған соң, бұл күнде қарапайым халықтың сын көтермейтін әл-ауқатын, баспана зарын шеккен көпбалалы отбасыларды, әлеуметтік және медицина жағынан қауіпсіздендірілмеген бала мен қартты, шарықтау шегіне жеткен жемқорлықты көре тұрып қайғыға салынбау мүмкін бе?

Қазіргі кезде халықтың санасы оянды, билікке оңтайлы екен деп, жалған идеяға сенбейді, өтіріктің батпағына батқан қоғам келбетін айнадан көргендей анық көре отырып, ызаланбағанда қайтеді? Зар қайдан шықты десеңіз, ол қайғы мен ыза қысқан елдің көкірегін қарс айырып, шығып жатса керек. **Мысалы, 2022 жылы Қазақстанда, әсіресе Алматыда болған, көптеген жастарымыздың өмірін қиған қанды қаңтар оқиғасы. Мұның әділ, саяси-қоғамдық бағасын беру керек.**

Сөз еркіндігі – демократия, шындық міндетті түрде айтылуы керек деп ойлаймын. Әңгіме

көптомдық еңбек жазуда емес, заман шындығын ашық жеткізе білуде. Мен де уақытысындағы Платон мен Макиавелли сияқты 47-тен астам ой-тұжырымдарымды, жобаларымды Үкіметке, Президентке жеткізуге тырыстым. Олардың біразы іске асса, ал көпшілігі өз кезегін күтуде, себептері белгілі.

Бүкіл басқару жүйесін сол кезде өзгерту мүмкін емес екенін түсініп, бірақ сол идеямды жалғастырып, қолыма қалам алып, ішкі түйсігім маза бермеген ойларды халыққа жеткізу үшін жазуға бекіндім. Біз болашақты қалай болжаймыз? Бүгін не өзгертеміз, ертең не жасаймыз? Осылай кете берсек, болашақ ұрпағымыздың, жалпы қазақтың тағдыры не болмақ? Әлемде болып жатқан әртүрлі қақтығыстардың зардабы бізге тиіп кетпей ме? Өткеннен не аламыз, болашаққа не береміз? Осындай күрделі сұрақтардың шешімін табу үшін жүз ойланып, мың толғана жүріп, осы еңбекті енді кемелденген кезде жазуға тура келді. Келешек ұрпаққа қажет болар деген оймен ішкі тебіренісімді кітап ретінде беруді ұйғардым. Қысқаша менің «Дхармам», Абай ой-өркениетін ғылыми ізденіс арқылы 30 жыл бойы бұрынғы жүйенің басқаруымен болған халықтың күн көрісінің қиын жағдайы, мұң-мұқтажымен саралап Қазақстанның жаңа жолын жасау.

2012 жылдың басында биліктің әділетсіздігі салдарынан ҚР БҒМ Экономика институтының директорлық қызметінен кеткеннен кейін, терең ізденіспен отырып, Қазақстан және дүниежүзінің

дамуы үшін қазіргі таңда сұраныс тудырып отырған **халықаралық мегажобалар жасадым. Олар:** *«Қуаттылығы» бойынша бүкіл әлем үшін валютаны универсальды түрде анықтайтын әдіс (кВт/валютаға қатынасы), Түркістанды рухани астанаға айналдыру үшін «Түркістан өңірі» жаңа рухани-технологиялық кластерін құру, «Әлемдік тәртіптегі жаңа ғаламдық татулық үлгісі», «Қоғамды ізгілендіру мен қауіпсіздік», «XXI ғасырдағы адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы», «Әлемдік процестерді басқару мен реттеудің желілік моделі», «Мемлекетті 5-тік спиральмен басқарудың жаңа парадигмасы», Қоғамды жаңғырту ілімі т.б. [1,4].* Осы жобалар қолдау тауып, Нобель сыйлығының лауреаты, басқа да шетелдік және өз ғалымдарымыздың тарапынан жақсы ғылыми пікірлер берілді, ең жоғарғы атаққа да ұсынылды [1]. Олардың тиімділігі мен жемісін уақыт көрсете жатар.

Біз ұлттық, шығыстық рухани жүйені әлемдік ой өркениетінің дамуымен байланыстырып, қазіргі XXI ғасырдың цивилизациялық жаңалықтарымен ұштастыра алсақ, онда Қазақстанда ізгілендіру қоғамын құруға тікелей әсер етер едік. Әрине, бұл оңай жол емес.

Адам баласы қашанда артық білуге ұмтылуы керек. Адам өзін-өзі батыл болуға, ел-жұртын сүюге тәрбиелеуі қажет. Сонда ғана өзімішідіктен, масаттанушылықтан құтылуға болады. Білім арқылы ғана қазақтың көзі ашылады. Жерге қауіп төнген жағдайда (2016 ж.халық наразылығы) ха-

лықты заң бойынша қорғай алады, басқа өркениетті елдермен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туады.

Шындығына келсек, маған кешегі өткен кеңестік **социалистік** советтік дәуір де қазіргі **капиталистік**-нарықтық өмір де толыққанды ұнап тұрған жоқ. Өйткені адамзат үшін Украинадағы соғыс сияқты әлемде келеңсіздіктер шексіз көбейде. Халық пен биліктің, бай мен кедейдің арасы алшақтап, ажырап кетті.

Сондықтан ақиқаттың ақ жолы, яғни Абай айтпақшы, «толық адам» ілімінің жолы басқаша болуы керек» деген мәселеге жауап іздеудемін. Оны диалектиканың даму заңдылығымен өзімізді өзгертуден, ішкі жан дүниемізді түзетуден, қоғамды ізгілендіруден бастаған абзал. Жаңа қоғам – **интегралды-инновациялық қоғам** болмақшы, ол экономиканың жаңа укладқа (7-ші формацияға) көшуі. Сол уақытта экономиканың даму моделі қазіргідей пайда табуды көздейтін емес, ақылға сай, әр адамның керекті қажеттілігіне негізделген болады. Әрине бұл ұзақ процесс.

Алда 2 мәселені зерттеу маңызды. *Біріншісі* космосты зерттеу арқылы өмір бар жаңа планетаны табу, ал *екіншісі* жасанды интеллектіні адамның қажеттілігіне пайдалану. Қазіргі жағдайда қолымыз бен ойымызды бұғаудан босатып, ең басты мақсат - **жаңа ноосфералық өркениет заманын құру**. Жаңа 7-ші формациялық қоғамның құрылымын жасау тек біздің мойнымызда, біздің парызымыз. Бұл өмірдегі ойында ең бағалы қой-

ылым (ставка) ол адамзатқа жақсылық жасауды, әрі өз халқына беруді үйрену.

Мен де осы бір жаңа өркениетке бір кірпіш болып қалануға тырыстым. Бірақ бір нәрсе маған ақиқат. Біз алдағы ғылыми революция негізінде **қоғамды жаңғырту (гуманизациялау) ілімін** жасауымыз керек. Осыған бұл еңбекте әрекет жасалған. Кітапта келешекті жобалауға тырыстым, оның ішіндегі жаңа ойлар әсіресе қазіргі 25-30-40 жастағы жаңа буындарға керек. Себебі алдағы он жылдықтан кейін басталатын адамзаттың рухани ренессансына, өзгеруіне осы жастардың тікелей септігі тиеді деген ойдамын. Мүмкін алда 15-20 жылда интеллектуалды және рухани революция болар. **Негізгі мақсат - Қазақстан қоғамын жаңғыртып, демократиялық дамыған мемлекет орнату.** Мен өз жолыммен бара жатырмын, керек адам ізімді басар.

Заман өзгеруде, қазіргі ХХІ ғасырда жаһандану үдерісі алға шықты. Дүниеде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың көптігі соншалықты, кейде қоғам оларға ілесіп үлгере алмауда. Оларды ғаламтордан және басқа да ақпараттық өзгерістерден байқауға болады. Сондықтан біздің ойымызша, бүгін **жаңа білім, ғылым, жоғары технология, рухани жаңғыру** арқылы өркениетке жаңа көзқарас керек. Ол жаңа цивилизациялық дамуға серпіліс береді [1].

*Керемет те шексіз
үлкен әлем спиральмен
дамуда.*

*Әлем 2050-2100 жыл-
дарда қалай болаты-
нын бүгін болжамасақ,
кеш қаламыз!*

*Бірақ қазір әлемді «қа-
лық тұман» торлап
тұр. Келешегімізді сол
торлаған «тұманнан»
сейілту – біздің өз қо-
лымызда.*

ЕКІНШІ СӨЗ

Әлем күрт өзгеруде

Соңғы уақытта әлемнің өзгергені соншалықты, кейде алдағы уақытта бізді не күтіп тұрғанын көру қиын. Ол өзгеріске АҚШ-тан кейінгі алпауыт державаның бірі – Кеңестер Одағының ыдырауы да қатты ықпал етті. Сол құрамнан бөлініп шыққан біздің жас мемлекет отыз жыл өтсе де, әлі дағдарыстан көз ашпай келеді. Ең өзектісі – осы **дағдарыстардан қалай шығу мәселесі** болып отыр. КСРО сынды алпауыт держава құлағанымен, қазір оның орнын Қытай мен Еуропа басуда, оларды өкшелеп Үндістан т.б. келе жатыр. Әлемдегі күрт өзгерістерге басты ықпал еткен ғылыми-техникалық революция. Қазір оның және басқа да себептердің ғаламдық теріс өзгерістерге әкелген келеңсіздіктерінен адамзатты қалай құтқару мәселесі тұр. Олар: *әлемдік климаттың жылынуы, су және азық-түліктің жетіспеуі, миграция, әлеуметтік-экономикалық және саяси шиеленістер, соғыс, коронавирус сияқты т.б. апаттар және теріс үрдістер.*

Мұндай проблемалар экономикалық заңдардың сақталмауынан, табиғат заңдылықтарының орындалмауынан, сондай-ақ циклді дамуда басқару заңдылықтарын бұзу салдарынан да ушыққан үстіне ушығуда. Сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) өз жарғысын өзі орындамайды, (халықаралық адам құқығы, т.б.). Дүниежүзілік қоғамдастықтың үлкен билікке, оның ішінде G7 мемлекеттеріне сенімсіздігі артуда. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) жартысынан көбі осы мемлекеттерде және де халықаралық, трансұлттық компаниялар дүниежүзінің 50 пайыздан астам байлығына ие. Оған қоса АҚШ, Ресей, Қытай, Солтүстік Корея жаппай қарулануда. Мысалы, дүниежүзі қару-жарағының 50 пайыздан көбі АҚШ-тың қолында. Осы жағынан алып қарайтын болсақ, біз III дүниежүзілік соғыстың алдында тұрған сияқтымыз.

Осылардан кейін еріксіз мынадай сұрақтар туындайды: «Біз өзі қайда бара жатырмыз? Бізді қайда алып бара жатыр? Біз қайда бара жатқанымызды неге білмейміз?» Алып бара жатқандар да білмейді. (Мен АҚШ-тан бастап G7 мемлекеттерін айтып отырмын).

Сол үшін мұндайда тұтас біріккен күш, идея, сенімділік керек, әлемге интеграциялық даму қажет.

Менің ойымша, әлем екі бағытпен жүруі мүмкін. **Біріншісі**, жоғарыда келтірілді. Себебі дамыған елдер тек баюды ойлап, бүкіл жер ресурстарын, энергияны өндіру, жалпы экономиканы дамы-

туды бұрынғыдай өзгеріссіз, тек бір бизнесті жүргізу әдісімен жасап отыр. Нәтижесі – дүниежүзілік дағдарыс. Қалғаны енді сонымен күресумен әлек.

Екіншісі, уақытында қоғамдық трансформация жасау, жаңа түбегейлі өзгерістерге бару жолы. Бұл – кезек күттірмейтін іс.

Өзгеріс жасайтын уақыт келіп жетті, ең алдымен, адамдардың ой-санасын, сол арқылы **әлемдік психологияны** өзгертетін, рухани, моральдық құндылықтарды қайта жаңғыртатын, адамзатты өз отбасында тәртіпке шақыратын жаңа жол табу күн тәртібінде тұруы керек. Бұл туралы мен ғалым ретінде БҰҰ, G7, G20 мемлекет басшыларына өз ойымды ашып жазған болатынымын (09.2014 ж.), әртүрлі халықаралық конгрестерде де баяндама жасадым.

Сол ұсыныстардың ішінде әлемдік ортақ заң ұйымы ретінде **Дүниежүзілік Парламент** құру керек дедім. Көптеген проблемалармен әр мемлекет өздері айналысады. Ал бұл Парламент тек дүниежүзілік ең басты проблемаларды шешу үшін қажет заңдар шығарады. Оған дүниежүзілік дағдарыс, климаттың жылынуы, соғысты болдырмау, әсіресе ядролық соғысты, азық-түлік қауіпсіздігі, ашаршылықпен күрес, миграция, әлемді саяси қайта құру, космосты игеру, коронавирус сияқты кенеттен шығатын проблемалар т.б. мәселелердің жататындығы белгілі.

Келесі алда күтіп тұрған міндеттердің бірі – **Біріккен ұлттар ұйымын Азияға немесе басқа құрлыққа көшіріп және басқа да халықаралық**

ұйымдарға жаңаша реформа жасау мен оларды трансформациялау. Бұл құрылымдар әлемдік деңгейдегі ең басты проблемалармен айналысуы керек. Пікірлерім жеке кітапта берілген [1,5].

Дамыған мемлекеттердің қару-жарағы күшті болса да, бірақ экономикалық жағы адамды жетілдіруге жұмылдырылмай және керекті тауарлармен қамтамасыз етпей, тек қаржы капиталын басып шығаруға арналған болғандықтан құрдымға кете береді. Әрине әлемнің келешектегі құрылымын дәл айта білу оңай емес, бірақ жаңа өркениеттің ізгілікті қоғам болатыны күмәнсіз. Жаңа өркениеттің миссиясы – ақылмен шектеулі тұтыну қоғамы болмақ, ал ол сана революциясы арқылы жасалады. Оны кім жасау керек? Әрине құдай емес, патша емес. Мұның ұйытқысы реформаланған Біріккен Ұлттар ұйымы мен әлемдік институттар және өркениетті дамыған елдер болуы тиіс.

Егемендігімізді алғанымызға 30 жыл уақыт өтті. Қазақ халқы жаңа цивилизациялық заманда өз орнын тауып, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Абай тағы басқа ұлы дала тұлғаларының ой-өсиеттерінен сабақ алып, тынымсыз өнімді еңбек етіп, дамыған елдердің қатарына қосылуға ұмтылуы керек. Ол үшін басқа да түбегейлі іс-шаралармен қатар, ҚР Президенті жанынан **«Болашақ жөнінде Ұлттық кеңес»** құрылуын ұсынар едім.

*Ежелден келе жатқан шығыстың мораль
философиясына қарсы қоятын батыс
өркениетінде жаңа парадигма туған жоқ.*

ҮШІНШІ СӨЗ

Даму шығысқа бет бұрды

Тарихқа жүгінсек, әлемнің дамуы о баста шығыстан басталды. Скиф, Сақ, Ғұн қытайдың ескі дәуірлерінде даму шығыста болатын, ол кездерде Еуропа бір-бірімен керіс-тартыста дамымай жататын. Одан бертін келе Лао-Цзы, Будда, Конфуций, Әл-Фараби, Ибн Сина т.б. шығыс философиясының дамуының бастауында тұрды. Ұлы жібек жолы ғасырлар бойы шығыс пен батыстың басын қосып, адамзаттың дамуына жалпы әлем өркениетіне қызмет етті. Бір Атилланың өзіне Рим империясы салық төлеп отыратын. Әрине бертін келе Еуропа қатты дамыды. Әсіресе кейінгі 5 ғасырда Сократ, Эйнштейн, Шекспир, А. Смит, К. Маркс сияқты генилер өркениетке үлкен серпіліс берді. Қазір солар салған сара жол дамыған елдердің өзегі болып, көп жаңалықтар алып келуде.

Соңғы уақыттарда әлем күрт өзгеруде. АҚШ, Жапония, Қытай, Индия, Ресей, Бразилия, Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея т.б. Еуропа елдері де әлемнің дамуына өз үлестерін қосуда. Кейінгі болған екі дағдарыстан (2008-2020 жж.) көріп отырғанымыздай әлемде шексіз келеңсіз өзгерістер көбейіп кетті. Олар климаттың жылынуы,

миграция, аймақтық соғыс қақтығыстары, сауда ойыны, ашаршылық т.б. Мұның себебі неде деген сұрақ туады? Бұған қаржы кризисі, дамыған мемлекеттердің тек баюды ойлап, керек болса ғылыми жаңалықтарға үстемдік жасау, соғыс құралдарын пайдалану, бизнесті тез жасап капиталды көбейтуге арналған әрекеттер себеп болды.

Қысқаша айтсам, дамыған мемлекеттердің өздері бастап экономикалық дамуда материалистік модельді алға тартып, тек баюды ойлап, ал рухани құндылықтар артта қалған заман болып тұр. Ал негізінде мәселе байлықта емес. Олай болса неге әлемді ауызына қаратам, үстемдік жасаймын деген АҚШ-тың өзі кризисті бастап берді, неге СССР-дің орны таразының екінші басына отырған Қытай кризисте?

Мұның себебі, бірінші қоғамның дамуының заңдылықтары, табиғат, циклды басқару құндылықтары бұзылып отырғандығында. Ал екінші, адамзат өмірге рухани құндылықтар әкелу үшін жаралғанын ұмытып барады. Мысалы, Конфуций *«ең алдымен биліктегілер, тіпті осы дүниенің ұлылары ізгілік пен әділеттілікті негізге алса адамның өмірі кемелдікке жетер еді деп есептейді»*. Бұл жерде жалпы әлемдік психологияны өзгертетін уақыт келді. Әлемдік тепе-теңдікті ұстап қалу үшін ізгілік пен рухани, адами құндылықтарға басымдылық беру қажет.

Осы орайда бізге өркениеттің дамуына **жаңа парадигма табу үшін тарихта екінші рет бетті шығысқа бұрып, көнеде жатқан шығыс**

философиясының теңіз түбіндегі маржандарын теру керек. Бұл жерде бізге жоғарыда айтылған Будда, Лао-Цзы, Конфуций, Әл-Фараби, Науаи, Абайдың философиясының ілімі көмекке келеді. Олар адамзаттың рухани-өнегелік қасиетін құрайтын бірлік, сенімділік, ізгілік, әділеттілік, гендік, жоқтықты бағалау, тәртіп, еңбек, өнегелі өмір т.б. жалпы адами құндылықтар. Ғұламалар мәңгілік мораль философиясын, қағидаттарын белгілеген. Осы сияқты бізге шығыстың мәдени, рухани тарихындағы бар әлеуметтік философиялық құндылықтарды көбірек игеру керек. Осыдан кейін барлық жалпы қоғам дамуының парадигмасы өзгеру керек.

Енді бәрін тек шығыс жасады деген тезистен аулақпын. Керісінше, шығыс пен батыс құндылықтарын интеграциялау арқылы ендігі формация тууы мүмкін. Бұл жолда шығыс философиясы басымдық танытады деген ойдамын. Себебі көне тарихта да, қазір де халықтың көпшілігі осы жақта, шығыста болып тұр. Бұл тенденцияны, қазір әлемнің даму бағыты шығысқа, Азия тынық мұхит жағына бара жатқандығын эксперттер де мойындап отыр. Олар – Қытай, Индия, Сингапур, Малазия, Оңтүстік Корея, Жапония т.б. Азияда дамып келе жатқан мемлекеттер де бар. Шығыстың ерекшелігі - атам заманнан бері дамуда бірінші мәселе етіп мәдени - рухани құндылықтарды алға ұстаған. Ал, капиталистердің либералды дамуы экономикалық қатынастарда рухани проблемаларын әр уақытта екінші орынға қойған. Бұл

әлемдік кризиске алып келді, енді өздері сол қателіктерін мойындауда. Миллиардер Гейтстің өзі кейінгі еңбегінде ашып айтып қайырымдылықпен айналысуда.

Біздің ойымызша алдағы өркениет дамуы рухани құндылықтарымызды жаңғыртудан басталады, ол қазіргі қоғамдық құрылымның қайшылықтарын жойып адамзатқа қызмет еткізуге бет бұрады. Әрине бұлар ғылым революциясыз болмайды. Оның негізгі тетіктері жаңа білім, мәдениетте ренессанс болу керек, әлеуметтік инновация жалпы, сана өзгерісі, қоғамдық трансформациялау арқылы жаңа **социокультурлық өркениет** басталады. Тағы да айтам, оның басы – қасында шығыс философиясы тұру керек. Жаңа өркениетте діндердің де интеграциялануы, бір құдайдың астына бірігуі, сенімділігі, халықты тазалыққа тәрибелеуде өте маңызды болмақ. Тағы бір ескерту, бұлар VI-технологиялық укладты толық меңгерусіз болмайды. Ол нано-биотехнология, ИКТ, космостық технология, интернет, роботтехника, жасанды интеллект, адам геномы т.б. технологиялық жаңалықтар. Демек, XXI ғасырда ғылым - қоғам мен адам қатынасына, яғни ноосфераға қызмет етеді. Ал оның негізінде руханият тұр.



Ұлы көш

Барлық қазына-байлығымызды халық игілігіне тиімді пайдаланбасақ, алпауыттарға жұтылып кетуіміз мүмкін

ТӨРТІНШІ СӨЗ

Біз кім едік, қайда бара жатырмыз?

Осы сұрақтың шешімін табу үшін, алдымен, тарихымызға жүгінеміз. Өйткені, тарихты білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Бұл киелі жерде дүниежүзі дамуының тарихи логикасын, көп ғасырлық эволюциясын еске алсақ та болар. Ежелгі Еуразия, Қазақстан жерінде тас ғасыры, қола, темір дәуірі, скиф, сақ, ғұн, қаңлы, үйсін мемлекеттері, түркі қағанаттары, т.б. орта ғасырлық мемлекеттер мен хандықтар болғаны белгілі. Каспий теңізінен Қытайға дейінгі аралықтағы алып кеңістікте біздің өркениет тарихымыз болған. Тегіміздің «Түркі» деп аталуының өзі V-VI ғ. жаңа дәуірге дейінгі Қытай, Араб, Иран, Сирия жазбаларында бар.

Біздің төл тарихымыз сонау Шайбани Әбілқайыр ханнан әлдеқашан бұрын басталып, Керей мен Жәнібек, Қасым хандардың есімдерімен жалғасын тауып, Қазақ мемлекеттілігі де-

ген айбынды атаумен қоса жүрген еді. Ол кезде ел тағдыры хандар мен батыр бабаларымыздың қолында болды, ұлан-ғайыр жерімізге жат аяғын бастырмау үшін барын салған болатын. Қазақ жерін нығайтуда, қазақтардың үстемдігін орнатуда рухы биік ата-бабаларымыздың орасан зор әрекеттерге барғанын білеміз. Қазақ хандығы тұсында астанасы Түркістан қаласы болған қазіргі Қазақстан жері стратегиялық тұрғыдан аса маңызды өлке-лердің біріне айналған еді. Қазақ халқы шамасы 3000 жылдық тарихы бар түркі этносы ретінде танылған арғы заманды айтпағанның өзінде, 550 жылдық хандық тарихында аса ауыр саяси, рухани, әлеуметтік-экономикалық процестерді басынан кешірді [6,7].

Ата тегімізге көз жіберсек, тарихта біз сияқты империялық ой мен іс жасаған халық аз. Олардың қатарында римлян, грек, парсылармен қатар түркі халықтарының да бар екендігін әсіресе жастарымыз ұмытпауы керек. Бұл тектілік генотипіміз ХХІ ғасырда қазақ елінің, жалпы, түркі әлемінің қайта түлеуіне негіз болады деп сенемін.

1991 жылы орыс боданының шідерін үзіп шыққанда, ресми түрде Түркия бас болып, барша әлем тәуелсіздігімізді мойындаған. 70 жыл кеңестік коммунистік идеямен уланған сананың бірден серпілуі оңай шаруа емес, Кеңес Одағы құрамында болған он бес республиканың құрамынан балтық елдері бірінші болып ірге ажыратып кетсе, біз аңысын аңдып барып, сол құрамнан ең соңғы болып шығыппыз.

Қазақстан Республикасы егеменді мемлекет мәртебесін алғалы 30 жыл болса да, жер көлемі жағынан басқалар қызығатын, ресурстық қазына-байлығы мол бола тұра, қазақ халқының кедей халге түсуін о баста жүргізіле бастаған саясаттан кеткен олқылық деп түсіндіруге болады.

Жоғары Кеңес тәуелсіздік алған жылдары ең жоғарғы әрі бірден-бір заң шығарушы орган болып саналатын. Сол кездерді еске алар болсам, Президиум мүшесі ретінде алғашқы заңдардың жасалуы, мемлекеттік институттардың құрылуы, өз ақшамыз «теңге» шығып, қаржы жүйесіне енгізілуі, бірінші рет Ата заңымыздың қабылдануы әлі де көз алдымнан кетер емес. Рәміздерімізді Жоғарғы Кеңесте қабылдап тұрғанда, «ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманы орындалды» деп көзімізден жас шыққан уақыттар да болды.

Бірақ Тәуелсіздік тарихы таза жазылуы үшін о бастан жасалуы керек істер халық бақуаттылығы мен болашақ ұрпақ игілігіне бағытталуы керек еді. Бір өкініштісі бұл жалған ұран болып қалды. Конституцияға бірнеше рет өзгеріс енгізілді, жердің сатылу қаупі төнді, т.б. Оның үстіне төбемізден жаһандану кезеңі төніп келеді. Жаһандану өркениетінің аждаһа көмекейіне жұтылып кетсек, ұлт ретінде жойылып кету қаупі бар. Ең бастысы жер мен тіліміз бен ұлттық рух өлмеуі керек. Бұларды өлтірмейтін ұлттық идея болуы керек. Сонда ғана мына дағдарыстан аман шығамыз. Одан қалай шығу керек, бұл үшін алда атқарылар істер көп.

Біз дүниежүзіндегі елдерді тарих таразысына салар болсақ, әр елдің даму тарихы әр қилы. Айталық, ең алдымен біз Қытайдың 5 мың жылдық тарихын, өзіміздің 3 мың жылдық тарихымызды, Азия мен Еуропаның дамуын зерделесек, сонымен қатар қазіргі жаһандану процесіндегі жаңалықтарды електен өткізер болсақ, бір ой туады. Біздің **шығыс халықтарының** тарихына келер болсақ, тағдыр бізге **2 тарихи мүмкіндік** берді. **Біріншісін** біз пайдалана алмадық, ол кетті. Ал **екінші** мүмкіндікті енді тиімді пайдалана алмасақ, не жаңағы айтқан **алпауыт мемлекеттерге жұтылып кетеміз**, не өмір бойы шикізат елі болып соларға қызмет етеміз. Тағдыр бізге осындай сұрақты көлденең қойып отыр [4].

1-ші мүмкіндік дегеніміз – бұдан 1000-1500 жыл бұрын біздің ел, шығыс елдері дамыған еді. Соның дәлелі ретінде ғұлама ғалымдарымыз әл-Фараби, Ибн-Сина, Ұлықбек, т.б. сынды ғұламалар математика, медицина, философия салалары бойынша әлемдік деңгейдегі озық ойлы жаңалықтарды ашқандығын айта аламыз. Еуропа сол уақытта артта қалған еді. Түркі тегі Шыңғысханнан бастап, Құбылай, Әмір Темір т.б. жарты әлемді басып алды, биледі. Мысалы, бір Құбылайдың өзі, ұрпақтарымен толық Қытайды, Сун империясы мен Вьетнамды қоса 100 жыл бойы билеп Бейжіңде отырды. Олар Қытайдың өркениетін дамытуға қызмет етті.

Кейінгі 500 жылда Еуропа мемлекеттері шығыстан, соның ішінде түркілерден қаншама

жаңалықтарды алып, **жылу машинасын** жасап, теңіз көлігін, зауыт-фабрикалар салып, өндірісті қарқынды дамытты. 2012 жылы Лондон олимпиадасы ашылғанда, олардың тарихи дамуын көрдік. Дүниежүзіндегі екі ұлы империя — Қытай мен мұсылман елдері осы кезге дейін АҚШ пен Еуропадан кейін қалып келген. Дегенмен қазір заман өзгеруде, Қытай мемлекеті халқының көптігі мен еңбекқорлығының арқасында қайтадан алға шығуда. Бұл ел кейінгі 20-30 жылдың ішінде экономикасында серпіліс жасап, қазір дүниежүзін мойындатып, АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты. Бірақ онда адам құқығы бұзылуда, мұсылман халқы, оның ішінде әсіресе ұйғыр халқы, қазақ қандастарымыз да зорлық-зомбылық көруде.

Шығыс елдерінен негіз алатын ғылым мен ілім көздерін өздерінің индустриалды-техникалық дамуына сауатты пайдалана білген батыс елдері бір замандары тез дамып, Эйнштейн, Ньютон, Эдисон, Фарадей, Гегель, Рикардо, Маркс, т.б сынды ойшылдарының еңбектері арқасында қоғамның дамуына үлес қосқан еді. Содан бері ғылым-білімді бізге үйретіп келе жатыр.

Біз осы және басқа белгілерден Шығыс елдерінің қайтадан алға шығу мүмкіндігі бар екендігін көреміз. Қазіргі топ университеттер батыс елдерінде, Америка Құрама Штаттарында шоғырланған. Ал сол шет елдерге білім қуып барып жүрген жастар, ілім берудің қайнар көзі — біздің Шығыс болғандығын біліп жүруі керек. **Эмпи-**

рикалық ілімдер, өмір мен дүние жаратылысы туралы мәселелер, даналық, философия, астрология, медицина, т.б. ғылым негіздерінің барлығы да Үндістан, Қытай және осы бүгінгі Азия жерінен бастау алатынын тағы да баса айтқым келеді.

Ал енді 2-ші мүмкіндік дегеніміз – біздің ата-бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен бізге қалдырған мұрасы – табиғи қазба байлықтары мен адам капиталы. Қазақ халқының бойындағы тектілік, қан тазалығы, ғалымдардың зерттеуі бойынша, интеллектуалдық әлеуеті жоғары ұрпақтың қалыптасуына әсер етеді екен. Демек, *ұлттық генефондымыз да табиғи байлықтарымыз* сияқты біздің үлкен басымдықтарымыздың бірі. Отаршылдар осы генофондымызды түп-тамырымен құртуға, тіліміз бен ділімізден айыруға барынша күш салуға тырысты.

Орыс бодандығынан кейін 70 жыл КСРО құрамында болған, «орыс – аға ұлт» деген қазақтың санасы тәуелсіздік дегеніміз – ұлттық тіл мен ділге қайтып оралу екенін түсініп, орыс тілінен саналы түрде ірге ажырата бастаса дұрыс болады. Оның үстіне, КСРО құрамынан бөлініп, өз дербестігін алған еліміз бірден батыстық үлгіні таңдады.

Пайдалы қазба байлық, жер ресурстары жағынан дүниежүзіндегі ең бай елдердің бірі бола тұра, әлі де кедей тұрамыз. Неліктен? Ең бастысы — жұтылып кетпей, осы қыруар байлықты халықтың игілігі үшін тиімді пайдалану. Алдымыздағы негізгі мақсат – өркениетті елдердің

қатарына қосылу. Ескіше айтқанда, нардың жүгі қазіргі ұрпақтың мойнына түсіп отыр. **Бұл тұста сапалы, бәсекеге қабілетті, рухы жоғары адами капиталымыз үлкен рөл атқаруы тиіс.**

Ежелгі Түркістанның байырғы рухани орталық ретінде Ұлы Жібек жолында ерекше орын иеленгендігі тарихтан мәлім. Дүниежүзілік атласты алып қарасаңыз, Орта Азия аумағында ежелден келе жатқан Түркістан, Самарқанд, Бұхара, Тараз сияқты ірі қалалар бар. Бүкіл тарихты таразылар болсақ, өте ерте кезеңдерді алмағанның өзінде, VI-VIII ғасырларда осы өңірде **Түркі қағанаты**, былайша айтқанда, түркі тілдес халықтар өмір сүрген [8]. Сол Түркі қағанатында ежелгі Түркістан қаласы рухани орталық ретінде тарихи орын алды. Кейін тарихтың ағымына байланысты түркітілдес халықтар әр тарапқа шашырап кетті. Мысалы, біраз түріктер Анадолыға кетіп, сол жақта дами келе, «Осман империясын» құрды, кейін Кемал Ататүріктің революция жасауының нәтижесінде, жаңа өркениетті мемлекет болып қалыптасты. Бүгінде 85 млн. халқы бар Түркия 20 дамыған мемлекеттер қатарына қосылуда, басқа туыс халықтар да өз мемлекеттерін құрып, даму үстінде. Қазірше алпауыттарға мінез, бой көрсететін Түркия мемлекеті ғана болып тұр.

Мынау тұрақсыз жаһандану заманында ел мен елді, халық пен халықты біріктіретін интеграциялық идея болуы абзал. Осы іс-шаралардан кейін, тарихи құндылықтар арқылы біздің алдымызда адамның рухани жаңғыруына

күрт өзгерістер ашылады. Қоғамның ар-ожданына кір келтірмей, деградацияға ұшырамауына, қауіпсіздікті сақтауда бір үлкен қадам жасау қажет. Адамның ой-өрісі ХХІ ғасырдың талабына, жаңа цивилизациялық қоғамға сай өзгеруі тиіс. Бұл дүниежүзілік өркениеттің талабы. **Ал өзімізге келсек, тұтас ұлтты оятатын ойлар, іске асыратын жаңа жобалар керек!**



Б. Момышұлы

*Қазақ 3-4 мың жылдық
тарихы бар, түркі те-
гінен тарайтын рухы
күшті, жері де бай,
дана халық!*

БЕСІНШІ СӨЗ

Қазақ өзі кім?

ХХІ ғасырда қазақ қандай болу керек?

45-ойды жаза келе, әсіресе шетел азаматтары жиі сұрайтын, Қазақ өзі кім? Қазақ қандай халық? деген заңды сұраққа жауап беруді жөн көрдім. Жаһандану заманында Қазақстан халқы

қазба-байлығы жағынан әр жан басына шаққанда әлемде ең бай елдің бірі, жер көлемі жағынан 9-шы орында, тұрған жері Еуразия кіндігі, бірінші космонавт қазақ жері Байқоңырдан ұшқан, т.б. таңқаларлық деректерге толы, осының бәрін ұстап тұрған Қазақ елі ол қандай феномен халық деген сұрақтарға жауап беру қиынның қиыны-ақ?

Мұндайда ә дегенде қазақтың этностық тарихына жүгінуге тура келеді. Ол түбі тереңде жатқан түркі тегі, сонау сақ, ғұн дәуірінен ар жағы Ұлы Қытай жері, Шығыс Түркістан жері, бері қарай Сібір, Алтай жерлері, Қазақстан, Үлкен Азия жерлері, ары қарай Батыс Еуропамен шектелетін ұлан-ғайыр Еуразия кеңістігін айтуға болады. Осы ұлы кеңістікте Қазақтан басқа ондаған халық, ру, тайпа, этностар тарих ғасырлар қойнауына бойлап, келіп-кетіп жатты. Міне солардың арасында қазақ халқының өз орны бар екенін бүгінгі тарих дәлелдеп отыр.

Бүгінде Егемендік алғанына 30 жыл толған Қазақстан мемлекетін бүкіл әлем мойындап отыр. Дегенмен олар қазақ қандай халық екенін біле бермейді. 30-жылда мемлекетті әлемге танытуға көптеген іс-шаралар жасалды, бұл жағынан біз ТМД елдерінен алда болмасақ кем де емеспіз. Шынын айтсақ әлі де етек-жеңімізді жинап, текті, тарихы тереңде жатқан этнос екенімізді, өркениеттің дамуына әсер еткен халық екенімізді, кейбір ұшқындары болмаса, әлі де әлемге таныта алмай келеміз. Мысалы шетелге шыққанда дамыған елдердің біз сияқты азаматтары, біздің кім екенімізді бірде біл-

се, бірде білмей жатады. Сол кезде біз қазақ деген халық бар, оның жерінің өте бай екенін, Байқоңыр космодромында әлемде бірінші адамды Ю. Гагаринді космосқа ұшырған, кейін қазақ космонавты Т. Әубәкіровты, немесе Семей полигонын еске салып, бірде ғұламаларамыз Әл-Фарабиді, М. Дулатиді, А. Яссауиді, Абайды, Б. Момышұлын т.б. айтып дәлелдеп жатамыз.

Өкіншіке орай қазақтың қандай екенін, оның тарихи тегі кім, қалай осынша кең байтақ жерді алып жатқанын, немен мақтана аламыз т.б. құндылықтарымызды қысқа-нұсқа тайға таңба басқандай етіп неге жазып көрсетпейміз. Сократтың «өзінді танымай жатып, өзгені танимын дегені күлкімді тудырады» деген сөзін еске алайық. Қазақ мұны «жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деп бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеген.

Қазақ қандай халық деген? Сұраққа былай дер едік:

Бірінші. Қазақ тегі тереңде жатқан үш-төрт мың жылдық тарихы бар **«Түркі тегінен»** тарайды. Оның ар жағында Еуразия кеңістігінде, Қазақстан жерінде тас ғасыры, қола, темір дәуірі, скиф, сақ, ғұн, қаңлы, үйсін мемлекеттері, түркі қағанаттары болғаны белгілі. Тегіміздің «Түркі» елі деп аталуының өзі V-VI ғ. жаңа дәуірге дейінгі Қытай, Араб, Иран, Сирия жазбаларында бар. Қазақтың ауыз әдебиетінен, шежіресінен де жақсы мәліметтерді (ру-тайпалардың шығуы, ұран, белгі, таңба, атаулар, рәміздер, көне жазулар) алуға болады.

Екінші. Түркі еліне көз жіберсек, **тарихта біз сияқты империялық ой мен жеңісті жасаған халық аз болған.** Түркі тегінің ұрпақтарына келсек, Мөде, Томирис, Аттила, Ертонға, Тоныкөк, Бұмын, Мұхан, Естеми, Иоллығтегін, Шыңғысхан, Мұқали, Әмір-Темір, Құбылай, Бейбарыс, Ұлықбек, Сулеймен Сұлтан, Ататүрік, Абылайхан т.б. Мысалы, Шыңғысханның немересі Құбылайхан өз ұрпақтарымен алпауыт Қытайды Сун империясымен қоса, Пекинде отырып, жүз жылдан аса Қытайды билеген. (1256-1360 ж.ж.) Ол Қытайды дамытуға үлес қосып, жаңа қала Ұлы Астана деген атаққа ие «Тайтуды» салдырды. Корея мен Қытайды жаулап алуда жанқиярлық ерлік жасаған, қазақтың Жалайыр руынан шыққан Мұқалиға Шыңғысхан: «сен вассал ретінде Корея мен Қытайды басқар», - деп тапсырған. Италиян саяхатшысы Марко Полоның өзі Құбылайханның қарамағында 17 жыл қызмет етіп, Қазақстан қалаларын аралап, зерттеп, жазып кеткен алғашқы еуропалық ғалым. *Ол қазақты қиындық пен мұқтаждыққа кімнен де болса, төзімді деген екен.*

Үшінші. Қазақтың төл тарихы сонау Шайбани Әбілқайыр ханнан әлдеқашан бұрын басталып, сонан соң Керей мен Жәнібек хандар, Қасымхан т.б. көптеген хандардың есімдерімен жалғасын тауып, Қазақ мемлекеттілігі атаумен қоса жүрген еді. Міне сол кезеңдердегі ел тағдыры хандар Кеңесары, Абылай хан, Есім хан, Қасым хан, Тәуке хан, Жолбарыс хан, Әбілхайыр хан т.б. хандар

мен батырлардың қолында болды. Қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы «**Жеті жарғы**» Тәуке хан уақытында қабылданған болатын. Қазақ халқының рухани дамуына Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би сынды билеріміз үлкен септігін тигізді.

Төртінші. Ғылыми ізденістер бойынша «Қазақ тілі» сол ерте замандағы ғасырда жаңа дәуірге дейінгі бір теректен тараған түркі халықтарының ортақ диалектісінен шыққан, оның ішінде Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ диалектісі басымдылықта болған деген деректі негізге алуға болады. Содан да болар қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде ең таза, бай тіл. Қазақ деген сөздің өзі еш жерде қайталанбас, солдан оңға қарай оқысаң да, әлде керісінше оқысаң да қазақ болып шығуы да бір феномен. Әлі де болса «Қазақ тану» мәселесіне зейін қою керек.

Бесінші. Қазақтың мәдениетін ерекше мінез-құлықтарын, салт-дәстүрлерін жандандыру керек. Қазақтың жақсы қасиеттері: адамгершілік, ақ көңіл, дарынды, сөзге ұста, қонақжай, дана, ержүрек, батыр, еркіндікті ұстаған, намысқойлық, дінге де терең кірмеген, ат құлағында ойнаған, жылқыны жетік меңгерген, киіз үй, ауыз әдебиеті дамыған, жеті атаға дейін қыз алыспаған халық. Осы қазақтың ерекшеліктеріне қазіргі уақытта аса мән беріп, мемлекеттік деңгейге көтеріп, барлық жерлерде дамытсақ алға кетер едік. Ұлттық сананы жаңғырту керек.

Алтыншы. Алаш қазақтың тегі, ежелгі тайпалардың атасы. Үш жүздің (Ұлы жүз, Орта жүз,

Кіші жүз) арғы түп атасы. Алаш – қазақ, өзбек, қарақалпақ түрікмен, түрік, әзірбайжан, қырғыз, башқұрт – көшпелі тайпалардың ортақ ұраны. Ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы – ол Алаш. Текті қазақ елі – асыл да, ғажап мәдениетке бай, жері де бай, дана халық.

Жетінші. Егемендік алғалы 30-жылдан өтті. ТМД елдерімен қатар дамып, қазақты әлемге танытып келеміз. Ар жағын айтпағанда қазақ деген кім дегенде М.Дулати, Абылайхан, Ш.Уәлиханов, Абай, Шәкәрім, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханұлы, Қ.Жалайыр, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, М.Шоқай, С.Сейфуллин, Н.Төреқұлов, М. Тынышбаев, М. Дулатұлы, М. Қажымұқан, Балуан Шолақ, А.Қонаев, Б.Ашимов, Б.Момышұлы, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ж.Тәшенов, Қ.Сәтбаев, С.Зиманов, Ө.Сұлтанғазин, Ө.Жолдасбеков, А.Ашимов, Т.Аубакиров, Ж.Үшкемпіров, М.Өзтүрік, Димаш т.б. әр саладан озық шыққан, мақтан ететін тарихи тұлғаларды атауға болады. Солардың ішінде қазақтың бейнесін әдеби суреттеген Абайдан артық ешкім жоқ дер едім.

Сегізінші. Қазір ХХІ ғасыр қатарынан 2008, 2020 ж.ж. кризистен басталды, жаһандану ғасыры, әлем астан-кестең, ертең не боларын білмейтін заман болып тұр. Шығыста 1,5 млрд халқы бар Қытай, Солтүстікте 150млн. жуық Ресей, аспанда төніп тұрған АҚШ т.б. алпауыт мемлекеттер арасында Қазақстан жұтылып кетпей өз сара жолын таңдай білу керек. Бұл оңай дүние емес. Осы

орайда жаңа қазақ қандай болу керек, немен алға шыға аламыз деген сұрақтар көкейден кетпейді.

Тоғызыншы. Жаңа қазақ, ХХІ ғасырдың қазағы мынандай қағидаттарды ұстанғаны жөн деп санаймын:

- *Әр қазақтың*, ең бірінші мен кіммін, ата-тегім, жеті атам кім, біз қандай халықпыз, қайда бара жатырмыз деген сұрақтарға анық жауабы болуы керек. Шыққан рухани –тарихи тегінді білгенде ғана сен алға жүре аласың;

- *Әр қазақ* Қазақстанда Мемлекеттік тіл - Қазақ тілінсіз бір қадам баса алмайтын мемлекеттің саясаты болу керек екенін білу және орындау қажет;

- *Әр қазақ* жасына, басына қарамай күнделікті болып жатқан өзгерістерге, жаңалықтарға сай ізденісте болу, бейімделу керек, **жалқаулықтан арылу қажет**;

- *Әр қазақтың* творчестволық ойлау жүйесі, сыншыл, ақиқатшыл, әсіресе тез шешім жасайтындай болу керек. Ол үшін жаңа білім, ғылым, сезімталдықты күшейту керек;

- *Әр қазақ* жаңа технологиялық укладты меңгеруге тырысу керек. Олар: ІТ технология, жасанды интеллект, биотехнология, цифрландыру, космосты игеру т.б. жаңалық әкелетін салалар, бұлар көп ізденісті қажет етеді;

- *Әр қазаққа* келешекті жасау үшін **интегралды білім** керек. Қандай мамандық игерсе де, әр қазаққа **гуманитарлық білім** алу қажет, ал оның ішіндегі өзектісі - рухани бай болу. Ұлы

Абайдың «Толық адам ілімін» меңгерген қазақ – Жаңа қазақ, жаңарған қазақ!

- Әр қазақ ХХІ ғасырда **сананы өзгерт, өзін өзгер.**

- Әр қазақ сен қаншалықты дамысаң да, космосты игерсең де түбі бір ауылыңа оралатыныңды ұмытпа; Қазірден бастап ауылыңа қол ұшыңды бер демекшімін.

Әр қазаққа керегі, ал енді алда қандай ел болуымыз, ол елді қалай демократиялық жолмен басқару керек деген сұраққа тетіктері жоба ретінде нақты жауап осы кітаптағы сөздерде берілген. Біз алда қандай қоғам құратынымызға Қоғамды жаңғырту ілімі арқылы жету тетіктері берілген. Сонда ғана ел билеуге қалың қауымды қатыстыру арқылы билік халықтың бақылауында болады. Елім деп егілетін, халқым деп төгілетін азаматты, жаңа идеялар ұсынатын парасатты өнерлі жастарға жол ашу керек. Ал жастар болса келесі ұрпаққа аманат етіп қалдырған «халқымыздың мұрасын», «ата-ана мұрасын», «әке мұрасын» алдағы тарих көшіне мирас етіп жалғастырады деген үміттемін.

Жаңа өркениетке көшу үшін, дамыған елдердің қатарына қосылу үшін түбегейлі іс-шаралармен қатар, ҚР Президенті жанынан **«Болашақ жөнінде ұлттық кеңес»** құрылуын ұсынамын. Ұлттық кеңесі арқылы **қоғамды жаңғырту ілімінің негізін қалауға**, келешекте өркениет төріне көтерілуге жол ашылады.

*Жер, қазба байлығы жағынан
әлемде ең бай мемлекеттердің
біріміз, 30 жыл өтсе де неге
кедей тұруымыз керек?*

*Жетіспеушілік
кедейшілікте
емес – адамның
миында.*

АЛТЫНШЫ СӨЗ

Байлығымыз

1990-91 жылдары КСРО іргесі ыдырап, құрамындағы 15 республиканың әрқайсысы жеке-жеке еншісін алып, бөлек кетті. Бұл үлкен тарихи құбылыс, әсіресе, Кеңес державасымен 70 жыл бойы текетірісте болған АҚШ үшін күтпеген жағдай еді. Әлем бұл тосын құбылысты осындай есеңгіреген халмен қабылдап жатқанда, ресми егемендігін алып жатқан мемлекеттердің жаңа мәртебесіне қол сұғуға дәл осы сәтте ешкімнің жүрегі дауаламаған. Қазірдің өзінде егемендік үшін ғасырлар бойы күресіп келе жатқан мемлекеттер бар, олардың көбі қазірдің өзінде соғыс жағдайында, немесе қарулы қақтығысты бастан өткізген. Батыс саясаттанушылары дәл осы тарихи жағдайдың әсерінен егемендігін алып кеткен қазіргі ТМД елдерінің өзгерісін «бақытты жағдай» деп есептейді. Әлі күнге шейін тандай қағады.

Қазақстан – әлемдегі ең бай мемлекеттердің бірі. Оның жер қойнауында Менделеев таблицасының 110 элементінің 99-ы бар, ал пайдаланатынымыз 60-тан астамы ғана. Біз, Қазақстан, абсолютті ресурс қоры жағынан және де оларды әр адам басына шаққанда дүниежүзінде алдамыз. Мысалы, дүни-

ежүзілік **вольфрам қорының 50%, уранның 25%, хром** рудасының 23%, **қорғасынның 19%, цинктің 13%, мыс пен темірдің 10 пайызы** Қазақстанда.

Бұған қоса барит, марганец, фторит т.б. бар. Сондықтан да біз алдыңғы орындамыз. Оған қосымша сирек кездесетін, қымбат түсті металл құрамдарында **рений, осмий, бериллий, титан, тантал, таллий, алтын, күміс**, т.б. мол. **Мұнай, газ, көмір, минералды, сутекті** ресурстарымыз жеткілікті, тіпті шаш етектен десе де болады [9]. Осындай қыруар байлықтың үстінде отырып, Абайдың сөзімен айтқанда, неге «шеңгел шайнап жүрміз»?

Оның жауабы мынада:

Алғаш егемендікті алған кезде, құдайдың беріп тұрған ырыздығын уысқа мықтап ұстап, етек-жеңімізді бірден қымтап алу үшін жанталасуымыз керек еді. Бірақ сендей соғылысып қалған дәл сол тартысты кезеңде, ескі сана, қалыптасқан ұстаным салдарынан Мәскеуге көп жалтақтап, біраз қор көздерін уыстан шығарып алдық. «Майшелпекке» көз тіккен шетелдік бай инвесторлар ағылып келе бастады, нарықтық заңдылықтың жөнін әлі біле қоймаған кешегі кеңестік Қазақстанның қолына енді түскен майлы жілікті солар оп-оңай қақшып әкетті.

Көп өтпей Жоғарғы Кеңес таратылып, о баста халық таңдау жасаған демократиялық жолдан біртіндеп алшақтай бастадық, енді мұнай сынды қара алтынның пайдасын авторитарлы жүйенің негізін салғандар көрді, халықтың жағдайы төмендеген үстіне төмендей берді. 2000 жылдары банктер жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаулады, олар жоға-

ры пайызбен несие таратып, халықты ұзақ жылдарға өзіне тәуелді етті. Соның салдарынан бұл күнде 5 млн қазақ несиеден көз ашпай, төлей алмай отыр.

Қазақстан егемендік алғалы 30 жыл уақыт өткенде, «неге біз арабтар сияқты бай-қуатты тұрмаймыз? Неге солар сияқты жаңа туған баланың келешегі үшін ақшаны жүз мың долларлап банкке салмаймыз?» – деген сұрақтардың жауабы өзінен-өзі айқындала түседі. Біз осы жылдардың ішінде сауатты даму жолынан ауытқып, өтірік пен алдауға көзіміз байланып келген екен. Оның себебі, Қазақстандағы БАҚ көздерінің тәуелсіз ақпарат таратуларына о бастан шек қойылды және олар билікке тиімді ақпараттарды таратумен айналысып келді.

Осы жерде «30 жылда біз неге кері даму жолына түстік, неге дұрыс жолды таңдамадық? Жоқ, әлде біліміміз кем болды ма?» – деген тағы бір сұрақ туады.

Десек те, елімізде мұны азаматтар жоқ емес. Осыншама қазба байлықты халықтың игілігіне жұмсау үшін олардың артық білімі қазір өте қажет. Есептесек, Қазақстанның мұнайы бар аймағының көлемі 1 млн 700 мың шаршы км. (62 %) алып жатыр. Табиғи газ қоры 3 триллион шаршы метр шамасында екен. Ұлан-ғайыр аумағымыздың тек 50 пайызына ғана кезінде біздің мамандар зерттеу жүргізген. Олар еліміздің батыс, орта, шығыс аймақтарында.

Қазір біз осы байлықты не істеудеміз? Бірақ мысалы Қ.Сәтбаев кен орындарын ашуға Т.Рысқұловтың үйіне барғанда, Т.Рысқұлов ми-

нистр С. Орджоникидзеге звондап, үлкен көмек берген. Бұл деректі Т.Рысқұловтың жұбайы Азизаның айтқан сөзін қызы профессор Сәуле Тұра-ровнаның маған жеткізгені. Академик Қ.И. Сәтбаевтың басшылығымен табылған (академиктер Г.Н.Щерба, А.К.Каюпов, А.А.Абдулин, Г.Б.Жилинский) жер, қазба байлықтарын 30 жыл бойы тек шетелдерге сатумен келеміз. Осылардың арқасында шетел де байыды, бізден де миллиардерлер шықты. Жалпы қара халыққа тигені аз. Осы жылдары геологиялық барлаулар күрт азайды. Халық кедейшілікте өмір сүрді. Өкініштісі, сол қазба байлық көздерін ашқан ғалымдардың өзі, олардың отбасы үкіметтен жаңалық иесі ретінде көк тиын пайда көрген жоқ.

Байлығы көп Жоңғар, Алтай, Қалба жоталарында, Қаратау, Мұғалжар, Торғай, Маңғыстау, т.б. жерлерде геологиялық экспедиция арқылы ізденістер жүргізілетін жерлер мен мұңдалап тұр [10,11].

Біз тек кемшіліктерді айтпай, ертең не болатынын ескере отырып, «не істеу керек?» деген сұрақтарды шешетін ғылым мен өмірге негізделген тетіктерді көрсетуге ден қоюымыз керек. Міне, жағдай осындай мүшкіл, ағайын. Енді не істеу керек?

Біріншіден, біздің барлық жерасты және жерүсті байлықтарымызды зерттеп, қайта електен өткізу керек. Аудит жасап, ең алдымен, барымызды түгендеп алайық. Бір мысал, Ресей ғалымдарының космостан түсірген ізденістері бойынша

тек Қостанай өңірінде өте үлкен жердің жеті қабатын алып жатқан **көмірсутегі қоры бар екен**. Ал егер ертең мәшинеден бастап басқа да техника-технологияның бәрі, тұтыну мәселелері көмірсутегінің арқасында болатынын ескерсек, бұл шексіз байлықты игеруді тез арада бастау керек. Бұл да біздің бағымыз.

Екіншіден, Парламентте заң қабылдау қажет. Сол заңда жер, қазба байлықтың иесі қазақстандық болуы керек, немесе Мемлекеттің атынан Үкімет болуы керек. Ал арабтардағыдай, біздің мамандар өскенше, олардың орнын басқанша шетел мамандары жалданып істесін, менеджер болсын, тіпті топ-менеджер, тиісті келісімшартпен жалақысын алсын. Мұнайдың жылдық көлемін 100 млн. баррельге көбейтпекшіміз. Сонда біз келешекке не қалдырамыз? Бұл біздің ұрпақтарымыздың несібесі емес пе? Мысалы, Норвегия Парламенті «мұнай елдің болашағы» деп оны реттейтін заң қабылдап отыр. Мұнай, энергияны тұтынушы алыптардың бірі – АҚШ табиғи қорларын, әсіресе, мұнайды болашақ еншісіне сақтап келеді.

Өз еңбегімен байыған қазақ азаматтарына осы меншіктерді жаңаша басқартып, елін алға жетелеу үшін мүмкіндік берілсін. Әсіресе, қазіргі өсіп келе жатқан үшінші буын жастарының әлеуеті жоғары. Сондықтан отаршылдық санадан азат, жаңа заман технологиясын меңгерген, әлемдік тілдерге жетік жастар осы ата-баба мұрасының бірден-бір заңды иегері болуы тиіс. Ол үшін сол

жастардың білімі, біліктілігі, кәсібилігі, еңбегі сарапқа салынатын **«әлеуметтік лифт»** арқылы өсуіне біз, аға буын, жағдай жасауымыз керек.

Үшіншіден, уақытында біліп-білмей қабылдаған халықаралық келісімшарттарды заңмен қайта қарау керек. Неге өндірілген мұнай көлемінің 27-28 пайызы бізде, ал 72-73%-ы шетел компанияларының қолында болуы керек? Неге олар түскен барлық табысты алып кетуі керек? Бұл қай мемлекетте бар? Мұндай жағдай біздің экономиканың құлдырауына апарып соқпай ма, қауіпсіздігіне тікелей әсер етпей ме? Егер Араб елдерімен салыстырар болсақ, бізде бәрі керісінше. Қытай компанияларының үлесінде 28% өндірілген Қазақстанның мұнайы бар. Оған қосымша Шымкент мұнай зауытының 50 пайызы Қытайдың меншігінде. Парламент қатаң заң қабылдап, бұл сұмдықты тоқтату керек.

Кезінде Сауд Арабиясы, Венесуэла, Малайзия алғашқы жасаған келісімшарттарын қайта қарап, ұлттық компаниялар құрды. Менің ойымша, осы сияқты кезінде жасалған келісімшарттарды қайта қарастырсақ, сараптамаалардан өткізіп, өзгерістер енгізер болсақ, ұтылмас едік. Түптеп келгенде, **рента** ұлтымыздың байлығы емес пе? Мұны іске асыру үшін саяси ерік-жігер керек. Қазіргі билік осыған бара ала ма?

Бұдан былай кез келген жобалар, шарттар Қазақстан ғалымдарының ғылыми сараптама-сымен қаралып, заңмен бекітілуі тиіс және халыққа жариялы болғаны қажет. Қанша айтсақ та,

бұл мәселе осы күнге дейін ескерілмей, жоғары жақтың назарына ілінбей келеді.

Тек экономиканы әртараптандыру арқылы ғана шикізат экономикасынан құтыламыз. Әсіресе алынған шикізатты өзімізде өндіріп, қайта өндеген, отандық тауарларды көптеп шығарған жағдайда еліміз өркендеп, экономикамыз тұрақталып, біршама жетістіктерге жетер едік. **Өзіміз өндірмесек, өзіміз де өспейміз!**

*Барлығының негізі –
экономикада.*

*Биліктің өздеріне керек
идеологиясы болды,
ал жалпыхалықтық
идеология болмады.*

ЖЕТІНШІ СӨЗ

Экономика

Тәуелсіздігімізді әлем қабылдады. Біз 30 жыл бойы мемлекетіміздің әлеуметтік-саяси, экономикалық құрылымын жасап келеміз. Ашығын айту керек, Советтер одағы құлаған соң, Қазақстан ең соңғы мемлекеттердің бірі болып егемендігін алды. Сол кездегі Жоғарғы кеңес Президиумының мүшелері **С.Такежанов** екеуіміздің ҚР Президенті **Н.Ә.Назарбаевқа** айтқанымызға қарамастан, ұлттық теңгемізді де ең соңында қабылдадық. Президентіміз де, Үкімет пен Парламент те, партиялық сайлау жүйесі де бар, қазір

сырттан қарасақ бәрі дұрыс сияқты. Сол ескі сұрлеумен бұл сайлаудың да қалай өткені көнгіш халыққа белгілі. Алматы халқының 30-ақ пайызы сайлауға барған, оның өзі күмәнді. Сонда 70% қазақтың интеллигенциясы, зиялылары тұратын оңтүстік Астананың халқы сайлауға наразы деуге бола ма? Бұл барлық істе де ойландырады, жүйені өзгерту қажет!

Шынында солай ма? Шекарамызды бекіттік, етек жеңімізді жинап саяси тәуелсіз ел болдық, бірақ экономикалық тұрғыдан тәуелсіз ел болдық деп айта алмаймыз. **Ең өкініштісі 30 жыл өтсе де демократиялық емес, бюрократиялық, олигархиялық, автократиялық шикізат елі болып қалудамыз.** Шикізат елі – ол әр уақытта қауқарсыз, тәуелді, кезекті әлемдік кризисте экономикасы күрт құлайтын ел.

Айта берсе әңгіме көп, қарапайым халыққа сіздің саясатыңыз бен жалпы экономикаңыз емес, қажеттісі 30 жылдағы әр адамның күнкөрісі, өмір сүру деңгейінің жақсарғаны керек. Қазір халқымыздың 1/3 бөлігі кедейшіліктің күнін кешіп отыр. Бұл әсіресе ауылда байқалады. Бәріміз де ауылдан шықтық, ауылға барсақ жүрегің ауырады, кедейшілік пен бір дәрменсіздік байқалады. Қазір бай мен кедейдің арасының 30 есеге дейін өскендігі туралы дерек бар. Заңсыз жекешелендірудің арқасында Қазақстанның 90% меншігі мен байлығы 1% байлардың қолында. Сыртқы қарызымызды қарасақ 157,3 млрд долларға жетіпті, бұл жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 90 пайызынан асып, өте қа-

уіпті жағдайда тұр. Себебі мемлекеттің қарызы ЖІӨ 60%-нан аспаса ол ел экономикалық тәуелсіз ел деп аталады. Біз әр Қазақстандыққа шаққанда 9 мың долларға жуық қарыз екенбіз. Бұл болашағымыздың алдында кешірілмейтін күнә, өтелмейтін қарыз.

Халқымыздың бетпердесіне қарасақ, жалпы психологиялық климат нашар, адами қасиет, патриоттық сезім, рухани-мәдени, ар-намыс, адамгершілік, жанашырлық, т.б. құндылықтан гөрі Абай айтпақшы *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың...»* ел арасында немқұрайлық, наразылық, көреалмаушылық, агрессиялық күш күшеюде. **Бір сөзбен айтсақ елде жалпы моральдық, психологиялық атмосфера нашар, билікке деген сенім жоқ.** Бұл әрине халықтың тұрмыс-тіршілігінің нашарлығынан, қымбатшылықтан туады. Үлкен кәсіпорындар болса банкротқа түсті деген себеппен жекешелендіріліп, коррупциялық жолмен кетті. Қазақшалап айтсақ, елдің ырысы мен байлығы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Әрине олар биліктегілер мен бизнесмендер **Машкеевич, Ибрагимов, Шодиев** т.б.

Осындайда еріксіз сұрақ туады. Қазба байлығынан әлемдегі ең бай ел болса да 30 жылда егемен Қазақстан экономикалық тұрғыдан неге өзін-өзі қамтамасыз ете алмады, шикізат экономикасы болып қалып қойды, тиімді экономикалық жүйе құра алмады, басқара алмады? Оның негізгі себептері: *Үкімет шетелдік ақылышысы-*

мақарды тыңдады (МВФ, ЕБР, ЕС, АҚШ т.б.); билік басындағылардан бастап коррупциялық, бюрократиялық, автократиялық жүйе құрды; мемлекеттік билік жүйесі экономика жағынан сауатсыздау болды; бәрін нарық, базар шешеді, «мемлекет нарық экономикасына қатынаспасын» – деген басылардың айтқан жансақ пікірі бәрін бүлдірді; бізде билік идеологияны өздерінің қажеттілігіне қарай жүзеге асырды, ал жалпы-халықтық идеология болмады; қоғамдық сананың даму деңгейі төмен, білімсіз қоғамға айналдық; билік басына келгендер халықшыл, мемлекетшіл болудың орнына оларды сорды, өз қамын ойлап тек баюды көздеді; Премьер-министрден бастап министрлер, әкім, депутат, банк, тіпті билік жүйесінде ұсталмаған, заңмен қудаланбаған сала жоқ; бәрі билік партиясынан – бұл парадокс.

Экс-Президент «кез келгенінді қолыңнан ұстап, заңмен жазалаймын» деп те айтыпты. Негізінде ақылды басшы ешкімді қолынан ұстап жазаламайды, керісінше адамдардың таланты ашылуы үшін оларға мүмкіндік жасайды. Ал мұндай келеңсіздіктермен, сыбайлас жемқорлықпен күрес қауқарсыз, «иммитация» сияқты, халық арасында күлкілі болды. Себебі өздері басқарады, өздері бір партияда, өздері ұрлайды, өздері ұстайды, өздері жазалайды, өздері босатады т.б. «Патша тағы – ақылдыны ұлы етер, ал ақымақты ұры етер», – дейді дана халық. Халықтың тағдырымен ойнау жақсылыққа алып бармайды. Осының бәрі дағдарыстың жүйелі түрде жеделде-

уіне алып келді. Өз өзіне жау болмаса, кім бұлай істейді.

Осындайда қазақтың айтулы азаматтары, көзі ашық, саналы топтары қайда жүр? Жалпы адамға тән қатаң биліктен қорқу да бар. Бірақ адамға одан да ауыр күнәнің бар екендігін қазір түсіну қиындау болып тұр. Ал сіз жеке басыңыз депутат та болдыңыз, не бітірдіңіз деген сұрақ туады? Бұл жерде біз билікте, қызметте жүрген азаматтарды былай жіктеген болар едік. Олардың *бір бөлігі* автократиялық, диктаторлық жүйеден шыға алмай, бір ағыммен солардың жетегінде кетті, яғни ойынын ойнауда. Ал *екінші бөлігі* орта қалыпты ұстап, шындық жағында болды, бірақ қолдарынан ештеңе келмеді, өз күнін көрумен жүр. Ал *үшінші белсенді бөлігі* шындықты ашық айтып күресті де, абақтыға да түсті. Кейбіреулері **З. Нуркадилов, А. Сарсенбаев** т.б. демократия үшін сол аяусыз күрестің құрбаны да болып кетті.

Зиялы қауымға келсек олардың жеке де, қоғамдық ұйым ретінде де, үні шықпай қалды, ал ілуде біреулері өз сөзін, халық сөзін айтуда, талай таланттарымыз шетелде де жүр. Бизнес өкілдері болса, олар осы «системаның продуктысы» болғаннан соң бас көтере алмауда. Ал кейбір таза өз еңбегімен байыған бизнес өкілдері өз кезегін күтіп, қатты шықса тартып алады деп қорқуда, солай да болды. Оны біз 10 жыл түрмеде отырып шыққан нарық заманының жаңа ойлы қазағы, патриот **М.Жәкішевтің** өмірінен көрдік. Немесе 15 жыл түрмеде отырып, мүгедек болып шыққан

А.Атабектің қайғысы... Партиялар қалталы болды, жаңалары тіркелмеуде, кейбіреулері қуғынға ұшырауда, жалпы дәрменсіз күйде, бәрінің де аяқ-қолы байлаулы.

Бірақ бір нәрсе маған анық. Осы әділетсіздікке деген көзқарасымнан билік жағынан барлық жол жабылды, өтіп тұрған жерімнен заңды бұзып, депутаттыққа өткізбеді, халықаралық университет президенттігінен (ректор), ғылыми зерттеу институтының директорлық қызметі орнымнан да заңсыз алды. Әсіресе өкінетінім ғылымда жоғары балл алған, ғалымдар мойындаған әлемдік деңгейіндегі жобаларымды да қаржыландырмай қойды. Бірақ мойымаймын, қара орман халқым барда жанпида деп жүрмін. *Бәрібір көк тәңірдің торы кең, одан ешкім қашып құтылған емес, әділеттілік бәрібір бір орнайды.* Енді ел алдында, жастар арасында әлемдік генийлермен бірге ұлы Абайдың ой-өсиетін қалай іске асыру керек деген біліміммен бөлісудемін.

Қазақстан қазір жол айрығында тұр. Егер қазірге дейін 30 жыл бойы шетелдік «серіктеріміздің» кеңесімен жүріп, ескі жолмен барсақ, онда соңы тығырық. Бізге керегі ең озық, өзімізге лайықты әлемдік тәжірибені қолдана отырып қоғамды өзгерту, өзіміздің отандық дара даму жолымызды табу. Сонымен қатар біз тегіміздің қандай болғанын және тарихымыз бен болмысымызды терең танып «тектоникалық тереңдікте сезіне отырып, мына қиын әлемдік өркениетте не күтіп тұрғанын білуіміз керек».

Әрине, таңдау халықтың еншісінде. Бірақ ол үшін халыққа бұл дағдарыс жағдайдан қалай шығу туралы бағдарлама ұсыну қажет. Бұны жасау қазіргі билікке қиын. Олар шындықтың толық көрінісін көрмейді, өйткені мемлекетті вертикалды түрде, жоғарыдан төмен, ескі әдістермен, орынсыз амалдармен басқарып келеді. Осылайша жаһандық желінің, жаппай коммуникацияның, жаһандану жаңалықтарының мәнін түсінбейді. Билік өкілдері біздің өзгермелі өмірімізді, яғни халықтың жағдайының қиын екенін түсінсе де, бірақ қазіргі құрылған, әсіресе жемқорлыққа үйренген билік басындағылар халықты ойлап, олардың қажеттілігін жүзеге асыру жолында жұмыс атқаруға мүмкіндік бермейді. Бұл Қазақстан үшін «Ариаднаның жұмбақ жіптері» секілді болып тұр. Соңғы уақытта қабылданып жүрген ішінара шешімдер халыққа өте маңызды болса да, 30 жыл бойы жиналған проблемаларды шешу өте қиын болары анық.

Енді әрі қарай экономика қалай даму керек деген сұраққа қысқаша жауабым.

Мен ғалым-экономист ретінде тоқетерін айтсам, алдағы мақсат - біз экономиканың шикізат моделінен кетіп, экономикамызды, өндірісімізді әртараптандырып (диверсификациялап) инновациялық жолға түсіп, ары қарай қазақ қоғамын ізгілендіру (гуманизациялау) бағытын қолға алуымыз қажет. Барлық байлықты (ресурсты) жаңа технология мен әлеуметтік инновацияға салсақ

тез алға басамыз. Бұл дегеніміз жаңа қоғамдық және өндірістік қатынасқа, экономикалық дамудың жаңа моделіне өтуді білдіреді. Қазақстан осыған даяр ма?

Бұл жерде кімнің соңынан жүреміз, әлемде алатын тәжірибе бар ма, жоқ әлде өз жолымызды таңдауымыз керек пе? деген сұрақ туындайтыны анық. Біз әлемнің дамыған елдерінен ХХІ ғасырда керек деген ең тиімді тәжірибиелерін тек алып қана қоймай, оларды біздің менталитетімізге, қазақ халқының ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне лайықтап өңдеп пайдалануымыз қажет. Одан да зоры біз Қазақстанның ең білімді, білікті азаматтарының ұсыныстарын сараптан өткізіп, ХХІ ғасырдың жетістігі ретінде **Қазақстанның дамуының өзіндік сара жолын жасауымыз керек.** Шетелде жүрген білімді қандастарымызды шақыруымыз қажет, ой ұсыныстарын алуымыз керек.

Қазақстанның өркениетке баратын өз жолы туралы менің көптеген ұсыныс, жобаларым осы кітапта бар. Бұл кітаптың түпкі мақсаты да өз сара жолымызды таңдау.

Қазақстанның **инновациялық жолға** түсуіне мүмкіндігі бар, оны бастаған да еді. Бірақ өкінішке орай 2003 ж., 2010-2015, 2016-2019 ж.ж. қабылданған инновациялық бағдарламалар жарым-жартылай іске асып, қыруар қаржы жұмсалып, шыққан шығын өзін-өзі ақтамады. Оған дәлел жеткілікті, заң бұзушылық та көп. Қазір бұған жаңаша көзқарас керек. Ол үшін **критикалық технологиялардың** басымдылықтарын белгілей отырып, Қазақстанда инновациялық да-

мудың ұлттық моделін жасау керек. Бұл жобадан инновациялық, материалдық, адами, интеллектуалдық, қаржылық, инвестициялық ресурстарды есептеу керек. Ненің жетіп, ненің жетпейтінін анықтау қажет. Жетпейтінін біздің стратегиялық әріптестерімізден Ресей, Түркия, Қытай, Еуропа т.б. елдерден экономикалық ынтымақтастық арқылы бұрынғыдай қарызға белшесінен батпай, есептеп ақылмен шешкен жөн.

Билік басына **Ш. Мирзиёев** келгелі өзбек ағайынның экономикалық дамуы алға кетуде. Өзбекстан әлемнің ең үздік Nike, Adidas, Apple, Inditex компанияларымен келісімге тұрып үздік өндіріс салаларын ашып дамуда. Бәсекелестіктің аламан бәйгесі Өзбекстан қолына өтіп кетуі де мүмкін.

Инновациялық даму өндірістік жаңа технологиялық базасыз болмайды. Ал оның негізін құрайтын **мәшине жасау саласына** аса мән беру қажет. Бізде әр сала бойынша ірі, орта мәшине жасау зауыттары болды. Профилін өзгерткен бірен сараны болмаса, олардың бәрі ақылсыз жасаған жекешелендіруден келмеске кетті. Өндірісті әртараптандырғанда экономиканың жаңа құрылымын инновациялық моделге салу қажет. Мүмкін инновацияның кластерлі жүйесі қажет болар. Біз алда **экономикасы инновациялық жағынан дамыған, гуманизациялық қоғамы бар ел боламыз**. Әрине ол үшін уақыт және күш салу қажет, әсіресе саяси батылдық керек.

Біз енді әлемдік қауымдастықта өзіміздің қоғамдық-тарихи, саяси-экономикалық, әлеумет-

тік-құқықтық бетпердемізді толық анықтап алуымыз қажет. Шындығына келсек, бұл мақсатқа жеткен жоқпыз, осы жолды меңгерудеміз. Ал ішкі саясатымызға да түбегейлі реформалар жасауымыз керек, Конституциялық өзгерістерден бастап, бүкіл халықтық референдум қабылдауға дейін проблемалар бар... Бұл туралы ұсыныстарым ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа, ҚР Президенті **Қ.Тоқаевқа** жазған хаттарымда бар (қосымша 1).

Қандай Конституциялық өзгерістер жасасақ та, реформалар қабылдасақ та ең абзалы халықтың жағдайы, әлеуметтік күнкөрісі төмендемеу керек. Әр адамға бет бұратын уақыт келді. Адам мен табиғаттың қадірін білсек, қадірлі адам, қадірлі қоғам, қадірлі мемлекет боламыз. Осы жолда барлық күш-жігерімізді алдағы уақытта **ізгілікті дамыған қоғам орнатуға** салуымыз өте қажет. XX ғасырды өнеркәсіптегі жоғары технологияның ғасыры десек, ал енді XXI ғасыр – ол жоғары **гуманитарлық ноосфералық өркениет ғасыры** болмақ деген пікірді білдіремін. Бұл жерде әр адамның, азаматтық қоғамның мүмкіндіктері пайдаланылады деген сөз. Себебі адам өзінің ақыл, ой-санасымен және тілімен ең жоғарғы биологиялық феномен болып есептеледі.

Жалпы гуманитарлық идея тек біздің ғана емес, ол әсіресе дамыған елдердің есігін айқара ашқанда ғана барлығымызға прогресс болады. Ол үшін әлем елдерінде бір ғана идеология болу керек сияқты – ол **гуманитарлық идеология**.

Әлемді мекендеген халықтарды біріктіретін құндылықтар: *әлемдік келісім мен татулық; алға даму мен жетілу; табиғаттың заңымен өмір сүру; ноосфералық өркениетке қызмет ету; адами қасиеттерді ұстау мен ізгілікті, азаматтық қоғам құруға талпыну т.б.*

Алда Қазақстан экономикасының дамуының ұзақ жылдарға арналған болжау концепциясын жасауымыз қажет. Мұндағы негізгі идея *әр адамға, бүкіл Қазақстан халықының керегіне арналған қалыпты болжау (нормативный анализ) жобасын жасау қажет.* Себебі келешекте бәрі есептеулі болады, артық шығын болмау керек. Сонда жасанды интеллект, роботтандыру, биотехнология, адам геномы, космосты игеру, гуманистік ноосфералық және жаңа планеталық өркениет типіне көшу, т.б. арқылы алдағы әлемдік құбылыстарды алдын-ала білуге мүмкіндік туады. **Түпкі мақсат Қазақстанды мына дағдарыстан алып шығып, өркениетті елдер қатарына қосу.**

Көп ұзамай қазба байлық бітеді, енді біздің экономикамыз қазба байлықтың үлесінен емес, қазақстан азаматының ақыл - ой мүмкіндігін дұрыс пайдалануынан ілгерілеуі керек.

XXI ғасырда рухани құндылықтарымыз бәрінен де теңдессіз биік тұру керек, алайда, бұл ғасырдың да бір ширегі өтіп кетті...

СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Рухани құндылықтарымыз

Каспий теңізінен Қытайға дейінгі аралықтағы алып кеңістікте тас дәуірі, полеолит заманы, Ботай мәдениеті және қазірге дейін биік өркениет тарихының болғанын білеміз. Іргетасы V-VI ғасырларда қаланған Ежелгі Түркістан Азия құрылығының орталығының біріне айналғаны тарихи шындық. Сондықтан да Ұлы Жібек жолы бойында халықтардың өзара қарым-қатынасы, діннің таралуы және өнер мен мәдениеттің өркен жаюы осы жерден басталған болатын.

Киелі Түркістан жерінде мұсылман халқының терең тарихы жатыр. Өйткені XIV-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған, рухани құндылығын жоғалтпаған бұл елде Ақсақ Темір іргетасын қалаған Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тұр. Сондай-ақ ұлы тарихи тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлері *Томирис ханша, Аттила патша, Ер Тоңға, Тоныкөк, Арыстан баб, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Манас, Низами Гянгсауи, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт*

Қашқари, Шыңғысхан, Мұқали, Құбылай, Бейбарыс сұлтан, Әмір Темір, Ұлықбек, Әлішер Науаи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қорқыт баба, Абылай хан, Мақтымқұлы, Абай Құнанбаев, Атамүрік, Бекташ Вели, Шоқан Уәлиханов, Ғабдолла Тоқай, Тұрар Рысқұлов, Дінмұхамед Қонаев, Мұхтар Әуезов, Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматовтың, т.б. қыруар еңбектері әлі күнге шейін ел аузында жүр [4,13,14,15,16,17]. «Сөздің ең ұлысы – тарих» демекші, біз өткен тарихымызбен мақтана аламыз. Өйткені ұлт болашағына қызмет еткен кемеңгерлеріміздің бүгінгі ұрпағына қалдырған мұрасы ұшан-теңіз. Соларды електен өткізе отырып, рухани астанамыз Түркістанға пантеондар, ескерткіш кесенелер салынуы тиіс. Осы рухани мұраларды жаңғырту мақсатында ғылыми-мәдени іс-шаралар, форумдар, конференциялар өткізіп тұру қажет. Сонда ғана біз өз еліміздің рухани құндылықтарын өзге елдерге дәріптей аламыз. **Біздің Анахарсиден Абайға дейінгі, одан да кейінгі рухани құндылықтарымыз бәрінен де теңдессіз биік тұруы керек.**

Абай өзінің дүниетанымдық көзқарасындағы адамның ой-санасына, ішкі жан дүниесіне байланысты рухани құндылықтар мен болмыс деп аталатын терең ауқымды философиялық ұғымды адамгершілік, имандылық, игілік, адалдық, ізеттілік, т.б. сияқты қасиеттерді халқының ой-санасы мен әдет-ғұрпынан ажыратпай бере білді.

Кейінгі отыз жылдағы дағдарыс біздің көзімізді ашты. Көпғасырлық тарихымызда игері-

ліп, соңғы отыз жылда ескерусіз қалған рухани және моральдық ерекшеліктері басым құндылықтарымызды шашау шығармай жинап алатын уақыт келді. Соларды қайта тірілтуге, һәм жандандыруға бүгінде негіз бар, себебі, материалдық жетістікке жету идеясы түкке алғысыз болып қалғаннан кейін барша әлем қазір ізгілік идеясына қайтадан аса мұқтаж. Рухани құндылықтар мен адамгершілік нормалары өркениет дамуының нәтижесі екенін айттық. Қоғамдық байланыстарды бұзып, рухани өмірдің дағдарысына, адамгершіліктің құлдырауына жеткізіп болған қоғамдық апаттар, табиғи және әміршілдік режимдер бұл күні өз шарықтау шегіне жетіп отыр. Өркениет игіліктеріне әбден бейімделген адамзат табиғаттан алыстап, оның заңдылықтарымен өмір сүру ережелерін естен шығарып жатады. Әлемдік тарихи даму жолында бұл аса маңызды рөл атқарады. **Өркениетті қоғамдағы өмір сүру заңдылықтары адамгершілік нормаларына сәйкес болған жағдайда ғана ізгілікті қоғам идеясы іске асады.**

70 жыл бойы коммунистік идеологияның құрсауында болған қазақ халқы өз Абайын әлемдік деңгейге бірден көтере алған жоқ, оған тоталитарлық жүйе, «орталықтың» қырағы цензурасы үлкен кедергі болды. Сондықтан Мұхтар Әуезов бастаған абайтанушылар **хакім даналығын коммунизм идеологиясы шеңберінде ғана сараптай алды.** Бұл әлемдік деңгейге шығуға кедергі болса да, саңлау табылды.

Ақыл таразысына салсақ, сан ғасырлар бойы жеті атадан қан араластырмай, ұрпақ тазалығын

сақтаған, адамгершілік нормаларға негізделген салт-дәстүрлері, бәйге, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, күрес, т.б. саламатты өмір салтына негізделген ұлттық ойындары бар қазақ халқы қайдан қараңғы, жабайы болсын? Жесірі мен жетімін жылатпайтын, ағайынды өзекке теппейтін, төрт түліктің қасиетін біліп, іске жарата білген жұртта бірлік, береке, молшылық болмады деп кім айта алады?

Алайда адам баласына тән асыл, һәм жаман қасиеттер қазақтың да бойынан табылатын. Абай өз ортасын мысалға ала отырып, осы күллі адамзатқа ортақ қасиеттердің оң мен терісін ақыл таразысына салып, адамзат игілігіне ұсынды. Сондықтан біз Абайды ойшыл дейміз. Оны Сократ, Конфуций сынды әлем ойшылдары санатына көтеру – біздің парызымыз!

Абай хәкім: «Пайда ойлама, ар ойла», – деп адамзатты ізгілікке шақырса, бұл XVI ғасырдан бастап «дүниенің көрінген сырын» ашып, танып-білуге ден қойған еуропалықтардың рухани сілкінісі үшін де аса маңызды болатын. Тек баюды ойлап, материалистік, атеистік жолға түскен олар рухани әлемнен сол кезден бастап қол үзе бастаған. Бұл күні сол теріс ұстаныммен келгендердің рухани жан-дүниесі қатты дағдарысқа түсіп отыр. Қазір азғындап, рухани қасіретке ұрынуының себебі де осы. Бұл қасіреттен олар енді қашып құтыла алмайды. Құтылудың жолы «дүниенің көрінбеген сырын» танып-білуде жатыр. Оған қол жеткізу қиын. Өйткені бес ғасырдан астам уақыт ішінде капиталистердің дүниетанымы таза материалистік таныммен қалыптасты. Оны бұзу – қиынның қиыны.

Екіншіден, олар ғылымның табысын имансыздық жолға бұрды. Бүгінде әлемдік қоғамдастықтың дамуына тікелей әсер етіп отырған әлеуметтік мәселелер бар. Ол көп жылдар бойы әлемнің әр аймақтарында қордаланып қалғандықтан, жалпы дамуға өзіндік әсерін тигізбей қоймайды. Яғни, адамзаттың жалпы дамуын тежейді. Алысқа бармай, қазіргі Қазақстанның жағдайын алсақ, бізде бүгін қоғамның бүлінуі шарықтау шегіне жетті, паракорлық, жергілікті биліктің әділетсіздігі, оның қарапайым адамдардың мұқтаждығына немқұрайлы қарауы сияқты келеңсіздіктер уақыт өткен сайын үдеп келеді. Біз о баста демократиялық жолдан тайқып, авторитарлық жүйеге түскен сәттен бастап, көп нәрсе күрт өзгерді, мемлекеттік идеология әлеуметтің бақуаттылығын көздемегендіктен, билік пен халықтың арасында келеңсіздік пайда болды. Алайда бұл жүйе қазір іріп-шіріп болды, халықтың санасы өсіп, өз құқықтарын талап ете бастады. Қазақ қоғамы қазір өзгеріс күтуде.

Әрбір мемлекетке адамдардың ақыл-ойына бағытталған жаңа ұлттық идея қажет. Бірақ сол жаңа ұлттық идеяны қабылдауға біздің қоғам дайын ба?

Отыз жыл бойы жемқорлық жайлаған мемлекетіміздің басқарушы билігі талай жалған идеяларды алға тартып келеді. Әсіресе сайлау науқанында елдің жарқын болашағына деген үмітті жылт еткізіп қана қоятын мемлекет идеологиясы өзінің мүдделі мақсатына жеткен соң, қоғам мен әлеумет проблемасына немқұрайлы кейіпке қайта түседі де, халық

өзінің тағы да алданғанын түсінеді. Жүйе өзгермей, дәл қазір Қазақстан халқы бос ұран, жалған идеяны қажет етпейді.

Десек те, бізге ұлттық рухты көтеру үшін идея керек екені рас. Мен өзімнің «Абай және қазақ елінің болашағы» кітабымда «Абай» идеясын ту етуді ұсынған болатынмын. Кейінгі кезде, елімізде жуасып қалған зиялы қауымның үнін шығару тәжірибесін алып, ештеңеге қарамастан, ұлттың рухын көтеру керек. Ол ұлттың біртұтастық қағидатына, оның тілінің, мәдениеті мен салттарының дамуына негізделуі тиіс.

Ұлт болған соң, ұлттық идея, сөзсіз керек! Ол біздің тұтастығымызды, тіліміз бен ділімізді, жерімізді аман ұстап қалу үшін де қажет.

Ұлттық идея – тек рухани құбылыс қана емес, ол табиғи түрде ұлттың ұлт ретінде сақталып қалуына мүдделілігін оятатын, сол қажеттілік жолында тынбай талпыныс жасаумен байланысты дүние. Алайда жаңа дәуірде бірде-бір ұлт оқшау, өзге ұлттардан бөлек тұра алмайды. Өз мүдделерін басқалардың мүдделеріне қарсы қоя отырып, өмір сүруі мүмкін емес.

Сондықтан ұлттық идеяны, ұлттық мүдделер мен өзара сенімділікті түсіну – оны жүзеге асырудың бірден-бір жолы. Осы орайда үлкен мәні бар мәселе не десек, ол — Түркі тілдес халықтардың қазақ жеріндегі киелі Түркістанды атажұрт, рухани астана һәм «Екінші Мекке» деп танып, ағылып келіп, киелі мекеніне тағзым ете бастағанында жатыр [8]. Біз Түркістанның руха-

ни және экономикалық әлеуетін пайдалана алмай келеміз. Бұл аймаққа тек туристік нысан ретінде қарау мүлдем дұрыс емес. Түркі әлемінің тірегі, талбесігі болатындай тарихы терең Түркістан аймағын рухани, экономикалық, технологиялық жағынан дамыту арқылы жалпы руханиятымызды жаңа белеске көтеруге болады.

Біздің руханиятымыздың тереңдігі соншалықты, батыста 362 әулиеден бастап, ескіше айтсақ, Үлкен Түркістанның барлық аймағында, Ботай мәдениетінен бастап, басқа да көптеген жерімізде рухани-мәдени ошақтарымыз тұнып тұр. Мәселе, тек оларды жандандыруда жатыр. Мысалы, мен өзім өскен өңірде алыс-жақын елдің бәрі келіп, тәжім ететін Түлкібасы әулиесі болатын, жұрт сол жерге барып, тау басындағы бастауынан су ішкенмен, ол жер былайда қараусыз жататын. Биліктің әділетсіздігінен университет ректорлығынан босап қалғанда жыл бойы **Оразғали, Қаныбек** інілеріммен жиналып, бір отбасы енді Түлкібасы емес, Түркібасы әулиесіне арнап екі жерден: бірі – тау етегінен екі арка, екіншісі – биік тау басына 900 тепкішекті басбалдақпен шығып жететін жерде «Кесенелер» тұрғыздық. Өзім басы-қасында болып, іргетасын бірге қалағанда, тау басындағы бастаудың жанын қазғанда 5 метр тереңдіктен қасиетті құран шықты, оны кейін сол жерге сейф апарып, сонда қойдық.

Ғылыми деректерге сүйенсек, тарих ғылымының корифейі атақты академик **В.В. Бартольд** Түлкібасы жерінде 1893 жылы іссапармен келіп,

бұл жерді аралап көріп «Түлкібас» топонимі жасанды әрі жаңылыс айтылған аталым екенін, оның дұрысы «Түркібасы» деген ғылыми пікір айтқан. Бұл жерде VII ғасырда түрік қағанатының «резиденциясы» тұрғандығынан хабар береді.

Руханият жоғарыдан жасалмайды. Менің ойым тек Үкіметке қарап отырмай, қолынан іс келетін, жағдайы бар азаматтар Қазақстанның кең байтақ даласында мөлдіреп жатқан рухани құндылықтарды аша берсе нұр үстіне нұр болар еді.

Үкімет пен үлкен бизнес өкілдерінің де жасайтын дүниесі бар. Мысалы, менің ойым, біз бүкіл шыққан тегімізге мәңгілік ескерткіш орнатсақ, ол бір биік киелі Ұлы Жібек жолында болса деймін. Ол үлкен ашық алаңға мәдени-тарихи монументалды түрде орналасса дұрыс болар еді. Оның ішінде сақ, ғұн, түрік қағанаты, хандықтар, бүкіл тарихты қамтыған әртүрлі жәдігер тарихи ескерткіштер, монументтер, қорғандар, қала-шайқастардан үзінді, ежелгі Түрік империясын құрған ғұламалар, қайраткерлер, ғалымдар т.б. болса деген ойым бар. Оның атын **«Түркі әлемінің панорамалық мәдени-тарихи ашық географиялық мұражайы»** десе болар еді. Сонда бүкіл әлем халқы келіп біздің ежелгі Түрік империясы екендігімізді, жарты әлемді алып жатқан картамызды көріп таңғалмасқа амалы жоқ болар еді. Ол бізге бақыт, абырой, атақ, байлық әкелер еді. Түркі әлемінің мызғымас бірлігі мен руханиятының биіктігі Эвересттей екендігін әлемге салтанатты түрде паш етуге болар еді!



*Түркі әлеміне
рухани серпіліс
қажет*

Ашина

ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Түркі әлеміне серпіліс

Біздің көне Түркілердің байырғы мекені Алтай мен Орталық Азия, Оңтүстік Сібір жерлерінде неолит (жаңа тас) және қола дәуірлерінде, ертеде (Иерихан Б.з.б. VII мыңжылдықта) жерді игеріп, тұрмыс-тіршіліктің басталғаны белгілі. Жалпы, ежелгі түркілерді тарихта скиф, сақ, хун-ну, ғұн, үйсін, қаңлылармен тектес ұлыс ретінде қарайды. Ал Ашина тайпасынан шыққан Түркі тегінің ұрпақтарына келсек, тарихта ғұндардың көсемі *Мөдеден бастап, Томирис, Атилла, Ертонга, Тоныкөк, Бумын, Мұқан, Естемі, Иоллыгтегін, Шыңғысхан, Әмір-Темір, Құбылай, Бейбарыс, Ұлықбек, Сүлеймен Сұлтан, Ататүрік* т.б. ондаған ірі мемлекет басшыларын, қағандар мен хандарды айтса болады.

Осындайда *бірінші сұрақ* туады. Түркі халықтары сол уақытта саны да соншалықты көп емес, сөйтсе де қалай жарты әлемді басып алды.

«Осыншама күш-қуатты, құдіретті олар қайдан алды екен» деген сұрақ туады. Түркі қағанаты 3 мың жылдық тарихымен шығысы *Тынық мұхитынан бастап, Корея, Қытай Сунь империясымен қоса алғанда, Вьетнам, Бирма, Комбоджа, Индия, Иран, Пәкістан, Ауғанстан, бүкіл орта Азия, Сібір, Волга, Каспий, Кавказ, Қырым, Жерорта теңізі, Вена, Тунис, Дамаск, Кайр, Константинополь, Бағдат, Алжирге дейін* жарты әлемді алып жатты. Ал жаулап, басып алған халқын алсақ, өзінен ондаған, жүздеген есе көп, содан «Түркі халқының феномені неде?» деген сұрақ туады [19]. Бұл көп факторлардан тұрады. Түркі адамы кім, туып өскен тегі, ортасы, мінез құлқы, мәдениетінің қалыптасуы т.б. шешуі қиын бір жұмбақ...

Мұндай әлемде болмаған феноменді ашу үшін тарихи деректерге сүйенейік. Түркі халқы азғантай Ашина әулетінен, Монғол Алтай жерінен шыққан күрескер, өжет тайпа болған. Ашина сөзі «благородный волк» деген сөз. Қытайлар оларды – ту-кю, түркі деп атаған. Негізінде түркі сөзі «күшті», «мықты» деген сөз екен [21,22,23].

Түркілерде күтпеген жерден жауға тап беріп, тықсырып барып кенеттен қайта жоқ болып, қайта айналып жойқын күшпен соғатын соғыс тәсілдері күшті болды. Олар әп-сәтте қойға шапқан аш қасқырдай өз жауының ойран-топырын шығаратын. Егер (уақытысында Атиллаға салық төлеп отырған Рим) Рим империясы 9 ғасыр бойы соғыс жағдайында болса, 13 ғасыр бойы бес қаруын

асынып, ат үстінде ойнақ салған түркі жауынгеріне, Түркі империясына қарсы тұрарлық күш әлемде болмады. Қытайдың өзі, оның императоры Цинь Ши Хуанди (221-210) түркі тегі ғұндардан қорғану үшін Ұлы Қытай қорғанын жылдар бойы тұрғызған.

Б.з.д. VI-V ғасырларда Түркі қағанатының әлемдегі ең үлкен армиялардың бірі болған II Кир мен Дарий патшалардың әскеріне қарсы тұруы, б.з.д. VI-V ғасырларда Еуропаны жаулап алуы, ал XIII ғасырда жарты әлемді алуы, бір Құбылайдың өзі ұрпақтарымен Пекинде отырып Қытайды 100 жыл басқаруы және т.б. – әлемді мойындату дер едім [25,26].

Екінші сұрақ туады. «Неге түркі әлемі Рим империялары сияқты осындай империялық мемлекет бола тұра, кейін шашырап кетті. Қазіргі түркі тілдес елдердің қайта өрлеуге мүмкіндігі бар ма және өзінің жаңа өркениеттік спиралімен дамуға қандай әлеуеті бар?» – деген сұрақтар мені толғандырады.

Бұған біржақты қарауға болмайды, себебі, тарихтан білеміз, әлемде небір империялар болды. Кезінде әлемдік 6 империяның бірі болған Түрік империясында да осы тарихи логикалық үрдіс орын алды. Түркі халықтарының адамзаттың өркениеттік дамуында алатын, қосқан үлесі де мол екенін өмір дәлелдеуде. Оның басын Түркі ғалымы К.Маршан Түрік өркениетінің бар екенін біріншілердің бірі болып дәлелдеген [27,28,29].

Қазір жалпы түркі тілдес халықтарының саны 200 миллионнан асады. Әрине, бұлар бұрын

Еуразия құрлығының әр жерінде шашырамай, бір жерге жиналғанда, қазіргі түркі елдері АҚШ пен Қытайдай аса ірі, дамыған мемлекет болар ма еді? Болар іс болды, мұндай мүмкіндікті біздің тегіміз пайдалана алмады. Оларды бір-біріне айдап салды. Мүмкін олар бір-бірімен соғыспай, бірігіп басқа елдерді алғанда басқаша болар ма еді?! Қазір бәрі өткен соң жорамалдап айта беруге болады, бірақ, менің ойымша Түрік империясында көп жылға бағытталған стратегиялық жоспардың сол кезде болмағаны айқын.

Қазір ежелгі Түрік қағанаты 6 мемлекет және үлкен-үлкен автономиялар (Татарстан, Башқұртстан, Сақа, Тува, Хакас, Чуваш, алтайлықтар, ұйғырлар т.б.) болып отыр. ХХІ ғасырдағы ендігі мақсат – осы түбі бір Түркі халықтарының басын бір-бірінен алшақта жүрсе де жаңа үрдіспен қалай қосамыз, қалайша интеграциялаймыз? Осымен байланысты қандай идеялар, жобалар бар. Міне, осыларды ойлап, іске асыру қажет деймін [24].

Шамамен, осы ғасырдың орта шеніне дейін дүниежүзінде Түркі әлемі өз орнын ойып алуы тиіс. Егер біз мұны жасай алмасақ, онда дамыған капиталистік елдер бізді бөліп-бөліп өркениеттік жолдан сыртқа шығарады. Тек осылай амбициялық мақсат қойып, оған қол жеткізсек, Түркі әлемі дүниежүзінде ең биік дәрежеге, бағаға ие болуы мүмкін. Бұл мәселеде мемлекет басшылары мен ғалымдардың, зиялы қауымның орны өзгеше.

Қазіргі Түркі әлемінің экономикалық әлеуетін алсақ, жылда өтетін дүниежүзілік Давос эко-

номикалық форумының ғаламдық бәсекелестік көрсеткіштері бойынша біздің жағдайымыздың әлі нашар екенін көруге болады. 2019 жылдың жаһандық бәсекелестік индексі бойынша алдағы 50 елдің ішіне бірде бір түркітілдес мемлекет жоқ: Қазақстан – 55, Азербайжан – 58, Түркия – 61, Қырғызстан – 96 орында болса, Өзбекстан мен Түркменстанның Давос экономикалық форумына көрсеткіштері енбеген. Ал тереңірек қарасақ, түркітілдес елдері денсаулық, білім, ғылым мен технология, қаржы жүйесі, әсіресе бизнес, инновациялық дамудан көп артта келеміз (80-100 орындамыз). Бізге осы көрсеткіштерге, әсіресе, жаңа білім, ғылым мен технологияға аса мән беру қажет.

Біздің түркі тілдес мемлекеттеріміз әлі де болса көптеген тарихи, рухани, әдеби, тіл, археология, этнография жәдігерлерін сақтап келеді. Оған қосымша, археологиялық ізденістерден жаңа көптеген тарихи ескерткіштер, қазба байлықтар табылуда. Түптеп келгенде, бұл – біздің генетикалық тегіміз. Уақытысында ата-тегіміз бүкіл Азия мен Еуропа құрылығын дүр сілкіндіріп, үлкен империялық жойқын күшке айналдырған болса, біз, яғни Түркі әлемі, ХХІ ғасырда тарихымызды жандандыру арқылы **әлемдік тарихтың төрінде екінші рет толыққанды отыруымызға әбден болады. Бұл уақытысында М. Шоқай мен Т. Рысқұлов көтерген түбі бір түркі идеясының жаңа ғасырдағы жаңаша жаңғыруы.**

Ол үшін жоғарыда айтылғандарды ескеріп, **барлық күшті бір түркі әлемінің кіндігіне жи-**

нау керек. Бұған, әсіресе, ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері білек сыбанып тұрып атсалысу керек.

Дамыған мемлекеттермен бәсекелестікке түсіп, алға шығуға **Түркі әлемінің бір ғана жолы бар, ол түбі тереңде жатқан рухани, тарихи-мәдени құндылықтарымызды жаңғыртуға үлкен инвестиция салып, оларды бірге көтеру.**

Менің миссиям түркі дүниесіне байланысты қазіргі әлемдік жағдайымызды саралап, жазба деректерді пайдаланып, оларды електен өткізіп, әсіресе алдағы болатын ізгілікті қоғамның дамуына өз үлесімді, пікірімді қосу, кейбір жобаларымды пайда тиер деген үмітпен ұсынып отырмын. Мүмкін, тағдыр біздің замандастарымызға ХХІ ғасырда түркі әлемінің дамуына серпіліс беру арқылы дамыған мемлекеттермен бәсекелес болу үшін осы қадамды жасауға мүмкіндік берген шығар.

Түркі әлемін ХХІ ғасырда қайта жаңғырту үшін мынандай жобалар, іс-шаралар ұсынамын:

1. Түркітілдес алты мемлекет (Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркіменстан), тағы да басқа түркітілдес халықтар бірігіп «Түркі өркениетін жаңғырту туралы стратегиялық 2050 жылға дейінгі империялық концепция және бағдарламалар» қабылдау қажет. Шыққан көне тегімізді білуіміз үшін бұл мегажобаның атын «Алға Түркілер – Ашина 2050» деп атаса жақсы болар еді.

2. Басымдылық ретінде арнайы **«Түркі әлемінің рухани дамуына серпіліс беру»** туралы (тарих, білім, ғылым, денсаулық, мәдениет, дін, тіл т.б) нақты қаржымен қамтамасыз етілген интеграциялық біріккен бағдарламалар қажет. Нәтижесінде, Түркі әлемінің 3 мың жылдық тарихын қайта жазып шығу және мәдени-тарихи мұра атласын жасау керек. Ғұннан бастап бүгінгі тарихымызға дейін тез арада **«Түркі империясы»** деген 3 мың жылдық тарихты қамтып, 30 сериялық тарихи деректі танымдық **фильм** жасау керек. Бұл фильм бүкіл түркі халықтарын жаңа рухта тәрбиелеуде жаңа идеология болар еді.

3. Әлемдік деңгейде **«Түркістанда ғұн дәуірінен қазірге дейінгі тарихи, мәдени, географиялық панорама-музей»** жасау. Мұның екі түрі болса: бірі – жабық мекемеде, ал екіншісі – Ұлы Жібек жолы бойында **«көне түркі өркениетінің ашық музей – мәдени қалашығы»** салынса деймін.

4. Түркі мемлекеттерінің жылдық экономикалық өсімі 5-6%-ға өсетіндей бағдарламалар жасау керек. Жаңа технология, жасанды интеллект, роботизация, интернет ресурстарын тиімді пайдалану жобалары жасалу қажет. Әр мемлекетте Ұлы Жібек жолын жандандыруға үлкен серпіліс беретін мегажобалары, рухани – логистикалық хабтар болу керек.

5. **Ауылды жаңарту**, ауылшаруашылығын дамытуға басымдық беру. Түркі әлемі өзінің үлкен

жер байлығымен, азық-түлік өндіру мүмкіндігімен әлемнің бірнеше елін тамақтандыра алады. **Түркі әлемі келешекте азық-түлік державасына** айналуы мүмкін. Ол үшін әр елде **«Түркілердің ХХІ ғасырда ауыл кластері»** бағдарламасын жасап, іске асыру қажет.

6. Түркі әлемінің даму жолын **саралау және алдағыны жоспарлау ғылыми орталығын құру** керек (Алматы, Ыстанбұл, Ташкент т.б.). Әртүрлі ғылыми лабораториялар ашу. Мысалы, **«Түркі әлемінің генетикалық лабораториясын ашу»** т.б. жаңа өркениеттің сұранысына байланысты ғылыми орталықтар ашу. Түркі мемлекеттерінің ғалымдары бірігіп **«үш мың жылдық Түркі тарихын»** қайта қарап, тағы бір електен өткізіп, жазып шығып, оны бүкіл әлемге тарату керек.

7. Жоғарыда айтылғандардың бәріне бір нүкте қоятын, алтын сандықтың шегесін қағатын ол 6 мемлекеттің және тағы басқа автономиялы республикалар басшыларының осы мәселеге арналған **«саммиті»** болуы керек. Оған қоса бүкіл түркі әлемі халықтарының құрылтайын өткізу қажет. Сонда бәріне ортақ **«Ұлы түркі өркениетінің декларациясы»** қабылданып, оны іске асыратын барлық шешімдер және іс-шаралар болуы тиіс.

8. Жаһандану құбылысын ешкім тоқтата алмайды. Тек бір-ақ жол – ол халықтардың бірігуі. Түпкі мақсат Еуроодақ (ЕС) сияқты бүкіл түркі халықтарын, мемлекеттерін біріктіріп **«Түркі**

тегі» (ТТ) деген одақ құру. Осы ТТ одағы келешекте «ЕС, НАТО, САО» сияқты түркі әлемін қорғайтын күшті өз әскері, қарулы күштері бар ұйым болу керек. Сонда ғана дамыған алпауыт мемлекеттер бізбен санасатын болады.

Түркі тегі дегеніміз Еуразиядағы түркі тілдес елдерінің, халықтарының бірлігін сақтау, олардың көнеден келе жатқан тарихы, мәдениеті, діни, этникалық құндылықтарын жандандыру, әрі экономикасын үдемелі дамыту жүйесін жасау болып табылады.



Арыстан Баб

Рухани элита құрмай, дамыған елдердің қатарына қосылу екіталай.

Ол үшін әр адамның ақыл-ойы мен рухын көтеруге күш жұмсау қажет.

ОНЫНШЫ СӨЗ

Түркістанды жаңғырту – рухты ояту!

2001 жылы Түркістандағы Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің Президенті болып қызмет атқарғанымда, тапқан идеям – *Түркістанды рухани астанаға*

айналдыру ұлттық идеясын алға тартпақшымын [4]. Қысқаша айтсақ, «рухани-жаңа технологиялық кластерін құру — Қазақстан қоғамын ізгілендіру туралы», «Түркістан өңірі» деп аталатын бұл мегажобамды 2012 жылы бітіріп, ҚР Президенті Н.Назарбаевқа жіберген болатымын.

Мегажобаның негізгі **мақсаты** — «Түркістанды халықаралық деңгейдегі рухани орталыққа» (мегаполиске) айналдыру, халықаралық **қауіпсіздікке** жаңа қадам жасау болатын. Онда алғаш рет тарихымыздан белгілі бір аймақта екі аса ірі түбегейлі проблеманы ұштастыру көзделген болатын. Ол бір жағынан, **адамзаттың рухани-мәдени және тарихи дамуына**, екінші жағынан, жаңа **б-технологиялық укладты** үйлестіруге бағытталған еді. Сол арқылы инновациялық дамудың Қазақстандық жаңару (ренессанс) үлгісін дүниежүзіне көрсетуге болатынын сол жобамда ұсынған болатымын.

Бұл идея өте өзекті, кеш болса да іске асуда. Ол үшін кезек күттірмейтін мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

- Парламентте “*Жаңа Түркістан - Рухани Астана*” туралы заң қабылдау;

- Парламентте Түркістан өңіріне «еркін экономикалық аймақ» статусын беретін заң қабылдау;

- Түркістан аймағын 5 жылға дейін салықтан босату;

- Халықаралық Дін академиясын ашып, Дінтану орталығын қалыптастыру;

- Қоғамды ізгілендіру туралы «Ғылым орталығын», Қытайдағыдай Қоғамдық Ғылымдар Академиясын, Мәдениет университетін ашу;

- Көне тарихтан бастап, қазірге дейінгі «Тарих қазынасы» атты мұражайын, Лондондағы география музейі сияқты мәдени, тарихи, археология музейін ашу;

- Ескі нақышты, көне архитектураны сақтай отырып, Түркістан қаласының сәулетін жаңа үлгіде салу.

Мысалы, Түркістанды руханият ордасына айналдыру үшін әлемдік жауһарлар болып саналатын Үндістандағы Тәж Махал, Самарқандағы Регистан, Стамбулдағы Сұлтан сарайы сынды шығыстық сәулет өнерінің негізінде ғимараттар салу қажет. Бұл жоба іске асса қазақ жерінің ғана сән-салтанаты артып қоймай, бүкіл түркі жұртының абыройы асқақтар еді.

Жоба **6-кластерді** қамтиды: **рухани, технологиялық, жаңа ауыл, туризм, логистика және инфрақұрылым кластерлері**. Ең маңыздысы – рухани, мәдени және жаңа инновациялық технологиялық укладты біріктіріп, бір процесс ретінде біз ең қымбат адам капиталын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеміз. Егер адам капиталына келетін болсақ, жалпы Үлкен Түркістанда және оның айналасында кем дегенде, 400 млн. адамның осы жобаға мүдделілігі туындауы мүмкін. Мұндай ноу-хау әлемге тез тарайды. Бүкіл Еуропа Кеңесіне кіретін халықтардың саны 500 млн. айналасы. Сонда бұл жобаның ауқымының жоғары екенін

байқауға болады. Егер 2009 ж. жалпы мұсылман халқының әлемде 1,3 млрд-тан асқанын, оған қосымша жақын арада. мұсылман халқының саны 1,8 млрд. адам (әлем халқының 25 пайызы) болатынын ескерсек, Түркістан жобасының өміршең екендігіне көз жеткізу оңай [19].

1 Рухани кластер тұрғысынан келер болсақ, Түркістанға Жаңа **рухани астана қалашығын салу керек**. Бұл қала құрылысының сәулеті ежелгі шығыстық және түркі өркениетінің нақышында, ұлттық нақыштағы бояу, таным ерекшеліктері ескеріліп жобалануы тиіс. Астана қаласы ХХІ ғасырда еліміздің жаңа модерн үлгідегі Елордасы болса [18], ал Түркістан қаласы еліміздің ежелгі мәдени-тарихи үлгідегі рухани астанасы болмақ. Сондай-ақ **мұсылман халқының негізгі Масахабының орталығы және мұсылмандар діни басқармасының штаб пәтері** болуы керек. Мұнда «Халықаралық дін академиясын», «Мәдениет академиясын», «Тарих қазына мұражайын», «Байқоңыр-Семей» ядросыз қауіпсіздік паркін, «Археология мұражайын», т.б. ашу қажет.

2 Кентауда **6-технологиялық укладтағы жаңа зауыттар салу керек**.

Бұл жерде Жібек жолы **көлік-логистикалық кластер, шағын инновациялық бизнес орталығы, технополис, технологиялық колледж және т.б. инфрақұрылымдар салыну қажет**. Жаңаша айтқанда, жаңа технологиялық кластерді қалыптастыру керек.

3 Бір **логистиканың** өзін алсақ, Ұлы Жібек жолында, Батыс Қытай-Батыс Еуропа жобасында

Түркістан арқылы барлық Орта Азия мемлекеттерінің көлік-жүгі өтеді. Жоба бойынша тек логистикалық кластерден Түркістан аймағының 30% пайдасы түседі екен.

4 Ұлы Жібек жолы бойында жаңа **туризм кластерін құрып**, дамыту қажет. Бұл, бір жағынан, моноқалаларды дамыту бағдарламасын іске асыруға мол мүмкіндік берер еді.

5 Жаңа үлгідегі **«Ауыл кластерін»** жасау қажеттігі – уақыт талабы.

XXI ғасырда қазақ ауылының сипаты қалай болуы керек?

«Алдағы өмірді көзге елестетсек, бір 30-40 жылда әлемдік өркениеттің дамығаны соншалықты, жасанды интеллект, үйінде қызмет ететін роботтар, мәшиненің орнына магнитті жастықпен кез-келген жерге сапарлау, осы сияқты басқа да технологияның жетістіктері бізді рақат өмірге алып келеді екен. Тіпті жасыңыз да 150 жылға дейін ұзаруы мүмкін. Бірақ мұндай тынымсыз, ақпараттық мегақалада тұру – адамды шаршататыны анық. Сондықтан технология жетістіктерінің арқасында қаншалықты алға кетсек те, бәрібір бір кездерде біз ауылға ораламыз. Себебі ауыл – өсіп-өнген жылы ұямыз, ал екінші жағынан, адамға ең қерегі, көркем табиғат, тап-таза ауа, тұнық су, жер ананың киелі топырағы, экологиялық таза тағамдар, ауылдың жанға жайлы тыныштығы. Әсіресе шығармашылық адамдары үшін ауыл – таптырмас кеңістік, шабыт қайнары болып қалатыны анық. Сондықтан, бір ұсыны-

сым, қазірден бастап-ақ шығармашылық ауылдарын ашу керек. Әр адамға «баратын ауылыңды ертерек дайында, түлеп шыққан ауылыңа, табиғатына көмектес», - деген екенмін.

Түркістан жобасының жалпы сомасы 8 млрд. Рухани астана салу бойынша – 1,520 млрд., технологиялық Кентау кластеріне – 1,245 млрд., жаңа ауыл кластеріне – 0,850 млрд., туризм кластеріне – 0,113 млрд., инфрақұрылымға – 4,310 млрд. АҚШ доллар қаражаты жұмсалады.

Түркістан – түркітілдес халықтардың кіндігі. Бәріміздің шыққан жеріміз – Үлкен Түркістан аймағы, баратын жеріміз де Түркістан болмақ.

Біз рухани элита құрмай, дамыған елдердің қатарына қосылуымыз екіталай, ал оның негізі – Түркістанның әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту арқылы рухани әлеуетін көтеруде жатыр. Қазірше бұл озық идеяға басқа балама көрініп тұрған жоқ.

Дәл қазір елдің бірлігін, ұлт пен ұлыстың басын қосатын, әр отбасын бейжай қалдырмайтын ұлттық идея ауадай қажет. Ол Түркістанды **қайта жаңғырту ұлттық идеясы** болмақ.



*Абай – ой мен сөз
бостандығының символы*

Абай

ОН БІРІНШІ СӨЗ

Ұлы Абай феномені

Абайдың қарасөздерін қарап отырсаңыз, ондағы көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделілік арқылы қазақтың философиялық санасы айқын көрінетінін байқайсыз. Абай – батыс пен орыс поэзиясына бой ұрғанымен, христиандық діни көзқарастың айқын көрінісі мен мұндалап тұрған соң, батыс философиясына аса ден қоймаған адам. Керісінше, одан әріректегі Сократ, Аристотель, Платон философиясы оны қызықтырғаны көрініп тұр. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деген Абай мұсылман дініне аса берік еді, бұл оның барлық көзқарасынан байқалады.

Абай шығармашылығы бүгінде несімен құнды? Абайдың ұлылығы қазақтың бар болмысын әлеммен салыстырып, қазақтың мінін түзеуге тырысып, ұлтын өрге сүйрегендігінде.

Абай феноменін біз Лао-цзы, Конфуций сияқты әлемдік деңгейде таныта алып жатырмыз ба, әлде насихат, іс-шараларды әдеттегідей ұрандатып, желеулетіп өткізе саламыз ба? Мысалы, Лао-цзы еңбегі Библиядан кейінгі әлемде ең көп аударылып шыққан кітап екен.

Бізде Абай мұрасын зерттеуші ғалымдар бар болғанымен аздық етеді. Егер абайтану мектебінің халықаралық деңгейде толыққанды негізі қазір қаланбаса, біз ұлы хакімді әлемге танытпас бұрын, өзіміздің желкілдеп өсіп келе жатқан жас жеткіншек ұрпағымызға да таныта алмайтынымыз анық.

Мен экономика саласының маманы болсам да, мені Абайдың ой тереңдігі көптен бері қызықтырып келе жатқаны рас. Хәкімнің сыни өткір көзқарастары өз кезеңінің әлеуметіне арналса, бүгінгі өз кезеңімнің ақиқатын айтпай қалуды өзіме сын көремін. Ащы ақиқатты айтқанда, Абай сөздерін дәйек-дәлел ретінде жиі келтірсем, бұл маған қашан да қалқан болды.

Адам ұлғайған шағында өмірден көрген-түйген тәжірибесі, әрнәрсеге нақты көзқарасы, ой-пайымы айқындалып, кемеліне келіп, онысын басқалармен бөліскісі келетіні заңды сияқты.

Ой адамына тән бұл ерекшелікті Абай атамыз да өзінің бірінші қарасөзінде тілге тиек еткен:

«Ұлғайып, жер ортасы жасқа келгенде, ел бақсам ба, бала бақсам ба, дін бақсам ба, ғылым бақсам ба, мал бақсам ба?» деген сұрақтарды қоя отырып, неге бұлардан бас тартатыны туралы жеке-жеке дәйек те келтіреді. Бірі де оған қартайған

шақта қол емес екенін, себебі, «қажып, жалыққанын» айтады, сөйтіп, бәрінен де «сөз бакқанды» тәуір көретінін айтып, 45 қарасөзін қағазға түсіре бастайды.

Менің бұл кітапқа түсірген 45 ойым да қазіргі ХХІ ғасыр келбетіне қарап түйген өзіндік пайымым. Менің де жазбаларым мазмұн, тақырып жағынан бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі болып келеді. Бірақ бір ұқсастық – өмір сүріп отырған кезеңнің, қоғамның күрделі мәселелеріне деген өзіндік көзқарасты өткір білдіру. Абай надандықты, талапсыздық пен немқұрайдылықты сынаған, жек көрген. Ғалым бола тұра, қоғамдағы келеңсіздіктерді айтпай, бұғып қалу – Абай идеясына жат екенін түсіндім, сондықтан «45 сөзімді» жазған кезде, неғұрлым Абай тәрізді бейтарап, әрі әділ көзқарасты ұстануға тырыстым. Әділетті Қазақстың тек әділдік, демократиялық жүйе арқылы құруға болады.

Тағы да бір қосарым, кемелденген жасқа келген кезде ақылмен сүрген ғұмырың бір жағынан қас-қағымдай екен, ал екінші – оған рухани сезімталдық, шексіз ой қосылса бір нәтиже беретін сияқты. Соларды шығаруға тырыстым. Өмірдің қыр-сырын тек кәсіби деңгейде көру емес, оны басқа жағдайдан, тіпті космостан да көруге тырысу - бүгінгі өмірдің талабы.

Абай поэзиясы мен ғақлиясы, аудармалары – күллі адамзат баласына ортақ қазына.

Ұлы Абайдың феноменінің ерекшелігі сол, ұлы хәкім үлкен өркениеттен шеттеу аймақта өмір сүріп-ақ гениалды рухани идеялар тудырды.

Оған ақынның поэзиясы, «қарасөздері», «Толық адам ілімі», мораль философиясы, тағы басқа да рухани құндылықтары куә. Әрине, ұлы Абай бізге қазіргі заманда өз бақытыңа қалай жетудің тура жолын, оның әдістерін қолымызға ұстатқан жоқ. Абайдың данышпандығы, ақыл-ойының тереңдігі, өміршендігі, көрегендігі кейінгі ұрпаққа әртүрлі проблемаларды шешуге, өз жолын табуға көмектеседі. Қалғаны қазіргі азаматтардың еншісінде, келешектің еркінде.

«Қазақтың идеалы — Абай». Абай — өз заманының биік парасат иесі ғана емес, бүгінгі заман қайшылықтарын шешуге де бағыт берген биік тұлға. Ол қазақ деген елдің атын әлемге шығарды. **«Абай — ой мен сөз бостандығының символына айналды».** Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек». Әсіресе билік басында отырғандар Абайды ұмытып та кеткен сияқты. Депутаттар да, Үкімет те, әкімшілік жүйе де Абайға сілтеме жасамайды. Неге? Ұлы Абайдың феномені ерекше. Оның ой-өрісін, болмысын бәріміз: үлкеніміз де, кішіміз де, байымыз да, кедейіміз де жақсы көреміз, таңырқаймыз, мойындаймыз. Ал іске келгенде, неге біріміз оның айтқандарын іске асыруға тырыссақ, екінші жартымыз керісінше жасаймыз? Осы сұрақтың жауабын табу қиын-ақ.

Менің айтайын дегенім, қазір дүние неғұрлым тез өзгеруде, әлем көзді ашып жұмғанша жаңарып, басқа күйге енуде, бүгінгі өмір — қазақтың бойкүйез, жайбасарлығын кешірмейді.

Егер тез қимылдап, өмір көшіне ілеспесең, еш жетістікке қол жеткізбестен, соңында қала бересің және оған өзіңнен басқа ешкім де кінәлі болмайды.

«Сананы өзгерт, өзің өзгер, өз уақытыңды ұстай біл!», - дейтінім – сол!

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», – деп, еңбек пен іс-әрекетті бірінші орынға қойған Абай сөзі бұл заманда да өзекті болмақ. Себебі, интернет пен роботизация адам тұрмысын жеңілдеткенмен, олардың өз игілігі үшін жұмыс істеуі үшін адамзат санасы озық, әрекетшіл болып, бір сәт те мызғымауы керек.

Абайды оқы және жаңа заманға лайықты өзгер, заман метаморфозаны талап етеді. Егер сананы, өмірге көзқарасыңды өзгертіп, *жаңа қалыпқа енбесең*, өміріңнің соңына дейін Абай айтқан надан күйде қала бермексің. Жасанды интеллект адамды жеңіп, үстіңнен билік жүргізбек. Бұрын өзің тектес отаршылдардың құлы болсаң, ендігі жерде жасанды интеллектің құлы болуың әбден мүмкін. Сондықтан Абай айтпақшы, талаптан, қайратыңды жаны, жүрегіңнен ізгілік алауын өшірме!

Сонымен, адам баласына төніп келе жатқан жаһандану өркениеті тұсында өзгеріс, оның ішінде сана өзгерісі не үшін керек және ол өзгеріс адамға не береді?

Біріншіден, ғылыми тұрғыдан сауатты тұлға болу аса маңызды. Ғылым-білім арқылы руханият есігі ашылады. Руханият - адамға мәдениеттілік

пен жоғары талғам сыйлайды. Білімді адам сабырлылық пен салмақтылықты таразыға сала біледі, ал шыдамсыз, таяз адамды Абай: *«Бір-ақ секіріп шығам деп, бір-ақ секіріп түсем деп, мертігеді, жатады»*, – деп сипаттаған. Бүгінгі жаңа әлем өзіне жаңа адам талап етуде. Біз сол сипатқа лайықты болуымыз керек.

Күнде өзгеріп жатқан өмірдің қайсыбір ғажайыптарын айта берейік, анығы, адам өмір ұсынып отырған жаңашылдықтардың өзіне ең пайдалысын һәм тиімдісін алғаны абзал. Әлемнің жаңа тұлғасы сол атқа лайық болып, мысал келтірген өзгерістерге тез бейімделгіш келуі керек. «Болмасаң да ұқсап бағуға» талмай талап қылсаң, еңбегіңнің зейнетін көресің. Бәрін айт та, бірін айт Алла тағала қазағымның жүрегінен иманын айырмасын, ұл мен қыздарымызды салиқалы да саналы қыла көрсін, лайым, қазақ халқының мәртебесі қашан да биік болсын дегім келеді!

Абайдың феномені – ұлы ақын, кемеңгер ойшыл, Шығыс философиясына қосқан үлесімен бірге оның терең сезімталдығында десе болады.

*Абайды қазақ баласы
тегіс танып, тегіс
білуі керек.*

А. Байтұрсынов

*Абайдың ұлылығы қа-
зақтың бар болмысын
әлеммен салыстырып,
қазақтың мінін түзету-
ге тырысып, ұлтын өрге
сүйрегендігінде*

ОН ЕКІНШІ СӨЗ

Ұлы Абайдың «Толық адам ілімі»

Абай – тума талант, данышпан, хакім, гений, қазақтың идеалы. Шығыстан да, Батыстан да көп ілім-білім жиған Абай сол білімнен адамзат биігіндегі өз ойын қорытып шығарды. Анықтап айтқанда, Әл-Фарабидің философиялық ғылым көздері, Жүсіп Баласағұнидің мораль философиясы, Қожа Ахмет Яссауи, Бақырғани Сүлейменнің сопылық ілім негіздері, т.б. ғұламалардың еңбектері арқылы өз ілімі мектебін жасақтады [2, 15,35,43-47]. Ең негізгісі, Ұлы Абайдың «Толық адам» ілімі. Өз өлеңдерінде:

*Ғалым болмай немене,
балалықты қисаңыз,
Артық ғылым кітапта,
ерінбей оқып көруге,*

– деген Абай ойлары хакімнің ғылым-білімге үлкен мағына бергенін дәлелдейді. Адамзат білімді болғанда ғана жарыққа, биікке жетеді, дамиды деп түсінді. Осы ойларының мәнін аша түсу үшін қарама-қарсы мағынада надандық, білімсіздік, қараңғылықты кінәлады. Абай білімнің

неғұрлым тереңін көздеді. Білімді тереңдету үшін Абай «мұлахаза» және «мұхафаза» концептуалды ұғымдарына жүгінді, терең ойға салып, ғылыми ізденістер жасады. Хәкімнің осы ізденістерінен «Толық адам» ілімі туды. Ол Конфуцийдің мораль философиясын меңгерген сияқты немесе ақынның ізденіс ілімінің нәтижесі соған алып келгендей.

«Кімде-кім осы жолмен жүруді өзіне шарт қылып, қадам басса, сол толық адам делінеді» деп, «Толық адам» бойындағы қасиеттердің ең негізгісі ретінде ізгілікті алға тартты. [37]. Бұл жерде Абай «Құтты білік» дастанындағы **жәуанмәрт-лікті** адамгершілік негіздері ретінде пайдаланып, «толық адам» концепциясына этикалық бағыт ретінде кіргізеді. Оның негізіне **ғылым, рақым, ғадәлет** ерекшеліктерін алады. Осы үшеуінің ба-сын қосып, ізденіп, толық игерген адам ғана «толық адам» қатарына қосылуы мүмкіндігін айтады хәкім.

Абайдың «Толық адам» ілімі дүниенің көрінген сыры мен көрінбеген сырын ашып, оған толық дендей алғанда, оларды қазіргі өмірмен байланыстырғанда ғана өз тиімділігін беруі мүмкін. Қазіргі өмір демекші, ғалым-экономист ретінде айтарым бұл жерде дүниежүзілік өзгерістерді есепке алмасқа болмайды. Өткен ғасырда әлемде екі жүйе: социалистік және капиталистік жүйе болғанда, әлемде тепе-теңдік сақталған еді. Себебі АҚШ пен Совет Одағы таразының екі жағы сияқты қаржы жағынан да, тауар жағынан да, әскери күштері де теңдікте болған. Кеңес Одағы

құлағаннан соң, АҚШ бір полюсті дүние саясатын жүргізіп, білгенін істеп, басқаларға үстемдіктің арқасында АҚШ долларын артық эмиссия жасап, оның көлемін өндірілген тауар көлемінен 10-12 есеге асырып жіберді. Әлемнің дамыған елдері, тіпті, ғылымның, жаңа технологияның жетістіктерін бір ғана мақсат – баю үшін пайдаланды, есепсіз тұтыну жолына түсті. **Сонымен, капиталистік қоғам есепсіз тұтыну, баю қоғамына айналды.** Бүгінгі әлемде болып жатқан нәубеттер, келеңсіздіктер тікелей осының салдарынан.

Абайдың тілімен айтсақ, олар дүниенің көрінген сырын, материалды дүниені халықаралық трансұлттық компанияларға беріп, тек баю, үстеме пайда табумен кетті. Ал дүниенің көрінбеген сыры далада қалып қойды. Ол – рухани құндылықтар, мәдениет, тарих, адам факторына байланысты дүниелер. Керек болса, мұны **Б. Гейтс** сияқты және басқа да миллиардерлердің өздері мойындады. Ат төбеліндей адамдар баюда, миллиардтаған адамдар аш-жалаңаш күн көре алмауда, кедейшілікте. Мұның түбі жақсылыққа алып бармайтынын тезірек түсінген жөн. Әлеуметтік теңсіздіктің былайша асқынуы қазірдің өзінде түрлі елдерінде бүліктер мен қақтығыстарға алып келіп отыр. Украинадағы соғысты да осының салдары десе болады.

Дана Абайдың «толық адамы» – экономикалық-әлеуметтік мәні әлі де болса ашылмаған ғылыми әлеуеті жоғары тұжырым. Экономика ілімінде

«экономикалық адамды» тек қана табыс табуға бағытталған, кез келген нәрсенің шығынынан тиімділігін арттыруды көздейтін тұлға ғана емес, сонымен қатар рухани қажеттіліктерді қанағаттандыратын маңызын көрсеткен американ экономисі **Г. Беккер** болатын. Ол негізінен адамның мәдени, қоғамдық-саяси көзқарастары мен ұстанымдарының еркіндігіне баса назар аударды. Ал осы тұста менің ойымша «экономикалық адам» Абай тұжырымының негізіндегі нұрлы ақыл (білім мен парасат), жылы жүрек (адамгершілік, адалдық), ыстық қайратпен (ерік, мотивация) қаруланатын болса, экономикалық дамудың кемшін тұстары аз болатын еді. Демек, капиталистік қоғам адамы рухани негізден құралақан болғандықтан, дамыған батыс қоғамындағы құндылықтардың құлдырап кеткені содан. Көп мемлекеттерде бір жыныстылар некесін заңмен мақұлдаудың өзі көп жайды аңғартады. Демек, біз экономика мен технологияда Еуропадай, АҚШ-тай дамуға ұмтылғанымыз дұрыс, алайда, ұлттық негізіміздегі рухани құндылықтарымызды өзегіміз етіп алғанымыз жөн.

Бізге де кейде сол Еуропа кеңесшілерінің арқасында дүниенің көрінген сырына, қоғамның заттық әлеміне басымдылық беріп, мұнай-газымызды, жерасты байлығын тезірек алсақ, шетелге сатып байысақ деп жүргендер де аз емес. Ойлағанын жасап та үлгерді, байларымыз да жетеді. Ал Үкімет пен Парламент солардың шотын жауып жүрген сияқты болып көрінеді. Әйтпесе, өндірілген мұнай көлемінің 28%-ақ бізде, ал 72%-ы

шетел компанияларының қолында екенін қалай түсіндіруге болады? Неге олар түскен барлық табысты шетелге алып кетуі керек? Біздің шенеуніктер Абайдың *«пайда ойлама, ар ойла»* деген өсиетін ұмытқан болар? Өкінішке орай, егемендік алған отыз жыл ішінде **Абайдың ой-өркениетін мұқият зерделегенде, баяғыда жүйені басқа арнаға салып, шетел үстемдігінде кетпес едік.** Қазып жіберсек, бұл жерде кешірілмейтін қателіктер көп. Қазіргі Қ.К. Тоқаев бастаған биліктің қаншалықты терең қазатындығын уақыт көрсетер. Халық соны күтуде, сенім осында жатыр.

Ашығын айтқанда, біз еліктеп келген жаһандық дамудың қазіргі материалисттик моделі тиімсіз екенін мойындау керек. Біз миллиардтаған адамға эндемиялық кедейшілік жағдайында өмір сүруге жағдай жасап отырмыз. Алға жылжуға жаңа жол табу керек. Сондықтан жүйелік тәсілді қарастыра отырып, мәселелердің шешімінің адекваттылығының, тұтастылығының жауабын іздеген дұрыс. Олардың ішінде, бастысы — **дүниетануға гуманистік пәрмен беру, дүниенің көрінбеген сырын, рухани-ізгілік бағыттары, қадамдары мен сананы ояту идеяларын тудыру.** Қазір ХХІ ғасырда адами ақыл-күй мен рухқа сенетін уақыт келді, әйтпесе, өте қауіпті апатқа душар болуымыз мүмкін. Мәселе, қоғамның адамгершілік тұрғыдан бүліну қаупі жөнінде болып тұр. Адамзаттың дамуын **Шығысқа бұрып, оны заттық жүйеден рухани, қоғамды ізгілендіру рельсіне түсірген жағдайда әлем тыныштанады, тұрақты дамиды.**

«Осылардың бәрін қалай іске асыру керек?» дегенде, Ұлы Абайдың «Толық адам» іліміне қайта ораламыз. Сонда заңды сұрақ тууы мүмкін: «Толық адам кім өзі? Оның үлгісі біздің арамызда бар ма? Өзі кімнен өнеге-өсиет алып, кімге қарап бой мен ой түзей аламыз?», т.б. Әрине бар! Түркі халқы, қазақ халқы — кемеңгер халық. Оларды осы кітаптағы тарихи ұлы тұлғалардан көруге болады. Дәл қазіргі уақытқа келсек, мен Абайдың «толық адам» үлгісі деп, кеше ғана өмірден өткен академик, заңғар тұлға **Салық Зиманов** пен заты неміс болса да, ділі қазақ, халық жазушысы **Герольд Бельгерді, академик Тұрсынбек Кәкішевті** айтар едім. Үшеуінің де өміріне, істеген істеріне үңілсең, «елім» деп, «егемендігім» деп, тіршілігінде тек шындықты айтып шырылдап, білікті ұсыныс-идеяларды айтып та, жазып та кетті. Қазақ халқын қалай ізгілендіремін деп өмірлері күреспен өтті. Олар басқаға жақпаса да халыққа жақты, елдің сүйіктісі болды. Міне, Абайдың «толық адам» аманатын орындаған деп осы тұлғаларды айтуға болар еді [33,47]. Жастар осы тұлғалардың еңбегін оқып, өнеге алса екен.

Меніңше, адам «толық адам» болғанда ғана қоғамға шын пайдасын тигізеді. Адам өз мақсатына адал болғанда ғана ақыл-ойы ештеңеге тәуелді һәм қолы байлаулы болмайды. Тек тәуелсіз ой ғана кемел істерге бастайды. Толық адамға биліктің де, байлықтың да керегі жоқ. Дүниенің қызықтарын, нәпсіні, басқаны ұмытып, тек еліне, халқына қызмет етуді ойлайды, ел игілігі жолын-

да барын салады. Оның бойы рухани тазарған кезде алтыншы сезімі ашылуы мүмкін, сол кезде өзі ойламаған мүмкіндіктерге қол жеткізуі неғайбыл. Оның ой-өрісінің биіктігі жоғарылап жәй адамдар көре алмайтын деңгейге шығып, жаңа дүниелерді ұсына алады. Қоғамның жаңаруы деп осы істерді айтуға болады.

Абайдың «толық адам» ілімін шығыстық рухани даму жүйесімен ұштастырып, осыларды дүниежүзілік ой өркениетінің дамуымен жүйелі түрде синтез жасап, қоғамды жандандыруға болады деп ойлаймын. Ол үшін бізге материя мен сананы, рухты бір жүйе ретінде қарастыратын жаңа идеялар керек, бұл біздің батыстық жүйеден басты айырмашылығымыз болмақ. Ол деген: **ұлы Жібек жолын жандандыру, Түркістанды қайта жаңғырту, үлкен экономикалық белдер жасау, рухани, логистикалық жобалар ұсыну, т.б.** [1, 4].

Ең маңыздысы — адам, оның ішкі әлемі, отбасылық ұрпақ тәрбиесі, ұлттық дәстүрді жаңғырту. Себебі, жаңа постиндустриалды өркениетте бірінші кезекке адам факторы мен рухани сана қойылуы керек. Бұл дегеніміз — Абайға жүгіну. Осы орайда, бір ұсыныс айтқым келеді. Біздің мемлекетімізде ғалымдардың қатысуымен **«Хакім Абайдың толық адам ілімінің жол картасын»** жасау керек. Барлық оқу орындарында Абайдың толық адам ілімін **жол картасымен** оқыту арқылы біз қоғам өмірін ізгілендіре аламыз, өркениетке жаңаша бет бұрамыз. Абай армандаған

заман енді туады. Әлі көп кешікпей дүниежүзі Абайды Конфуций мен Нострадамустай оқитын болады [2,48,66]. Абайдың феноменін сонда ғана адамзат түсінетін болады.

Жаһанданудағы өзгерістерге қарасақ, ендігі бағыт-бағдар Шығысқа, Тынық мұхитының үлкен аймағына ауысуда. Бұл біз үшін қарапайым тілмен айтсақ, Будда, Лао-Цзы, Конфуцийге, Фарабиге, Науаиға, Абайға бет бұру деген сөз. **Сондықтан, Шығыс философиясын қайта жаңғырту керек.**

Себебі ХХІ ғасырда цивилизациялық даму соған алып бара жатыр. Жаһандану процесі рухани салаға мейлінше күштірек ене бастады. Адамның рухани санасына, әлемдік психологияның өзгеруіне батыл өзгерістер жасалынуы қажет. Бұл халықаралық қатынастарда құқықтың сақталуына, келісім мен бейбітшілікке алып келеді. Оған өту – бұрынғы идеологиялық постулаттарды қайта қарастырудан басталады. Мысалы, экономика жағынан алып қарайтын болсақ, оны абстрактілі тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыруға емес, **нақты адамның тұтынымына бағыттау керек. Мысалы, жаңа ұсыныс ретінде «әр адамға әлеуметтік-экономикалық нормативтерді енгізу жолымен ғана адам капиталы саласында кедейшіліксіз өмірді қамтамасыз етуге болады» [1].**

Әлі де болса ғұлама Абай туралы ойшыл-ақын Шәкәрімнің пікірін естеріңізге салайын: *«Абай қазақтан бөлек, дана кісі еді... Ибрагим мырзаның тұрағы қазақ іші болған-*

дықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда, данышпан, хакім, философ кісі еді». Шәкәрімнің Абай туралы пікірін ақын Мағжан Жұмабаев өлеңімен дәлелдейді:

*Шын хакім, сөзің асыл-баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес.*

Міне, Абай өмір сүрген заман кеткенімен, бүгінде Ұлы Абайды Мағжан айтқан әлем арена-сына уақыттың, тағдырдың өзі алып келіп отыр. Біздің міндетіміз – Абайдың «Толық адам» іліміне терең бойлау. Ұлы ойшылдың ой өркениетін іске асыру кезеңі келді. Абайды оқу, тану, ойларының тереңіне үңілу, маржанын теру - ойшылдың ой өркениетіне мойын бұру болып табылады. Сонда ғана рухани биіктікке қолымыз жетпек, сонда ғана **жаңа өркениет есігінен «толық адам» болып аттай аламыз.**

Қазақтың тербеліп өсер бесігі — ескі жүйенің сеніп келген шетел насихатшылары мен Тони Блэр сияқты ақылы кеңесшілері емес, ол ұлы Абайдың шығармалары, қара сөздері, шығыс философиясы. Ұлы Абай Шығыс даласында **рухани революция жасаған әлемдік тұлға**. Ойшыл хәкімді өзінің осы лайықты биігіне көтеру біздің парызымыз. Абай ілімі бізге математиканың көбейту кестесін білу сияқты, санамызға **«стандарт»** болып бойға сіңсе қоғамның алға жылжуына үлкен әсері болары сөзсіз. Әр жеке адам: «Мен ішкі жан дүниемнің жұмағына қалай кірем? Осы өмірде кіре алам ба?» деген сауалды өз-өзіне қойып, соны

Абай ілімі арқылы шешуге тырысуы керек. Ұлы Абайдың «толық адам ілімін» игерген жас қазақ өзін де, елін де бақытты етеді, қоғам жаңарады.

Келешекке көз салсақ, әлемнің постиндустриалды даму кезеңінде **қоғамды ізгілендіру заманының моральдық кодексін** жасақтағанда, басқа әлемдік генийлермен бірге, Ұлы Абайдың ой өркениеті, оның «Толық адам» ілімі, асыл сөздері сол Моральдық кодекстің фундаменттерінің бірі болып қаланатынына негіз мол және де олар — күллі адамзат ұстанатын мұраттар... Осыған дайындық ретінде Қазақстанда, Ұлы Жібек жолында, мүмкін Семейде **«Абай атындағы рухани академия»** ашып, сол академияда Абайдың мұрасын, Шығыс философиясын зерттейтін, Еуразия кеңістігіне ғылыми кадрлар дайындайтын орталықтар қызмет етсе, өркениеттің дамуына үлкен септігін тигізер еді. Ұлы Абайға қайта бет бұру жаңа Қазақстанның талабы.

Кемеліне келген толық адам өзінің біліктілігі сонша жоғары болғандықтан, ол адамзат алдына, жалпы әлемге бағалы, өте құнды рухани дүниелер, жаңалықтар алып келеді, жаңа өркениетке жол ашады. Гениилер де осылардан шығады.

Егер біз егемендігімізді алғалы осы уақытқа дейін күн көру үшін өмір сүріп келсек, ал енді алдағы уақытта қоғам үшін өмір сүретін, **әлеуметтік инновацияға** қызмет ететін күн де туады. Сол уақытта әркімнің өмір сүру сапасы және рухани әлеуеті ең жоғары деңгейде болмақ. Сонда ғана қоғам жаңарып, біз Ұлы Абайдың ой-өркениетіне қол жеткізіп, әлемдік өркениетке ене аламыз.

*Текті ердің моралі жел сияқты,
тексіз ердің моралі шөп сияқты.
Шөптің басы жел қайда үрлесе,
сол жаққа қарай қисаяды.*

Конфуций

*Моральдық
қалпы жоқ адам
кешірілмейтін
қателіктер
жасайды*

ОН ҮШІНШІ СӨЗ

Моральға оралу

Хакім Абай: «Рухани құндылық адамзат өмірі мен адами жетілуінің қос қанаты – ізгілік пен танымға бірдей азық әрі жетекші», – деп пайымдайды. Ақыл мен жүректі ізгі етуші – әділет. Абай **«Он төртінші сөзінде»** ақыл жүректің ізгі қызметінде көрініп, нұрлы болуы – әділеттен дегенді байқатады. Әділетті ақыл мойындаған нәрсені ғана Абай жүрек ісі деп біледі. Ал «Ойға түстім, толғандым» өлеңінде жүректің өзін оның негізгі қасиеті әділеттілікпен байланыстырып, өмірде өзінен де пенделік қателік кетіп, әділеттен бұра тартқан кезіне өкініш білдіреді. Өттең кешегі қаңтар оқиғасында өз халқынан кешірім сұрамаған билік басындағылар өздерін Ұлы Абайдан да жоғары қойғаны ма?

Жалпы, болжам бойынша адамзаттың ХХІ ғасырдағы даму үрдісі **қоғамды ізгілендіру** жолы болмақшы. Бұл үшін дініне, тіліне, нәсіліне қарамай, бүкіл адамзат, әр мемлекет, халықаралық қоғамдық ұйымдар өздері ұйытқы болып, ынтымақтасу арқылы интеграциялық жобалармен алдағы дамудың жаңа жолдарын жасағаны жөн.

Абайда, Алланың әділетін тауып, танып, анықтау, оны бәрінің де бастауы етіп көрсету ба-

сым. «Бұдан ізгілікті қоғамның ХХІ ғасырда **моральдық кодексі** қандай болуы керек?» деген заңды сұрақ туады. Адамның қабілеті шексіз. Егер ол жастайынан жанына керектінің бәрімен айналысса, оқыса-тоқыса, ілім қуса дегеніне жетеді. Осы жолда ол өте бай да (миллиардер) бола алады, биліктің де шыңына шыға алады, тіпті үлкен ғалым, сәулетші, т.б. болуы, үлкен жетістіктерге жетуі мүмкін. Бірақ сол жолда оның алдынан шайтан жолдан шығару үшін әртүрлі тән рахатына батыратын ұсыныстар болады, тәннің нәпсіге ұрынуы, үлкен пара да ұсынылуы мүмкін, т.б. Өкінішке орай, көріп жүргеніміздей, олардың көбі талантын таптап, осы жолға түсіп кетеді. Бұған әрине ескі билік жүйесі кінәлі. Ал бойында қалыптасқан адамдық, моральдық принциптерін ұстап қалатындар діттеген мақсатына жетеді.

Жалпы, мораль дегеніміз – нәзік дүние бола тұра, ол – қоғамның рухани дамуы мен табиғаттың заңдылықтарының адам өмірінде орындалуынан туады. Тек осы жағдайда ғана адамның ішкі рухани дүниесі толыққанды қанағат табады.

Әлемде бар моральдық кодекстерді (діни, кәсіби, корпоративтік және т.б.) саралайтын болсақ, барлығында бірінші орында ізгілік, адамгершілік, яғни этика-әдеп принциптері өзек болып саналады. Мәселен, **діни кодекстер** өмірдің мәнін ұғыну, денсаулықты бағалау, адамның өзін және өзгені сыйлауы негізгі құндылықтар ретінде қарастырылады. Ал **кәсіби кодекстер** мамандар-

дың біліктілігімен қатар, сол қауым үшін құнды этикалық принциптерді қамтиды. Бұл қағидаларды ұстанбау, түптеп келгенде, адамның жұмыстан кетуін немесе сол қоғамның мүшелігінен шығарылуын көздейді. Мәселен, **Гиппократ** антының дәрігер үшін маңызы қандай болса, сол сияқты журналист кредосының да мәні жоғары. Қазіргі әлемде болып жатқан коронавирус індетін ауыздықтау дәрігерлердің антының риясыз орындалуында. Біздің дәрігерлеріміздің риясыз еңбегін, қандай қиындыққа барып жатқанын тек батырлық дейміз.

Технологиядағы алпауыт «**Apple**» компаниясының этикалық кодексінде қызметкерлер іс жүргізуде мынадай ұстанымдарға сүйену керектігі көрсетілген: ең бірінші, адалдық, құрмет, құпиялылық, қағілездік, орындаушылық. Сонымен қатар кодексте қызметкерлердің әлеуметтік желілерде өзін әдепті ұстауы, компанияға қатысты өсек-аяндарға араласпауы, т.б. бар. Сол сияқты, Форд, Интел, Майкрософт және т.б. компаниялардың барлығында осы іспеттес кодекстер, яғни әдеп пен нормалардың жиынтығы қабылданған.

Өркениет қоғамын құру жолында жалпы адамзатқа ортақ ізгілік құндылықтар: адамгершілік, адалдық, әділдік, ар, т.б. қамтыған **халықаралық мораль** кодексін де қабылдаудың мәні жоғары. Бұл өз кезегінде экономикалық дамудағы тұрақтылыққа әсер етеді.

Мысалға, қазіргі уақыттағы қазақ қоғамын алсақ. Зиялы, адал адам таза еңбегімен ешқандай

жетістікке де, байлыққа да жете алмайды. Біздің бүгінгі өміріміз, Шәкәрім айтпақшы, *«әйтеуір қол жетпейтін бір жанталас»*. Ал керісінше, айлакер, қу, нәпсіқұмар адамдар жең ұшына қол жалғап, тамыр-таныс, сыбайластық арқылы биліктің биік шыңына да жетіп жатқанының куәсі болып отырмыз. Біздегі байлық пен билікке қол жеткізгендер ішінде Үкімет басшысы, әкім, министр, бизнес өкілдері мен банкирлер бар. Ал қарапайым дәрігер, мұғалім, инженер, ғалым, жазушы, акын материалдық құндылыққа қол жеткізбек тұрмақ, айлығы шайлығынан аспай жүр.

Біз сонда қандай қоғам орнатып жатырмыз? Әділетті қоғамды, жаңа Қазақстанды қашан орнатамыз? Неге біз адамзатқа лайық таза жолмен жүрмейміз? Жауабы қашан болады? Менің ойымша, мұндай стратегиялық қателікті, теріс ұғымды, қоғамды, цивилизацияны дағдарысқа алып баратын жолды тек мораль мен адамның ары мен тазалығы, сананы көтеру арқылы жеңуге болады. Ол үшін осы қиындықтарды еңсеру арқылы адам өзіне бақыт әкелетінін сезінуі қажет. Бұларды жасау үшін меніңше мынадай **қағидаттарды** ұстанған жөн:

Бірінші, адамдардың санасына өзгеріс керек. Айналада, қоғамда болып жатқан мәселелерге мән беріп, «неге бұлай?» деген сұрақты қою. Сен саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады. Еңбек етіп, мемлекетке салық төлеп отырғаннан кейін, «осыншама қазба байлықтың үстінде отырып, Абайша айтқанда, неліктен шең-

гел шайнап отырмыз?» деген сұрақты қою – осы елдің азаматы болған соң, әбден заңды. Сананы өзгерту дегеніміз – айналаңдағы өмір күнделікті күнкөріс қамы ғана емес, **өзіңнің және ұрпағыңның болашағын ойлау, сол үшін жауапты болу.** Рухани революция – ХХІ ғасырдың қажеттілігі, бірақ бұл ғасырда Тәуелсіз Қазақ елі үшін алдымен елдің материалдық жағдайын жақсарту, экономиканы халыққа тиімді ету басты мәселе болып отыр. Бірақ саяси реформа, кадр тазалаудан бастау керек.

Екінші, *саннан сапаға көшу.* Біз осы уақытқа дейін баламызды ақылы оқуда оқытып, «диплом алса болды» деген мақсатта болдық. Жоғары оқу-орнын бітірген жас маман дипломды алады, бірақ неге мамандығы бойынша жұмысқа тұра алмайды, егер жұмысқа тұрса, еңбекақысы неге аз, неге кәсіби өспейді деген санада да сауал туындауы керек. Сананың өзгеруі деп осыны айтамыз. Сапасыз білім алып, кейде 2-3 дипломмен жұмыссыз жүруден гөрі, нарықтық заманға ыңғайлы, нан тауып жей алатын мамандық таңдайық, сол салада **кәсіби біліктілігімізді** арттырайық. Сонда ғана бақуаттылығымыз артады. Бұл үшін сананы өзгерту арқылы таңдауды тек өзіміз жасаймыз.

Елдің материалдық жағдайы дұрыс, баспанасы, кәсібі болғанда ғана біз екінші сатыға, елдің рухани жағын күйшейтуге күш сала аламыз. Абайдың «толық адам» ілімі ұлттық рухани құндылығымызды арттыру мақсатында, бізге осы кезде керек болады.

Елдің ең басты капиталы – адам. Жеке тұлға жан-жақты, ізгі, әділетті, рахымсүйгіш болғанда ғана елдегі адам капиталының сапасы артады. ХХІ ғасырда халықаралық деңгейде адамның сапасын өлшеуде белгілі көрсеткіштермен қатар Абайдың «Толық адам» ілімі ең озық идея ретінде пайдаланылуы тиіс.

Үшінші, санасы өзгерген, сапалы кәсіби білімі бар, мақсаты айқын адамға *патриоттық сезім, психологиялық пәрмен, яғни жоғары ерік күш қажет.* Ол күнделікті үздіксіз жаттығумен келеді. Соның арқасында адам сананың ең жоғарғы деңгейіне жетеді.

Төртінші, әр адам дүниежүзінде орын алып отырған сын қатерлерге адекватты түрде өзінің барлық күш-жігерін, мінез-құлқын, қайратын, қайсарлығын жұмсауы қажет. Негізгі мәселе, басқаларды басқарудан гөрі әр адамның *өзін-өзі игеруге мән бергені жөн.* Өз қадірін білген адам басқаның да қадірін біле алады, ал басқалар соған сай ізет қылады.

Бесінші, адамның рухани дамуы, тек дін жүйесімен байланысты емес, ол – өміріміздің бейнесі, *қоғамды ізгілендіруге талпындыру.* Керек болса, біз құдайдың, табиғаттың алдында байлығымызбен жауап бермейміз, керісінше, істеген жақсылығымыз, рухани құндылығымызбен, санамыздың қай деңгейде екендігімен есеп береміз. Адам өмірде үлкен байлығымен жетістікке жеттім деп мақтануы мүмкін. Адамның рухани өте азғын болуы біріншісін жоққа шығарады да, ол адам Абай-

ша «толық адам» болмайды. Ал байлыққа көзсіз ұмтылу бақыт әкелмесі анық. Рухани күшті адам жамандық жасай алмайды. Себебі, оны жоғарыда айтқан моралі жібермейді. Оқу орындарында сапалы біліммен қатар, **«моральды азамат»** тәрбиелесек игі болар еді. Оның өзін - өзі тануына, өзінің потенциалын ашуына, мәдениетіне, тазалығына және оның ішкі адами сапасына мән берілсе толыққанды тұлға қалыптасар еді.

Алтыншы, Абай гени, бірақ біз тек Абаймен шектеліп қалмауымыз керек. Абайда өз алдыңыларына шығыс философиясына, тегіне терең мән берді. Бұл мәселеге біз жүйелі түрде қарап бір жағынан шыққан Түркі тегімізден, ғұламалардан ізденсек, ал екінші жағынан күні кешегі, бүгін өмірідегі тұлғалардан сабақ алуымыз керек. Жастарға өз аталары көрген, сабақ алған, сабақ берген қазақтың тұлғаларының өнегелі өмірін терең білу керек. Мысалы, Советтік замандағы тұлғалар: Д.Қонаев, Ж.Тәшенов, Б.Момышұлы бастаған батырлар, Б.Ашимов, А.Асқаров, Е.Әуелбеков, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Зиманов, Ө.Сұлтанғазин, Ш.Шокин, Ш.Есенов, Г.Бельгер, С.Тәкежанов, Ж.Үшкемпіров, З.Нұрқаділов, А.Сарсенбай, А.Атабек тағы басқаларының өмір дерегі жастарға үлгі болар еді.

Жетінші, осыларды іске тиімді асыру үшін *адам өзін-өзі бақылап, басқара білуі керек.* Адам алдына қойған мақсатына жетіп, «толық адам» болуы үшін өзін бірқалыпты ұстауы, сыртқы және ішкі факторлардан өзін сақтап, іс-әрекеттерін

басқара білуі керек. Әрине, мұның бәрі ең жоғары моральдық құндылықтарға, адамның ар ұстанымына, қалыптасқан мінезіне негізделеді. Мораль кетсе, бәрі кетті деген сөз. Мектепте жастарды мінезінің қалыптасуына, ойының тұрақтануына, негативті процестермен күресуге бейімдеу керек. Жеңіл мал табудан, «көп айтса болды, билік айтса көнді» дегеннен арылу қажет. Осы жетістікке жететін ұзақ жолда үлкен күш-жігер, талап, әсіресе, тұрақты бақылау қажет. *Мұндайда Абайдың «егер ісіңнен нәтиже көргің келсе, әр уақытта өзіңнен өзің есеп алып отыр»* деген сөзін еске алсақ жарар еді.

Сегізінші, осылардың бәрін игерген адам тұлға болып қалыптасады. Одан ары адам өзінің бір даму деңгейіне жеткенде, «Толық адам» болып есептеледі. Қалай ойласаңыз да, сапалы білімсіз, рухани қалыптаспаған адам өмірге бағалы ештеңе алып келе алмайды. Себебі, оның өзі Абайдың «толық адамы» бола алмайды, оның ақыл-ойын, рухын миымен толық игеруге шыдамдылығы мен төзімділігі жетпейді. Егер адам Абайдың «толық адам» ілімін шын жүрегімен түсінсе, «мен өзімді өзгертемін, қойған мақсатыма жетем» деп мақсат қойса, ол адамды енді бұл жолда ешкім тоқтата алмайды. Түптеп келгенде, **моральдық қалпын сақтаған адам өзін де, елін де, адамзатты да алға алып баруға өз септігін тигізеді.** Сонда ғана ол адам осы өмірде өзінің ішкі дүниесінің жұмағына кіруі мүмкін. Ал моральдық қалпы жоқ адам кешірілмейтін қателіктер жасайды.

Тоғызыншы, егер болашаққа болжам жасайтын болсақ, адамзат ең жоғарғы моральдық қалпымен, сананың шыңымен жүретін болса, онда зорлық-зомбылық, соғыс, үлкен қақтығыстар болмас та еді. Сұрақ туады. Адамзат өзі өркениетте, космосты игерген, басқа цивилизацияны, планетаны іздеген қоғамда өмір сүріп жатырмыз дейді. Олай болса, әсіресе дамыған елдер G7, G20 мемлекеттері неге **Украинадағы соғысты** тоқтатуға бар күшін салмайды. Керісінше солардың өздері қарулануда. Сонда мораль қайда, өркениетте дамуымыз қайда қалды, неге діни құндылықтарды ұстап, қашан табиғаттың заңымен, қоғамның, экономиканың даму заңдылықтарымен өмір сүрмейміз? Ұят-ақ! Бұл дегеніміз адам әлі не болса өз биологиялық дамуының алғашқы сатыларында өмір сүріп жатқандай көрінеді.

Оныншы, ең қажеттісі білім мен тәрбие жүйесі күрт, түбегейлі өзгеруі керек. Оның басында әр адамға жеткілікті деңгейде материалдық тұтыну қажеттілігі мен мораль тұруы абзал, адами қасиеттердің қалыптары әр адамның ой-санасына енгізілуі қажет. Әрине бұл көп іс-әрекетті, ұзақ уақытты алатын процесс. **Дегенмен, әр адамның жеке рухани мүмкіндіктері іске аспайынша, өмірдің жақсаруы екіталай.** Себебі, мұңсыз адам ары қарай да теңсіздікке, жалған ұжымдықтың құлдығына ұшырай береді. Билік оны неге сендіргісі келеді, соны жасайды, жалған ақпараттар, т.б. тетіктер арқылы мақұлдатады. Мұны **«ұятсыз өтірікке сендіру»** деп атауға да болар еді. Ары кете

берсе, бұл жол диктаторлық жүйеге алып баруы мүмкін. Бұл кезенді қазақ елі өз бойынан өткізуде.

Алда цивилизациялық дамуда, VI–VII – жаңа технологиялық укладтарды игерудің арқасында дүниеде үлкен өзгерістің, ғылыми-техникалық революцияның болатынына сенеміз. Себебі, **сана эволюциясы, рухани революция, қоғамды ізгілендіру заманы келе жатыр.** Ал адамзат болса, осыған қызмет ете отырып, өзінің рухани даму шыңына шығады. Сонда ғана бүкіл адамзат әлемнің бейбіт дамуының жемісін көреді.

*Махмұд Қашқари мен Ахмет Байтұрсынұлы –
түркі тілі мен қазақ тілінің негізін қалаушылар*

ОН ТӨРТІНШІ СӨЗ

Тіл тағдыры

Қазақ хандығы XV ғасырда бөлек отау тіккенімен, тіліміздің тарихы тереңде жатыр. Ол – түркі халықтарына ортақ тіл еді. Бастауында Махмут Қашқари тұр. (Диуани лұғат ат-түрік). Ол Түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы, Түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Бертін келе, қазақ тіліне жақын Қадырғали Жалайридың «Жамиғат тауариғы» болып танылды. Қазақ тілінің ғылыми негізді тіл болып зерттелуі Ахмет Байтұрсынұлы

есімімен байланысты. Ұлы Абай бастап, қазақ тілінің мәнін, көркемділігін халық арасында шарықтатып алға шығарды. Тағы басқа ғалым, ғұламалардың да үлесі мол.

Тіл және латын әліпбиі туралы. Менің ойымша, **ең алдымен, әрбір адам өз ана тілін жақсы білуі керек. Тіл – ұлттың жаны.** Ал екінші әлемдік нарық экономикасының тілі – **ағылшын тілін** білу қажет. Үшінші — **компьютер, интернет тілі.** Мұндағы бағдарлама жасау тілі қол телефонының ескі нұсқасы сияқты ескіріп, қажетсіз болып бара жатқанын уақыт көрсетіп отыр.

Тілдерді игеру арқылы қоғамды ізгілендіру жолына аяқ басқанымыз жөн. Егемендігімізді алғалы 30 жыл болса да, мемлекеттік тіл өз мәртебесіне ие бола алмай келеді. Ол үшін **Мемлекеттік тіл «Қазақ тілі» туралы арнайы заң қабылдау қажет.** Ондай заң тек бізде ғана жоқ. Мұны халықаралық деңгей таразысына салып қарасаңыз, “Қандай елміз?” деген сұрақ тумай ма? Мұндайда: «қазақ тілін өзімізден, қазақтан қорғау керек» – деген сөз өзінен-өзі сұранып тұрған жоқ па? Кезінде М.Шаханов, С.Ғаббасов, А.Осман, Д.Көшім бастаған бір топ тіл жанашырлары **«Мемлекеттік тіл туралы жаңа заңның»** жобасын жасап, Елбасына жіберген болатынбыз (2011 ж). Мәдениет министрлігінен әйтеуір бір жауап ретінде қағаз келді. Ең бастысы, қазақ халқының бірлігін қалыптастыру үшін мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру қажет. Өйткені ана сүті боймен ойды өсіреді.

Президент латын әліпбиінің «апостроф» нұсқасын қол қойып бекіткеннен кейін, қоғамдық пікірлерден қарсылықтың алапат толқынысын байқауға болар еді. Осыған байланысты еліміздің басты деген ақпарат көздері, айталық, «Қазақстан» телеарнасы, «Айқын» газеті өз логотиптерін өзгертті.

Осы кезеңде, дәлірек айтқанда, 2017 жылдың желтоқсан айының ортасында қазақ ғалымдары Президенттің атына «Ашық хат» жазуға мәжбүр болды. Ол «Abai.kz» сайтында жарияланды, мыңдаған халық қолдау көрсетуде. Бұл хатты ұйымдастыруға ұйытқы болған тағы да Қазақстан Ғалымдар одағы еді. Ондағы ой, ұлт келешегі үшін аса маңызды бұл қадамды қайта қарауға мүмкіндік беру, кәсіби мамандардың талқысына салу, саясатқа айналуының алдын алу еді. Ә.Қайдар, Р.Сыздық, О.Сәбден, А.Қошанов, Қ.Жарықбаев, С.Ғаббасов, А.Исмақова, А.Булекбаев, А.Алдашева, Ә.Сүлейменова, Н.Уәли, Ә.Жанұзақ, З.Базарбаева, Қ.Күдеринова, Қ.Рысалды, Г.Капекова, Б.Қапалбековтер Қазақстан ғалымдар одағында 3 айдай мәжіліс жасап, «әліпбиге салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе екендігін» айтып, **тіл әліпбиінің жаңа жобасын ұсынды.**

Ғалымдар бұл хатта жаңа әліпбидің көзшалам үшін ауыр, оқырманның түсінуіне, жазылымға аса қиын болғандықтан, халық арасында сынға ұшырап жатқанын айта келіп, апостроф таңбасының мәтінде жиі қолданылуынан сөз тұрқы екі есеге жуық ұзаратынын айтқан. Мысалы, жоғарғы оқу орындарында жүргізілген экспе-

римент нәтижесінде 100 сөзден тұратын мәтінде 75 апостроф қолданылғаны анықталған. Сол сияқты апостроф қолданылған әріптен кейін босаралық қалатындықтан, бүтін тұлғалы сөз бен қосымша арасы алшақтап, бүтін сөзді бірден тануда біршама қиындықтар туатынына назар аудартқысы келген. Осындай біршама тиімсіз жақтарын жіпке тізгендей баян еткен ғалымдар латын әліпбиіне көшудегі басты мақсаттардың бірі – ағылшын тілін үйренуді жеңілдету және жеделдету екенін де айта келіп, бұл әліпби қолданысқа енген жағдайда, үштұғырлы тіл саясатының іске асуы сәтсіздіктерге ұрынуы мүмкін деген қауіп те бар екендігін айтады.

АНА ТІЛІНІҢ тағдыры мүшкіл екені даусыз! Қазақ тілін басқа Мемлекеттің тіліндей өз тұғырына қалай көтереміз? Мысал келтірейін. Академик Салық Зиманов Елбасы Н.Назарбаевқа кіріп Қазақ тілінің жағдайы мүшкіл, егер түбегейлі қолға алмасақ болашақ бұлынғыр дегенде Президенттің сөзі. «Неге осы Қазақ тілін айта бересіндер, М.Шахановта, тағы басқаларың да, іргемізде Орыс отыр емес пе деп орнынан атып тұрып, ашуланып, доғарыңдар бұл мәселені» - деген екен. Бұл Президентпен болған сөзді Салық Зиманов сол күні үйінде болған Академиктер А.Қошанов, К.Ормантаев, Мен және К.Аухадиев, К. Үшпаевтардың көзінше бізге айтты. Осыдан шығатын бір-ақ қорытынды Қазақ тілінің осындай мүшкіл жағдайда болғанына кім кінәлі екенін айтпаса да түсінікті. Ана тілі туралы академиктер

Рабиға Сыздықова мен Әбдуәлі Қайдар да айтып та, жазып та кеткен.

Елбасының 3 тілде сөйлеп, үш тілді меңгеру керек дегеннен кейін, билік оның пайдасы мен зиянын електен өткізбей, іске кірісіп бағдарлама жасап, оқу жүйесіне еңгізіп те үлгерді. Орысша ойлап, орыс тілінде сөйлейтіндердің саны көбеймесе азаймай тұр. Ең өкініштісі уақытты жіберіп алдық.

Мүмкін мен қателесетін шығармын, келешекте бір-ақ тіл, ал біз үшін қазақ тілін жетік меңгерген жеткілікті болады. Себебі жасанды интеллект, роботтандыру арқасында көзді ашып жұмғанша қазақ тілінің (кез келген тілдің) баламасы аударыла салады. Сондықтан қазақ тілін, ана тілін қазақтың 100% білетін болады. 3 тілден гөрі қазір балаларды қалай жаңа сана қалыптастыруға, жасанды интеллекті жасауға, роботтандыруға, геномикаға және мәдениет пен төл тарихымызды тереңірек оқыту қажет.

Енді Қазақ тілін өз тұғырына көтермек біздің ел болуымыз екі талай, бізді болашақ кешірмейді. Ол үшін не істеу керек?

1. Президент Ұлттық Құрылтай шақырып «Қазақ тілінің болашағы туралы КОНЦЕПЦИЯ-НЫ» арнайы Жарлығымен қабылдау керек.

2. Үкімет «Қазақ тілін Мемлекеттік қолдау туралы 5 жылдық Мемлекеттік бағдарлама» жасап Парламентке ұсыну керек. Ана тілін дамытуды бұрынғыдай ешқандай қаржымен шектемеу керек.

3. Парламент Мемлекеттік тіл «ҚАЗАҚ ТІЛІ» туралы, басқа Мемлекеттер сияқты, арнайы

заң қабылдау қажет. Ондай заң тек бізде ғана жоқ. Уақтысында мен басшылық жасап, М.Шақанов, А.Осман, С.Ғаббасов, Д.Көшім, Н.Уали т.б. жасаған «Қазақ тілі Мемлекеттік Тіл туралы жаңа заңды» Елбасына ресми жібергенбіз. Ал өзім сол кездегі Мемлекеттік хатшы Қ.Саудабаевтың қолына Президентке беріңіз деп табыстаған едім. Еш нәтиже шықпады.

4.Барлық билік жүйесіне егер Қазақ тілін белгілі бір деңгейде игермесе жұмысқа қабылдамау керек. Әрине Қазақ тілін жеткілікті деңгейде білуге мүмкіндік, қысқа уақыт беру қажет. Осындай кешенді іс-шарасыз, біз мына (өгіз аяң) жүрісімізбен Қазақ тілінің мәртебесін көтере алмаймыз.

*Қазақты қазақ етіп
отырған, ғасырлар бойы
ата-бабаларымыздың
қорғап келе жатқан
жері*

*Өркениетті ел болу
үшін өзіміз өндіруіміз
керек, ол ата кәсіп
жерді игеруден баста-
лады*

ОН БЕСІНШІ СӨЗ

Жер тағдыры

Біздің ең үлкен байлығымыз әлемде 9 орын алатын сонау сақ, ғұн, түркі империясы, хандықтардан келе жатқан кең байтақ жеріміз. Біздің аспанымыз бен жеріміз бүкіл тіршіліктің көзі.

Бәрі өседі, адам да, мал да, байлық та, бірақ жер өспейді. Оның қадірі сонда. Жер қадірін білсең, ел қадірін білесің деген содан шыққан болу керек.

1991 жылы еліміз Тәуелсіздігін алған өтпелі кезең қарапайым халыққа, шынында да, ауыр тигені белгілі. Мұндай ауыр халді қазақ халқы ғана емес, ТМД елдерінің барлығы да сол қиын кезеңді бастан кешірген. Бастапқы кезден-ақ, табиғи қазба байлықтары мен адам капиталын, қазақтың қанға сіңген кәсібі мен ұлттық болмысына тән ауыл-шаруашылық саласын дамытуға, жерді игеруге басымдылықтың берілмеуі, бүгінде халқымызды ұлт ретінде рухани азып-тозуға, ата кәсібінен мәжбүрлі тамыр ажыратуына әкеліп соғып отыр.

«Оптимизация» деген әдемі сөзбен, сол уақытта ауыл балабақшалары, кіші кешенді мектептер, аурухана, емхана, фельдшерлік пункттер, спорт кешендері жабылып, талан-таражға түсті. 10-15 мыңдық малбасылық комплекстер болатын. Бүгін олардың орны опырылып, соғыс алапатына ұшырағандай, дуалдары ғана қалқып тұр.

Ата кәсібіміздің мекені — ауылдың халін айта келіп, өскелең ұрпақтың трагедиялық тағдырын осылайша ашып көрсеткен жөн. Ықылымнан ауылдық жерге тамырын жайған қазақтарға урбанизациялық реформаның әлі де ауыр тиіп отырғанын, әлеуметтік-рухани азып-тозғанын тілге тиек етпеске болмас. Мұның салдары бүгінде жерді шетелдіктерге жалға беру, өзімізге жер сату дауына әкеліп, ауыл, қалаларда ел көшелерге шығып көтеріліп те кетті.

Қазақтың коды жер десе де болады. Ұлы Абайдың әкесі Құнанбай айтқандай: «Ел өседі, мал өседі, жер өспейді». Жердің құны жоқ. Мұны Карл Маркс те айтқан. Құны жоқ жерді қалай са-тамыз? Жерді анамыздай қастерлеп, тиімді пайда-лану арқылы, өзіміз де өсеміз, елімізді де көркей-теміз!

Жер дауы көтерілгенде қазақтың ұлтжанды азаматтары, зиялылары бас көтеріп, «жерді сат-паймыз, шетелге жалға бермейміз» деп, халыққа үндеу тастадық. Олар: Ж.Әкім, О.Сәбден, М.Ша-ханов, М.Әуезов, Д.Исабеков, Г.Қабышұлы, С.Ға-ббасов, Ж.Тұяқбай, М.Елеусізов, М.Өтелбаев, М.Мырзахметов, Б.Рақышев, С.Сматаев, Р.Еле-шев, К.Елемесов, Д.Көшім, М.Тайжан, А.Сырым, М.Құлкенов, Ж.Ерман, Ә.Әлібаев, З.Батталова, Ғ.Хайролла, М.Тоқашбаев, Р.Жұмалы, Ж.Қалы-бай, Ұ.Есдаулет, Г.Капекова т.б. ұзын саны 500-ден асатын ұлтжанды азаматтар және қоғамдық ұйымдар.

Халықтың бас көтеруінің арқасында, елбасы жерге бір жылдық мораторий жасап, жер рефор-масы туралы мемлекеттік комиссия құрды. Мен де сол жер реформасы комиссиясының бір мүшесі ретінде, біраз ауқымды жобалар мен ұсыныстар жасадым.

Негізгі ұсынысым, жерді шетелдіктер-ге жалға бермей, Қазақстан азаматтарына сатпай, 49 жылға тек ҚР азаматтарына ғана жалға беру арқылы кооперациялау туралы заңды және басқа да тетіктерді іске қосып,

жерді тиімді пайдалануға болады. Бізге, яғни, қазақ мемлекетіне Жаратушы тәңірден берген және ғасырлар бойы сақ, ғұн, түркі қағанаты, т. б. хандықтар тарихында ата-бабаларымыздың қаны төгілген жерді, ұрпақтан- ұрпаққа аманат етіліп келе жатқан және келер ұрпаққа қалдыру моральдық парызымыз болып табылатын **жерді ешкімге сатуға болмайды.** Жер – қазақта қанша хан, бай, би өтсе де, жекенің меншігінде болған емес, сатылған да емес.

Қайсарлық көрсетіп, халық қолдауына ие болған комиссия құрамындағы ұлт жанашырларының аз ғана тобының маңдай терінің және халықтың жерді сатуға қарсылығының арқасында ғана Президент жерге бес жылға мораторий жариялады.

Жетістік болды, алайда, жер мәселесі түбегейлі шешілмеді. Жаңа қабылданған қазіргі жер туралы заңда да мәселе түбегейлі шешілмей қалғандығына өкінішпен, наразылығымды білдірудемін. Мұның да дау-дамайы алда күтіп тұр. Сөз жоқ, қазақ халқының елге, жерге, ауылға деген мейірімі ерекше. Жер – қазақтыкі болып қалуы тиіс!

Өз жерімізді тиімді игеру мақсатында, **«Тың жерді игеру арқылы қазақ елін жаңа белеске көтеру (Қазақ өрісі)»** атты авторлық жобамды іске асыру үшін ҚР Парламенті **«Ауылшаруашылықтық еркін экономикалық аймақ туралы» ҚР заңын** қабылдауы тиіс.

Қытаймен шекаралас жатқан Алматы облысы, Жетісу алқабында, Шығыс Қазақстан об-

лысында және тағы басқа өңірлерде өте құнарлы жер аймақтары бар, суармалы, шөпті таулы жайылымдары, үлкен-үлкен жүздеген километр белдер, «оазис» жерлерді төрт түлік өсіруге, мал өнімдерін жасауға т.б. дақылдармен айналысуға әбден болады. Ол үшін:

Біріншіден, бұл жерлерді Мемлекеттік қолдау арқылы «Еркін экономикалық аймақ» жасау керек, инфрақұрылымды құру қажет, тұратын үйлер, материалды техникалық базалар салу, тағы басқа іс-шаралар керек. Бұл туралы Парламентте арнайы заң қабылдау қажет. Инвестиция салуға, несие, салық жүйесіне жеңілдіктер беру керек. Үкіметпен бірге, *облыстарда жерді игеру бағдарламасын жасау керек.*

Екіншіден, сонымен қатар ол жерлерді игеруге оңтүстік өңірден (мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында 3 млн. жуық халық тұрады, жұмыссыздық көп), т.б. Республикамыздың халқы тығыз жерлерден 500 мыңға жуық халықты, әсіресе жастарды (Совет одағындағы БАМ, Целинаны игергендей) осы жаңа жобаны игеруге жұмылдыру қажет. Израильдың дүниежүзіне белгілі тәжірибесін пайдаланып, *Кибуцтер жасалсын.* Баяғы «БАМ-ды, Целинаны» игерудей кешенді істер атқарылса жөн болар еді. Мұндай мәселеде халықтың да патриоттық сезімі көтерілер еді. Жаңа ауылда жастар жаңа өмірді бастар еді. *Жастар кооперациясы құрылсын.* Ең маңыздысы, басқа елдермен шекаралас жерлерді игеру арқылы қауіпсіздігіміз де артар еді! Олардың жалақысын көтеріп, барған жерде барлық жағдай жасалса дей-

мін. Жастар елімізді көтеруге, отан алдындағы патриоттық борышын жете түсініп, жастар да қанаттанып жаңа өмірді **«Қазақ өрісінен»** бастар еді.

Үшіншіден, бұл жобаға **«Ауылға асар»** ретінде Қазақстанның қалталы азаматтары, меценаттары, облыс, аймақ болып, жалпы халық болып септігін тигізсе, игі іс болар еді. Бұл мегажобаның қаражаты әртүрлі саладан құралуы мүмкін. Олар: Мемлекеттік, Республикалық, жергілікті бюджеттер, бай-қуатты бизнесмендердің өздері іс жасау, жоба игеру инвестициясы, шетел инвестициясы, асар ретінде, Занды және жеке тұлғалар, жалпы Қазақстан халқының көмегі ретінде арнайы **«Қазақ өрісі»** атты қор құру қажет.

Төртіншіден, бұл жобаның геосаяси мәні бар екенін де естен шығармау қажет. Қазақстанның қауіпсіздік мәселесі әр уақытта бірінші кезекте тұруы тиіс. Келешекте демографиялық өсуге де жақсы мүмкіндік болар еді. Егер ата-бабаларымыз сонау ақтабан-шұбырындыдан бастап, ашаршылықтан тағы басқа кері саясаттың салдарынан шетелге тау асып кетсе, енді сол құнарлы жерлерімізді олардың немере-шөберелерінің игеруге бет алуы - бұл үлкен құбылыс.

Бесіншіден, осындай Еркін экономикалық аймақтарды Ресеймен шекаралас облыстарда құрса. Мысалы Өзбекстанмен шекаралас жатқан Оңтүстік өңірлерде құру керек. Мұнда негізгі басымдық жеміс-жидек, көкөніс, мақта өндірісімен бірге мал өнімдеріне де берілгені жөн болар еді. Шағын және орта кәсіпкерліктің жұмыссыздықты жоюдағы рөлі өте жоғары. Ол үшін ауылдық жер-

лерде жұмыс орындарын құруға арналған «шағын және орта бизнесті үдемелі дамыту» жөніндегі арнайы бағдарлама қабылдаған жөн. Негізінде оңтүстік өңірі бүкіл қазақстанды жеміс-жидек, көкөніспен қамтамасыз ете алады.

Алтыншыдан, енді қазақтың, қазақстандықтардың ұлттық проблемасын басқа біреулердің мойнына артпай (25 жылға жерді жалға берейік. Мысалмен айтқанда, солар асырасын демей) тек өзіміз «екі қолға бір күрек демекші» шешуіміз керек. Егемендік алғалы 30 жылда қабырғамыз қатты, дүниежүзіне белгілі ел болдық, мүмкіндігіміз де бар. Енді жалтақтаудың жөні жоқ. Енді барлығы тек халықтың бірлігінде, рухани-патриоттық күш жігерінде. Міне бұл жоба халықты оятатын жоба, ләйім солай болғай.

Жетінші, бұл жобада тағы басқа тетіктер көрсетілген. Жерді игеру жобасы арқылы Қазақ елін жаңа белеске көтеру қажет. Бұл Қазақстан халқының жаңа амбициясын көрсетер еді. Мәселе саяси шешімде, халықаралық имидж үшін бұл жоба тікелей ҚР Президенті Қ-Ж.К.Тоқаевтың патронажында болғаны абзал.

Бұл жобаны 2016 жылы экс-Президентке жазып та жібергенмін. Бұл идея, бұл жоба Елбасының құлағына жете ме? Оған күмәнім бар. Себебі, Егеменді ел болғалы талай концептуалды ұсыныстар беріп келем. Солардың бірі жетсе, екіншісі жетпейді-ау... Әккі шенеуніктер жеткізбеуі мүмкін.

Үкімет 13 жылдан бері заң бойынша уәде беріп келе жатқан **10 сотық, 25 сотық** жер учаске-

лерін және ауыл тұрғындарына уақытысында берілген **1-10 га.** дейін жер телімдері (үлестерін), тез арада жергілікті **халыққа тегін берілсін.** Ал сол жердің әкімшілік өкілдері тікелей іске асыруға атсалыссын! Осы іс-шаралардың іске асырылуын БАҚ жариялы түрде үнемі халыққа ашық хабарлап отырсын.

Қазақша айтқанда, ауылға **«Асар»** қажет. Өткенді еске алсақ, бәріміз ауылдан шықтық. Оқып жүргенде ақша да, ет те, сүт те, құрт та ауылдан келетін. Енді қаладан ауылға таситын жағдай туындады. Қайтарымы болуы керек емес пе? Инвестицияны да ауылға қарай бұру қажет. Сол ауылда туып- өскен, қазір қалада білім алып, өнерде жүрген, спорт саласындағы, бизнесі бар т.б. азаматтар бірігіп демеуші ретінде өз ауылына көмек берсін. Ауылға қаражатты тарту үшін әр ауданда биліктің пәрменімен **«ақыл-кеңес беретін орталықтар»** құру керек. Олар несиені қалай алу, бизнес-жоспарды қалай жасау, кіші кәсіпорынды қалай ашу, кәсіпті неден бастау, т.б. ауылды дамытатын іс-шаралар ұйымдастырып, ауыл тұрғындарын жұмыспен толық қамту үшін қызмет етуі керек. Жергілікті өзін-өзі басқару заңын қабылдау қажет.

Әр аудан әкімшілігі сол жерден шыққан, бірақ шетте жүрген азаматтардың басын қосып, бағдарламалар жасап, **«Ауылды қалай дамытамыз»** деген ұсыныстармен шықса, игі іс болар еді. Қазақта елге, ауылға деген рухани мейіріміміз жеткілікті. Сондықтан, осы бастаманы қолға

алып, жаңа мүмкіндікті іске қосқан жөн. Сонда ғана туған ауылына келген әр азаматтың еңсесі түспейтін болады.

*Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымсыз адам – айуан,
Ғылымға көңіл бөл- Не қылсаң да ғылым біл.
сеңіз. Ғылымға да керек жан,*

*Абай Ақылсыз болса, ғылым
тұл.*

Шәкәрім

ОН АЛТЫНШЫ СӨЗ

ҒЫЛЫМ

Егеменді елімізге Кеңес Одағынан үлкен мәдениетпен қатар, ғылыми-техникалық потенциал өтті. Сол уақыттағы Ұлттық ғылым академиясы деңгейі жағынан Кеңес Одағында ІІІ орында еді. Қазақ ССР-ның 29 ғалымы Лениндік және Сталиндік, кейінірек мемлекеттік сыйлықтардың лауреаттары болды, көптеген жаңалықтар ашты [10,32-35]. Мұны ұмытпауымыз керек. Кеңестік жылдар тұсында халықаралық және дүниежүзілік деңгейдегі ғалымдар шықты. Олар: Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, М.Айтқожин, С.Зиманов, Д.В.Сокольский, Ә.Марғұлан, А.И.Бараев, Г.Н.Щерба, У.Ахметсафин, Ө.Сұлтанғазин, Ө.Жолдасбеков, т.б.

Қазақстан егемендік алған алғашқы уақыттан бастап-ақ дағдарыс кезеңіне тап болып, отандық ғылым-білімнің мәртебесі күрт түсе бастады. Ұзаққа созылған дағдарыстың бастапқы себебін

бірден нарық жүйесінің заңдылығын түсінбеуден іздеуге болады. Оқу-білім ақылы бола бастағанда, атақ-дәрежені де сатып алу мүмкіндігі туды. Ғылым Академиясымен қоса көптеген әлеуметтік, іргелі, қолданбалы жобалау институттары жабылып қалды. Ғылымдағы жаңаша реформалар мен эксперименттер ешқандай нәтиже берген жоқ.

Дәл қазір ойға мынадай сұрақтар келеді: «Неге осы отыз жыл ішінде отандық ғылымды дамытуға басымдылық берілмеді? Ғылыми жетістігіміздің аз болуының тағы қандай себептері бар? Неге біздің қазақ атаққа, мансапқа құмар?

«Қазір таяқ лақтырсаң, ғылым кандидаты мен докторының, тіпті академиктердің де басына келіп тиеді» дейді. Оларды кім десеңіз, атақ керек болған не әкім, не министр, не депутат, не шенеунік болып шығады, бірақ ғылымға қосқан үлесі жоқтың қасы, ғылыммен айналыспайды. Сондықтан да біздің ғылым осындай күйге түсті. Егемендік алғаннан кейін біз ғалымдардың бір талантты буынынан айырылып қалдық. Кезінде Мәскеу, Ленинград, Новосибирск университеттерін бітірген жас ғалымдарымыз күнкөріспен бизнес, банк, т.б. нарық жүйесіне кетіп, кейін байып та үлгерді. Олар техника, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдардың мамандары: Б.Мергенов, Н.Радостовец, Н.Суханбердин, О.Жандосов, М.Есенбаев, З.Кәкімжанов, С.Волков, М.Әблязов, М.Жәкішев, Н.Қаппаров т.б. Олардың ішінде тағы басқа ұлттардың жас ғалым өкілдері болған. Біразы әлі шетелде жүр. Бірақ Қа-

зақстан ғылымы ұтылды. Ғалымдарға ғылымда қалуға, жалпы іргелі ғылымның дамуына Үкімет жағдай жасамады. Жас ғалымды дайындауға 30 жыл кететінін ескерсек, үлкен қателік жібердік деп айтуға болады. Ал бүгінгі күнде жастарды ғылымға тарту да дұрыс жолға қойылмаған. Бір ғана мысал: «басы» бар жастар 70 мың теңгеге ғылыми институттарда кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істегеннен гөрі, банкке барып менеджер, жай «клерк» болғанды дұрыс көреді, себебі онда жалақы жоғары.

Қазіргі ғалымдардың беделі бұрынғы Қ.Сәтбаев заманындағыдай емес. Ең өкініштісі — **қазақтың біртуар ұлы Қ.Сәтбаев бастап құрған, Ұлттық Ғылым академиясының жабылып қалғандығы. Бұл – кешірілмейтін күнә, өкінішті іс.** «Ғылым жасайды да, жояды да, ол қоғамдағы алып күш» демекші, ғылымның дамуына жағдай жасамау – ел болашағына балта шабумен бірдей емес пе? Мұның да өз жауабы болар. Дамыған жетекші елдер қатарына кіруге ұмтылған мемлекет үшін «даму тірегі» іспеттес Ұлттық ғылым академиясының Мемлекеттік болуы маңызды. Сол себепті, оны қалпына келтіру Қазақстан ғылымының басты бағытының бірі болуы керек. Бұл туралы Қазақстан Ғалымдар одағы өз ұсыныстарын жоғарғы билік орнына жіберген болатын.

Абай «қарасөзінде»: «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», - дейді.

Егеменді ел болғалы 30 жыл өтті. Қазақстанның білімі және ғылымы дүниежүзілік, халықаралық деңгейде, (кейбір жетістіктерді айтпағанда), елеулі жетістіктерге жетті дей алмаймыз. Себеп неде? Бастапқыда, «ә» деп егемендікті алғанда, экономиканың құлдырауымен, өндірістік кәсіпорындардың тоқтап қалуымен байланысты білім де, ғылым да тоқырауға ұшырады. Мұны түсінуге де болады. Алайда 2000-жылдан бастап көп жылдар бойы экономика еселеп өскенде, (жыл сайын жалпы ішкі өнімнің өсімі 9-10 %), білім мен ғылымға басымдылық берілмеді, сондай өсіммен ғылымға қаржы бөлінбеді. Қазір материалдық-техникалық база төмен, бәрі ескіріп тозған. Ғалымдар өлместің күнін көріп келеміз. Оның дәлелі, егер ғылымға берген қаржының көлемі 1991 жылы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 0,68%-ын құраса, ал қазір 2019 ж. небәрі 0,13%. Өсудің орнына 6 есе кеміген. Бұл ғылымның дамуына кері әсерін тигізбей ме?

Біз дүниежүзіндегі бәсекелестігімізді ғылымға берген қаражатпен есептесек (шетелде солай), көп артта қалып отыр екенбіз. Бізде ғылымға бөлінетін қаржы дамыған елдермен салыстырғанда 20-25 есе аз. Оларда жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) шаққанда 3-4%. Көп мақтанбай-ақ, осыдан-ақ біздің экономикамыздың төмен екендігін білуге болады. Осындай мүшкіл жағдайда отырып, бізде қалайша дүниежүзілік деңгейдегі ғалымдар шықпады деп айта аламыз?!

Соның өзінде де математика, т.б. салаларда ғалымдарымыз жоғарғы халықаралық деңгейде

ізденістер жасауда, жаңалықтар ашуда. Мемлекет ғылымға серпін беретін кандидаттық, докторлық қорғауларды, ғылыми кеңестерді жауып тастады. Ал бұл жүйе бізден басқа ТМД мемлекеттерінде сақталып қалды. Оған балама ретінде ашылған магистр мен PhD арқылы ғылыми ізденіспен айналысатын маман дайындау ісі сын көтермейді, сапасы өте төмен. Егер шынын айтсақ, осы күнге дейін ғылымды әлі де болса көкке көтеріп келген билік емес, жеке патриот ғалымдар. Олар: С.Зиманов, Ө.Сұлтанғазин, Ш.Шокин, Ж.Тәкібаев, М.Айтхожин, О.Жәутіков, А.Сағынов, Ө.Жолдасбеков, А.Абдулин, Б.Бірімжанов, Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Т.Кәкішев, С.Қирабаев, К.Ормантаев, М.Мырзахметов, Б.Ракишев, Н.Блиев, М.Өтелбаев, Б.Көмеков, Б.Мұқашев, А.Жұмаділдаев, М.Садыбеков және т.б. шетелде, өзіміздегі ғылыми мектептерде еңбек етіп жүрген ғалымдар, талантты жастарымыз. Дүниежүзілік деңгеймен салыстырғанда жалпы ғылым сапасы төмендеу болса да, бұрынғының ізі бар. Бірақ соны мемлекеттік деңгейде белгілі бір қолдау және іске асыру жағы ақсап тұр.

Ғылымға қалай үлкен серпіліс береміз?

XXI ғасырда ғылым мен жоғары технологияның рөлін ескере отырып, осы салада мемлекеттік орган құрған жөн. Тоқетері ғылымға не керек дегенде:

- *бірінші* әрине қомақты қаржы, ғылыми зерттеу институттарына **базалық қаржыландырудың** болуы, ғалымдардың тұрақты айлығы кем дегенде 2-3 есе көбеюі керек, ғылыми зерттеу ин-

ституттарында PhD қорғайтын Кеңестер ашу керек;

- *екінші*, ғылыми ізденістерге, стратегиялық мәні бар жобаларға мемлекеттік тапсырыс керек;

- *үшінші*, жалпы Қазақстанға гранттық және ПЦФ қаржыландыруды еселеп көбейту керек;

- *төртінші*, басқару жүйесіне келсек, қазіргі Министрлікті екіге бөліп, жеке **Ғылым және жоғарғы білім** министрлігі және **Оқу ағарту министрлігі** болуы керек. АҚШ және Ресейдегі сияқты Президенттің жанына Ғылым және технологиядан Жоғарғы Консультативті Кеңес болуы қажет (При Президенте создать Высшей Консультативный Совет по науке и технологии). Басқасын қойғанда бізде әлі *«перечень критических технологий»* және оны іске асыру жүйесі жоқ. Халықаралық және **әлемдік деңгейдегі ғалымдардың мектебін ашу керек.**

- *бесінші*, Қытайдағы сияқты **«Мемлекеттік қоғамдық ғылымдар академиясын»** ашу керек. Ол 2 мәселені шешеді. *Біріншіден*, іргелі (фундаментальді) ғылыммен айналысады, *екіншіден*, мемлекеттің идеологиясын қалыптастыруға қызмет ететін бірден-бір институт болады (тіл, әдебиет, тарих, шығыстану, археология, саясаттану, философия, экономика). Біздегі егемендік алғалы 30 жылда идеологияның нашарлығы осындайда көрінеді.

Қазір не көп – академия көп. Олардың елге беріп отырған пайдасы шамалы. Осылардың ба-сын біріктіріп, бір **Мемлекеттік – қоғамдық ұлттық ғылым академиясын құруды ұсына-**

мын. Ғылымы терең, білімі қоғам талабына сай тұрған мемлекет те жоғары, асқақ, биік деңгейде болады. Ол халықаралық деңгейде бәсекелестікті күшейтеді. Әсіресе ғылымы, білімі күшті үлкен аймақтарда кластерлік ғылыми-инновациялық орталықтар ашудың маңызы зор.

Өркениетті ел қатарына қосылу үшін ғылымды қаржыландыруды да тиісті дәрежеде қолға алу қажет. Ғылымы дамыған мемлекет қана өзін жоғары деңгейде көрсете алады. Дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 3-4 пайызына дейінгі бөлігі ғылымға қаражат ретінде бөлінеді екен, ал бізде 0,13 пайыз, демек алдыңғыдан 20-25 есе аз. Мұны кезең-кезеңімен іске асыруға болады: бірінші кезеңде 2020-2025 жылдарға дейін ғылымды қаржыландыруды, ЖІӨ шаққанда, 1,5-2 пайызға өсіру көзделсе, содан кейін 3-4 пайызға жеткізу қажет. Өйткені, мемлекет экономикасының дұрыс дамуы үшін, кем дегенде, ғылымға ЖІӨ-нің 1,5 пайызын бөліп, ал үдемелі дамуы үшін 3-5 пайызға жеткізу керек, жалақыны еселеп көтеру де ләзім.

Ғалымдарға ғылымдағы жетістігі үшін арнайы **«Қ.Сәтбаев атындағы Мемлекеттік Орден»** тағайындалса, ғылымға деген талпыныс пайда болар еді. Ғалымдардың мәртебесін көтеру керек. Жас ғалымдарға пәтер бөлу және әлеуметтік жағдай жасау арқылы ғылымдағы жаңалықтарға жол ашар едік.

Осылайша, ХХІ ғасырдың жаңа ғалымдарын даярлаймыз. Аймақтарда ғылыми орталықтар, технопарктер, технополистер, венчурлық, инновациялық қорлар ашып, ғылымның өндіріске енгізілуін

күшейту қажет. Әкімдердің жылдық есебі аймақтарда ғылым мен білімге, кіші кәсіпке қандай жағдай жасап, үлес қосатындығымен бағалануы тиіс.

*Тек білімді қоғам кез келген
қиындықты жеңеді*

ОН ЖЕТІНШІ СӨЗ

Білім

Қазақстан біліміне келер болсақ, қазір елімізде жоғары білімнің деңгейі құлдырап кетті. Өйткені жекеменшік жоғары оқу орындарының (ЖОО) саны көп, білім сапасы төмен. Олардан «оқып», диплом алу оңай. Жоғары оқу орнында оқитын студенттердің 50 пайыздан астамы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Өз саласы бойынша кәсіби біліктілігі төмен немесе ЖОО-да алып шыққан мамандығы еңбек нарығында сұранысқа ие емес. Бұған елімізде дұрыс жүргізілмеген мемлекеттік білім саясаты, *екінші* кезекте – сапасыз маман дайындаған жоғары оқу орындары, *үшіншіден* – оқуға ықыласы болмаған түлек те кінәлі. Оған қосымша қазір ЖОО-да студенттердің 80 - 90 пайызы ақылы оқуда. Ашығын айту керек, **біз білімді тауарға айналдырып жібердік.**

Ауыл балалары мен жастарға бұл ауыр тиюде. Кембридж, Оксфорд университеттерінде болдым. Ұлыбританияда бір-екі жекеменшік университет бар екен, ал қалғаны – мемлекеттік мекеме-

лер. Бала оқуға түсіп, тегін оқығысы келсе, оған мемлекет көмек береді. Мәселен, 2014-2015 оқу жылынан бастап Германияның барлық аймақтарында жоғары оқу орындарында білім алу тегін болды. Тек асхана, кітапхана жүйесін пайдаланғаны үшін ғана аздаған төлемдер бар. Бай болсаң, ақша төлеп оқытуыңа болады. Сонда біздің тұрмысымыз ағылшындар мен немістерден де жоғары болғаны ма?!

Байлар балаларын шетелде оқытып жатыр, ал тұрмысы төмендер зиялы отбасы болса да, балаларын оқыта алмай отыр. Біздегі үлкен проблема – әсіресе, жоғары технологияны меңгерген инженерлер, колледждерде кәсіби мамандар даярлау жағы жеткіліксіз. **Маман тәрбиелеудің сапасы нашар болса, адамның рухани жандүниесінің тәрбиесіне көңіл бөлу жағы тіпті сын көтермейді. Мүмкін әр жоғары оқу орнында, колледж, т.б оқу орындарында адам тәрбиесі туралы Абайдың «Толық адам ілімі» жөнінде оқу пәнін енгізу керек болар?**

Бізде жақсы мұғалім, дәрігер, сәулетші, экономист, заңгер мамандар жоқ емес. Бірақ, өкінішке орай, қазіргі мамандардың Абайдың «толық адам» концепциясына сай, біліктілігімен қатар, адами қасиеттері мен рухани толымдылығы сай болмай жатады. Себебі маман бойындағы білім мен біліктілікті үнемі дамыту һәм ізденіс үстінде болуы керек.

Баланың білімі – әке-шешеден. Олар өзінде жоқ нәрсені балаға қалай үйретеді? Осылай жалға-

са берсе, не болады? Білім берудің ең қиыны, тиімді білім беру әдістемесінің тапшылығынан. Қазіргі білім – сана арқылы тәрбиелеуден гөрі, жаттауды қажет етеді. Университеттер қандай да бір мамандық иесі болса да, басып шығара беретін «конвейер» сияқты. Олар уақыты келгенде, маманның қолына «дипломды» бергенімен, тәжірибе мен жұмыс орнын қамтамасыз ете қоймайды. Тәжірибеден өтпеген маман оқып бітірген саласының қыр-сырын танып, үйренбеген соң, өз саласының «тетігін тауып, кірпіші болып қалана алмай» қала береді.

Анығын айтар болсақ, дипломы көп білімсіз қоғамға айналып бара жатырмыз. Ал білімсіз қоғам – «сусыз диірмен». Ондай білімсіз қоғамды басқару жеңіл. Тек билікті астына көпшік қойып мақтай берсең, жағына білсең болды. Ал екінші жағынан күшпен билеу... *«Адам баласының ең жаманы — талапсыз» деп Абай айтпақшы, талап білімнен шығады. «Білім – ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза (пікірлеу), екіншісі – мұхафаза (берік сақтау)», — дейді Абай [21].* Ең басты мәселе, білім арқылы адамның жоғарғы санасын қалыптастыру, оның зиялылық әлеуетін көтеру. Сонда ғана адам өзінің бар мүмкіндігін іске асырады.

Әдетте әр адамның ойы мен бойында білім мен түрлі қабілеттің алғашқы нышаны жатады. Ал өзін әлі танытып үлгермеген сол қабілет-нышанының бастама күйіндегі сыртқы көрінісі – талап. Ал талаптың өзі белгілі бір қабілетке ықылас

көрсетуден туады. *Әр нәрсенің де көпшілік көре бермейтін қыр-сырын, артықша қасиеті – нұрын тану, көру, білу тек білімді адамда ғана болатын қасиет.*

Жоғары оқу орындарына (ЖОО) талапты күшейтіп, халықаралық аттестациядан өткізген жағдайда ғана сапалы мамандар даярланады. Өзіміздің күшіміз ЖОО-ның санын қысқартуға келмеді. Бір-екі жылдық уақытша министрлер талай рет талпынып та көрді, бірақ нәтиже шықпады. Себебі жоғарыда көкелері, өздері отыр. Ұсыныс ретінде айтарым жоғары оқу орындарында тегін білім алуды **тез арада алдымен 50 пайызға, содан кейін 100 пайызға жеткізуге болады.** Менің есебім бойынша, қазір тегін оқуға 3,5-4 млрд. АҚШ доллары қажет екен. Егер келешегімізді ойласақ, бұл көп ақша емес, жалпы Ұлттық қорымыздың 3-ақ пайызы ғана. Білімге жұмсалатын мемлекеттік қаржы, ЖІӨ шаққанда, қазір 4 пайызды құрап отыр, оны кем дегенде 6 пайызға дейін көтеру қажет. Университеттерде жоғарыдан әкімшілік басқаруды қысқартып, өзін-өзі, ғылыми кеңестер арқылы басқаратын демократиялық жолға түсіру керек. **Ректорды, ғылыми-зерттеу институтының директорын ғылыми кеңес, ұжым сайлағаны дұрыс.** Егер ғылымның шыңында отырған ғалым-профессорлар, доценттер, ұлағатты ұстаздар өзін-өзі басқара алмаса, онда жеткен жеріміз не? Сенім жоқ деген сөз. Билік жағынан «тыңдамай кетеді-ау» деген бір қорқыныш бар сияқты.

Ең маңыздысы уақытысында шетел насихатшыларына еліктеп кіргізген, еш пайдасы жоқ, ру-

ханияттан алыс «Болон жүйесінен» кетіп үздіксіз білім берудің фундаментальдығын, гуманитарлығын, қазіргі заманға сай креативтілігін тез саралап, бұрынғы әлем мойындаған Кеңестер одағының білім жүйесінен керегін алып, Қазақстандық білім берудің өзіндік ұлттық үлгісіне көшуіміз керек.

Қысқасын айтқанда, жоғарғы мектептерде тиімді оқыту әдістемелерін және оқыту сапасын көтермей, Қазақстан басқа елдермен бәсекелес бола алмайды. Ол үшін, ең алдымен, ұстаздардың сапасын, мәртебесін көтеру керек. Оқу орындарында кәсіптік стандартты іс жүзінде игеру қажет. Сондай-ақ студенттерге білімді қалай капиталға айландыру жолдарын үйреткен жөн. Себебі біздің студенттеріміз шынайы өмірден алшақ, абстрактілі білім алып жүр.

Орта оқу орындарында Абай ілімі, кәсіп таңдау, кіші кәсіп, табиғат пен адам гармониясы, жасанды интеллект сияқты сабақтар енгізу – жаһандану заманының талабы. Білімнің жоғарғы мақсаты – білім беріп қана қоймай, **рухани адам тәрбиелеуді** көздеу. Ал түпкі мақсат Қазақстанда білімді қоғам құрмай демократия болмайды.

Абайдың «Қара сөздерінде» адамның ой-санасына, ішкі жан дүниесіне байланысты рухани «құндылықтар» мен «болмыс» деп аталатын терең ауқымды философиялық ұғымды адамгершілік, имандылық, игілік, адалдық, ізеттілік, т.б. қасиеттерді халқының ой-санасына, әдет-ғұрпына орнықтыруға күш салды. Жалпы ғылым мен білімге,

инновацияға бетті бұрып, қомақты инвестиция салып, бұған бізде істеп жүрген шетел компанияларын да жұмылдырған жөн. Сонда ғана халықаралық деңгейдегі бәсекелестігімізді күшейтуіміз мүмкін. **Ал бәсекелестіктің түп тамыры сапалы білімде, кәсіби маманда.**

Соңында айтарым жоғары білім алудың да өзінің бір шектеуі болады, шектеулі білім беріледі. Ал шын шексіз білім мен ғылымның шынайы өмірге араласып, ізденістен кейін келетінін ұмытпайық. Осы келесі табалдырықтан аттауға тырыссақ Абайдың толық адамы болуға жақындаймыз. Нағыз бақыт сол болуы мүмкін. Басты стратегиялық мақсат қазақ қоғамын трансформациялау, білімді қоғам ету. Тек білімді қоғам арқылы қазақ елі жаңа өркениетке енеді.

Алдағы гуманитарлық ноосфералық өркениетті ескерсек, *негізгі басымдықты медицина, гуманитарлық, экология және информация-цифровизация салаларына беру қажет.*

***Біз 19-ақ миллион халықпыз, сондықтан,
тек сапамен ғана мақсатқа жетеміз.***

ОН СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Денсаулық

«Бірінші байлық – денсаулық» демекші, қазақ халқының денсаулық жағдайы қандай дәрежеде?

Бізде денсаулық саласына бөлінетін қаржының көлемі ЖІӨ-нің 3,5 пайызын құрайды. ЖІӨ шаққанда ТМД елдерінің ішінде ең соңғы орындамыз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау мекемесінің (ДДМ) ұсынысы бойынша, денсаулық саласына бөлінетін қаржы кем дегенде ЖІӨ-нің 6 пайызын құрағанда, ол елдің денсаулығы орташа болады екен. Яғни осы өлшеммен анықтағанда, бұл жағы бізде едәуір төмен деген сөз. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 8,10,18 пайызға дейін болуы қалыпты жағдай. Дүниежүзілік экономикалық «Давос» форумының 2019-2020 жылдардағы глобалды бәсекелестік есебінің нәтижесінде, денсаулық саласы және бастауыш білім бойынша Қазақстан 96-шы орында, яғни, көп жылдар бойы артта қалып келеді. Bloomberg агенттігі ізденісі бойынша, Қазақстан халқының денсаулық жағдайы дүниежүзінде 111 орында екен. Міне, осындай мәліметтерден кейін, бұл салаға түбегейлі өзгерістер керек екені көрініп тұр. Кеше коронавируста бұл салаға көп қаржы керек екені байқалды.

Ауылдық жерлерде халыққа медициналық көмек көрсету жағы әлі дұрыс жолға қойылмаған. Әрине, бәрі жаман деп айтуға да болмас. Жетістігіміз де бар, халықаралық деңгейдегі кейбір клиникаларымыз іске қосылуда, жоғары санатты дәрігерлер еңбектенуде, бірегей операциялар да жасалуда. Бірақ, еліміз қазір туберкулез, жас нәрестелердің өлімінен, анемиядан, суицидтен дүниежүзі мемлекеттерімен салыстырғанда өте нашар, көш басында келеді. Бұл – мақтанатын нәрсе емес. Біздің елде де, жалпы әлемде медицина саласының пандемияға қарсы іс-әрекетінің нашар екенін

өмір көрсетті, дамыған мемлекеттердің өздері қауқарсыз болып шықты.

Адам өміріне араша болар ақ халатты абзал жандар бюджеттен айлық алатындықтан, жалақысы өте төмен, әсіресе мейірбикелердің айлығы тіпті аз. Әр мекеменің арасында жүріп 1,5-2 жүктемеге жұмыс істеп күн көруде. Қазір еліміздегі дәрігерлердің жетіспеушілігі де осы себептен. **Басқа салалармен салыстырғанда, жалақының ең төмені дәрігерлерде, мәдениет қызметкерлері мен мұғалімдерде.** Осындай мардымсыз айлық беріп, зиялы ел бола аламыз ба?

Дамыған елдерде ең жалақысы көп дәрігерлер мен адвокаттар екен. Мәселен, АҚШ-та ауыл дәрігері жылына 150 мың АҚШ долларынан жоғары жалақы алады. Бұл айына 12 мың доллардан артық жалақы алады деген сөз. Біздің шетелдіктерден кем түспейтін кәсіби, мықты профессор, доктор, доцент дәрігерлеріміз бар. Ал алатын жалақысы шетелмен салыстырғанда, кем дегенде, 10 еседен төмен. Бұған Үкімет, Парламент, Министр қалай жауап берер екен? Олардың алатын айлығын айтпай-ақ қояйық. Ашығын айтсақ, өмір бойы елге еңбек етіп келген дәрігерлеріміздің өздерінің денсаулығының нашарлары да жетіп артылады.

Халықаралық тәжірибеге жүгінер болсақ, жалпы әлеуметтік сала бойынша ең төменгі еңбекақыны орташа айлықтың 40 пайызына дейін көтеру керек. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 60-қа дейін болса, ал бізде 20 пайыз шамасында,

яғни, өте төмен. Сондықтан халықаралық стандарттың ең төменгі сатысы бойынша ең төменгі еңбекақыны орташа айлықтың 40 пайызына дейін көтеру қажет. Бұл көрсеткішті өсіргенде ғана біз әр жұмысшыға, отбасының күн көрісіне жағдай жасай аламыз. Бірінші кезеңде біз осыған жетуіміз керек. Бізде 2021 жылы орташа айлық 251 мың теңгеден асты. Ең төменгі жалақы оның 40 пайызы болса, 100 600 теңгені құрар еді. Ол бізде 42 500 теңге ғана, 2022 жылы 60 мың теңге болмақшы. Бұл нормативтен 1,7 есе аз. Міне осы себептен мұғалім, дәрігер, ғалым, жалпы бюджет саласындағы қызметкерлердің жағдайы мүшкіл. Әңгіменің түп тамыры осында. Біз осы ұсынысқа байланысты Қазақстанда әлеуметтік ең төменгі жалақыны «қалыпты» (нормативті) заңмен шегелемей, жеке адамның күнкөріс деңгейін көтере алмаймыз.

Дәрігерлік кадр мәселесі сын көтермейді. Академик К.С.Ормантаев сияқты медицина мамандарының айтуынша, ақы төлеп оқу салдарынан сапасыз кадрлар диплом алып, денсаулық саласының дамуына кері әсерін тигізуде екен. Оған қосымша «Педиаторлық факультет» жабылды, көп жылдан кейін енді жол берілді. Білікті дәрігерлердің айтуынша, «бұрын, 1980-90-жылдарда, оқи алмағандар 1-2 курста өздері-ақ сұрыпталып, 20-30 пайызға дейін студенттердің өздері кететін. Ал қазір ақша төлесе болды, диплом алғанша жүре береді» деп дабыл қағуда. Сол үшін, менің ойымша егер адам жанына араша түскіміз келсе, **медициналық университеттерде мемлекеттік грантпен тек тегін оқыту және түсу**

талаптарын жоғарылату керек. Бұрын ауылда үш сатылы дәрігерлік көмек берілетін. *Біріншісі*, кішкентай ауылда фельдшерлік көмек, *екіншісі*, колхоз, совхоз орталығында дәрігерлер қарайтын, *үшіншісі*, аудан орталығындағы үлкен емханалар мен ауруханалар емдейтін. Ал қазір бәрі бір жерге, аудан орталығына шоғарландырылған. Ауылдағылар үшін бұл тиімсіз болып отыр, өйткені, оған жетудің өзі жаздың өзінде қиындық келтірсе, ал ақ қар, көк мұзда тіпті мүмкін емес. Бұл мәселе енді ғана қимылдай бастады.

Жалпы, медицина саласында сапалы кадр даярлау, жалақыны күрт көтеру, техникамен жабдықтау сияқты түбегейлі өзгерістерге бағытталған заң қабылдау қажет. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен ұсталған дәрігер өмір бойы сол салада істеуге құқығы жоқ екендігі туралы заң шығарылса игі болар еді. **Медицина** саласында қаржыны кем дегенде, ЖІӨ шаққанда, 6 пайызға көтеру мәселесі мемлекеттік тұрғыдан қолдау табуы тиіс. Онсыз алға жылжу бола қоймас.

Фармацевтика саласын дамытып, дәрі шығаратын өз индустриямыз болуы шарт. Қазір көлемі жағынан барлық дәрінің 10 пайызы ғана бізде шығарылады, ол өте аз. Шама келгенше, технологиясы өте күрделі емес дәрілерді өзімізде өндірген жөн. Медицина саласында жаңа зауыттарды іске қосу қажет-ақ. Біздегі медицина саласының нашар жағдайын коронавируста көрдік. Біз тез арада денсаулық жүйесін күрт жақсартуымыз керек. **Халықтың денсаулығын Қазақстанда бірінші орынға қою қажет.** Ол үшін кезек күттірмейтін іс шаралар:

- бұл салаға бөлінетін қаржыны ДДСҰ ұсынысындай 6% дейін көтеру;
- дәрігерлердің айлығын 3-4 есе көтеру;
- барлық деңгейде медицина саласының студенттерін 100% тегін оқыту;
- ең кенже қалған фармацевтика саласына инвестиция салып өңірлерде өндіріс ошақтарын ашу;
- ауруханалар салу және Алматы, Шымкент, Астана қалаларында ірі көпсалалы клиникалар мен кадр дайындайтын оқу орындарын қоса ашу;
- жасанды интеллект, роботизация, адам геномы уақытында даяр болу үшін әлемдік деңгейдегі генетикалық орталықтар мен ғылыми зертханалар ашу.

Осылардың бәрі іске асу үшін жаңа «Денсаулық кодексін», денсаулық саласын ХХІ ғ. дамыту концепциясын қабылдау қажет. Осылар жасалса иммунитетіміз көтеріліп, денсаулығы күшті ел, экономикасы мықты мемлекет боламыз.

Мәдени ренессанс қажет

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Мәдениет

Мәдениет философиялық категория ретінде адам өмірінің құрамдас бөлігі. Өркениеттер дамыған сайын мәдениет жоғарылай береді. Мә-

дениеттің бастауында ежелден бері адамзаттың гениилері тұрды, олар әлемдік өркениетке серпіліс берген ұлы тұлғалар Лао-цзы, Будда, Конфуций, Сократ, әл-Фараби, Ибн Сина, Моцарт, Марк Твен, Эрнест Хемингуэй, Оскар Уайльд, Теодор Драйзер, Лев Толстой, Чарли Чаплин т.б.

Мұсылман түркі халқының мәдениеті де ежелден қалыптасып келеді. Олардың бастауында ғұн дәуірінен бастап Мөде, Ер Тонға, Мұхаммед, Тоныкөк, Қорқыт, Манас, Арыстан баб, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Низами Гянжауи, Махмұт Қашқари, Ұлықбек, Әлішер Науаи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Шоқан Уалиханов, Абай т.б шығыс мәдениетінің дамуына орасан үлес қосты.

Қазір дамыған мемлекеттердің өздері бастап өркениеттің дамуының материалистік моделін алға тартып, тек баюды ойлап, ал рухани құндылықтар артта қалған заман болып тұр. Әлемдік кризистің, болып жатқан коронавирустан бастап, аймақтық соғыс тағы басқа саяси, әлеуметтік, экономикалық қақтығыстардың бәрі осы рухани азғындықтан шығуда десем қателеспейтін шығармын. Оны біз сияқты дамып келе жатқан мемлекеттердің жағдайынан да көруге болады. Бір-ақ мысал келтірейін. Біз өзі мәдениетімізге қандай қаражат бөлудеміз? Қазақстанда ең аз айлық алатын мәдениет саласындағы қызметкерлер. Қазір мәдениет саласына бөлінетін қаржы бар болғаны ЖІӨ 3% жетпейді, бұл кем дегенде 2 есе аз деген сөз.

Ұлттық идеологияның жоқтығынан біз сол батыстың дамуының материалистік моделінде

жүрміз. Өкінішке орай, олар бұған жаңа технологияны жегуде, ал біз болсақ технологиялық дамудан тіпті кенже қалудамыз, шамамен технологиялық укладтан 40-50 жылдай қалудамыз.

Мәдениетті көтермейінше даму болмайтыны белгілі (аксиома). Қазір жастың да, кәрінің де аузында бай-қуатты болу. Оған қалай жетудің маңызы жоқ, жетсең, болсақ, толсақ болды, қадірлі адам сияқтысың. Бірақ сыртың жылтыр екенін өзің де, бәрі де сезінеді, бір дәрменсіз күй, алдамшы өмір сияқты, қазіргі жүйе, саясат солай болып тұр.

Мұның бәрін қалай өзгертеміз деген сұрақ туады? Халықтың кейбір көзі ашық бөлігі жалпы даму өркениет арқылы келетінін сезіп балаларын шетелге, тіпті озық Оксфорт, Гарвард, Кембридж, Массасучитес т.б. университеттерінде оқытуда. Дұрыс-ақ, бірақ одан да өзгеріс жоқ. Шетелде 15-20 мың студент оқып, білім алуда. Олар қазір қайда? Әрине, тарыдай шашылып кетті. Неге еліне келіп, алған білімін тәжірибе ретінде ел игілігіне пайдаланбайды? Әлде шетелге кетіп қалып жатырма? Осыған Президент әкімшілігі, Үкімет, Парламент неге жауап бермейді. Шетелде бітіріп келгендер неге ғылым саласына келіп, іргелі ғылыми ізденістермен айналыспайды?

Мұның жауабын айту үшін тағы бір мысал келтірейін. Жақында бір белгілі университеттің проректоры өзі де, жұбайы да профессорлармен бірге қонақта болдым. Екі баласы да шетелде қызметте, оқуда екен. «Елге, отанға қайтармайсыздар ма?» деген сұраққа былай деді: «Ия, баламның

ыңғайы болмаса да күш салып ұлымызды АҚШ-тағы компаниядағы қызметінен Астанаға алдырттық. Самұрық қазынада 3-ақ ай істегеннен соң, үлкен алатын жалақысына қарамай, үйге келіп пәспортын үстел үстіне тастады. «Папа, мама мені АҚШ-қа сол 10 жыл істеген компанияма қайта жібер, әйтпесе мен мына жұмыста ертең түрмеге қамалам», - деген соң ләж жоқ жіберуге тура келді. «Баламды АҚШ-тағы компания үлкен жалақыға құшағын жая қарсы алды. Ал қаншама жастар жұмысқа тұра алмай жүр» - деді.

Оларда патриоттық сезім жоқ деп айта алмаймын, бар да, бірақ Қазақстанда қажеттілік болмай тұр. Ол орындардың көбісін шенеуніктердің ұл-қыздары алып алған. Біздің қандай күйде екеніміз осы мысалдан-ақ жеткілікті. Қорытындылай келе айтарым мәселе жүйеде, біз 30 жыл бойы халық мүддесіне бейімделген демократиялық қоғам, жүйе емес, бюрократиялық-олигархиялық, автократиялық жүйе құрып, тек жоғарыдан билеп-төстеп келеміз.

Бұл жерде Үкімет қанша көп қаражат бөгенімен, мәдениет саласы дамып кетпейді. Мәселе жүйеде, көп жылдар бойы қасаң тартқан сананы өзгертуде, қордаланған сан түрлі проблемалардың шешімін табуда, коррупцияны түп-тамырымен жоюда т.б.

Мені дұрыс түсініңіздер, бір жақты болмайын. Әрине әр салада өз еңбегімен жалт етіп шыққандар, дарынды азаматтар бар, халықаралық деңгейде де көрініп жатыр. Әрине халық болған соң жарып шығады ғой, бірақ олар өте аз.

Елді, халықты алға жетелейтін әлеуметтік сала қызметкерлері: ол ғылым, білім, мәдениет, денсаулық салаларынан шыққан зиялылар біздің интеллектуалды потенциалымыз.

Кеште болса біз осы интеллектуалды потенциалымыздың бар мүмкіндігін пайдалануымыз керек, оларға бір «аудит» жасау керек. Үлкені де, жасы да өздерінің қандай деңгейде екенін білуі қажет. Неге біз 60-63 жастан соң азаматтарды пенсияға жіберуіміз керек. 45-50 жастағы ондаған генералдарымыз пенсияға шыққан. Не істейсіз десең күзетте жетекшілік етеді екен. Сонда осы жұмыс үшін генерал болу керек пе? Егер азамат 80 жасқа дейін ақыл ойы, кәсіби деңгейі, елге беретін тәжірибелік пайдасы болса, неге оны кеңесші, ұстаздық, консультант т.б істерге пайдаланбасқа. Біз бар болғаны 18-ақ млн. халықпыз. Қытай, Индияның өзі осылай пенсия жасынан асқандарды пайдаланады.

Қазақстанға бүкіл сан-салалы рухани құндылықтарды қамтитын **«Мәдениет кодексі»** деген жаңа заң керек. Қалған заңдар кино, библиотека, театр, зияткерлік, сәулет, спорт тағы басқа заңдар осы мәдени кодекстен шығуы тиіс. Сонда ғана жалпы мәдениеттің дамуы туралы ұзақ жылдарға арналған концепциясы және қаржы көздері белгіленген тұжырымдамасы болады.

Қазір әлемнің өзі қайда бара жатқанын, не істерін білмей жатқан өтпелі заманда тұр. Кім озады, ізгілікті жол табады, қандай идея бар, мәселе осында. Осындайда біз түбі терең түркі халықтарының әлемге **«мәдени ренессанс»** жасауға мүмкіншілігі өте жоғары дер едік.

Ол үшін 220 млн. астам түркітілдес халықтардың бірлігі керек, ежелден келе жатқан рухани құндылықтарды тарих қойнауынан жер бетіне көтеру керек, оларға жаңа ХХІ ғасырдың өркениетіне лайықты пәрмен беру қажет. Осының бәрін әлемдік өркениетпен интеграциалап, Ұлы Жібек жолында бір ауқымды «**Мәдени белдеу**» жасау керек. Оның бір орталығы ретінде «Түркістанды жаңғырту, рухты ояту» жобасы «Тоғызыншы сөзде» берілген. Осылайша мәдени белдеуге Ұлы Жібек жолын кеңейтіп, Батыс пен Шығыс елдерін де жұмылдырсақ өркениет шыңына шығар едік.

*Қара күштің атасы
Балуан Шолақ пен Қажымұқан*

ЖИЫРМАСЫНШЫ СӨЗ

Спорт

«**Спорт – денсаулық кепілі**» дегендей, біз сияқты саны аз халықтың денсаулығы мықты болу керек. Бұрынғы ата-бабаларымызды алар болсақ, ұрпақ жағынан жаңа туған балалардың аты Сексенбай, Тоқсанбайлар боп келетін еді. Олар қазір қайда? Әлде біз ұсақталып кеттік пе? Бала туу да күрт төмендеді. Менің Қазақстан чемпионы, КСРО спорт шебері ретінде айтарым, денсаулықты сақтау үшін келешек ұрпақты спортқа бейімдеу қажет. Қазір жоғары кәсіби спорт саласында мақтан ететін чемпиондарымыз бар. *Бірақ*

бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың маңызына аса мән бермей келеміз.

Түркі адамы кім деген сұраққа тарихшылардың мойындауынша ұлы дала тарихында түркілердің негізгі күші бірлікте және армияда болса, оның негізін атты әскер қалады. Түркі жауынгері жастайынан қылыштасуға, садақ тартып, найза түйреуге машықтанды. Олар садақ тартуды жер бетінде бірінші болып меңгерген даңқты бабалары - сақтар мен ғұндардан үйренді, олар аспаннан құйылта төнген құстар сияқты, ат үстінде құйғыта шауып келе жатып артынан да, жанынан да, алдынан да тұрған жауды, нысананы дәл көздей білген.

Түркілерде күтпеген жерден жауға тап беріп, тықсырып барып кенеттен қайта жоқ болып, қайта айналып жойқын күшпен соғатын соғыс тәсілдері күшті болған. Олар әп-сәтте қойға шапқан аш қасқырдай өз жауының ойран-топырын шығаратын. Генетикалық жағынан қазіргі жастар сол тегіне тарту керек, солай да болуы тиіс. Тек өркениетке байланысты әдіс өзгерді, қазір физикалық күшпен қатар жаңа білімге сүйену қажет.

Баяғыда ата-бабаларымыздың өмірі ат үстінде, мал жанында, жерді адам күшімен игерумен өткен. Әрине, ол кезде экология таза, ішетіні – қымыз, қымыран, жейтіні – мал еті, аң аулап, құс ататын. Сол себептен денсаулықтары да күшті болған. Қазір заман басқа, заманына қарай өзгеріс те қажет. Бүгіндері жастарымыздың 30-40 пайызы әскери қызметке жарамсыз, **белсіздік көбеюде**. Негізінде жастардың басым көпшілігінің дені сау, жарамды болуы керек емес пе?!

Өткен заманда Совет одағында спортқа өте қатты мән беретін. Мектептен бастап үлкен кісілерге дейін «ГТО» тапсыратын, әртүрлі спорт үйірмелері болатын, денешынықтыру сабағы аптасына үш рет жүретін. Бұқаралық спорт күшті болатын, әр сала бойынша ауыл, аудан, облыс, республика (Буревестник, Динамо, Спартак, Трудовые резервы, Ауыл, Еңбек т.б. спорттық қоғамдардың) бойынша жарыстары жыл сайын өтетін. Солардың бәрі жиналып «Спартакиада народов СССР-ға» баратын Москваға, ал одан кейін Әлем чемпионаты, Олимпиада болатын. Сол себептен СССР, Совет одағы олимпиадада әрқашан АҚШ-ты екінші орынға қалдырып, өзі 1-ші орында болатын. Бұрынғы уақытта Алжан Жармұхамедов, Гусман Косанов, Жақсылық Үшкемпіров, Әмин Тұяқов, Октябрь Жарылқапов, Борис Александров, Тимур Сегізбаев, Дәулет Тұрлыханов, Владимир Смирнов, Мұстафа Өзтүрік, Анатолий Храпатый, Нелли Ким, Серік Қонақбаев, Шамиль Сериков, Надежда Ольхова, Елена Чебукина, Валерий Мотин, Иван Гараниндер Совет одағының да, Қазақ Республикасының да туын әлемде көтерді. Егемендік алғалы бері көптеген спортсмендеріміз Қазақстанның атын әлемге шығаруда, ол бөлек әңгіме.

Жастардың спортпен айналысуына қатты көңіл бөлуіміз керек, **бұқаралық спортты күшейту керек**. Спорт сарайларымыз аз, оның өзі бос тұр. Қазір нарық заманы болғандықтан, спорт саласына бөлінетін қаржы мардымсыз.

Денсаулық түзелуі үшін, ең алдымен, жастардың спортқа деген ұмтылысын күшейту қажет. Ол үшін спорт салаларына төлемді арзан немесе тегін жасап, халықты тарту керек. Өкінішке орай, ауылдық жерлерде спорт сарайлары тұрмақ, жабдықталған спорт зал, спортклуб, стадионның өзі жоқ. Ауыл жастарының шаруашылық жұмыстан басқа, бос уақытын тиімді ұйымдастыратын шаралар жоқтың қасы. Сондықтан қалалық жерде қолжетімді спорт кешендері мен ауылдық жерде инфрақұрылымдық жағдай жасалуы керек. Сонда ғана спорт дамиды, денсаулығымыз жөнделеді. Ауыл спартакиадасын жылда өткізіп тұру қажет. Шынын айту керек ол уақытта КСРО спорт шебері атағын алу өте қиын болатын. Кейде ҚазССР чемпионы болсаң да спорт шеберін бермейтін, себебі ҚазССР Совет одағында жүлделі орын алу керек, Қазақстанның туы екі-ақ жағдайда көтеріледі. Ол Президентіміз басқа елге барғанда және спортшыларымыз жеңіске жеткенде. Мемлекет дамыған сайын оның спортшылары алдыңғы орындарда болып жүлде алады. Сол себептен де олар спортқа қаражатты аямайды.

Жастарымыз кешегі күш атасы атанған Балуан Шолақ, Қажымұқан аталарымыздан, кейінгі буын Әбдісалан Нұрмаханов, Әбілсейіт Айханов т.б сынды балуандарымыздың өнерінен үлгі алуы тиіс. Балуандық өнер қашанда жастардың дене сымбатын арттырып, батылдық жігерін жанып, елін, жерін қорғауға әрдайым дайын болуға тәрбиелеу құралы екендігін естен шығармау керек.

Олардың кесенесін спорт сарайларының алдына қою керек.

Мен өзім жас кезден спорт қуып, мектепте спорттың 16 түрінен 1-2 разрядқа жетіп, ал институтта еркін күрестен Қазақстан чемпионы болып, СССР спорт шебері деген атаққа ие болғанымды мақтанышпен айта аламын.

Халқыма, әсіресе жастарға беретін бір ұсынысым: «егер денсаулығыңыз жақсы болсын десеңіз, міндетті түрде спорттың бір-екі түрімен шұғылданыңыз, әсіресе шаңғы, велосипед теуіп, фитнес клубына не тренажер залына барып, далада жүгіріп, **күніне бір терлесеңіз, денсаулығыңыз жақсы болады.** Жүгіру мен жаяу жүрген өте пайдалы. Терлегенде мандайыңнан шыққан суық терді сыпырып тастайтындай тамырыңның соғысы жоғары болуы керек. Қалаларда, таулы аймақтарда «таякпен жүрісті» көбейтіп, әдетке айналдыру қажет. Мұны «Скандинавиялық жүріс» дейді. Мысалы, 5,4 млн. халқы бар Финляндияда 3,2 млн. сауна, моншалары бар екен, ал бізде қанша?... Міне, саламатты өмірдің түп-тамыры қайда жатыр?

Қазіргі жастар арасында саламатты өмір салтын ұстану сәнге айналып келеді. Өте дұрыс: арақ пен темекі – әлсіздердің ермегі. Қазақ деген талантты халықтың мүмкіндігі жоғары, мәселе соның бәрін тиімді пайдалануда ғой. Біз озық білімі бар, ғылымы бар, денсаулығы мықты халық болуымыз қажет. Бүгінгі таңда бізге креативті халық ретінде инновациялық жаңалықтарды ашу қажеттілігі туындап отыр. Сонда ғана ертең **«білімді**

қоғам», «білімді ел», дүниежүзілік бәсекелестікке қабілетті мемлекет бола аламыз. Осыны міндетті түрде орындауды көздеуді мақсат ету керек.

2021 жылы Токияда өткен олимпиада да Қазақстан спортсмендері бұрын соңды болмаған ең төмен 83 орын алған соң, бұл маскараға төзбестен өзім СССР спорт шебері, Қазақстан Чемпионы ретінде ҚР Президентіне жазған ашық хатымды (Жас Алаш, №63, 5 тамыз, 2021 жыл) мынадай қысқа ұсыныстар жаздым.

Бірінші. Бір үлкен «СЫПЫРҒЫШ» алып, спорт саласының барлық деңгейіндегі 30 жыл бойы жиналып, қордаланып, дерт сияқты бойға сіңген сыбайлас жемқорлықты, орынтаққа байланған бюрократ кадрларды сырыпғышпен сыпырып бәрін тазарту керек. Әсіресе адам жанын, арын, моралін, ой-өрісін, психологиясын, рухани құндылықтарын тазартатын бізге үлкен сыпырғыш өте қажет.

Екінші. Спорт саласына жаңа статус беру керек, түбегейлі өзгеріс жасау қажет. Оның негізі бұқаралық спортта, халық, ауыл сусап тұр. Ол үшін ғылым, білім министрлігін екіге бөліп. Бірі, Ғылым және жоғарғы білім Министрлігі. Екіншісі Ағарту білімі және Спорт министрлігін ашу керек. Себептерінің бірі жастардың басым көпшілігі әскерге жарамсыз, бала өмірге келе күні-түні балабақшадан бастап смартфон, компьютерден көз алмайтын болды, денсаулықтары күрт төмендеуде т.б.

*Қанишалықты дамысақ
та, космосты игерсек
те, түбі біз ауылға
ораламыз.*

*Қазірден бастап
ауылға асар жасау
керек.*

ЖИЫРМА БІРІНШІ СӨЗ

Ауыл

Ашығын айту керек, Кеңес Одағы жүйесінде қазақ ауылы жақсы дамыды. Себебі, кеңестік саясат Қазақстанды о бастан Одақты ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ететін аграрлық ел жасағаны белгілі. Сондықтан осы саланы керек-жарақпен молынан қамтамасыз етіп, қатты дамытты. Ол кезде мектеп бітірген жастар екі жыл ауылшаруашылығында еңбек өтілі болса ғана жоғары оқу орындарына (ЖОО) түсуге жолдама алатын. Мұның астарында да неғұрлым жастарды осы салада қалдыру саясаты жатты: екі жылда қара жұмысқа үйреніп қалған, шаңырақ құрған, т.б. жеке өмірінде өзгерістер болған көпшілік жастар ауылшаруашылық саласында қалып қоятын. Оларға жақсы жағдайлар жасалды: ауылда жол, байланыс, кітапхана, мәдениет үйі, спорт кешендері сынды мәдениет ошақтары, моншасына дейін бар болатын. Жалпы, ауыл жақсы дамып, оның әл-ауқаты, тыныс-тіршілігі, тұрмысы айтарлықтай деңгейде болғандығын өз көзімізбен көрдік, ауылда өсіп, тәлім-тәрбие алдық. *Ауыл сол кезде қазақ халқының өзегі болды.*

1991 жылы егемендігімізді алған кезден бастап, осы дамып тұрған саланы кері кетіріп

алғанымыз – ең үлкен қателігіміз болды. Миллиондаған бас мал, техника, т.б. санаулы уақытта құртылды. Ауылға мемлекет тарапынан көңіл бөлінбегендіктен, азып-тозуға ұшырады, ауылдың халқы қалаға қарай қоныс аударды. Қазіргі жағдайда қалаларда көп баламен баспанасыз уақытша үйшік жалдап жүрген мыңдаған отбасылар осы жағдайдың құрбаны болғандар десе болады.

Жалпы, 90-шы жылдардағы реформаның салмағы ауылға ауыр тиіп, ауыл тоқырап қалды. Кейінгі жылдары ауылдың жағдайы жөнделе бастады, қаржы бөлініп инфрақұрылымдар салынды. Бірақ әлі де ауыл еңсесі тіктеліп кете қойған жоқ [30,36].

Өңіміз түгіл түсімізге кірмеген нарықтық жүйе ойда жоқта келіп, өз заңдылығын орнатты. Қазақ халқы тағы сендей соғылысып, жаңаны бірден қабылдай алмай аңтарылды. Әрине, нарықтық жағдай болған соң, Үкімет тұрмысы төмен отбасыларға жақсы жалақы төленетін жұмыс тауып бере алмайды. Бірақ мемлекеттің халыққа қызметі – балаларға бөлінетін әлеуметтік көмекпен, баспанамен, медициналық және әлеуметтік сақтандырумен қамтамасыз ету парызы.

Қазіргі ауылдың жағдайын қысқаша айтсақ, жұмыссыздық орташа есеппен алғанда 75-80 пайызды, кей жерлерінде 85 пайызды құрайды. Статистика жүргізу үшін мен аудандарды, оңтүстік облыстарды аралап, бұған көз жеткіздім. Егер ауылда жұмыспен қамтылған мұғалімдер мен

дәрігерлер, әкімшілік және шаруа қожалықтары қызметкерлерін алып тастасақ, жұмыссыздық саны шыға келеді. Көбінесе, ауыл жастары жұмыссыз. Жазда 2-3 ай қалаға барып, әр жерде істейді, күзде қайтып келіп жұмыссыз отырады. Олардың бұдан соң жаман жолға түспейтініне кім кепіл? Қыздардың тағдыры одан да қиын, айтуға да ұяласың, жүрегің ауырады. Кейінгі кезде қазақ жастарының арасында баратын жері, басытын тауы болмағандықтан наркомания, ұрлық, мал ұрлау өршіп, бұзақылық, суицид көбейіп барады. Жұмыссыздықтың салдарынан кейбір жастарымыз шет елде діни экстремизм, терроризм, камикадзе, жиһадқа бару жолына түсуде. Осының барлығы жұмыссыздықтың салдары емес пе? Өкінішке орай қазір ауылда ең тиімді жұмыс ол мал бағу емес, керісінше мал ұрлау. Ұрлықшыны таба қалған жағдайда қарапайым қазаққа көмектесудің орнына жергілікті құқық қорғау органдары өздері ұрлықшылармен бірге екендігі де халыққа мәлім. Бұл масқара емес пе?

Үкімет біздің елде 5 пайыз жұмыссыздық бар дегенді айтады, бұл статистикалық жағынан дұрыс есептелмеген. Мұндай «рекордпен» Дүниежүзілік Гиннестер кітабына кірер едік. Өтіріктің де шегі болуы керек қой! Еуропаның кейбір елдерінде жұмыссыздық 15-25%, орта есеппен 10%-дан асады. Бізде 2,7 млн. адам өзін-өзі қамтамасыз етеді дейді, негізінде олар жұмыссыз жүргендер. Олар зейнетақы, дәрігерлік сақтандыру жүйесінен тыс қалып, бірнеше жылдар бойы

құқықтары тапталып отыр. Яғни, халқымыздың 20%-на жағдай жасалмай, жұмыссыз отыр. Олардың басым көпшілігі ауылдық жерде. Мұнымен ешкімнің ісі жоқ, ал жергілікті билік органдары жылда «халықтың жағдайы жақсы» деп жалған мәлімет беріп отырады.

Қазір адамның бәрі бір сортқа айналып бара жатқандай, оның аты **«Ыңғайлы адам»**, немқұрайлық, бәрі жақсы, ешқандай проблема жоқ сияқты болып көрінеді. Ең жаманы — бізде өтірік ақпарат беру, істен гөрі қағаз жүзінде есеп беру әдетке айналған. Өтірік айту қанға сіңді. Ал жұмыс таппай, жәрдемақы сұрай қалған жағдайда, оны алу үшін: «Мен саған барлық құжаттарыңды жасаймын, бірақ жәрдемақының 50%-ын маған бересің» деген шенеуніктер де табылып жатады. Біз осылайша ауыл адамдарын **«кедейлік қақпанына»** түсіріп қойғанбыз: олардың өз істерін ашып, табыс табуын қолдамаймыз, пара беріп, бюджеттен алатын жәрдемақыларға күн көруге байлап қойғанбыз.

Мемлекет тарапынан бөлінген субсидияның 86%-ы ірі холдингтер мен компанияларға бөлінсе, ал ұсақ, орта шаруашылықтарға 14% ғана беріледі екен. Бұл ақылға сыймайды емес пе? Ауылға бөлінген ақша шаруа қожалықтарына жетпей жатыр. Билік ол қалай жұмсалып жатыр, одан бейхабар. Сонда қарапайым ауылдағы қазаққа жаны ашитын жан болмағаны ма?» [31].

Техника мәселесіне келер болсақ, біз үлкен дағдарыс алдындамыз. Мысалы, еліміздің ауыл

шаруашылығы саласындағы техникалық парктардың 60-70%-ы тозған. Техникалардың жұмыс істеу мерзімі әлдеқашан өтіп, ескірген. Оларды қайта жаңғырту (амортизациялық) бағдарламасы жоқ, т.б. Мамандардың ауылға бармайтын себебі, айлық төмен, жастарға жағдай жасалынбаған, күн көрісі қиын.

Ауылды қалай дамытамыз?

Ауылда 45%, яғни 8 млн-нан астам халқымыз тұрады, оның көбі өзіміздің қаракөздер. «Ауылына қарап азаматын таны», – дейді қазақ. Ауылға бара қалсақ, ұяламыз. Ұсақ шаруа қожалықтарына қолдағы көптеген жеке жер телімдерін игеруге жаңа техника, технология жетіспейді. Олар ірі шаруашылықтармен бәсекеге түсе алмайды, өнімдері өтпейді, өтсе де арзан бағаға сұрайды. Сондықтан ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіріп, ауыл шаруашылығын кооперациялау қажет және ол үшін «кооперация туралы» заңды тезірек іске асыру керек. Әр ауданда бір немесе екі техникалық сервис орталықтарын құру және ауыл шаруашылығын жаңаша **ұжымдастыру** қажеттілігі туындауда. Ал оның негізі – **кооперация**. Бұл жерде тікелей мемлекеттік қолдау қажет. Сол құрған кооперацияда, орталықтарда Үкіметтің үлесі 20- 30%-ға дейін болуы мүмкін. Ең бастысы, ауылшаруашылығы өндірісіне субсидиялар мен арзан несиелердің көптеп бөлінуін, олардың жергілікті жерге жетуін қадағалау керек. Сонда ғана инвестиция тиісті жерге салынады, жұмыс орны көбейіп, ауыл серпіліс алатын болады.

Ауылда **тұтыну кооперацияларын** құра отырып, қосымша инвестиция тарту, тауар өндіру, өңдеу жұмыстарын жандандыру қажет. Бұған АҚШ, Канада, Еуроодақ елдерінің тәжірибелері дәлел бола алады. Озық шетел мемлекеттеріндегідей, бізде де **«білімді технологиялық ауылдар керек»**. Оны **«Жаңа ауыл»** деп те атауға болады. Оларды біз Шортандыда, Алматы маңындағы КИЗ бен КНИИТЖ агроорталықтарында, т.б жерлерде құруымызға болады. Мысалы, Сингапур елінің ауылшаруашылық өнімдер өндірісіндегі заманауи технологияларға негізделген 10 ғылыми-өндірістік паркін құру бағдарламасын пайдалануға болады. Онда әртүрлі бағыттағы шамамен 500 ферма сыйыстыруды көздеген 1,7 мың га жер бөлінген т.б.

«Жаңа холдингтер құру» керек .

Егер осылай есепсіз пайдалана берсек, 40-50 жылдан кейін мұнай-газ қазба байлықтары бітеді. Біз ұрпаққа не қалдырамыз? АҚШ-тың мұнай, газ, т.б қазба байлықтарын зерттей отырып, болашағын ойлағандықтан оларды шетелден сатып алуда. Ал біздің Үкімет неге осы жағын ойламайды? Сонда біздің немерелеріміз: «сіздер өркениетке не жасадыңыздар» - деп сұрамай ма? Жалпы, біздің негізгі **«брендiмiз»** мұнай-газ емес (мүмкін олар шенеуніктердікі шығар), ол – ғасырлардан бері келе жатқан атакәсіп — мал мен егін өнімдері. Қалай айтсаңыз да, шетел бізді аграрлы мемлекет деп түсінеді. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында ауылшаруашылығы табысының көлемі,

жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) шаққанда, 27-29%-ға дейін баратын, ал қазір бар болғаны 5%. Ауылшаруашылығы өнімін 20%-ға дейін өсірген жағдайда әлдеқайда тиімді болар еді.

Ауыл мен қаланың арасы мүлдем алшақтап кетті. Ауылда түк қалмаса, әрине жастар қалаға қарай кетеді. Бәріміз ауылда өсіп-өндік, ауылдың тәрбиесін алдық, қалаға да ауылдан келдік. Баяғыда анда-санда ауылдан ақша да келетін, ет те, сүт те, құрт та келетін. Қазір ғой ауылдан мұндай дүниелер ағылып келмейді, өз күнін көре алмауда. Енді қаладан ауылға таситын қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Қайтарым болу керек емес пе? Ендеше, мемлекеттік саясат бетті ауылға бұрса нұр үстіне нұр болар еді. Инвестицияны ауылға салу керек.

Бала тапқан аналарға қандай жағдайлар жасап, мүмкіндіктер қарастырудамыз? Егер босанған ана мұғалім болса, сол мұғалімдік жалақысын өзгертпей, дәрігер болса, сол дәрігерлік еңбекақысын қалдыру керек. Дамыған мемлекеттерде босанған анаға жұмыстың үлкені сол деп айлығын қалдырады және нәрестенің өсіп-дамуына жағдай жасайды. Бізде ше? Біздің елімізде босанған әйелге жағдай жасалмайды. Нәрестеге берілетін жәрмекеақы болса, арзымайтын тиын-тебен. **Дүниеге келген әр балаға кем дегенде 10 мың доллар беруге еліміздің қазба байлықтары жетеді.** «Бала ту, бала тап» дегенмен аналар бала таба бермейді. Баласын бағып-қағуға еш жағдайы келмей, мүмкіншілігі болмаса, қалай бала таппақ? Халықтың

санын көбейтуде алдымен ана мен бала мәселесін шешу туралы Парламент заң қабылдауы керек, сонда ауыл да өседі.

Қазір бізде азық-түлік, ет пен сүттің шамамен 40%-ы шеттен келеді. Керісінше, біз сатуымыз керек емес пе? Қазақстан осынша байлығымен атакәсібіміз – малмен елімізді қамтамасыз ете алмаса, болашағымыз қандай болмақ? Сол себептен **Қазақстанда «Мал өнімдері» және «Астық» холдингтерін құруды мемлекет қолға алуы керек.** Тез арада дүниежүзінде алдыңғы орын алуға бар күшті жұмсап, ауылды да жоғалтып алмаудың амалдарын іздеген жөн. Біздің ел мал өнімдерін дамытудың жолын біледі. Кезінде **Тұрар Рысқұлов РСФСР Совнаркомы төрағасының 11 жыл бойы орынбасары болып тұрғанында, Сталинге: «Жолдас Сталин, ет – валюта. Мал өнімдерін дайындап, Еуропаға ет сатып, одан түскен қаражатқа өндірісте істейтін маман-инженер даярлайық»** – деген. Осы сөздің мәні қазір де маңызды. Кеңес Одағы тұсында Қазақстан сыртқа 300 мың тоннадан астам жоғары сапалы мал өнімдерін шығарғанын ескерсек, бүгіннен бастап мал шаруашылығын жандандыруды жолға қою қажет, ертең кеш болады.

Әлі де болса біз дүниежүзінде ауылшаруашылық өнімдері арқылы бәсекеге түсе аламыз. Себебі, әлемде алдағы 30 жылда ауылшаруашылық өніміне 2 еседен көп сұраныс туады, ал су тапшылығы 50-60%-ға дейін өседі. Осы мүмкіндікті пайдаланған дұрыс.

*Көп жылдар бойы Саны аз халық қы-
күнкөріс үшін өмір сүріп руар байлықты ұстап
келдік. Ал енді жақсы тұра алмайды. Сон-
өмір, білімді қоғам үшін дықтан халқымыздың
қызмет етейік. санын тез арада кө-
бейтпей, бай-қуатты
мемлекетке айналуы-
мыз екі талай*

ЖИЫРМА ЕКІНШІ СӨЗ

Адам әлеуеті

Қоғамды дамытудың жалғыз сенімді стратегиялық мақсаты адам капиталын сапалы дамыту болып табылады. Қазіргі әлемде тек адамды инвестициялау арқылы мемлекетті бәсекеге қабілетті ете алады. Себебі, адамға салған 1 доллар кемінде 100 доллар болып қайтатындығын зерттеулер дәлелдеді. Ал үкімет болса, адам өмірінің сапасын арттыруға барын салуы керек.

Жаһандану заманында қазақ елі өркениеттік жолмен дамуы қажет. Ол дегеніміз – адамзаттың, отбасының тыныштығы, балаларының тамағы мен оқуының жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілуі, жалпы әр отбасының бақытты болуы. Ал өкімет, әкімшілік жүйе осыған барлық жағдай жасауға міндетті, себебі салықты төлейтін халық қой. Сонда не істеу керек?

Бәсекелестікті күшейтіп, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу қажет. Экономикамыз жыл сайын өсіп жатыр деп жүрміз. Бұл табыс негізінен мұнайды, т.б. қазба байлықтарымызды сатудан

ғана түсіп отыр. Бірақ экономикалық тәуелділіктен әлі арыла қойған жоқпыз. Базарға барып көріңізші, онда тауарлардың 70 пайызы шетелдікі, әсіресе киім-кешек, т.б. тұтыну тауарлары. Әрине жүз пайыз Қазақстанның тауарлары болуы шарт емес, дегенмен өнімдерді жеткілікті деңгейде өзімізде өндіруге мүмкіндігіміз бар.

Еліміздің алтын дінгегі – ауылды алайық, онда бір отбасында ерлі-зайыптылардан басқа орта есеппен үш бала бар дейік. Үлкені университетте, ортаншысы колледжде, кішісі мектепте. Үйдегі ерлі-зайыптының біреуі ғана мұғалім немесе дәрігер болып жұмыс істейді. Айлығы орта есеппен 70-80 мың теңге. Ал енді есептейікші, осы балаларды қалай өсіреді, киіндіреді, тамақтандырады, оқытады? Оқудың бәрі ақылы, университетте орта есеппен 600 мың теңге, колледждер 200 мың теңге. Оның сыртында киімі, тамағы, жүріс-тұрысы, баратын той-томалағы, жолы тағы бар. Оған ақшаны қайдан табады? Тапқан табысы тамақ пен киім-кешекке де жетпейді. Соған қарамастан ауылда не көп, той көп. Оған ақша жоқ болса да несие алып той жасайтын қазақпыз. Әйтсе де қазақ баласын ақылы болса да оқытуға күш салады. *Абайдың «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең, оқыт, мал аяма!»* деген сөзін ұмытпаған сияқты.

Ауылда тұрудың ең ыңғайлы жолы – мал өсіріп, егін егіп, табыс тауып, сол арқылы бала оқыту. Бір қара малды өсіріп сату үшін үш жыл керек. Балаларды оқыту үшін 5-6 ірі қара мал жинап, оларды сатып, орнын толықтырып тұру

керек. Оған оншақты жыл кетеді. Сонда ата-анасы баланың 1-сыныбынан бастап оқуға мал жинауға тиіс қой. Малды бағудың қиыншылығы өз алдына. Оның жем-шөбі, жайылымның жоқтығы, т.б. бағу шығындары бар. Бұл кәсіп екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Сол себептен жастардың бірен-сараңы осы жолмен оқуға түсіп, қалғаны қолынан не келсе, соны істеп, дала мен қалада қаңғырып, жұмыссыздар санын көбейтуде. Қолы босының біразы ішімдікке салынып, бұзылып, ал кейбірі мыңдаған діни сектаның құрбаны болып, т.б. теріс жолдарға түсіп кетеді.

Егер байлардың балалары оқуға АҚШ, Еуропаға, т.б. шетелге кетсе, ал ауылдағы балалардың қаламен салыстырғанда білім сапасының нашарлығынан, бірен-сараны ғана болмаса, олардың оқуға түсуге жағдайы келмейді. Мұғалімдер ескі біліммен жүреді, жаңалық аз, оның үстіне сырттай оқып, 20-30%-ы диплом алғандар. Шығарайын десе туысы, танысы, не ауданда, не облыста дөкейі барлар, осылайша «қол қолды, бет-бетті» жуып, сыбайластық жайлап кеткен. Оңтүстіктің бір мектебінде мұғалімнің қанша пара бергеніне қарай сағат бөлінеді екен. Азырақ берсең – 0,3 ставка, көбірек берсең 0,5 ставка, одан да көбірек берсең – 1 ставка бөлінетін көрінеді. Керек болса, банктен несие алып, оны басшыға беріп, жұмысқа тұрып, не айлық алмай, не несиені қайтара алмай, сарсаңға түсіп жүргендер де бар.

Парасыз бір қадам баса алмайсың. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» демекші, біз осы қал-

пымызбен қайда бара жатырмыз? Осы былыққа әбден белшесінен батқан пара беру жаңа қадам басып келе жатқан жастарды да уландырып жатыр ғой. Бар мәселе осында жатыр. «Әй» дер әже, «қой» дер қожа жоқ. Қазір тәрбиенің нашарлығынан адамды оның қандай адам, санасы мен қабілеттілігі қандай екендігімен бағаламайды. Керісінше, оның атағы қалай, кімі бар, байлығымен бағалайтын болды. Мұның бәрі миында не бар екені қажеті жоқ, қолында, қалтаңда қандай байлығың бар, сол қажет...

Қазірге дейін жоғары оқу орындарының 85-90%-ы ақылы түрде болып келді. Қай ауылдың баласы оқи алады? Енді ғана берілетін квота, грант көбейе бастады. Көптеген жеке меншік оқу орындарында білім сапасы өте төмен. Өкінішке орай дипломы көп, білімсіз болып барамыз. Жалпы біз де, қоғам да күнделікті дүниежүзінде болып жатқан жаңалықтарға ілесе алмай келеміз.

Жалпы қазақ тойшыл халық. Қуанышты атау дұрыс та шығар. Бірақ, Абай айтпақшы, біз қазақ **халқы ысырапшылдыққа жақын**, «бекер мал шашпақ» халықпыз. Несие алсақ та, тіпті қарызданып болса да намысқа тырысып той жасаймыз. Оны орнымен жасаса, әрине дұрыс. Кейде артық кетіп те жатамыз, өйткені қазақ – мақтансүйгіш халық. Бірінен-бірі озып, ерекшеленгісі келеді. Тойға адам шақыру да жарыс, ысырап қыламыз. Тойға барып сөз сөйлеп, бір-бірімізді қайталап та жатамыз. Ол да бір «мәртебе». Тіпті сөз бермесе, өкпелейміз. Тойда демалудың орнына шаршайсың, сол

бір-бірін қайталайтын сөзді тыңдап отырған адамды да көрмейсің. Той бәсекеге айналып бара жатқаны қынжылтады. Тойды мәдениетті және ысырапсыз етіп өткізу жағы ақсап жатыр.

Мораль деген қалған. Кейде теріс нәрселерге бой алдырудамыз. Мысалы, кейде бұл «казахстанский» ғой, парламенттің төрінен «мамбетизм» ғой дегендерге мән де бермейміз, күреспейміз. Ал егер бір рудың атын балағаттаса, төбелесе кетеміз. Ұлттық мүддені жоғары қоюды ұмытпау керек. **Қазір ойдың заманы емес, тойдың заманы болды.**

Меніңше, қазақтың жақсы әдет-ғұрыптарын алып, қазіргі заманға лайықты етіп, креативті өзгерістер жасау керек. Осы тұста жастардан жаңашылдық күтеміз. Бүгінгі жастар ысырапшылық пен бос мақтанудан азат болса екен. Тойдың рационалды өтуіне ықпал жасап, артық шығындарды қысқартуға қадам жасап, тойдың ағайынның басын қосатын, ауызбірлік, аға буын мен кейінгі буынның сабақтастығы жүзеге асатын шағын жиын, думан ретінде өтуіне атсалысса ләзім. Бізге мақтаншақтықтан гөрі, Абай айтпақшы, үлкендік жетіспейді. Қадірлейтін адам іздейік. «Өз қадірін білген адам басқаның да қадірін біледі», – деп Сталинград майданынан мүгедек болып оралған **Ережеп әкем** айтушы еді.

Жастардың терең білім алуына, олардың тәлім-тәрбиесіне мән беру — маңызды іс. Қазір жастар арасында жұмыссыздық белең алып барады.

Менің ойымша, осы өтпелі кезеңде әртүрлі себептермен байқамай ұрынып қалған кедей

отбасыларына көмек ретінде жалпы рухани құндылығымызды көтеру үшін, бизнесмендердің қолдауымен әр облыста **«Меценаттық қор»** ашса жөн болар еді. Парламент осыны ескеріп, заң қабылдаса дұрыс. Біз жастарды өз елінің патриоты етіп тәрбиелеу үшін БАҚ-да рухты күшейтетін бағдарламаларды көбейтуіміз қажет. Сонда бұл қордың мәдениетіміздің дамуына әсері өте зор болмақ.

Егемендігімізді алғалы 30 жыл болды. Әр адамға керегі не? Осы сұраққа бір жауап керек. Ол адам сапалы өмір сүру үшін ең керегі білім, денсаулық, жұмыс, тамақ, күнкөріс деңгейі және тыныштық. Соңғысы, Құдайға шүкір, бар. Жағдайы барларға сөз жоқ. Қазір бізге керегі – жағдайы нашар, ең төменгі тұтыну деңгейінде жүрген отбасыларға көмек беру, халықтың өмір сүру деңгейін төмендетпеу. Көріп жүрміз барлық жерде, оттың шығатыны күн көрістің нашарлығынан. Шетелдерде, қоғамда трансформация жүріп жатыр, әсіресе руханисыздық күшейуде. Ол үшін Үкімет әр адам тұтынатын тамақ, киім-кешек, білім, денсаулық салаларына **ең төменгі әлеуметтік-экономикалық нормативтерді жасап және оларды әлеуметтік-шарт ретінде халықпен бірге бекіту арқылы кедейшіліксіз өмірді қамтамасыз етуге болады. Оған Қазақстанның жағдайы жетеді.** Мұны әр адамға ашық айту керек, міне, бүгін біздің экономикамыздың дамуы мына дейгейде, сізге көмек-жәрдем мынадай. Ал ертең экономиканың өзгеруіне байланысты, не түседі, не өседі? Алайда ең төменгі күнкөріске беретін жәрдем осы қалыптан көтерілмесе түспеуі керек.

Осы төменгі күнкөріс қалпын білген адам енді алға қарай талпына бастайды, неге сүйену керектігін білетін де болады. Басқасын айтпағанда адамдар қайда барарын білмегендіктен түрлі идеологияларға, діни ағымдарға, қақтығыстарға беріліп кетпейді. Ал бізде қазір қалай? Экономика өссе немесе түсіп кетсе де бәрібір сол жағдай. Қайта тұтыну заттары қымбаттап, күнкөріс төмендейді. **Экономиканы әр адамға міндеттейтін уақыт келді. Сонда адам қоғамға керек екенін сезінеді.** Абай айтпақшы, ол да дүниенің бір «кірпіші» болып қалануға, өз қабілетін арттыруға бет бұрады. Қазіргі уақытта үлкенінен де, кішісінен де сұрай қалсаңыз «бір менің қолымнан не келеді?» деген сөзді естисіз, өкінішті-ақ. Абай заманындағыдай бір дәрменсіздікті байқайсың.

Тәуелсіздігімізді ел болып көтеруіміз қажет. Экономиканы көтеру ол тек үш биліктің қолында емес, халықтың қолында екенін тек осылай шешкенде ғана дәлелдейміз. Әрі басқа елдермен бәсекелестікке түсе аламыз. Бұл туралы ұсыныстарым «әр сөзде» берілген. Токетерін айтсақ, бізде **әр адам өзінің жеке рухани мүмкіндігін және кәсіби қабілетін тікелей іске асыруына жағдай жасалғанын білмей және алға талпынбай өзгеріс болуы екіталай.**

Елімізде жаманды-жақсылы өндіріс зауыттарын салдық. **Ал адам зауытын салу қиынның қиыны-ақ.** Біз осы екі зауытты толық салып бітіргенде ғана басқалардан озамыз. *Рухты, моральды тазарту технологиясын табу XXI ғ. адамзаттың*

алдындағы ең өзекті мәселе болмақ. Рухты нәпсіден, шайтани жолдан, немқұрайлылықтан, т.б. жаман қасиеттерден тазарту жолын табу қажет. Бізге қазір ақша емес, ақыл-ой, ұлттық идеялар, рухани-ақылақтық білімді алға шығаратын жаңа жобалар жетпей жатыр. Сондықтан ең құнды капитал – адамның ақыл-ойы мен рухын көтеруге күш жұмсау керек.

XXI ғасырда әрбір адам, әсіресе жастар бәсекелестікке түседі. Себебі қазір **креативті экономиканың** заманы, ғаламтор арқылы дүниежүзіне жол ашық. Тек сапалы білімі бар, ғылымды меңгерген жастар түрлі салада бәсекелестікке түсіп, өз елін биікке көтере алады. Қазақ жастары әрқашан алда болуы керек. Ол үшін балабақшадан бастап мектеп, орта және жоғары оқу орны, кіші, орта кәсіп, өндіріс, Мемлекет пен Президентке дейін, яғни адам өмірінің барлық сан-саласына **бәсекелестік идеясы** енгізілгені жөн.

Өркениетті елдердегідей бізде **кәсіби бағдарлама** жасалуы керек. Жас кезден балаларымыздың қандай кәсіппен айналысатынын, олардың талабын, талантын, психологиялық, кәсіби жағынан икемін тезірек анықтап, сол мамандықты алуға билік көмек беруі қажет. Әйтпесе 2-3 диплом алып, жұмыссыз жүре беруге болады. Олардың басым көпшілігі қоғамдық пәндерден білім алған. Дамыған елдерді алар болсақ, олар негізгі табысының 77%-ын адам капиталын тиімді пайдаланғаннан, ал қалған 23%-ы негізгі қор, жер ресурстарынан алып отыр. Ал бізде керісінше. Осыдан-ақ

біздің өте үлкен мүмкіндіктеріміздің бар екенін байқауға болады. Бізге ең керегі – адам сапасын арттыру, бүкіл қаржыны адамға жұмсау. Қай мемлекет осылай жасаса, сол ел ғана алға шығады. ***Абай айтпақшы: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтан»*** [37]. Абай атамыздың бұл сөзі әр адамға, қазаққа және мемлекет билігіндегілерге ой салар бағдар емес пе?!

*Дінге сену – ол ақылдың,
сананың мәселесі*

*Тәңірдің торынан
ешкім, ешнәрсе
шыға алмайды*

ЖИЫРМА ҮШІНШІ СӨЗ

Дін

Әлемдік діндердің: ислам, христиан, будда, католик, конфуцилық және өзге де ағымдардың өркениеттің дамуына тигізген «ықпалын», орасан қызметін айту керек. Сонымен қатар әлемдік діндер халықты адамгершілік азғындаудан, өркениетке тән емес әртүрлі шығындардан, қылмыстан қорғай алмауда және рухани жасампаздық пен ұлттық бірлікке қатысты міндеттеме де формалды сипат танытуда. Мұның барлығы әлемнің халықаралық қауіпсіздігіне ықпалын тигізеді. Діндарлық дінге сенетіндерді бақытты ететіндігін кім жоққа шығара алады?

Ғасырлар бойы қоғамның, мемлекеттердің дамуы көбінесе ақылға емес, нарықтық қатынас

пен жеке капиталға бағынса, ал қазір ХХІ ғасырда адами ақыл күші мен рухқа сенетін уақыт келді. Әйтпесе өте қауіпті катастрофаға душар болуымыз мүмкін. Осындайда әлемнің рухани мамандары үнемі алдыңғы орынға қатып қалған пікірлерден босап, сананы оятуға қабілетті идеяларды қойған дұрыс та шығар. Бұл тікелей әлемдік діндердің интеграциялануына және қайта жаңғыруына алып келер еді.

Сәулелі кісі іздейік, бір басқа қадір іздейік, ағайын! Ақыл адамның жолбасшы, жетекшісі. Ізгілікті пір тұтқан ақыл – адамзаттың зор байлығы, ең асылы. Әйтеуір тамақ тауып жүру айуанға жарасса да, адами өмір ақылмен ғана қасиетін сақтайды. Тереңірек алсақ, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардан соң ислам діні «сүннит» және «шиит» ағымдарына, ал олар болса, көптеген сала-салаға, *топтарға бөлініп, майдаланып кетті*. Өкінішке орай, діннің, дін идеологиясының бір жүйесі, ауытқымайтын **рухани концепциясы қалыптаспады**. Соның салдарынан дін ағымдары арасындағы кикілжің, талас-тартыс жалғасуда. Оны шетелден көрудеміз. Олар Мұхаммед пайғамбардың туының астында бірігудің орнына, керісінше бір-бірімен соғысып, әлемге мазақ болып, бізге де кері әсерін тигізуде.

Қазақ имандылықтан алыстап барады. Әртүрлі діни ағымдардың, секталардың саны осыдан біраз жыл бұрын 4500-ге жеткен [31]. Егер әр сектаға 200 адам кірсе, жүз мыңдаған ұрпақ уланады деген сөз. Ал вахабизм, салафиттерге жүз-

деп, мыңдап кіруде. Нәтижесінде жастарымыздың Сирияға, т.б елдерге кетіп қалғанын да байқамай қалдық. Бұл сұмдық емес пе? Қазір қарап отырсақ, әлі де болса кетемін деп дайындалып жүргендерінің өзі қаншама! Осыдан кейін дәстүр емес, діни ағымдардың шырмауына түскендер өз еліне келіп, қастандық жасамасына кім кепіл? Абай болайық, ағайын! Ауғанстаннан келді қандастарымыз, көмектесумен қатар қырағы болайық.

Біздің қазақ кезінде діннің жөні осы екен деп, діни сауатсыздықтан сырттан келіп жатқан ағымды байқамай қалды емес пе? Көп жылдар бойы мемлекет тарапынан қадағалау да болмады, сондықтан ислам дінін толық түсіне алмаған біраз жастарымыз жүгенсіз кетті. Билік көрсе де көрмегендей болды. Кейінгі жылдары ғана осы мәселелерді реттей бастады. Көп қателіктер жіберіп алдық. Ал имамдарды алсақ, жақсы істермен қатар олардың кейбіреулері теріс қылықтар жасап, ұятқа қалуда. Діни білімдері жоқ, дүмше молда екі әйел алуды, тек байларға барып ақша талап етуді әдетке айналдырып алғандары да бар.

Мектептерде «Дінтану негіздері» пәні енгізіліп, жалпы ислам мәдениетінің құндылықтары туралы сабақтар жүрсе, дұрыс түсініктерді қалыптастырсақ, мұның тәрбиелік мәні жоғары болар еді, жастар шатаспас еді.

Ең бастысы – халықтың діни білімі жағынан көзін ашқан дұрыс. Тез арада **Түркістанда дін академиясын** құрып, діни білімді көтеріп, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың бір мазхабымен жүру-

дің жолында діни сауаттылық сапасын жақсарту керек. Тәлім-тәрбие мәселесінде діннің рөлі ерекше. Сондықтан жастардың мектепте, жоғары оқу орындарында діни сауаттылығын арттырып, оларды ізгілікке, имандылыққа жетелеу қажет. Бұл ұсыныстар Түркістан жобасында бар [4].

Осы жерде Құдай бар ма деген сұраққа пікірлерді келтірейік.

Мұндай сұраққа жауап беру қиынның қиыны, басты бәйгеге тіккенмен бірдей. Баяғы заманда бәріне дін жауап беретін – Құдай бәрін жаратқан деп құранда да, басқа діндерде де Құдайдың біреу екенін айтқан. Содан бері талай заман өтті, ғылым алға кетті, космосты игеру, басқа планеталарды іздеудеміз. Бұл мәселеге жаңаша қарауға бола ма деген сұрақ та тууы мүмкін. Әрине қазірде көпшілігіміз сол сарынмен діннің жолымен жүрудеміз. Себебі осылай айту дұрыс та шығар, жеңіл, жайлы, ешкімді қарсы қоймаймыз т.б. Ғылымға да сенбейміз, ал екінші жағынан мынау аласапыран заманда ғылымды түсінгіміз де келмейді.

Құдайдың бар-жоғы туралы әлемдік кеңістікте гениилер бастап, көптеген білгіштердің әралуан пікірлері бар. Құдай бар деп те, жоқ деп те айтушылар жеткілікті, олар көпке белгілі. Бірақ әр адам әлемді, галлактиканы, бізді қоршаған ортаны, айналасына зер салып табиғаттың заңдылықтарын білгені дұрыс. Әлемнің даму заңдылықтарын ашумен Гераклит, Пифагор, Архимед, Аристотель, Платон, Авицена, Декарт, Цецерон, Птолемей, Коперник, Г. Галилей, И.Ньютон, И.Кант, Г.Гегель, А.Эйнштейн,

В.Вернадский, С.Хокинг т.б. айналысып теңдессіз үлес қалдырған. Мұндайда егер әлемнің даму заңдылықтарын Құдай жасады десеңіз, онда ол Құдайдың шешімі солай болғаны, бірақ бұл Құдайдың бар болғанының дәлелі емес дейді әлемді зерттеген соңғы гениидің бірі С.Хокинг [68].

Б.з.д. III ғасырда өмір сүрген көне дәуір ғалымдарының бірі Аристарх «айдың тұтылуы Құдайдың ісі емес, ол жердің көлеңкесі айға түскеннен» - дейді. Ол күн, ай, жер арақатынастары және олардың динамикалық қимылы арқылы тұтынуды дәлелдеген. Табиғаттың заңдылықтарының мемлекеттің заңдарынан өзгешелігі, оларды бұзуға болмайды.

Бұл жерде бір мәселе шешілмей тұр – ол әлемнің қалай жаралғандығы, кім жаратқандығы? Ғылым – ғылым болғаннан соң, оны зерттейтін ғалымдар болғаннан соң Құдайдың барлығын ғылымның алдында қою, іздену заңдылық сияқты. Құдай табиғаттың заңымен жүрген бе, жоқ әлде өзі жасаған ба?

Егер ғылымға сүйенсек, С.Хокинг «**әлем кенеттен өзінен-өзі жаралды** – ол табиғаттың заңына байланысты» деп жазады. Ол бұл заңдарды Құдай жасауы да, жасамауы да мүмкін деп жазады. Бірақ Құдай табиғаттың заңын өзгерте алмайды, себебі егер өзгертсе онда ол заң болмағаны. Мүмкін Құдай бар нәрсені, яғни әлемді жаратылған заңмен қабылдаған шығар деген пікір де бар.

С. Хокингтың ойынша **әлемді жарату үшін 3 нәрсе керек**, ол салмағы бар **материя** (жер, тас,

мұз, су, газ т.б.), екінші, **энергия**, ал үшіншісі, **шексіз кеңістік**, ауа. Осылардың қайдан келгеніне өзінің $E=mc^2$ әйгілі формуласымен жауап берген бір адам, ол гении – Альберт Эйнштейн.

Осы жерде кейбір ойшылдар энергия мен кеңістікті Құдай жаратқан дейді. Бұл жерде ғылым табиғаттың заңына сүйеніп басқаша дәлелдейді. Квантты физиканың заңы бойынша «**Үлкен жарылыстан**» соң әлем пайда болды дейді ғылым. Эйнштейннің теориясы бойынша тек үлкен жарылыстан соң уақыт пайда болды, ал оның алдында уақыт болмаған. Сонда бәрінің басында табиғаттың заңдары тұрды деген сөз. Осыдан келіп С.Хокинг – уақыт болмағанда қалай Құдай пайда болады? Әлемді жасауға Құдайдың уақыты болмаған дейді.

Әрине әркім өзі біледі. Неге, кімге сенгісі келсе, соған сенеді. Бірақ, С.Хокинг: «Құдай жоқ дегенге саяды. Себебі әлемді ешкім жасаған жоқ, ешкім біздің тағдырымызды басқара алмайды. Осыдан кейін оның пікірі бойынша жұмақ та жоқ, өлгеннен кейін өмір де жоқ. Бізде бір-ақ өмір бар, әлемнің заңдылығын түсіну, сонымен өмір сүру» - дейді ол [68].

Әлемнің қалай пайда болғанын осындай табиғаттың заңдарымен, физикалық заңдармен дәлелдеген Альберт Эйнштейн, Стивен Хокинг т.б. гении ғалымдардың пікіріне құлақ аспауға тағы болмайды. Бірақ бір жаратқанға сенгісі келе ме, жоқ әлде табиғаттың заңдарына, ғылымға сене ме, әркімнің өз еркінде. Ғылымға да белгісіз әлемнің

заңдары бар. Мүмкін ғылым алда ноосфераны игеруде басқа планетада тіршіліктің бар екендігін ашқанда, олардың қалай пайда болғандығы жайындағы заңдылықтарды ашқанда әлемнің жаратылу тегі туралы тағы да жаңа заңдылықтар пайда болар.

Бәрібір адамға бір сенім керек, мынау қайырысыз заманда адам өз тағдырымен өзі жалғыз қалмау керек сияқты. Ал бүкіл халыққа салсақ, олардың басым көпшілігі дінге сенеді. Құдайдың бар екендігіне жүгінеді. Мысалы Еуропа халықтарының 18%-ы дінге, Құдайға сенбесе, ал 27%-ы бір рухани күштің бар екендігіне сенеді, 52%-ы Құдайға сенеді, жүгінеді. Келешекте Еуропа төрінде ислам діні өкілдерінің заманы болады деген ойдамын. Оны Еуропа болашағынан байқауға болады.

Мұсылман елдерінің басым көпшілігі Құдайға сенеді әрі жүгінеді. Діннің тарихы да адамзат тарихындай көне. Діннің сыры шешілмеген философиялық сұрақ. Екінші жағынан қазір ғылым да, дін де, үкімет те келешекті көруде әлсіздік танытуда. Технологиядан діннің әсері аз, ал экономикалық тетіктер барлық дінге бірдей. Мұнда да дін үлкен рөл атқармайды. Ал рухани-мәдени дамуда діннің әсері тікелей байланысты. Осы жерде діннің біріктіретін рөлін әсіресе жаңа өркениетте күшейту керек. **Дін мен Ғылымды біріктіріп игеретін уақыт келді.**

*Бұл пәниде **жұмақ дегеніміз** – адам өмірінде көптен бері өзімізді жетілдіру үшін жинап терген ішкі жан дүниеміз, рухани және мате-*

риалды құндылықтарымызды ізгілікті істерге, халықтың игілігіне толық пайдалану деп ойлаймын. Бір нәрсе анық, тәңірдің торынан ешкім, еш нәрсе, ешқайда шыға алмайды. Әрекетімізге байланысты несібеміз белгілі сияқты.

**Қазақстанның жаңа дәуірі
жастардың ақылы мен санасында**

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жастар

Жастардың терең білім алуына, олардың тәлім-тәрбиесіне мән беру — маңызды іс. Қазір жастар арасында жұмыссыздық белең алып барады. **Абай айтпақшы: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Біреуі білсем екен демелік. Ал біз болсақ жанды тәнге бас ұрғыздық».** Мұнда Абай адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттерді ажырата отырып, талапты болуға, ізденімпаздыққа үндейді [2].

Қазіргі жастардың патриоттық отансүйгіштік сезімдерін көтеру үшін Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Сабыр Рахимов т.б. батырларымыздың ерен еңбегін жастарға кеңінен насихаттау қажет. Оларға қоса Тоқтар Әубәкіров, Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков, Илья Ильин, Геннадии Головкин, Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова,

Бекзат Саттарханов және де Мұстафа Өзтүрік, Батырхан Шүкенов сынды тұлғалардың өнегесінен сабақ алу керек. Еуразияға жарқ етіп жас талантты әнші Димаш Құдайбергенов шықты т.б. өнер қайраткерлеріміз бар.

Ал ХХІ ғасырдың талабы тіпті бөлек, бұл – нарық жүйесі, капитализм заманы. Егер бұрынғы заманға көз жүгіртер болсақ, ағайының, туған-туысың, айналаң (мынау пәленшенің баласы еді ғой, әкесі жақсы адам болатын деп) көмектесетін. Ал қазір ақшаның құлы болған заман, қалада бір есіктен кіріп жүріп, бір-біріне көмек бермек түгіл, танымайды да.

Сондықтан Мемлекет тарапынан білімге, кіші кәсіпке, кәсіби мамандық беруге қолдау көрсетілуі тиіс. Егемендікті алғалы бері меншікті жекешелендіруде, біліп, білмей алғанымызды келешекке қайтаруымыз керек. Болашақ үшін бар мүмкіндікті жасайық. Жастар да біз «болашағымызға не қалдырмақшымыз?» – деп жаңаша ойлағаны жөн. Сонда ғана олардың бізден айырмашылығын көреміз. **Абай айтпақшы: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ»** [37]. Міне, осылар қазіргілердің моральдық кодексіне айналса, шіркін! Сондықтан Абайдың осы өсиетін қайта жандандыруымыз қажет. Жастың жан қуаты арқылы ішкі қазынасын күшейту керек. Ол ақыл мен ғылымда жатыр.

Қазір көбінесе жастар тұрмысының төмендігіне байланысты әртүрлі себептермен **несие** алып, оны өтей алмай, қиындықтарға тап болып

жүр, суицид, т.б оғаш нәрселерге ұрынғандары да бар. Себебі заңды біліңкіремейді, өкінішті жағы – банктердің қанау саясаты өршіп тұр. Шетелде несиесі 2-3% болса, ал бізде 15-20%-ды құрап отыр. Оған қоса түрлі қосымшалары мен санкциялары арқылы халықты «мәдениетті» түрде озбырлықпен тонайды. Мұндай жағдайда Үкімет, Парламент несиесі саясатын қайта қарап, жеңілдік жасап, шетелдегідей банктерді бір жүйеге келтіргені жөн. Неге әкімшілік сол банктің қасынан кеңес беретін арнайы орын ашпайды? Олар азаматтарды несиесі алардың алдында бәрін есептеп, ертең қарызға түсіп қалмайтындай етіп үйретуі керек. Сонда несиесі алатын талапкерлер ертеңгі жағдайын ойлап, бірі несиені алар еді, бірі алмас еді. Халыққа кеңінен насихат жүргізу арқылы қиындыққа түсіп қалмаудың жолын көрсету ләзім.

Тіпті келешекті ойлар болсаң, әртүрлі несиесі алу ойыны арқылы балаларды мектептен бастап үйреткен дұрыс. **Жалпы кіші кәсіп саласы бойынша мектепке қажетті пән енгізу қажет.** Біз Астанада «Фолиант» баспасы арқылы 2015 жылы «Шағын бизнес негіздері» кітабын жазып, мектептерге, колледждерге оқу құралы ретінде ұсынған болатынбыз.

Жастарға айтатыным, әлем спиральмен жүруде, мұны гений суретші Леонардо да Винчи өзінің суретінде спиральды конструкция сияқты көрсеткен. Төртінші өндіріс революциясының арқасында жаңа технологиялар жоғары деңгейде дамып келе жатыр. Жаңа технологиялардың ең

биік жетістігі жасанды интеллект жасап шығару. «Ойлайтын машина» жасап шығару идеясы өткен ғасырдың 90-жылдарында интернеттің тарауынан басталып, «әй біз қайда қозғалудамыз?» деген бірінші ақылды мәшиненің даусы шықты. Бүгінгі жасанды интеллект карта арқылы сізге ең дұрыс жолды ұсынады, компьютердегі қатерлерді тез табады, Моцарттың кез келген симфониясын жаза алады т.б. Көп ұзамай миллиондаған машина жүргізушілер, бухгалтерлер, т.б. мамандар жұмыссыз қалмақшы, олардың орнын ақылды компьютерлер басатын болады. Жастар, әсіресе ауыл жастары мамандық таңдағанда осыны ескеру керек.

Бір нәрсе анық, жастар техникалық білімді жақсы игеруі керек. Бізге информациялық желілермен басқара алатын көптеген білімді жаңаша ойлайтын мамандар керек. Бәріне бір жауап – **«білімді қоғам»** болу қажет. Бізге сезімталдықты дамыту қажет, себебі, біз алда не күтіп тұрғанын сезе де, көре де алуымыз маңызды. Біз 6-7 сезім арқылы бір жағынан жаңа технологияны, екінші жағынан рухани – тарихи заңдылықты да қабылдап, салыстыра отырып, қате жібермейтін шешімдерге жол бере аламыз. Осылай адами қасиеттер арқылы, сезімталдық арқылы жаңа ғасырда, техникалық дәуірде бейбіт өмір сүруге болады.

Платон айтпақшы, қойыла беретін бір саяси сұрақ, «келешекті кім басқару керек»? – дегенге, қазіргі жаһандану заманында, интернет заманында әсіресе, көшбасшыларға керегі көрегенділік, себебі, олардың бәрі төрт құбыласы тең, бәрі біре-

гей әлеуеті жоғары маман бола бермейді. Бізге керегі ата тегімізден қалыптасқан имунитет, жаңа темперамент, жетінші сезім. Осылар арқылы біз қандай да болса қиындықтарға төтеп бере алуымыз мүмкін және де жаңа өркениетке нық қадам басамыз. Біздің негізгі тиімді қаруымыз, қолдағы жойқын қару әскер емес, дрон емес, шексіз байлық емес, ол біздің жеке өзіміздің **адами қасиетіміз бен біліктілігіміз**. Мемлекетті басқаруға лайық біліммен қатар ең керегі жаңа сезім-түйсік арқылы көрегенділік. Осындай қасиеті бар адам ел басқара алады демекпін. Компьютер, интернет, роботтандыру, жасанды интеллект заманында біз бір тарихи сұрақты естен шығармауымыз қажет. **«Егер билік ел дамуына кедергі келтіретін теріс күштермен күресуге дайын болмаса, қай қоғамның да талқаны шығады».**

Қазіргі ақпараттар шөп-шаламы көп бір тасқын су сияқты. Себебі, ондағы қажет емес артық ақпараттар жастардың жақсы мен жаманды айыруын қиындатуда. Бұдан біз тек «білімді қоғам» арқылы ғана ақ-қарасын ашып, құтыла аламыз. Жастар санасын дамытып, ізгілігін тәрбиелесе ғана жасанды интеллектке үстемдік жүргізе алады. Әйтпесе, жасанды интеллект адамнан үстем түсуі мүмкін. Адамдардың ақылы мен ой-санасы ғана емес, адами ізгі қасиеттері де жасанды интеллектті, машина-роботтарды реттеу, әрекетін уыстан шығармау арқылы өз-өзін әртүрлі қауіп-қатерден сақтауға болады. Адамзатты қорғайтын бір-ақ нәрсе бар, ол – дұрыс қарым-қатынас,

келісім, бір-біріне деген сенім, адамның адамгершілік қасиеті.

Төртінші өндіріс революциясы 6-ТУ-пен биотехнология арқылы біздің әлеуметтік қатынасымызды – эмпатиямызды шектеуде. Қазір әлемде 3,5 миллиард адам смартфон пайдаланады екен. Әсіресе жастарымыз кішкентай бала-шағаға дейін, интернеттен ажырамайды, күндіз де, түнде де, тамақ ішіп отырса да, спорт-тренажерларда да қасында қосулы тұратыны өтірік емес. Қазір адамдардың бір-бірімен жүздесу, сөйлесуі телефонсыз қиын болып барады, телефонға үңілген сұхбаттасың түріңе де қарамайтын кезге жеттік.

Қазіргі өмірдің өзі адамның ойлануына мүрсат бермейді, бәрі қол астыңда дайын тұрады. Интернетпен бірге келген ақпараттар легінің көптігі біздің адами қатынастарымызды азайтып, рухани азғындатуда. Сонда «кімнің бойында мәдениет пен табиғат теңессе, ол қадірлі адам», – деген Шәкәрім сөзі қайда қалды? Жастар Шәкәрім бабаңыздың осы сөзін естен шығармай, іске асырғандарыңыз абзал болар еді. Әлі де буыны қатпаған жас балаларға, мектеп оқушыларына интернетпен айналысуға заңмен шектеу қойылуы тиіс.

«Енді бір ғасырдан соң қазақ халқын сендер танымайсыңдар. Жаңа ұлт ретінде қалыптасады. Түрі де, түсі де өзгереді. Санасы мүлде бөлек болады. Қазірдің өзінде-ақ өзгергенін байқайсыздар ма? Жігіттеріміз қандай әдемі! Қыздарымыз қандай сұлу! Мүсінді, келбетті, көркіне көз тоймайды» деп белгілі мемлекет қайраткері

Совет одағында қуғынға ұшырап, түрмеде отырып шыққан **А.Асқаров** бір ұзақ сөйлесу үстінде маған айтқан еді.

Менің ойымша, қазіргі жастарда біздегі сияқты Совет Одағынан қалған коммунистік идеология жоқ, диктаторлық үстемдік жоқ, халық арасындағы Абай көрген алыс-тартыс, дау-жанжал, ескінің жұрнағы жоқ. Сіздер жаңа заманның, ХХІ ғасырдың жастарысыздар, сіздерде ескіден қалған жүк жоқ. Білімдеріңіз сапалы, тілдеріңіз көптілді, ғаламтор арқылы, тағы басқа дүние-ежүзілік информация жеткілікті, цивилизациялық даму қайда бара жатқанын білесіздер. Сондықтан ұлы ойшыл демократ, рухани реформатор Абайға ең жақын ұрпақ сіздерсіздер. Мұндай жақындық бізге тарих алдында үлкен жауапкершілікті жүктейді. Жастар Абай ілімі арқылы дүниеде болып жатқан келеңсіздікке қарап **рухани иммунитетін қалыптастырады**, жігер, күш, қайрат, тұрақты ұстанымы болады және де айналасына сезімтал, жанашырлықпен қарайтын болады деген пікір-демін.

ЖИЫРМА БЕСІНШІ СӨЗ

Жаңа Қазақстан құруға әлеуметтік инновация керек

Инновация бастапқыда технологиялық жаңалықтардан шыққан. Қазіргі кезде –технологиялық укладты (нано-биотехнология, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды) инновациялық уклад деп те атайды. Қысқасы, инновация дегеніміз бұрын соңды болмаған жаңа технологиялық жаңалықтарды, өндіріске, жалпы іске асыруды айтады.

Ал әлеуметтік инновация – қоғамдық қатынастардан шығады. Ол білім арқылы адамның рухани мүмкіндіктерін қанағат еткеннен пайда болады. Ғылыми - техникалық прогрестің арқасында уақыт өткен сайын адамның өмір сүру деңгейін көтеру үшін соған жағдай жасайтын инновациялық жаңалықтар көбеюде.

Әлеуметтік инновацияның негізгі элементтері адам ата пайда болғалы дамып жетіліп келеді. Түркі тегінің дамуында да көптеген инновациялық жаңалықтар болды. Мысалы, Ботай мәдениетінде атты қолға алып үйрету, өмірлік іске қосу, темірді қорыту, әртүрлі қару-жарақ немесе зергерлі дүниелер жасау, Тәжмахал сияқты сәулет кешені т.б. адам дамыған сайын әртүрлі жаңалықтар өмірге келе берген. Оларды ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы бойында көрудеміз.

XXI ғасырда интернет, цифрландыру, информациялық қоғамда инновациялық жаңалықтарды әкелуде. Қазіргі әлеуметтік инновация ол негізінде тек адамның қажеттілігіне жарау, өмір сүру сапасын көтеру, рухани даму үшін арналған болу керек. Сонда ғана біз білімді қоғам болып гуманистикалық өркениет қоғамын құра аламыз. Ал егер инновациялық жаңалықтар игілікті істерге жаратылмай басқа жолды көздесе, мысалы соғыс үшін қару-жарақ шығаруға немесе экологияны бұзуға, космосты ластауға т.б. пандемия сияқты келеңсіз істерге арналса, онда адамзат құрдымға кетеді.

Әлеуметтік инновация өткен ғасырда ғылыми айналымға еніп, әсіресе дамыған елдерде үрдіс ала бастады. Мысалы әлеуметтік инновация Скандинавия мемлекеттерінде қатты дами бастады. Себебі оларда жаңа білім мен кәсіпкерліктің іске асуы тез жүруде, ал оларға мыңдаған қоғамдық ұйымдар серпіліс беруде. Жаңа өркениет рухани дамуға негізделген: іргелі ғылымға, жаңа білімге, мәдениетке, қоғамның тұрақтылығына, мораль, тәрбие, жанұяға т.б. Осы салаларда инновациялық жаңалықтар көп болу үшін әр мемлекет инвестиция салуды, инновациялық жобаларды жасап, іске асыру қажет.

Қазақстанға келсек, әлеуметтік инновация саласы дамымаған, енді ғана қолға алына бастады. Оған түбегейлі әсер ететін салалар жаңа білім, ғылым, жергілікті өзін-өзі басқару, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың салаларының деңгейі төмен деп айтуға болады. Болған күнінде де

билікке бір жәй есеп беру үшін, формальды түрде жүргізуде, сананы ашпайды. Ал бұған пайдаланатын жаңа технологиялар жеткіліксіз. Себебі білім мен ғылым нашар дамыған. Әлеуметтік инновация даму үшін біз бұл салаға жүйелі түрде мән беріп, әртүрлі жобалар жасап, инвестиция салып нәтиже шығаруымыз қажет.

Халық талантты, әр саладан жаңалықтарды шығаратын тетіктерді жасау керек, мүмкіндіктерді ашу қажет. Кейінгі кезде бір өнер саласынан-ақ Димаш, Данэлия, Максим т.б. таланттар шығуда. Ал басқа салалар қайда, қашан «ноу-хауларды» көреміз деген сұрақтар туады. Бұған бірінші болып үкіметтік емес ұйымдар және үкіметтің өзі мұрындық болу керек. Жергілікті биліктің ісі халыққа барлық жағдай жасау арқылы әртүрлі саладан инновациялық жаңалықтарды шығару үшін қызмет ету қажет. Жоғарыда айтылған озық шетел тәжірибесінде пайдалану керек.

Мен ғалым ретінде Қазақстан көп ұзамай өркениет елдерін қуып жету үшін үдемелі даму керек деген ой айтамын. Ол үшін *«Қазақстанның 7 басымдық инновациялық идеясын»* ұсынар едім.

Олар: *бірінші, Білімді қоғам.* Тек білімді қоғам кез келген қиындықтарды жеңеді. Қазір елімізде білімнің деңгейі құлдырап кетті, әсіресе жоғары білім сын көтермейді. 80-90% ақылы оқуда. Біз білімді тауарға айналдырып жібердік. Білімнің мақсаты – сапалы біліммен қатар рухани адам тәрбиелеу. Бұл межеге жете алмай келеміз, білімді барлық деңгейде тегін оқыту керек. Білім беру жүйесінің жаңа парадигмасын жасау қажет.

Екінші, Халықты мүмкіндігінше жұмыспен қамтамасыз ету. Оның түп тамыры кіші кәсіпті шетелдегідей 70-80% жеткізу. Қазір бізде кіші кәсіптің үлесі жалпы ішкі өнімге шаққанда 20% енді астық. Жұмыссыздық бізде 5% дейді билік, ал негізінде 20% -дан кем емес. Бұл жерде алысқа бармай-ақ, намыстанбай-ақ өзбек ағайындардан да үлгі алсақ болғаны. Абайды оқыңыз.

Үшінші, Денсаулық. Қазір пандемияға байланысты денсаулық әлемде бірінші орынға шықты. Біз 19-ақ миллион халықпыз, сондықтан *тек сапамен ғана мақсатқа жетеміз*. Халықтың денсаулығы жағынан біз артта қалудамыз, кеше коронавирус келгенде де көрдік. Бұл салаға түбегейлі өзгерістер керек. Бөлінетін қаржыны кем дегенде екі есеге көбейтіп халқымыздың жартысына жуығы ауылда тұратынын ескеріп денсаулықты жақсартуды ауылдан, бұқаралық спорттан бастау керек.

Төртінші, Азаматтық қоғам құру. Қазақстанда қоғамдық ұйымдар аз, ал оның өзі тиімді жұмыс істемейді, Үкіметтен қолдау нашар, болған күнде де биліктің сойылын соғу үшін қызмет еттіруге арналған. Бірақ мысал Финляндияда бар болғаны 5 млн халыққа 120 мыңнан аса мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар бар, ал бізде 10-20 есе аз. Жалпы Қазақстанның даму келешегі негізінде үкіметтік емес ұйымдардың қоғамды жаңғыртудағы белсенді жұмыстарына байланысты болмақшы.

Бесінші, Рухани жаңғыру. Мәдени-рухани жаңғыруды тек кейінгі кезде қолға ала бастадық,

оның өзі кейде бір партияның жалауына айналуға. Шындық дамыған мемлекеттердің өздері тек баюды ойлап, ал рухани құндылықтар артта қалған уақыт. Әлемдік кризистің өзі рухани азғындықтан туындап отыр. Алдағы уақыттарда әлемдік үрдіс осы кемшіліктерді жою үшін мәнді әлеуметтік инновацияға беру керек болып тұр. *Елді алға жетелейтін әлеуметтік сала, мысалы мәдениет, білім, ғылым, спорт, денсаулық, туризм. Зиялылар да, таланттылар да осылардан шығады.* Қазақстанның келешегін болжап беретін, даму жобаларын жасайтындар да осылар болғандықтан, біз Советтер одағынан әлі күнге дейін **«остаточная сфера»** деп атайтын жолдан кетіп бұл салаларды дамытуға басымдық беруіміз өте қажет. Осындай қиын кезеңде мүмкін **«мәдени ренессанс»** жасау елдің дамуына бір серпіліс берер.

Алтыншы, **Өзін-өзі басқару жүйесі.** Отыз жыл бойы аңсап келе жатқан бір проблема біз әлі күнге дейін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жасамадық, мүмкін әдейі, білімсіз халықты басқару жеңіл болды. Егер мемлекетті бір адам билеп төстесе, жергілікті жерлерде де сол принцип сақталады. Оның аты әкім айтты болды заңды. Депутатты да халық емес, әкім сайлайды, шенеунікті де әкім қояды, кредитті де кім-кімге беру әкім арқылы не керек сол ауданға барлық кірісті де, шығысты да әкім реттейді. Сөздің қысқасы әкімсіз шыбын ұшпайды. Қазір пара алмаған, пара бермеген адам қалмай бара жатыр. «Мешкей деген жақсы ат емес». Бұл сұмдықты тоқтатпаса,

басына балта шаппаса аяғы үлкен апатқа алып келеді.

Не сұмдық, талай айтсақ та осы күнге дейін «жергілікті өзін өзі басқару заңы» Парламентте қабылданбаған. Бұл деген сөз жергілікті халықты қорлау, ешкімге ештеңе керек емес. Осылай басқара берсе болды. Бір екі адам құқықтарын қорғап бас көтерсе, оларға кредит беруден бастап барлық есік жабылады. Тоқетері реформаны жергілікті жерден бастау керек, тиісті заңдарды қабылдап жұмыспен қамтамасыз ету т.б. барлық жағдайды әр ауыл тұрғыны үшін жасау қажет. Ауыл көтерілмей ел, мемлекет көтерілмейді, дамымайды.

Жетінші, Мемлекетті жаңаша басқару парадигмасы. Жаңа басқару жүйесін жасау қажет. Жоғарыда айтылған 6 проблемалардан кейін Қазақстанның жағдайының мүшкіл екенін көруге болады. Балық басынан шіриді демекші әңгіме билікте болып тұр. Елімізде жоғарыдан төменге дейін билік былығып біткен. Қайда барсаң да «Қорқыттың көрі» демекші ақшасыз, парасыз ештеңе шешілмейді, мәселе тек оның көлемінде жоғары жақта үлкен, облыста орташа, ауданда аздау пара беріп шеше бер мәселенді. Ұлы Абай айтпақшы *«қорқытпай, параламай, ақылмен, не жерлеп, не сырлап айтқанмен, қазақты ешнәрсеге көндіру мүмкін емес»*-тің кері келіп тұр.

Егемендік алғалы 30 жыл өтті, оялатын уақыт жетті. Бәрін айт та бірін айт демекші бүкіл басқару жүйесіне жоғарыдан төмен қарай түбегейлі өзгертіп **Конституциялық реформа жа-**

сап, жаңа сайлау заңы, жергілікті жерде өзін өзі басқару тағы басқа да заңдар қабылдап, **әсіресе соттарды** да халық сайлайтындай етіп, биліктің үш тармағына тепе-тең ұстап **Қазақстан демократиялы жолға түсу керек**. Қаншалықты бай ел болсақ та басқа жол жоқ. Әттең қазір бізге ХХІ ғасырдың Абайы ауадай қажет болып тұр!

Кейбір қазір дамыған мемлекеттердің де үлкен қиындықпен күрескендігін революциялық өзгерістерге барғандығын, кейін тарих толқыны арқылы жарыққа шыққандығын ұмытпайық. Жай ғана ештеңе болмайды, үлкен серпіліс, терең қиындықпен күрескеннен шығады. Бізге терроризм емес «культурная революция» қажет. Ол эволюциялық жолмен болу керек.

ХХІ ғасырда осылардың бәрімен күресіп, алып шығатын қару, алып күш — ол адамның әлемдік танымы, оның жоғары технология заманында сезімталдылығы, адамгершілігі. Бұл заманда азғантай берілген уақытты жіберіп алмай, дер кезінде адами қасиетпен, сол адамзаттың өзі үшін пайдаланып қалу.

*Кімнің бойында табиғат
пен мәдениет теңессе,
сол қадірлі адам болады.*

*Табиғатты
қорлағанды
табиғаттың өзі
жазалайды*

Шәкәрім

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ СӨЗ

Табиғат пен адам гармониясы

Табиғат пен адамның бір гармонияда болуы – жаратылыстың түп негізі, тірегі. Ата-бабаларымыз қалдырған Алтайдан Каспийге дейін кең байтақ жеріміз, 2,7 млн. шаршы шақырымға созылып жатқан бай табиғатымыз бар елміз. Өкінішке орай, Кеңес Одағы кезінде орталықтың теріс саясатының кесірінен, Қазақстан жерінде экологияға теріс әсері бар химия, қорғасын, фосфор, ауыр металл өндіріс орындары көптеп салынып, соның салдарынан ұзақ жылдар бойы экология ластанып келді. Оған қосымша Семей, Капустин Яр, Байқоңыр, тағы басқа полигондарда жүздеген сынақтар жүргізіліп, экологиямызға, сол аймақтың тұрғындарының денсаулығына көп нұқсан келді. Мысалы, 1949-1991 жылдарға дейін Семей ядролық полигонында 470 ядролық сынақ-жарылыс жасалды. Оның салдарынан ауруға ұшыраған қаншама адам көз жұмғаны белгісіз. Тек сәулелі зақым (облучение) алғандардың саны 0,5 млн. адамнан асты, 2 млн. гектар ауылшаруашылық жері радиоактивті умен ластанған. Арал, Семей аймақтары экологиялық апат облыстары деп есептеледі. Арал

теңізінің көлемі бір ұрпақ өмірінде екі есеге кеміді. Республикада жылына 100 куб/км. керек судың орнына 34,6 куб/км. сумен қамтамасыз етіледі. Қазақстан сумен қамтамасыз етуде бір адамға шаққанда ТМД елдерінде ең соңғы орында тұр. Бізге су Қытай, Ресей, Қырғыз, Өзбек елдерінен келетін болғандықтан, мәселені түбегейлі қараған жөн. **Су біз үшін XXI ғасыр проблемасы болмақ.** Қазақстанда сумен қамтамасыз етудің стратегиялық бағдарламасы қажет.

Байқоңырдан ұшқан ракета қалдықтарының құлауы жергілікті халықтың денсаулығына кері әсер етуде. Осылардың әсерінен Қазақстанның сол аймақтардағы халқы әлі зардап шегуде. Мәселен, 2013 жылдың 2 шілдесінде «Протон-М» зымыран тасығыш Байқоңыр айлағында старт кезінде жерге құлады, бортта 600 тонна гептил, амил, керосин болған. Ресей тарапынан оның залалын өтеуге 90 млн. доллар шамасында өтемақы белгіленді. Келісімге келген күннің өзінде экологияға келтірілген зиянның орнын енді ешқандай көлемдегі қаражат толтыра алмасы анық. Егемен ел бола отырып, мұндай жағдайлардың орын алуы өкінішті, әрине!

Өндіріс қалдықтарының өзінің көлемі бірнеше млрд. тоннаға жетті. Мысалы, тек кен-байыту саласында 20 млрд. тоннадан астам өндіріс қалдықтары, оның ішінде 230 млн. тонна радиоактивті қалдықтар жиналған. **Қазақстанда екінші ресурсты өндіріс қалдықтарын игеру** – үлкен сала, ол өз кезегін күтіп тұр. Экологиялық таза өндірістер салуға үлкен инвестиция қажет. Қазақ жерінде

де, дүниежүзіндегі сияқты экология мәселесі өте өзекті. Осыған қарамастан, Қазақстанда табиғатты қорғауға бөлінген қаражат жылына бір адамға шаққанда 0,5 АҚШ долларынан аспайды. Бұл Еуразия елдерінің соңында тұрмыз деген сөз. Дүниежүзілік экологиялық рейтинг бойынша Қазақстан экологиясы өте нашар аймақта тұр. Оның халқының физикалық және генетикалық денсаулығына қаупі үлкен, ал екінші жағынан — табиғаты нашарлауда, флора және фауна құрылымы төмендеуде.

Ауылшаруашылығының проблемалары өзінше бір төбе. Олар туралы жоғарыда айтылды да. Дұрыс игерілмегендіктен жердің 60%-ы құрғақшылыққа ұшырады. Антропогенді ауыртпалықтан Қазақстан жерінің басым көпшілігінде табиғат аясы бұзылған. Осы көп жылдан бергі қордаланған табиғатты қорғау мәселелері кезек күттірмейтін, көптеген қаржы және мемлекеттік деңгейдегі іс-шараларды қажет етеді [30,36].

Жер мәселесін кеңірек қарастырған жөн. Жалпы, адамзат тарихта бірінші рет жер планетасының биологиялық негізінің бұзылуына себепші және куә. Планетаның биологиялық принциптерін бұза отырып, шынында да, біз өз-өзімізді құрта бастадық. Адамзаттың бір жартысы тек бауды ойлап, өздерінің сол табиғаттың бір бөлшегі екенін ұмытып кетті. Табиғатты аялау біздің жан дүниемізге, психологиямызға, денсаулығымызға тікелей әсер етеді емес пе? Өкінішке орай, біз тек өзімізді жоғары санап, құлқымызды ойлаймыз да, жалпы тіршіліктің дамуына қызмет етуді ұмытып кетеміз.

Абайдың дүниенің дамуы жөніндегі көзқарасында диалектикалық сарын басым. Ол табиғат құбылыстарын өзара бір-бірімен байланыста, үнемі өзгерісте, дамуда болатындығын бағамдатады. Адамды қоршаған ортаның – табиғаттың ішкі сырын білімғылым арқылы білуге болады деп қарастырады.

Айталық, дүниежүзілік қоғам адам қоғамынан оқшау болса да, әлемдегі барлық тіршілікпен, тау мен жан-жануар, жәндік, өзен-су, өсімдіктермен, т.б. глобалды және биологиялық байланыста. Сол себептен де тұрақты даму – бүкіл тіршіліктің қайнар көзі, біз болсақ, солардың бір бөлігіміз.

Табиғат барда біз де бармыз. Біз табиғаттың бір бөлігіміз. Осыны ұмытпайық, ағайын!

Адамзат күні бүгінге дейін музыка, кескіндеме, әдебиет, басқа да өнер түрлерінде табиғатты жырлап келеді. Атақты композитор Вивальдидің «Жыл маусымдары» дейтін жылдың төрт мезгіліне арналған композициясы бар екенін білеміз. Абайдың өзі «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» сынды табиғаттың төрт мезгілін жырға қосқан.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлтырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі,

- деген өлең шумағында табиғаттың әсемдігі әсерлі суреттеліп қана қоймай, жер жүзіне қуат беретін күнге күллі тіршілік иесінің анталай ұмтылатынын айтып, оны перзентіне мейірім төккен ата-анаға балайды. Расында да, Күннің, жердің,

табиғаттың перзентіміз. Алайда адам қалалы жерде комфортты шеңберге кірген соң, табиғаттан алыстай бастады. Табиғатқа демалуға барғандар полиэтилен пакеттер мен пластикалық бөтелкені бейберекет лақтырып кететін болды. Зауыттар химиялық қалдықтарын өзен суына төкті. Оның салдарынан өзендегі балықтар қырылып қалатын болды. 2018 жылы Атыраудағы Жайық өзенінде балықтардың қатты қырылғанын мысалға келтіруге болады т.б.

Олай болса, енді тіршіліктің келешегі адамзат қолында тұрғанын біз түсінуіміз керек. Біз не табиғатты сақтаймыз, не жердегі өмірді өзімізбен бірге жоқ қыламыз. Басқа жол жоқ. **Тек табиғатпен гармонияда өмір сүру арқылы ғана біз келешегімізді бақытты ете аламыз.** Экология өркениеті деген міне осы. ХХІ ғасыр «жасыл экономика» ғасыры болмақ.

Ғалымдардың айтуынша, адамзат қазір ғаламдық экологиялық апаттың бірінші сатысында тұр. Бірақ экологиялық тұйықтан шығатын мүмкіндіктер әлі бар, **«қайтарымсыз нүктесінен»** әлі өтпедік.

«Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа», – дейді Сайф Сараи. Егер біз келешекте Жер ғаламшарында бақуатты тіршілік кеше беруді ойласақ, оны аялап ұстауымыз керек.

Жердің биосферасы адамзат пайдаланатын көптеген ресурстарға ие, бірақ олар сарқылуда және ғасырдың соңында бітуі мүмкін. Адамзат «қайтарымсыз нүктесіне», әсіресе, жаһандық эко-

логиялық апаттар процесінің дамуына жақындап қалды. Осымен байланысты ХХІ ғасырда табиғи ресурстардың рационалды пайдаланылуы, планетаның жаһандық экожүйесінің сақталуы өзекті болып табылады. Кейбір ғалым-эксперттердің болжауынша, егер адамзат планета экожүйесін сақтауда тез арада маңызды шаралар қолданбаса, адамзаттың экологиялық жойылуы ХХІ ғасырда орын алуы мүмкін [41,42]. Адамзат тамақ өндірісінің 90% жер қыртысынан және мал өнімдерінен алады. Жердегі халық өсуде, ал өнім беретін жер көлемі күрт азаюда. БҰҰ болжамы бойынша 2050 жылы әлем халқы 3,3 млрд. өсіп, 9 млрд-тан аспақшы. Түсінетін уақыт келді, жер қыртысы адам өміріне жұтатын ауа мен ішетін су сияқты екенін. Жер қыртысы биосфераның негізі, құнарлы жер қыртысы – адамзаттың аман-саулығы екенін академик Н.Н.Мойсеев айтқан [64].

Осы уақытқа дейін ғаламшар масштабында жер биосферасында және де ноосферада адамзат кооперациясы сирек қойылды. Енді мемлекеттер статусына қарамай, адамзат өркениеті үшін алдағы мүмкін болатын апатты, экологиялық салдарды жою үшін компромистік шешімге баруға тура келеді.

СО₂ бойынша 2020 жылға дейін Киото хаттамасын жетекші елдер АҚШ, ҚХР, ЕО, Үндістан, Ресей мемлекеттерінің өздері орындамай отыр. Сондықтан парникті газдарды қауіпсіз деңгейге дейін азайту, қалдықтарды қысқарту бойынша түбегейлі шешімдерді қабылдау уақыты жетті. Соған қосым-

ша біріншіден, CO₂ қалдықтарына салықтық реттеулер мен қатаң санкциялар енгізу керек, екіншіден, **«жаһандық энерго-экологиялық қор»** құру және осы процесті тұтасымен алға жылжыту мәселесі күн тәртібінен түспегені қажет. Экологиялық дағдарыс басталғанда, шешім қабылдаудың өзі кеш болады.

Егер біз, шынымен, **қоғамды ізгілендіруге** қадам бассaq, онда ХХІ ғасырда қоғам мен табиғаттың үйлесілімдікте дамуы үшін бірінші кезекте – «жалпы адамзаттық өркениет үйін» салуымыз қажет. **Энергоэкологиялық жаһандық стратегияны** Біріккен Ұлттар Ұйымында да қабылдауды ұсынамыз. Энергоэкономиканың кезеңі басталады, яғни әртүрлі апаттар мен экологиялық дағдарыстар болмайтын адамзаттың дамуы, қауіпсіздігі, жайлылығы, қалыптылығы үшін энергияны үнемдеу қолға алынады [1,73].

Ең қиын жағдайда «өлім аңғарынан» тығырықтан шығу жолы – ноосфералық энерго-экологияны өндірісте қолдану және Күн энергиясын, сутекті отынды, магниттік энергияны тұтыну болмақ. Бұл **VI технологиялық укладты** игеруге негізделген ХХІ ғасырдың екінші ширегіндегі жаңа энергоэкологиялық революция, жаңа энерготұтынудың жаңа парадигмасы болады. Осы революциялық серпінді іске асыру үшін әлемдік өркениет серіктестігіне ауқымды күш жұмсау керек.

Қысқаша айтқанда, Қазақстанда көп жылдан бері қордаланып қалған, ластанған, қоқыр-соқыры көбейген табиғатты тазалаумен қатар, адам жанын,

арын, моралін, ой-өрісін, психологиясын, рухани құндылықтарын тазартатын бізге үлкен «**сыпырғыш**» өте қажет.

Осыларды қашан, қалай жасаймыз, ол сіз бен бізге байланысты, ағайын! Қоғамды өзгерткің келсе, бірінші өзің түзел. Ең абзалы, әркім өзінен бастағаны дұрыс.

*Жоғары технологиялар
экономикаға серпіліс
береді*

*Керегіңді шетелден ал,
бірақ соны қазақтың
өз мүмкіндігімен
ұштастыр*

ЖИЫРМА ЖЕТІНШІ СӨЗ

Технология

Бұдан екі ғасыр бұрын ұлы Абай заман талабына қарай жаңаша тіршілік жасауды нұсқап, қазаққа егін, кәсіп, сауданы игеруді меңзеп, ғылым-білімді меңгеру арқылы әлеуметтік-экономикалық реформаның керек екенін айтқан еді. Қазіргі экономиканың даму жағдайында бізге шатаспай, төмендегі екі жолдың біреуін таңдағанмыз дұрыс.

Біріншісі – либерализациялық бағыт. Бұл – қоғамда еңбек пен капитал қайшылығы көп, бай мен кедей арасы алшақтаған, табиғи байлық шетелдік және ұлттық олигархиялық топтардың, компаниялардың мүдделеріне тәуелді жол.

Екіншісі – шағын кәсіпкерлікті жедел дамыту арқылы орта тапты қалыптастыруы тиіс. Бұл – ұлтымыздың шығармашылық,

мәдени-рухани әлеуетіне негізделген, табиғи байлықтарымыз бен қоршаған ортамыздың тұнықтығын бұзбау әрекеті. Сол қалпы келешек ұрпақтың игілігіне, халқымыздың тұрмыстық әл-ауқатын арттыруға бағыттау жолын таңдау болмақ. Яғни, болашақ жеткіншектер – ұл-қыздарымыз бен немере-шөберелеріміздің жарқын болашағына жол ашылады. Қазақстанның 10, 20, 30, 50 жылдан кейін экономикасы дамыған елдер қатарына қосылуына осы екінші жол негіз болады.

Ашығын айту керек, біз жерімізге, қазба байлығымызға сеніп, экономикамызды әртараптандыруды қолдан жіберіп алдық. Мезгілінен кеш бастадық. Қателік өзімізден болды, һәм бұған шетел олигархтарының да әсері болды. Егемендік алғанымызға 30 жыл өтсе де, шикізат мемлекеті ретінде қалып отырмыз. Бұл кешірілмейтін стратегиялық қате әлі көп жылдар бойы дамуымызға тежеу болады. Бұл туралы уақытында айтылған және ұсыныстар да берілген [30,33,39,40].

Дағдарыстың ең ауыры – **техника-технологиялық дағдарыс**. Қазақстанның қазіргі жағдайында сол техника-технологиялық дағдарыстың алдында тұрмыз. Себебі өндірістің, ауылшаруашылықтың техникалық қоры 46-80 пайызға дейін ескіріп тозған, тіпті кейбір салаларында одан да асып түседі. Мысалы, Қазақстанға өте қажет энергетика саласын алсақ, техникалық құрал-жабдықтардың 72-75 пайызының тозығы жеткен. Мұның тікелей ұлттық қауіпсіздікке әсері бар, айталық, Ресейдің Сібірдегі ең ірі Саян-Шуша ГЭС-інің апатқа ұшырап, көп адам мен материалдық шығынның болғанын еске түсірсек те жеткілікті.

Ғылыми-техникалық прогрестің өзегі – мәшине жасау, яғни, техника-технология саласы бізде артта қалып отыр. Қазір дүниежүзінің дамыған мемлекеттері VI технологиялық укладты қалыптастыруда. Олар: нано-биотехнология, гендік инженерия, информациялық-коммуникациялық технология, космостық технология. Бұл салаларда біздің үлесіміз жоқтың қасы. Жалпы, біз технологиялық укладтан 30-40 жыл артта қалып отырмыз. Біз түгілі, Ресейдің өзі әскери қолданбалы ғылымы, өндірісі күшті болса да, VI технологиялық укладтан әлемдегі үлесі 2-3 пайыз ғана. Шетелден келетін технология мен техника бізге қымбатқа түсуде, егер соны өзіміз шығаратын деңгейге жететін болсақ, біздің экономикамыз да оңтайланар еді. Қазір біздегі кезек күттірмейтін мәселе, осы салаларды дамыту болып отыр. Ол үшін, бір жағынан, технологиялар трансферт жолын пайдаланып, ал екінші жағынан, өзіміздің ғылыми-техникалық потенциалымызды қолдана отырып, жаңа зауыт, фабрикалар салу қажет.

«Өзіміз өндірмей, өзіміз өспейміз» деген қағиданы ұстанған жөн. Әрине, ондай жағдайда үлкен инвестиция – қаражат керек. Әсіресе, ғылым мен техниканы қолдау арқылы инновациялық процестерді өндіріске ендіру – кезек күттірмейтін міндет. Себебі жаңа технологияға байланысты ғылымның басымдылығы дүниежүзінде 4-5 жылда бір өзгеріп тұрады. Осыған орай Қазақстанда президенттің жарлығымен **«критический технологияның»** тізімін жасап іске асыру қажет. Егер бұрын критический технологияның не-

гізін әскери сала, қару-жарақ құраса, ал қазір ХХІ ғасыр жаңа білімге әлеуметтік инновацияға басымдық беру керек сияқты. Себебі адамның қажеттілігіне арналған мәселелер бірінші орынға шығу керек. Мысалы Қазақстанға өте қажет салалар азық-түлік, жерімізді игеру, ауылға асар жасау, халықтың санын көбейту, қасаң тартқан сананы жаңарту, тәрбие, көне тарихымыз бен мәдениетімізді қайта жаңғырту, идеология мен діни экстремизм сияқты салаларға инвестициялық басымдықтар беру қажет. Біз осы өзгерістерге ілесе отырып, бастаған істі өзіміздің менталитетімізге, қазақтың ұқыптылығына, алғырлығына, білімділігіне сай етіп жасауымыз керек. «Шетелдің айтқаны дұрыс па, жоқ, әлде бұрыс па?» деп біздің ғалымдардан сұрап жатқан адам бар ма?

Қазақстанға инновациялық даму, жаңа материалдар, «композиттер», ақпараттық технология, космосты игеру, биотехнология, интернет технология м2м т.б. керек. Бұл салалардан біздің кенже қалып қойғанымызды ескеріп, Қазақстанда **«технологиялық даму орталықтарын, технологиялық кластерлер»** құру қажет. Ал оларды ғылыми түрде қамтамасыз ету үшін «Ұлттық ғылыми экспериментальды лабораториялар мен ғылыми мектептерді ашуда, форсайт ізденістерге мемлекеттік деңгейдегі қолдау керек». **Сталин** ғалымдарға уақытында ерекше қолдау жасап, соның нәтижесінде атомдық реакторлар, космосты игеруге жаңа технологиялар келген.

Бізде әрбір 100 кәсіпорынның тек 7 %-ы ғана инновациялық қызметпен айналысатын болса,

шетелде 60-70%-ға дейін, оның ішінде, Германияда 82,5%, Швецияда 75%-ды құрайды екен. Сондықтан жаңа технологияларды енгізу арқылы инновацияны көтеру керек. Бұларды өндіріс, өнеркәсіп орындары мен ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары бірігіп жасағаны жөн. Ғылымның жетістігін нақты өндіріске енгізу тетіктері мемлекетімізде әлі дамымаған [39]. Салдарын кеше коронавирус індеті жайылғанда көрдік.

Бұдан 12 жыл бұрын Астанаға жастарды шоғырландыру үшін мынадай ұсыныс жасаған едім. Жас қаланы жастар арқылы дамытқымыз келсе, Астанаға экологиялық таза 3 зауыт салайық. Ол *тігін фабрикасы* (ақсап тұрған жеңілөнеркәсіпті дамыту үшін өте қажет); медициналық құрал- жабдықтар *фармацевтикалық зауыт* (себебі біз бұл саладан «Давос» форумының бәсекелестігі бойынша соңында 94 орындамыз); *электронды зауыт салынса*. Ал олардың жанынан жастарға арналған арзан жатақханалар мен кәсіби-техникалық білім беру колледжі ашылса. [22 том, 542 бет] Міне осындай жаңа технологиялық ұсыныстар да іске аспай қалды [39].

Экономикамыздың **инженерлік жүйесі** ерекше көңіл аударуды қажет етеді, өйткені, инновация – тек ғылыми қызмет емес, сонымен қатар, көбіне инженерлік сала. Жыл сайын өтетін Дүниежүзілік Давос экономикалық форумында глобалды бәсекелестіктің индексі бойынша Қазақстан 2019–2020 жж. инновациялық дамуда 78 орында. Бұл артта қалу деген сөз. Бір өкініштісі,

бізде өндіріске инженерлер даярлау саласы артта қалып отыр. Мен 70-жылдардың басында Шымкент қорғасын зауытында агломерациялық, қорыту цехтарында алдымен слесарь, соңынан инженер болып істедім. Сонда противогаз киіп жұмыс істейтінбіз. Цехта 6-разряды бар слесарь мамандығы жағынан өте жоғары бағаланатын. Қазір мұндай мамандарды іздеп таба алмайсың. Оларды даярлау керек-ақ. Өкінішке орай, Қазақстанда жоғары технологиядан қанша инженер даярлау керек екенін білмейміз. Ал Ресей жоғары технологиядан 600 мың инженер маман даярлау керек екенін есептеп айтып отыр, іске де кірісті. Бұл саладағы жоғары оқу орындарының инженерлер даярлау деңгейі бізде сын көтермейді. Бұрынғыдай студенттерді 1-2 жыл зауытқа жіберіп, тәжірибеден өткізу ісі тіпті тоқтаған. Шетелде мұны дуальды оқыту арқылы жолға қойып алған. Қазір кәсіби-техникалық білімнің аздығынан өндірісте істейтін инженер, мастер, бригадир жетіспейді.

Қазақстанның индустриялық аймақтарында **«инженерлік орталықтар»** салу қажет. Сол жерде жаңа өнім және кадр дайындалатын болады. Қазақстанның әлемде бәсекелестігін күшейтуге уақытысында атсалысқан М.Жәкішевтің **«Қазатомпромы»** болса, қазір соны жалғастырып мемлекеттік корпорация **«Қазақтехнология»** құру керек. Бұл корпорация жаңа технология өндірісін басынан бастап жасап, өндіріп сатуға дейін барлық жүйені біріктіретін болады. Осыған қоса Қазақстанда тағы бір ірі Мемлекеттік корпорация құру қажет, ол **«Қазақбиотехнология»** болу

керек. Бұл биология, АПК, медицина, биологиялық кластерлерді, ғылыми зерттеу институттары, университеттерді біріктіретін болады. Сонда бұл Мемлекеттік корпорациялар әлемдік деңгейге шығып Қазақстанның мәртебесін көтеруге өз септігін тигізері сөзсіз. Әрине бұған да ҚР Президентінің саяси күш жігері керек.

Елімізде жақсылы-жаманды өндіріс зауытын салудамыз, ал «адам зауытын» салу қиынның қиыны-ақ. Біз осы екі зауытты да толыққанды салып, бірге игергенде ғана басқалардан озуымыз мүмкін. Рухты тазартудың технологиясын табу ең өзекті.

Батыс Қытай – Батыс Еуропа жолы, қазақ-қытай, мұнай-газ құбырлары сияқты халықаралық жобаларда шетелдіктер емес, негізінен қазақ маман инженерлері, техниктері жұмыс істегені дұрыс. Мұны Заңмен шегелеп істету қажет.

Біздің ел жаңа технологияны меңгермей және информациялық білімін көтермей, өндірістің инновациялық пәрменділігін дамыта алмайды. Керісінше, ғылыми техникалық прогресті және интеллектуалдық дамуды тежейді. Ал әлем көп алға кетіп қалды. Оны ескеруіміз керек. Қазіргі әлемді **информация** ұстап тұр: компьютер, адам, бизнес, заңдар, саясат, қауіпсіздік, экономика, қаржы, технология, мәдениет, т.б. Бұл – адамзат дамуының бір сатысы ретінде жаңа **информациялық қоғам пайда болды** деген сөз [40].

*Түпкі мақсат – кәсіпкерлікті дамыту арқылы
халықтың материалдық жағдайын түзеу,
рухани биік қоғам жасау*

ЖИЫРМА СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Кіші кәсіп

Абайға жүгінсек, ол: «уақытысында орысты да, ноғайды да, сарт-өзбекті де, т.б. сөз етіп, оларды келемеж етіп, менсінбеуші едік. Ал қазір қарап тұрсам, солардан үйрену керек, еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда», – дейді. Әрине, заман өзгерді, егемендік алғалы даму үрдісіне қарасақ, біз Абай айтқан басқа елден кем емеспіз. Қазір де өзбек ағайын озып барады. Олардың халқының 5 миллион шетелде жүргендері Өзбекстанға жылына 20 млрд. АҚШ долларын алып келеді екен. Бұл мемлекетіне үлкен көмек. Ал біз болсақ сыртқа шашудамыз. Олар өз тауарларын өндіруден алда, әсіресе жеңіл өнеркәсібі, бау-бақшасы, сауда-саттығы, қазір логистиканы қатты қолға алуда. Біз ғаламдану процесіне кірдік, дүниежүзі елдерімен бәсекеге түсіп, экономика жағынан соларға жету үшін жан-жақты дамуымыз қажет. Бұл жерде «әттегенайымыз» да жеткілікті.

Осы кезге дейін көп қазақтың идеалы – кәсіпкер-инноватор емес, бастық-шенеунік, ақ-жағалы болу болып келді. Бұны да сол кезеңдегі сананың, қабылдаудың кемшілігі деу керек.

Нарықтық жүйеге көшкен 90-шы жылдарда ә дегенде қарапайым халық нарықтық жүйенің не

екенін түсінбей, сендей соғылысып қалды. Кәсіп дегеніміз – алыпсатарлық деген түсінік болды. Көпшілік, әсіресе әйел балалары ала қап арқалап, үлкен қалалардан, әрі кетсе, Ресей, Қытай, Түркиядан зат тасыды. Өмірде маңызды оқу осы деп, балаларын заңгер, салықшы, экономистің оқуына түсірді. Сол себепті, бұл мамандық иелері елде қазір жетіп артылады, бірақ бәріне жұмыс қайдан болсын? Жеке нотариалдық кеңсе, т.б. ашып алған заңгерлер болмаса, көпшілігіне басқа кәсіппен айналысуға тура келген. Шенеунік, бастық болуға жаппай ұмтылу жемқорлыққа тыйым болмай отырған елде тендерге жақын болу, жеке кәсібі барларға үстемдік жүргізу, т.б. дегенді білдіреді. Биік лауазымға біздің елге тек тамыр-таныс арқылы жетуге болатыны рас. Байлық көздеріне қол салып, әп-сәтте байып шығу – жайлы орынтаққа қолы жеткен адамға қиын емес. Осы себептен де, егемен ел болған алғашқы күннен бастап, қолында мөрі бар лауазым иелері тез байып шыға келгені өтірік емес.

Қағазбастылық, салық, т.б., өкінішке орай, елдегі кіші және орта бизнестің дамуына қазірдің өзінде көп кедергісін келтіруде. Тексерістің көптігі кіші кәсіптің жолын байлады, салықшылары бар, басқалары бар, кәсіпкер ісінен «қате тауып», ақша бопсалауға әуес болды. Бірақ бұл бассыздыққа мемлекет тарапынан тыйым болып, заң да шықты. Осындай қиыншылықтарға қарамастан, елде кіші және орта кәсіптер ашыла бастады. Қоғамның сұранысына орай, жиһаз жасау, құрылыс материалдарын сату, көлік жөндеу, т.б. кәсіптер көптеп ашылды. Дегенмен, елде халықаралық нарық дең-

гейіне жеткен орта, үлкен зауыт-фабрикалар әлі де болса жоқ. Оның себептері: мемлекет тарапынан қолдаудың болмауы, бюрократия, банк бөлетін несиесі пайызының жоғарылығы, үнемі өсіп отыратын инфляция, т.б.

Біз қазір үлкен-үлкен құрылыс корпорацияларынан басқа, үлкен өндірістік, жеңіл өнеркәсіп салаларындағы кәсіпорындарды атай алмаймыз. Олардың да кімдердің қолында екенін халық біледі.

Ешқашан бітпейтін елдегі кризис те өз дегенін жасады. Сол себепті, бүгінде біздегі кіші кәсіптің жалпыұлттық өнімдегі үлесі 20-ақ пайыз. Ал дамыған шетелдерде 50-70 пайызға дейін. Оларда 70-80% кіші кәсіп арқылы жұмыспен қамтамасыз етілген. Салааралық құрылым бойынша бізде кіші кәсіптің дені – әлі де саудада, ол 40% мөлшерін құрайды. Біз осы деңгейден әлі де өсіп шыға алмай отырмыз.

Сол сияқты, кіші кәсіптің үлесі өндірісте, машина жасауда 3-4%, әлеуметтік салада 2-3% - ақ. Біздің **пайдаланбаған мүмкіндігіміздің** өте мол екендігін осыдан-ақ білуге болады. Ал ақиқаты сол, «кіші кәсіп – біздің экономикамыздың арбасын өрге сүйрейтін өгіз», сондықтан оны дамыту керек. Бұл мәселеде Үкімет пен университеттердің, ғылыми зерттеу институттарының мүмкіндігі жоғары. Біріншісі қаржы жағынан, салықты азайту жағынан т.б. іс-шаралар мен кәсіпкерлікті тікелей қолдаса, екіншілері кадр дайындау, білім, ғылыммен қамтамасыз етумен айналысады. Әр үлкен, кіші қалаларда, әр аудан орталығында, партия үйін сала бергенше, кіші

кәсіп үйлерін, мекемелерін салып, сол бір жерде кіші кәсіп ашу, несие алу, бизнес-жоспар жасау, заңды білу т.б. үйретсе, алға кетеміз.

Түптеп келгенде, біз Қазақстанда бүкіл **қоғамдық-рухани және кәсіпкерлік қоғам** жасасақ, онда әлемде барынша бәсекелестікке қабілетті ел бола алар едік. Осы мақсатқа жету үшін **автор бірінші рет шағын және орта кәсіпкерлікті үдемелі дамыту мегажобасын ұсынып отыр. Бұл 9 ірі жобадан тұрады.** Олар: кіші, орта және үлкен кәсіпкерлікті кооперациялау, жастар кәсіпкерлігін қолдау, кәсіпкерлік университеттер құру, маман дайындау, кіші кәсіптің инфрақұрылымдық жобасы, ақпараттандыру жобасы, кіші кәсіпті ауылда дамыту т.б. Егер Үкімет, Парламент, қоғамдық ұйымдар осы жобаны қолға алып, тікелей инвестиция құйып, іске асыратын болса, біз бұрын қол жетпеген өте биік жетістіктерге жетер едік. Бұған үлкен ерік-жігер, саяси шешім қажет. Бұл жағдайда кіші кәсіп экономиканың өсуінің ең негізгі факторы болып **ұлттық идеяға айналады.** Кіші кәсіп үлкен ұлттық іске ұласады [1,39,40].

Жылда өтетін Дүниежүзілік Давос экономикалық форумының глобалды даму көрсеткіші бойынша Сингапур әлемдегі ең дамыған «бестіктің» ішіне кіріп отыр. Бұл елдің аспанға шарықтауының сыры неде десеңіз, ол инфрақұрылымын дамытып, білім, ғылым, спорт, **кіші кәсіпкерлікті үдемелі қолдады;** елдегі нарықтық экономиканы дамытуда барлық салада сыбайлас жемқорлықтың болмауын қатаң қадағалауда ұстады; біріккен қор,

т.б. іс-шаралар арқылы инвестициялар ұйымдастырды. Осы мақсаттардың іске асуын мұқият бақылауда ұстап отырды. Менің бар арманым, Қазақстанды да осындай биікке жеткізу. Ол үшін өзім осы кезге дейін ұсынған ой-толғамдарымда әр саланың дамуы үшін нақты ұсыныстарымды беруге тырыстым. Яғни, «үйренуге тұрарлық керегінді шетелден ал, бірақ қазақтың ойымен жүзеге асыр» деген қағиданы ұстану керек.

Кіші және орта кәсіпке жол ашу – басты мәселе. **Шағын және орта кәсіпкерлікті** жедел дамытуды қатты қолға алған жөн, ол экономиканың дамуының өзегіне айналғанда ғана ел экономикасында ілгерілеушілік болады. Бұл кәсіптер жүрсе, жұмыс орындары көптеп ашылып, **«кіші кәсіп – елге нәсіп» болар еді.** Сонымен қатар Қазақстанда **шағын инновациялық кәсіпкерлікті** ерекше дамыта отырып, жаңа заң қабылдануы керек. Бұл экономикамыздың өсуіне үлкен септігін тигізеді. Себебі дүниежүзінде негізгі инновациялық жаңалықтар осы кіші кәсіпорындарынан шығады. Бізде кіші кәсіпті қолдау саясаты әлі де нашар, әсіресе салықтан босату керек.

Жас кәсіпкерлердің инновациялық тың идеялары мен стартап жобаларын қолдау қажет. **Олар «Болашақ» арқылы оқып келіп, алып келген жаңалығын қайта шетелге арқалап кетіп жатыр.** Себебі АҚШ-тың Кремний даласында, Google, т.б. компаниялар олардың біліктілігіне қарай қуана-қуана жұмыс ұсынууда. Біз болсақ, елдің бақуатты болашағына қызмет ететін «милардан» айрылып қалып жатырмыз. Біз олардың

мүмкіндігін елімізде пайдаланып, оларға тиісінше жағдай жасасақ, олар келер еді.

Кіші кәсіппен айналысқандарды 1-2 жыл салықтан босатып, сонан соң табысына қарай біртіндеп салықты көбейтіп, несие саясатын 3-5%-ға түсіру қажет. Жөнсіз тексерісті тоқтатқан жөн. Ал бізде кәсіпкерлер билік пен құқық қорғау мекемелерінің сауын сиыры сияқты, «сүт шықса да, шықпаса да сауады», сөйтіп, дегенін алады. Принципшіл батыл адамдар бұған төзбей, ашық қарсы шығады, көбі қолын бір сілтеп кетеді, не «бетегеден биік, жусаннан аласа» болып көне қояды. Жаңа қоғамдық жүйеде әрбір азамат өз мүмкіндігінше халыққа қызмет етуі керек. Олай болмаған жағдайда ілгері дами алмаймыз. Мен ғалым ретінде 1992 жылы шағын кәсіпкерлік туралы алғаш кітап жазып, оны билік басындағыларға ұсындым. Содан 5 жылдан кейін ғана кәсіпкерлерді дамыту туралы Президенттің жарлығы шықты. Жалпы, облыс, қала, аудан әкімшіліктерінің жылдық еңбегін кіші және орта кәсіптің деңгейімен бағалау қажет.

Біз кіші кәсіпті тұншықтырмай, керісінше дамыту арқылы бай-қуатты **орта тапты белгілі деңгейде қалыптастыруымыз керек.** Сол буынның білімі, біліктілігі, рухани және саяси белсенділігі жоғары болса, қоғам алға жылжиды. Осы жағдайда ғана барлық әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелер өз деңгейінде шешіледі, әр отбасының, жалпы халықтың әл-ауқаты көтеріледі, ел тұрақты түрде дамиды.

Келешектің технологиясын енгізуге көп қаржы бөлінуі керек. Жаңа салалар бойынша (жаңа материалдар, энергосресурстар, гибридік машиналар, сутекті батереялар, жаңа энергия көздері, отынның түрін пайдалану, нанотехнология, урбанизм, т.б.) ғылыми институттарда, университеттерде, өндірісте ғылыми-зерттеулер жасаған дұрыс. Осылар арқылы дүниенің «көрінбеген сырын» ашуға, келешекті болжауға болады.

<i>Партия қуған өңкей қырт, Жазылмайтын ол қылқұрт. Мен тартам ел қайғысын, Әкімі – залым, биі – әңгүрт. Шәкәрім</i>	<i>Ақиқат пен әділеттікті бірініші болып биліктегілер ұстанса, заман көші түзелер еді</i>
--	---

ЖИЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Қазақстанды басқару жүйесі

Абай «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – бек зор Өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Екіншісі – ол адам есепсіз бай болуы керек. Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен, не жерлеп, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес», – деген [2]. Абай жанына батқан осы сөзді қатты айтса да, ол тек сол уақытқа, кезеңге байланысты айтылған деп түсіну – жаңсақтық. Мысалы, алпауыт Америка өзін ең демократиялы ел санайды. Ол елде Президент

сайлауының өз заңы бар. Президенттік сайлауға түсетін адам, әуелі, Абай айтқандай, бай адам болуы да мүмкін. Бай адам паракорлыққа бармайды, себебі, онда ақша жетеді. Елдің дегенімен санасып, «қорқытпай, параламай, ақылмен» төрт жыл басқарады. Егер елге жақса, тағы төрт жылға сайлануы мүмкін. Бірақ мерзімі біткенде, орнына басқа адам келеді. Біздегі сияқты әбден тамырланып, отырған орнынан айрылмай қою деген ондай демократиялы елдерде жоқ. Осы жағынан Абай ойы адамзат биігіне лайық демеуге бола ма?!

Дегенмен, Абай *«қорқытпай, параламай, ақылмен, не жерлеп, не сырлап айтқанменен, қазақты ешнәрсеге көндіру мүмкін емес»* дегенді де айтқан емес пе? Бұл жерде ұлы данагөй біздегі қазіргі қоғамның келбет-кескінін дөп басып танып тұрғандай, жағдайды алдын-ала болжағандай көрінеді. Бұл жерде екеуі екі континентте жүрсе де, ұлы Абайдың ілімінің әлемнің гениі К.Маркстың идеясымен ұқсастығын айтқым келеді.

Дегенмен, егемен ел болдық, дамып келеміз, көп білгеніміз, оқығанымыз да бар, жастарды шетелге оқытып та жатырмыз, дамыған шетелден тәжірибе де алып келеміз. Бірақ «Қазақстанда бәрі жақсы, бізде бәрі тұрақты, әлеуметтік және дінаралық ынтымақ берік» дегенімен, бұл – 30 жыл бойы ауыспай, әбден іріп-шіріген, өз ресурстарын тауысқан қазіргі биліктің алдарқатқан сөзі ғана. Қарапайым халықтың наразылығы қазір жиі байқалып жүр. Ешқашан бітпейтін елдегі инфляция жалақының аздығына, азық-түліктің

қымбатшылығына алып келді. Бір жалақы пәтер жалдауға, тамағың мен коммуналдық төлемдерге бірде жетіп, бірде жетпейді. Халық баспана мәселесін жиі көтеруде. Пәтер үлескерлері, ипотеканың ақшасын төлей алмай қалған халық, баспана сұраған көп балалы ата-аналар жиі наразылық жиындарын өткізуде.

Сондықтан қателіктерді, ең алдымен, өзімізден іздеуіміз керек. Қарап отырсаңыз, мемлекетті басқару жүйесінде қарама-қайшылықтар, саяси құрылымындағы біржақтылық, сайлаудағы бұрмалаушылық, шарықтап кеткен сыбайлас жемқорлық, т.б. көп. Біздің қазіргі жағдай өздеріңізге мәлім. Күйеуге беретін қыздың жасауын жасағандай қылып: «Ойбай, біздің экономикамыз өсіп жатыр», – дегеннен әрі аса алмай отырмыз. Бізде талант иелері жоқ емес, болған және болады да. Билік жүйесі олардың да жолын ашпай отыр.

Дамуымыздың ең басты басымдықтары: рухани құндылықты жаңғырту, сыбайлас жемқорлықты жою, кәсіби біліктілікті арттыру, демократиялық жүйе жасау.

Демократиясыз басқару – тиімсіз. Нақты айтар болсақ, қазіргі Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесінің кәсіби біліктілігі төмен деңгейде, әсіресе өндіріс, технология жағынан мамандар аз.

Жоғары лауазымды Үкімет, Парламенттегілер, прокурор, полиция, әкім-қаралар, т.б. өздерінің билікке халық сенімін ақтауға келгенін сезінбейді, 30 жылға жалғасқан бұл дерттің ендігі аузы ашылып, жарылайын деп тұр.

Себебі бұлардың қай-қайсысы да өздерінің жоғары лауазымын пайдаланып, ә дегеннен бағыт-бағдарын жоғалтып, өздерін елдің ең қадірлісі деген түсінік қалыптастырып, халықтың жағдайын формалды түрде қарап, өз жеке шаруасына келгенде, қызметін пайдаланып, отбасы, туысы, өздеріне қызмет ететін айналасын бекітіп баюға кіріседі.

Бұған мысалдар жеткілікті және бұл жағдай халықтың көз алдында күнделікті көрініс беріп жүр. Бұлардың алдында «мен» деген халық арасынан шыққан кәсіби таланттар (ғалым, жазушы, әртіс, спортшы, ұстаз, кәсіпкер, дәрігер, банкир т.б.) құрдай жорғалап, қызмет етуге тырысатыны өкінішті-ақ. Ал табанының бүдірі барлары қанша таланты болса да, тіпті жаңалық ашып жатса да, халықаралық маңызы бар өнер тауып жатса да, биліктің дұрыс назарында болмайды, керісінше, барлық нәрседен шеттетіледі. Әкімшілік жүйе бұлардың әр қадамын бақылап, ол туралы жоғарыға жиі-жиі есеп беріп отырады. Бұдан соң, енді өз күшіңмен, адал еңбегіңмен шығып көр. Шетелге кетіп қалмасаң, жол жабық. Сонда қалай өсеміз?

Мұхтар Мағауин, Болат Атабаев сияқты қаншама білікті азаматтарымыз, мықты бизнесмендеріміз, ғалымдарымыз қазір шетелде жүр. Олар шетелде еріккеннен жүрген жоқ. Жүрегі «қазағым, елім» деп соқса да, солай етуге мәжбүр болған.

Қаншама жастарымыз «Болашақ» бағдарламасымен шетелден оқып келді. Ашығын айт-

сақ, кейбіреулері елге келіп, жұмыс таба алмай, ал таба қалса, біздегі паракор, бюрократ жүйеге шыдай алмай, қайта кетіп қалып жатыр. Бұлардың бәріне жол ашылғанда ғана бізде толыққанды демократия орнай бастайды. Өз бетін аямаған кісі сорлы қазақтың бетін шиідей қылады дейді. Айтпасыма болмады. 30 жылда көзі ашылмай-ақ қойды, осындай жағдайға түсті. Бұл «пародокс», бір қарын майды бір құмалақ шірітеді деген рас екен. Мұны Лао-цзы былай айтып кеткен. «... *Видимая неразумность может оказаться глубочайшей мудростью, а с виду убедительное мнение – хитро замаскированным предрассудком*». Осылай 30 жыл жүрдік, заңдарды көп қабылдаған сайын, заңбұзушылық, жемқорлық одан ары күшеюде. Мемлекет моралды адамды жасай алмады, себебі биліктің өзі таза емес. Елде заңбұзушылықпен, заңмен күресуге болмайды деген пікір бар. Себебі, заңдарды айналып өтуге жағдай жасалған. Айналып өтсең, оның несі заң?

Сонда қалай тиімді басқарамыз?

Егер біз ХХІ ғасырдың жаңа талабына сай дамығымыз келсе, **Қазақстанда түбегейлі өзгерістер жасалу қажет**. Ат төбеліндей ғана қазақ халқының басы қосылмаса, ынтымақты болмасақ, айналадағы алпауыттарға жұтылып кетуіміз хақ. Себебі, біздің қыруар табиғи байлығымызға АҚШ, Қытай, Ресей, Еуропа елдері өздерінің трансұлттық компаниялары арқылы қол салып, дегенін істеп, тағы да көз тігіп отырғаны шындық.

«Мен» деген дүниежүзін аузына қаратқан Кеңес Одағының да өз ішінен қалай күйрегенін білеміз.

Қордаланған проблемаларды шешу үшін **Мемлекетімізге түбегейлі модернизация** жасау керек: *саяси* модернизация, *әлеуметтік* модернизация, *экономикалық* модернизация, *рухани* модернизация, *ғылыми-техникалық* модернизация.

Халқымыздың келешегі жайындағы ұсыныстарымды билік басына талай рет жазып бергенмін. Бұл жерде айта кететін жайт, осы егемендігімізді алғалы бері Үкіметке, әсіресе Елбасына Конституция кепілі ретінде еліміздің дамуындағы әртүрлі салалар бойынша 30 жылда 40-тан астам концептуалды ұсыныс-хаттар жазып беріппін. Оның біразы іске асты, біразы өз кезегін күтуде. Берген ұсыныстардың тізімі 1-қосымшада көрсетілді, ал оның толық мазмұнын 33 сілтемедегі кітаптан табуға болады [39].

Парламентте көппартиялық демократиялық жүйе орнайды. Бізге қазір ең жетпей отырғаны осы. Біздің бүгінгі Парламентте «қол көтер» десе бәрі көтереді, «түсір» десе, бәрі түсіреді. Пікірталас, шындыққа жүгіну, қарсы дауыс беру, қалыс қалу деген жоқтың қасы. ***Абай айтпақшы: «Көп айтса болды, жұрт айтса көнді, әдеті надан адамның» болғаны ма?***

Бір-екі белсенді, адал депутаттар болған еді, олар да шығып қалды. Себебі қазіргі билікке оның позициясын бірауыздан мақұлдайтын депутат керек. Халық арасында ондайларды

«қалтадағы парламент, таза жолмен сайланбаған депутаттар» деседі. Менің 4 рет Парламент депутаты болып, шетел тәжірибесін көріп, көзімнің жеткені, тек көппартиялы демократия жолымен сайланған Парламентте, елде болып жатқан бар шындық айтылады, пікірталас болады, әртүрлі ойлар айтылып және консенсус арқылы жақсы ұсыныстар іске асады. Тек осындайда ғана біздің елде прогресс болуы мүмкін. Дәл қазір бізде Парламент *«тоқалдың»*, Үкімет *«бәйбішенің баласы»* сияқты.

Елде пара бермейтін, пара алмайтын адам азайып бара жатыр. Шындығында, ағайынгершілік, жерлестік, жүздік, кландық, сыбайластық сияқты теріс үрдістің түбіне балта шабатын кез келді. Әйтпесе, ел болып жарытпаймыз.

Белгілі саясаткер Н.Макиавелли: *«билік екі жолмен жүреді: бірі – заң арқылы, екіншісі – күш арқылы. Заң — адамзатқа тән жол, күш — хайуанға тән жол», – дейді [49].* Бір өкініштісі, бізде заңды аяқасты ету үйреншікті нәрсеге айналып, күшке сүйенуге басымдылық беріліп отыр.

Халықтың сенімінен шығу үшін партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың арасында шын мәнінде **ұлттық келісім керек**. Ат төбеліндей қазақтың ешқайсысын шеттетпей, Мемлекетіміздің саяси және қоғамдық дамуының Ұлттық басымдылықтарын жасау, ынтымақ, бірлікті күшейту қажет. Ақылға салса, шешілмейтін мәселе жоқ. Ол үшін Конституция гаранты ретінде Президент жанынан **«Қоғамдық Палата»** ашылып, елдің

білікті де білімді азаматтары бір жерде бас қосып, қоғамдағы ең өзекті мәселелерді талқылап, тиімді жұмыс істегені дұрыс. Басқосудағы айтылған сөздер, іс-шаралар теледидардан ашық көрсетілуі қажет, БАҚ жариялауы керек. Басқосудағы айтылған сөздер жайындағы ұсыныстарым билікке жіберілген болатын [40].

Тиімді басқару жолына келсек, **біріншіден**, мемлекеттік шығынды 15-20%-ға, көпдеңгейлі биліктің аппаратын кем дегенде 20-30%-ға қысқартқан жөн. Ысырапсыз, шығындарды барлық деңгейде азайту керек. Бұдан үнемделген миллиардтаған қаражатты рухани, әлеуметтік салаға бөлген дұрыс.

Екіншіден, білікті, кәсіби кадр даярлау бағдарламасын жасап, жүзеге асыру саясатын қолға алу қажет, әсіресе, инженер-технологтарды даярлау керек.

Үшіншіден, Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабылмайынша, миллиардтаған қаржы құмға сіңгендей, «жеке қалталарға» құйыла береді.

Төртіншіден, қаржы-салық жүйесін жаңаша реттеу керек: байларға салық көрсеткішін еселеп көбейтіп, ал кіші кәсіпке жеңілдеткен дұрыс.

Бесіншіден, Қазақстанда демократиялық процесті іс жүзінде жүргізуге тиістіміз. Мемлекеттің саяси мақсаттары өте нақты әрі сенімді болу керек.

Жаңа заман, жаңа талапқа байланысты барлық шығынды күрт азайтып, **Мемлекетті басқа-**

рудың жаңа жүйесіне (моделіне) көшу керек. Сол кезде жаңа кадр саясаты, жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық реформа адамның тыныс-тіршілігіне тікелей әсер етері анық, сонда ғана халық билікті қолдайтын болады. Ең дұрысы, билік осы өзгерістерді өзі бастағаны жөн, өзі мұрындық болуы тиіс. Сонда ғана, осындай өркениетті ісі арқылы билік, шынында да, қоғамның саналы әрі салауатты күшіне арқа сүйей алады.

Өз басым ғалым және қоғам қайраткері ретінде билікті жаңа өзгерістер мен соны өрістерге шақырамын. Бұл заман – ұйықтайтын заман емес. Қазақ аштықтан да, соғыстан да аман шыққан. Ал бәсекелестікті күшейтіп, осы дағдарыстан шығу, дүниежүзілік жаһандану процесінің көшіне ілесіп кету – соғыстан да, аштықтан да әлдеқайда күрмеуі қиын мәселе.

Бұл – терең ақыл-оймен, білім-ғылыммен жүзеге асатын шаруа.

Қазақта «қасысаң — қаның шығады, қасымасаң — жаның шығады» деген сөз бар. «Ақырын айтсам, ақым кетіп барады, қатты айтсам, қарындастың көңілі қалады». Сол «қарындастар» билікте жүргендер ғой. Неге оларды «қарындасым» деп аяуым керек. Олар халық үшін жұмыс істемей ме? Мықты болса, ғылыммен айналысып, ғылымға келіп жұмыс істесін. Билік басында жүргендердің бәрі де бір-бір ғылым докторы, кандидаты. Өздері қорғап алғаннан кейін, Ғылым Академиясын, т.б. бәрін жауып тастады.

Енді Қазақстанда диссертациялар қорғалмайды, жас ғалымдар шетелдерге барып қорғап келуге мәжбүр. ТМД елдерінің бәрінде бар, тек Қазақстанда ғана сапалы ғылым кадрларын даярлау мәселесі ақсап жатыр. Дегенменде таяқ лақтырсаң академиктерге тиетін болды.

Ең өкініштісі, біздің егемендіктің мүмкіндігін, ата-бабаларымыздың арқасында қалған табиғат пен жер байлығын және ұлы Абайдың ілімін тиімді пайдаланбағанымыз жанға батады. Тағы да ескертуге тура келіп тұр: басқару жүйесі тиімді болу үшін жоғарыда айтылғандай, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабылуы тиіс, әйтпесе, келешектегі жақсы іс-шаралардың шешілуі қиынға соғары анық.

Түйінді ой ретінде айтарым, алдымыздағы екі онжылдықтағы ең басты қиындық – **Мемлекетті тиімді басқару жолы және кәсіби біліктілік болмақ.**

Парламентке келген партиялар мен депутаттардың дүниежүзілік талапқа сәйкес жауап беретін істер жасауы, демократиялық процестердің тиімді жүрізілуі арқылы ғана олар халықтың басым көпшілігінің сеніміне ие бола алады. Оны тек халықтың, әр отбасының өмір сүру сапасынан, деңгейінен көруге болады. Сократтың сөзі бар: «я иду в будущую жизнь, не могу взять с собой никакого имущества, но после меня остается философия...» Қазақтың белгілі азаматтарына айтқым келеді, әлі де кеш емес, ойланыңыздар [58].

Еліміздің жарқын болашағына сенімді әрбір азамат өзін өмір сүріп жатқан қоғамның заңды

мұрагері ретінде, жер мен табиғи ресурстардың шынайы иесі екенін отансүйгіштікпен дәлелдей алған жағдайда ғана Қазақстанның гүлдену, мәңгілік ел идеясы сөзсіз жүзеге асатын болады.

Шынында да, біз көп жылдар бойы күнкөріс қамы үшін өмір сүріп келдік, ал енді жақсы қоғам үшін қызмет ететін күн туды. Біз қазір жаһандану кезеңіндегі жолайрықта тұрмыз: не бағыт-бағдарды түбегейлі өзгертіп, тез дамуымыз керек, не ескіше жүріп құрдымға кетуіміз мүмкін. Мұндай іске уақытысында трансформация жасау, ілуде біреуі болмаса, кез-келген мемлекеттің қолынан келе бермейді. Оны Қытай дәлелдеді.

Мұндай өзгерісті жасау дүниежүзілік кризис, климаттың жылынуы, саяси-әлеуметтік қақтығыстар, коронавирус және басқа да келеңсіздіктер уақытында болмақшы. Бұл да өте ауыр тиеді. Мұндайда бүкіл ел болып, биліктің 3 тармағы, азаматтық қоғам, бизнес элита, барлығы ынтымақтасып сағат механизмі сияқты мемлекетті басқару реформасын жүргізу керек. Ол 30 сөзде берілген.

Қазақстанда, Алматыдағы 2022 ж. қаңтардағы қанды оқиғадан соң қазір жаңа мүмкіндік туып отыр. Ол үшін ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев халықты қалқан етіп, қолына жоғарыда айтқандай, бір үлкен сыпырғыш алып, 30 жыл бойы жиналған қоқыс-соқысты сыпырып тастап өзі айтқан «Жаңа Қазақстанды» жасау керек. Президент осындай батырлық күреске бара алама? Егер барса менің ұсыныстарым осы кітапта.

*«Өміріңді сарп қыл
өлгеніңше, жоба тап,
жол көрсет, келешек
қамы үшін»*

Шәкәрім

*Мемлекетті басқа-
руға лайық біліммен
қатар ең керегі жаңа
сезім арқылы көреген-
ділік*

*Қандай қоғамның да
түп негізі – мемлекетті
тиімді басқаруда*

ОТЫЗЫНШЫ СӨЗ

Мемлекетті 5-тік спиральмен жаңаша басқару

XXI ғасырда әлем күрт өзгеріс үстінде. Біз соны сезіп, дер кезінде экономиканы да, саясатты да трансформация жасап, басымдылықтарды күрт өзгертіп елімізді дамытуда жаңа серпіліс беретін деңгейге шығуымыз керек.

Қазақстанда 30 жыл бойы қалыптасқан бюрократиялық, автократиялық басқару жүйенің әлемде болып жатқан жаңалықтарды тез арада қабылдауға, экономиканы жаңа жолдармен, тетіктермен басқаруға мүмкіндігі жоқ. Себебі президент, Үкімет, Парламент басында отырғандардың ойлау жүйесі бұрынғыдай шикізат экономикасына лайықты. Ескі жүйеден жаңа басшы шықпайды. Себебі Қазақстанда билікті басқару жүйесі совет одағының әдісімен жүруде, экономика тек қаржыны бақылауда және билікті ұстап тұру үшін жұмыс істеуде. Мұның арты жақсылыққа алып бармайды.

Жалпы кадр саясаты ескірген, қазіргі интернет, цифрландыру, жасанды интеллект, жаңа

технологиялардан олар алыс. Ол үшін басқару жүйесіне жаңа ойлы, кәсіби, әлемдегі жаңа үрдістерді тез қабылдап шешім жасай алатын талантты жастар керек. Жастар әлем жаңалықтарын тек қабылдап қана қоймай, оларды қазақтың менталитетімен, көзқарасымен мүмкіндігіне қарай лайықтап іске асыру қажет. Осы жерде жастарға көненің жақсысын білетін ақылды ағалары көмекке келу керек. Бір сұрақ туады, кадрлар бар дейік, енді олар қандай әдіспен елімізді басқару керек, басқарудың әлемде жаңа философиясы неде деген? Бұл жерде әлемді жайлаған торлы экономикаға жаңа білімнің керек екені анық.

Осыған орай мемлекетті ХХІ ғасырда басқарудың нақты іс-қимылына көшетін болсақ, әлемдік өркениет дамуын зерттеген маман ретінде *5-тік спираль негізінде мемлекеттік басқарудың жаңа парадигмасын* ұсынамын. Олар мемлекет, бизнес, ғылым, қоғам және адам қажеттілігі, ақпараттық жүйе сынды мемлекетті тиімді басқарудың 5 базалық элементтерінен тұрады. Әр блок бойынша жобалар мен тетіктері дайындалды. Егер біз осы бес блокта, бір сағаттың тетігі тәрізді жұмыс істесек, алға тез жылжымыз. Олар іске қосылуға дайын тек саяси шешім болса! Әлемде аналогы жоқ бұл жобаны халықаралық конгрессте, конференцияда таныстырып, баяндамалар жасадым.

Енді біздегі жағдайға келсек Қазақстанда экономиканы үкімет пен бизнес, яғни екіжақтық (мемлекеттік және жеке) серіктестік арқылы құра-

тын үлгі қалыптасқан. Қазір бізде оны мемлекет пен бизнес іс-әрекеті (ГЧП) дейді. Кейде базбіреудің я мемлекеттік қызметте жұмыс атқаратынын, я үлкен бизнесмен екенін ажырата алмай жатамыз. Тек істі болып, ұсталып жатқан кезінде ғана оның үлкен лауазымды қызметте отырғанын халық біліп қалады. **Осындайда билік пен бизнес сыбайлас болып кетті демей не дерсіз?**

Алайда, дамыған елдер тәжірибесіне қарасақ, оны *мемлекет, бизнес және ғылымның* жетістігін іске асыру арқылы (3-тік спираль) бірлесіп атқарады. Бізде ғылымның жағдайының мүшкіл екені айтпаса да түсінікті. Ал ХХІ ғасырдағы әлемдік өркениет талаптары, меніңше, 5-тік спиральға мұқтаж, *яғни мемлекет, ғылым, бизнес, қоғам және ақпараттық жүйенің өзара әрекеттестігі*. Осыларды бір ерекше адами көзқараспен, жаңа сезіммен жүргізе білу. *Ерік-жігер, табандылық пен патриотизм әрқайсымыздың бойымызда болса, келешекке деген сенім де болады!*

Біз «бестік спираль» концепциясының негізгі элементтерін ұсынамыз. Бұл «бестік спиральмен» басқару: мемлекет, шағын, орта және ірі бизнес, ғылыми зерттеу институттары мен университеттер, адам және қоғам қажеттіліктері сондай-ақ ақпараттандыру сынды бес блоктан тұратын механизм түрінде ұсынылған.

Мұнда әр блоктың негізгі функциялары берілген. Мәселен, бірінші блокта мемлекет деңгейінде демократия мен биліктің барлық

тармағының балансын қамтамасыз ететін Конституция, Конституциялық заңдар және т.б. заңнамалық актілерге енгізілетін өзгертулер қабылданатын болады.

Демократия – бұл атқарушы, заң және құқықтық биліктің басқару жүйесіне жылдам еніп, әрі қарай дамитын өмір тәсілі. Ал біздің көзқарасымыз бойынша Қазақстан Республикасы басқарудың **Парламенттік билік жүйесіне көшу** және осымен байланысты барлық Парламент, Үкімет жүйесін құру үшін конституциялық реформа жүргізу керек. Бұдан әрі биліктің 3 тармағының: заң шығарушы, сот және атқарушы биліктің өкілеттіктері теңеседі. Өйткені Қазақстан унитарлы ел болып саналғандықтан, **бірпалаталы Парламент болуы тиіс**.

Билікке бір өзгермейтін шындықты түсіну керек: бізге керек реформа ол әдеттегідей тек басқару құрылымдарын өзгерту үшін емес, негізінде ол халықтың игілігі мен қоғамның дамуы үшін жасалуы тиіс.

Екінші блокта шағын және орта бизнесті жедел дамытудың негізгі үлгісі әзірленді. Оның құрамына 9 жоба кіреді: *Бірыңғай заңнамалық жүйені құру; Кооперация, интеграция және ірі бизнесті кластерлеу; Жастар бизнесін жүйелі қолдау; Кәсіпкерлік жоспары оқу орындарын құру; ШОБ үшін жаңа буыннан кәсіби кадрларды дайындау; Шетелдік және жергілікті кәсіпкерлердің қатысуымен ШОБ жаңа механизмдерін дамыту; ШОБ қолдау орталықтарын жергілікті деңгейге көшіру; Ақпараттық кеңістікпен ШОБ*

насихаттауды қолдау үшін медиа жоба; Агроөнеркәсіптік шағын бизнесті дамытудың арнайы мемлекеттік бағдарламасы.

Жарқын болашаққа басты мақсат – **елде орта тапты қалыптастыру**, ал шағын бизнесті қоғамдық меншік жасау.

Үшінші блокта **ғылым және білім реформасы қажет**

Жаңа білімге негізделген экономикаға көшу кезінде жаңа технологиялық құрылымдардың дамуына серпін беретін ғылым, білім және денсаулық сақтауды жаңғырту ұсынылады. Өркениетті дамуда адамзат осы салалар арқылы жоғары нәтижелер мен прогрестерге жеткенін әлемдік тарих көрсетті. Бізге бақуатты өмір сүретін уақыт келді.

Бізге *білімді қоғам, рухани адам туралы әлеуметтік инновацияның жаңа парадигмасы қажет*. Жаһандық дағдарыс жағдайында білім және ғылым бірінші орынға шығады және олар бүкіл өндірістік цикл жүйесінің негізі болады. Ол идеяның пайда болуынан бастап адам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайда табуымен, сондай-ақ өркениеттің дамуы үшін жаңа инвестициялардың іске қосылуымен аяқталады. Осымен байланысты *барлық білім беру жүйесін түбегейлі қайта құру керек*, әсіресе жаңа білім алу саласын, түлектердің бірнеше дипломдармен жұмыссыздар кезегінде тұруын емес, оларды өндіріс процесіне тікелей түсуін қамтамасыз ету қажет.

Қазір студенттердің басым көпшілігі оқу ақысын төлейді, тек аз бөлігі грант ұтып алады. Ауыл балалары мен жастарына бұл ауыр тиюде.

Бүгінгі күні мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау таппай ғылымның дамуы мүмкін емес. ХХІ ғасырда ғылым мен жоғары технологиялардың маңызды ролін ескере отырып ғылыми-ағартушылық күш шоғырланған, ғылыми және инновациялық орталықтар ашу өте маңызды. Әлемдік деңгейдегі ғалымдардың ғылыми мектептерін құру және олардың жемісті жұмыс істеу үшін ғалымдардың жалақысын бірнеше есе арттыру қажет. Ғалымдардың мәртебесін көтеру керек, жас ғалымдарға пәтер бөлу және тиісті әлеуметтік жағдай жасау арқылы біз жаңа қадамдарға мүмкіндік береміз.

Білім берудің басты мақсаты – білім беріп қана қоймай, рухани толысқан тұлғаны тәрбиелеу.

Төртінші блокта адамның және қоғамның қажеттіліктері берілген.

Сайып келгенде, 5-тік спираль жұмысының тұжырымдамасының барлық алдыңғы компоненттері қоғамның қажеттілігіне немесе әр адамның өмірлік қажеттілігін қанағаттандырумен байланысты. Экономика және өндіріс жалпы тұтынушыға емес, нақты адамның, отбасының қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталуы керек.

Нәтижесінде адами капитал саласында **ең төменгі әлеуметтік-экономикалық стандарттарды** (белгілі бір өмір сүру стандарттарын) құру арқылы біз шынымен жайлы өмірді қамтамасыз ете аламыз. Экономиканың өсу қарқынымен ең төменгі стандарттарды байланыстыру арқылы

дамушы елдер мен үшінші әлем елдерінің өмір сүру сапасы мен деңгейін анықтауға болады. Егер бұл белгіленген нормалар экономикалық өсімнің жоғары қарқынын қамтамасыз етсе, онда халықтың өмір сүру деңгейі адамның қабілетіне және әр адамның, ұлттың және жалпы елдің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты автоматты түрде өседі. Бұл ұсынысты мен көптен бері айтып жүрмін. Осы қадамға баратын уақыт келді.

XXI ғасырдың «вызовына» жауап беру үшін біз әлеуметтік капитал жинауымыз керек. Келешек экономикасы **азаматтық қоғам** деп аталатын сектордан тұрады. Саясат та, жұмыс та осы үшінші секторда болады. Әлеуметтік капитал азаматтық қоғамда қозғаушы күш ретінде пайдаланылды. Ол мәдениет, білім, ғылым салаларында қалыптасадy. Осы арқылы қалған екі сектор Үкімет және нарық секторы үлкен сенім алып жұмыс істейді. Ал сенім болмаса, олар өзгереді, кетеді, келеді. Түптеп келгенде, осы үшінші сектордың **әлеуметтік, рухани инновацияның** жұмысы туралы мәселе көтеріп экономиканы тек баю үшін емес, оны адамның, қоғамның қажеттілігіне бағыттау қажет.

Бесінші блокта **ақпараттық қолдау** туралы айтар болсақ 5-тік спираль негізінде мемлекеттік басқару компоненттерінің өзара байланысы туралы өте маңызды тапсырма жүктеледі. Ең үлкен мәселе ақпарат деректерін жүйелі түрде өңдеуден өткізу. Мұнда желілік коммуникацияны, дерекқорды, сенсорлық ақпараттық ағындарды

қалыптастыру арқылы барлық басқару блоктарының тиімді жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Бейнелеп айтқанда, бұл жобаны іске асыру кезінде мемлекеттік басқару жүйелі технологиялық цикл түрінде ұсынылатын болады. Бүгінде киберкеңістіксіз күнделікті өмір экономикада мүмкін емес. Енді мемлекетті басқарудың негізгі кілті – ол бар ақпаратты процессорлар арқылы реттеумен айналысатындығында. Алдағы уақытта **жасанды интеллект, суперкомпьютерлер мен биотехнология** бүкіл қоғам мен экономиканы қайта құрып, біздің денеміз бен ақыл-ойымызға әсер етеді деп күтілуде.

Біздің ойымызша, бүгінгі күні экономиканы мемлекеттік басқарудың бұл жобалық тәсілі ел экономикасын жедел дамытудың басымдықтарын жүзеге асырудың тиімді әдісі мен механизмі болуы мүмкін. Егер шын мәнінде біз тез және тұрақты экономикалық өсуді қаласақ, онда ғылым мен технологиялық, информациялық дамудың рөлі түбегейлі түрде өсуі керек. Енді мәңгі қалып қоймау үшін ғылымға протекционистік тәсіл беру – дамушы елдерге, солардың ішінде бізге өте маңызды.

Егер бізде осыған дейін әр сала жеке-жеке жұмыс жасаса, ал алдағы уақытта мемлекеттің тиімді дамуының негізі барлық саланы интеграциялау арқылы және халық пен Парламенттің қоғамдық бақылауымен қамтамасыз етілетін болады. Бұл жобада мемлекеттік басқарудың барлық маңызды компоненттерін толыққанды бір жерде

жинақтау арқылы, яғни ақпараттық алмасу түрінде, сенсорлық ақпараттық ағымдар мен желілік коммуникация іске қосылады. Бұл жобаның әр блогындағы іске асыру тетіктері әртүрлі және мол, оларды сол салаларда істеп жүрген кәсіби мамандар-ақ жете түсіне алады, іске қоса алады. Мәселе негізгі мақсатқа жету үшін осылардың бәрін басын қоса біліп, толыққанды процесс ретінде жүргізуде. Мен Сіздерге Архимедтің «тіреу нүктесін берсеңдер, жерді төңкеріп тастаймын» деп айтқанын бере алмаймын. Бірақ әлемдегі мемлекеттерді жаңаша басқару үшін бұл бұрын-соңды болмаған жаңа толыққанды жоба мемлекетіміздің үдемелі дамуына үрдіс берері сөзсіз, басқа елдер пайдаланса да болады.

Біз, халықтың басым көпшілігі 30 жыл бойы тек шықпа жаным шықпа деп күнкөріс үшін өмір сүріп келдік. Ал енді «ештен кеш жақсы демекші» шаш етектен байлығымызды ел ырысына жартып жақсы өмір сүру үшін риясыз қызмет етуіміз қажет. Ол үшін **қазіргі жүйені өзгертіп, түбегейлі реформаға баруымыз керек**. Егер халық биліктің қылышынан қорықпаса, онда болмаған жойқын сең жүреді.

Халықты дағдарыстан байлық қана емес, тек батыл да өткір идеялар, солардың іске асырылу тетіктері алып шығады.

*Болашақтағы даму-
да қазбалы отындар
энергиясына пара-пар
Күн және сутегі
энергиясының эрасы
басталады.*

*Келешекті жасау
үшін адамда интеграл-
ды білім арқылы космо-
сты игеру мен жасанды
интеллекті пайдалану
керек.*

В. И. Вернадский

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Ғарыш

Абай да В.И.Вернадский сияқты әлдеқашан биік тұлғаға айналған адам, оның ұстанымы, рухани әлемі кім болса сол қол жеткізе бермейтін ғарыш сияқты.

Жаһандану заманында адамзат үшін ең қиын нәрсе — өмірде дұрыс жол таба білу. Бұл әрбір адамға, қоғамға да қатысты мәселе. Егер біз Абай заманында өмір сүрсек, төрт-түлік малымыз алдымызда, ағайын-туғанның арасында өз қотырымызды өзіміз қасып отырар едік. Қазір қоғамдық құрылым басқа, нарықтық қатынастар адамзатты сауда мен бәсекелестікке икемдеп, өмір өз заңдылығын алға тартқан. Осыған орай адами құндылықтар да өзгеріп, руханият мәселесі материалдық жағдайдан кейінгі екінші орында қалды. Осы себепті мәселені кең тұрғыдан қараған жөн, «Отызыншы сөз» осыған меңзейді.

Адамзат ғасырлар бойы өз басынан көптеген соғыстар мен тоқырау кезеңдерін өткізсе де, жалпы өркениет процесінің дамуы мен оны сақтап қалу үшін осыншама қиындыққа душар болмаған.

Жер шарындағы ресурстық байлықтың күрт кемуінен туындаған мәселеге ғылыми тұрғыдан қарауды талап етуде. Бүгінгі таңда адамзат өркениетінің сақталып қалуы және одан әрі өркендеуін жалғастыру үшін жаһандық үрдістердің дамуын басқару, өндірістік- тұтынушылық және өзге де қажетті циклдардың арақатынасы мен жалпы заңдылықтарын қайта зерттеу қажеттілігі заман талабына айналып отыр.

Постиндустриалды цивилизацияға өтудің интегралды тұжырымдамасын жасау қажеттілігі — мәселені әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарай отырып, әлемдік қоғам мен әлемнің барлық ғалымы түсіндіруге тырысатын әлемдік тарихи даму логикасының қайта қалыптасу алғышарттарына негізделеді [41, 42, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 67].

Әлемдік тарихи үрдістің объективті логикасы арқылы адамзаттың өткен, қазіргі және болашақ дамуына ортақ мағына беретін, нақты бағалаушы талаптарымен, стандарттармен қамтамасыз ету — алға қойылған мәселе. Адамзат индустриалды өркениеттің екі кезеңінен өтіп, қазір **әлем постиндустриалды даму кезеңіне, яғни, ақпараттық кезеңге өтуде**. Бүгін біз 2050 жылы, мүмкін 2100 жылы әлемнің қалай өзгертетінін ойлауымыз керек шығар. Олай еткенде, адамзаттық қоғамды ұйымдастырудың ең жоғары сатысына жетуіміз міндет болып қала береді.

Осы мәселелерді шешу үшін автор «XXI ғасырдағы адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы» деп аталатын мегажобаны жасаған болатын.

Бұл жобада *рухани, ғылыми-техникалық революцияға, экологияға, ғарышты игеруге, экономика мен әлемдік қауіпсіздікке* негізделген постиндустриалды әлемнің, жалпы адамзат өркениетінің ғаламдық үйін құру қағидалары бар. А.Эйнштейннің «ешқандай мәселені оның туындаған деңгейінде шешу мүмкін емес» деген сөзін ескере отырып, біз өркениетке галактикалық тұрғыдан қарауды жөн көрдік.

Мегажобаның ғылыми жаңалығы – постиндустриалды өркениетке өтудің жоғарыда айтылған **6 базалық элементтерін** бір процесс ретінде тұтас қарап және соның негізінде дүниежүзілік процестерді жаһандық басқару мен реттеудің сандық моделін жасау. Бұл модель автордың кітабында толық көрсетілген [1]. Сол арқылы өтпелі кезеңде дүниежүзінің тұрақты дамуын сақтап қалу мәселесі қойылған.

Бүгінгі таңда әлемдік қауымдастық алдына **өркениетті басқарудың және әлемдік үрдістерді реттеудің жаһандық жүйесінің** қажеттілігі жөніндегі мәселені қоюдың уақыты келді. Бұл экономикалық және саяси шешімдердің жаһандық жүйесін жасау деген сөз.

Қазір бізге керегі – **жалпы ұлттар мен ұлыстардың планетааралық бірлігі** және осыған байланысты жаңа дүниежүзілік мәселелер.

Жалпы әлемді басқарудың алғашқы сатысында жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін әлемдік заң шығарушы орган (**Әлемдік парламент**), атқарушы орган (**Әлемдік үкімет**),

сот органы (Әлемдік сот), **Қауіпсіздік кеңесі, Діни одақ секілді** нақтыланған өкілеттіктері бар органдарды құру қажеттілігін көтеру ләзім. Бұл орайда БҰҰ, ЕО, Үлкен-G7, Үлкен-G20 және өзге халықаралық ұйымдардың, адамзат дамуының барлық жетістігінің тәжірибесін пайдалану керек. Егер бұл ұсыныстарды бүгіннен бастап ескермейтін болсақ, онда әлемдік кезек күттірмейтін проблемаларды шешуде кеш қалып қоюымыз әбден мүмкін.

Өркениеттің дамуы, рухани және интеллектуалды лидерлердің қарым-қатынасына, олардың өзара түсінушіліктеріне байланысты болмақ. Мәселенің күрделі күрмеуінің шешілуі не бірігуде, не жеке дара құрып бітуде болып тұр. ХХІ ғасырда АҚШ-тың өкшесін Қытай мен Еуропа Одағы басып келеді, сондықтан, АҚШ-тың олармен санасуына тура келетін күн жақын.

Біздің көзқарасымызша, жаңа кезең басталады, ол нарықтық экономикадан **интеллектуалды экономикаға, постиндустриалды өркениетке**, яғни жаңа білімге, ғылымға, жоғары технологияларға, рухани құндылықтарды жаңғырту барысына негізделген. Енді осы ғылыми мегажоба жаңа әлемдік даму стратегиясына импульс берсе екен деген үміт бар. Қарапайым тілмен айтқанда, интеллектуалды экономика – шикізат, тауарды шығару емес, **ол жаңа озық идея арқылы даму.**

Әлемдік дамудың қазіргі материалистік моделінен алшақтап, рухани жаңғырған, интеллектуалды қоғам құру моделіне көшу қажет деп санаймын.

Президент, Үкімет, Парламентке айтарым: егер бізде осыған лайықты генераторлық идеялар беретін, ғылыми-практикалық ізденістер жасайтын білікті мамандар даярлайтын АҚШ-ғы «Силиконовая Долина», Ресейдегі «Сколково», Индиядағы «IT- технология орталығы» сияқты **халықаралық деңгейде күшті базамыз және цифрлы технология, жасанды интеллект, гендік инженерияға негізделген ғылыми-өндірістік, инновациялық** орталықтарымыз болмаса, онда біз мәңгілік «үшінші әлем» болып қаламыз. Қазақстанда алдағы өмірді, ғарышты зерттейтін және қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін ғылыми зерттеу институтын құру қажет. Ғарышты игеру, ол жаңа өркениетте дамудың кілті.

Қауіпсіздік белдігін байлайтын уақыт келді

ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗ

Қауіпсіздік

3-ші мыңжылдықта әлем тез өзгеріп, ертең не боларын білмей тұрған кезде «қауіпсіздік» алдыңғы орынға шықты. Оның маңызын әлемге билік етіп жүрмін деген АҚШ-тың өзі 2001 жылы Нью-Йорктегі жойқын жарылыстан аспаннан жай түскендей бір-ақ сезді. Бірақ бұдан нәтиже шығармады, керісінше бай елдер қаруланып, әсіресе кейінгі кезде көптеген бактериологиялық, биологиялық лабораториялар салынып іске қо-

сылуда. Арты не боларын бір жаратқан білер. Қазір әлемдік сын-қатерлер, өзгерістер кезеңінде тұрмыз. Ал кешегі Қытайда лап ете қалып, бүкіл әлемге тараған «коронавирустың» салдарынан бұрын-соңды болмаған әлемдік кризис жүруде. Енді адамзатты қалай сақтап қаламыз деген сұрақ тұр. Бұған бүкіл әлем, ғалам ақылдылары, билік басындағылар, миллиардерлердің өздері бәрін та-
разыға салып ойланбаса құрдымға кетуіміз мүмкін.

Әрине дөп басып айту қиын, бірақ айтқан жерден аулақ **«бифуркациялық нүктеден»** өтіп кетсек, онда ядролық қаруы бар елдерден шығып соғыс іс-әрекеті салдарынан дау-дамай, аймақтардағы соғыс-қақтығыстардан ұшқан сәулелерден пайда болатын аурулардан, мүмкін бактериялық, биологиялық вирустардан т.б. зардабынан миллиардтан көп астам адам опат болуы мүмкін деген жорамалды жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар планетаның бір жарым-екі миллиардқа жуық адамдары тағамнан, судан, ауадан, үлкен немесе орташа дәрежеде радиоактивті улануға ұшырауы мүмкін. Американдық сарапшылардың есебінше, АҚШ-тың сондай-ақ бүкіл әлемнің қауіпсіздігіне үлкен еңсерілмес қауіп төніп тұр. Өкінішке орай, АҚШ-тың 2001-2011 жылдардағы әскери шығындары ЖІӨ бойынша 64% өскен. Бұл дегеніміз әлемнің өзге мемлекеттерінің әскери шығындарының 50%-на тең деген сөз. АҚШ, Ресей, ҚХР қарулану бойынша жарысы 2025-2030 жж. қарай үшінші дүниежүзілік соғыстың туын-

дауына әкеп соғуы мүмкін, бұл өз кезегінде жер шарының жойылып кету қаупін тудырады.

Жоғарыда айтылған шығындарды бейбітшілік жолына: ғарышты игеруге, экологияны жақсартуға, климатты қорғауға жұмсағанда адамзатқа пайдасы мол болар еді. Бірінші қадам аса қауіпті қаруды қолданбау туралы келісімге қол жеткізу керек. Сонымен қатар жаңа технологияларды бақылау, атом бомбаларын, байытылған уран ағымын реттеу және шектеу туралы келісімге қол жеткізілмесе, олар кейін террорлық топтардың қолына түсіп кетсе, үлкен қиындықтар туындайды. **Ендігі кезекте қуатты елдердің мықтылығы қаруланумен емес мегадипломатиямен, адами қасиеттер арқылы келісе білумен анықталуы керек.**

Қазірдің өзінде әлемнің 1,3 миллиард адамы кедейшілікте өмір сүріп жатыр, жоқшылық пен аштыққа шыдауда. Осындайда өкінішке орай дамыған мемлекеттер тек дамуды, тек баюды ойлап кризистен шығу жолдарын таппай отыр. Ғаламдық қауіпсіздікті ауыздықтайтын жүйе керек, бірақ ол әлі жоқ. Қауіпсіздіктің көптеген саласы бар: *экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық, инновациялық, азық-түліктік, демографиялық, ғылыми-техникалық, ақпараттық, энергетикалық, радиациялық, ғарыштық т.б.* Лондонда шыққан «Адамзаттың ХХІ ғасырда даму жолы» кітабымда осылардың бәрі бір жүйе ретінде қаралып, әр сала бойынша көрсеткіштермен шектеулер берілген [5,73].

БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесі белгілі бір көрсеткіштермен қауіпсіздік салаларын шектеу ке-

рек. Осындайда тетіктер арқылы қауіпсіздікті белгілі бір деңгейде сақтауға болар еді. Бұл да БҰҰ-ның құқығындағы мәселе. Мұнымен қатар қазір әлемдік проблемалардың асқындап тұрғанын ескеріп дамыған G7, G20 мемлекеттері киберқауіпсіздік мәселесін өз қолына алып, мемлекет басшылары керек деген уақытысында арнайы саммит өткізіп, өзекті проблемаларды шешуге тікелей дауыс беру арқылы ықпал етсе әлем тынышталар еді деп ойлаймын.

Ал Қазақстанның қауіпсіздігіне келер болсақ ұлан-ғайыр 2,7 млн. шаршы шақырым жерімізді ешқандай әскермен, қаруланумен ұстап тұра алмайтынымыз айдан анық. Ол үшін ең керегі көп векторлы дипломатияны ұстап, әсіресе басымдылық ретінде іргеміздегі екі алпауыт мемлекетпен (Ресей, ҚХР) мегадипломатия жасап, бөлмей жармай тіл табысып, келісім арқылы өркениетті, қазақшалап айтсақ сауда-саттық арқылы алыс-беріспен бейбіт өмір сүру қажет. Бұл жағынан бар жетістігімізді айта отырып нығайта түсейік.

Ол үшін кейінгі әлемде болып жатқан нәубеттердің бәрін ескере отырып жаһандану жағдайында **«Мемлекетіміздің қауіпсіздігі туралы жаңа концепция, жаңа Қауіпсіздік кодекс» қабылдау керек.** (2012 ж. ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы заңның орнына)

Ішкі жағдайымызға келсек, халықтың жағдайы жақсы емес. 30 жылда нақты идеологиялық саясат болмағандықтан, тек нарық бостандығының жетегінде кетіп дін заңын қабылдар кезде Лама Шарифтың дерегі бойынша Қазақстанда

4500 әртүрлі секталарды қаулатып алғанымыз бар [31]. Соның арқасында мындаған жастарымыз, әсіресе жұмыссыз жүргендер діни секталарға кіріп, уланып, соңы шетелге дейін шықты. Кейін шектеулер қойылып іс-шаралар жасалуда, бірақ көп нәрсені жіберіп алдық. Бұл тек бір сала, ал негізінде біз жоғарыда келтірілген қауіпсіздіктің барлық салаларын қамтамасыз етуіміз қажет. Олардың шекті көрсеткіштері біздің еңбекте берілген [5,73]. Мысалы экономикалық қауіпсіздікті сақтау үшін сыртқы қарызымыз 60% аспау керек, немесе қаржы қауіпсіздігі бойынша инфляция деңгейі 15% аспау, өнеркәсіпте негізгі қордың тозуы 40% аспау, жұмыссыздық 5% аспау, 10% бай мен 10% кедей арасы 8 еседен аспау т.б. Соңғы көрсеткіш бізде 22-25 есе аралығында, яғни нормативті көрсеткіштен қауіпсіздік 3 есе көп. Бұл өте қауіпті жағдайда тұр, халық арасында үлкен толқу болып кетуі мүмкін деуге де болады.

Сыртқы және ішкі қауіпсіздігімізді сақтау үшін әр саладан жиі Парламенттік тыңдаулар өткізіп, заңдар қабылдау керек.

Кешегі коронавирус сияқты әртүрлі бактериалық, биологиялық т.б. нәубеттерден сақтану үшін **«медицина катастрофа»** сияқты қызметтер арқылы өзіміздің базаларымыз күшті болу қажет. Әр саладан жоғары деңгейде ғылыми орталықтарымыз, зертхана үзіліссіз ізденіспен айналысып, жетістіктерін қатерлі жағдайда пайдаланатындай қор жинау керек. Мысалы Ресей осындай істің, ғылымның арқасында әлемде бірінші болып «Спутник» вакцинасын шығарып іске қосты.

Қазіргі заманда қауіпсіздік, жаудың қайдан келетінін білмейсің? Мысалы, АҚШ-қа қауіп-қатер Қытайдан немесе Ираннан, Ресейден келетін сияқты. Бірақ қауіп қатер глобалды сеттен, микрочип, большие данные, кодтар, сенсорлар, боттар, жасанды интеллект, сауда соғысы, биткойн т.б. келуі мүмкін. Бір **Асанжаның** өзі әлемді топан қылды, әсіресе АҚШты. Мысалы терроризм тек бір проблема, қаржылық тәуекелдер екінші, кибер шабуылдар, кибер қауыпсіздік, инфекция, бактериялық жойқын қару, коронавирус сияқты т.б. Бір сөзбен айтсақ ұлттар, мемлекеттер бірігіп өздерін және басқаларды осылардан сақтануды қажет етеді. Глобалды сет арқылы осыларды басқару және реттеу жүйесін жасау керек. Осылардың табиғатын, шығу тегін балап алдын алу керек. *Себебі, глобалды сетпен билік ететін эпоха басталды.*

<i>Сана дағдарысын еңсермей даналыққа жете алмаймыз.</i>	<i>Атыңнан басқасы цифрға байланған заман болды. Ертең «Қазақбай» деген атың да «Цифр- бай» болып жүрмесе игі еді.</i>
--	--

ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗ

Цифрландыру

Қазір әлемде өмір сүретін 7 миллиардтың 6 миллиард адамында ұялы телефон бар екен. Ға-

ламтордың дамуына көз ілеспейді, біз өкінішке орай, игеріп үлгере алмаудамыз.

Интернет барлығын бір жүйеге байлады. Қазір 1 триллион датчик интернетке қосылған. Алдағы жылдары 22% немесе 290 миллион жеңіл машиналар интернетке қосылып, жол апаты санын күрт төмендетеді деп күтілуде [60]. Чемберстің болжамы бойынша жақын арада интернет нарығы 19 трлн. \$ дейін өседі. Ал салыстыру үшін әлемнің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 100 трлн. \$ сәл ақ асады екен [59].

Енді біз ғылымның жаңалықтарын: компьютер тілін, жаңа интернет технологияны, программамен қамтамасыз студі, роботтандыруды, цифрлы экономика тілін тез игермесек, тіпті қалып қоятын түріміз бар. Алысқа бармай-ақ қояйық, мысалы кеше ғана КСРО-да бізбен бірге болған **Эстония** бүгінде оқ бойы озып, алға кетті. Олар біз КСРО ықпалынан шыға алмай, жалтақтап, адасып жүргенде, өздері жаңа цифрлы электронды экономиканы жасап алған еді, сондықтан Эстония бүгінде ең озық инновациялық елге айналды. Ол қазір әр адамға шаққанда 25000 \$ табыс табады. Эстония қазірде технологиялық жағынан алға кеткен ел. Әлемдегі интернет жылдамдығы ең жоғарғы ел – Эстония. Қазір 95% салықты интернет арқылы 5-ақ минутта төлейді екен. Бұл ел де Сингапур сияқты ең көп қаржыны бастауыш мектеп біліміне салады екен. Бағдарлама жасаудың негіздерін бірінші кластан оқытады, компьютер тілі оларға Француз тілінен артық. Эстония біз си-

яқты саны аз халықты инновацияға тез икемдеп, дамытуға болатынын көрсетті.

Үндістан да жыл сайын 1,5 млн. бағдарламашыға білім береді екен. Бұл жағынан АҚШ пен Қытай оның шаңына да ілесе алмайды.

Егер бұрын өндіріске керегі **темір**, ауылшаруашылығына **жер болса**, қазір **цифрлы дәуір келді**. Экономикамыз информацияға негізделіп отыр. Алда кім, қай ел тез арада үлкен ақпараттарды, интернет жүйесін, бірлестіктерді, желілерді, жасанды интеллекті, геномиканы, алтыншы, жетінші сезімдерді игерсе, солар озады, әлемде алда болады. Қазір VI-VII технологиялық укладтардың заманы (ақпаратты-коммуникативті технология, нано-биотехнология, гендерлік инженерия, космосты игеру). Бұл жағынан біз көп арттамыз, кем дегенде, 30-40 жыл қалып келеміз.

Дамыған елдердің 75-77% астам табысы интеллектуалды экономикадан, адам капиталынан, жоғарыда айтылған салалардан түседі екен, ал 23-25%-ақ негізгі қор, өндірістен, шикізатты игергеннен түседі. Бізде керісінше, тек шикізат елі болып, мұнай-газ, қазба-байлықтарымызды экспорттау арқылы пайда табудамыз. АҚШ болса, қазба-байлыққа өте бай ел бола тұрып, кен орындарын ашып, бағалап, келешек үшін қайта жауып қояды. Ал біз болсақ, балалар мен немерелеріміздің болашақ несібесіне қол салып, 100 млн. жуық баррельге дейін өндірудеміз. Біраз жылдан кейін өсіп келе жатқан ұрпақ сұрау салмай ма? Бұл дегеніміз, біз экономикамызды әртараптандырып, интеллекту-

алды экономиканы меңгермесек, онда жаһандану көшінен мәңгілік қалып қоюымыз мүмкін, айналадағы алпауыттарға жұтылып кету қаупі де негізсіз емес.

Егер дамыған елдер индустрализация арқылы қазіргі экономикалық бақауаттыққа, өркеніетті дамуға ғасырлар бойы ақырындап қол жеткізсе, біз феодализмнен социализмге, социализмнен капитализмге тез өттік. Біздің ерекшелігіміз де осында. Бір жүйеден екінші жүйеге тарихтың бетбұрысы себебінен жылдам өткен кезде, қоғамда сана дағдарысы болатыны анық. Сана дағдарысы – тез дамудың себебі сондықтан «алдымен сананы өзгерт» деген афоризмде көп мағына жатыр. Еуропаның ескі қалаларында инфрақұрылым ескірген, оларды жаңа технология арқылы жаңғыртуға үлкен шығын қажет. Біз болсақ, кеше ғана пайда болған интернет технология, цифрлы экономика, технологиялық укладтар арқылы тағы бір-ақ секіріп қатты дамуымызға болады. Бұл Үндістан, Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея елдері тәжірибесінде бар. Әлемдік технологиялық прогрестің арқасында біз уақыт ұтамыз. Сол үшін енді «ұйықтауға», ата-бабаларымыздың қалдырған жер байлығын қаннен қаперсіз игере беруге болмайды. 30-40 жылда олар да таусылады. Сол уақыттарда тіпті мүлдем кеш қалуымыз мүмкін.

Дәл осы жерде біз екі нәрсені ұштастыра білуіміз керек. Бір жағынан әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің жаңалықтарын игеру, екінші жағынан, адам капиталын қалай сапалы жасай-

мыз, сол туралы ойлану. Ат төбеліндей халқымызды қайтсек алдыңғы қатарлы, білімді қоғам жасаймыз? Міне, мәселенің түп-тамыры қайда жатыр. Ол үшін түбегейлі реформалар жасау керек. Озық тәжірибені алға кеткен Эстониядан да, басқадан да алайық. Құр мақтана беруді қойып, өзімізге ішкі аудит жасап, бар потенциалымызды, мүмкіндігімізді есептеп, неге шамамыз келеді, нені ықшамдау қажет, басымдылықтарды белгілеп, түбегейлі іске кірісу керек.

Цифрлы технологияның қоғамдық салаларды дамытуда пайдасы өте көп. 1940 жылдары үшінші өндіріс революциясы үлкен бөлмеге зорға сиятын есептеу машинасын алып келсе, қазіргі технологиялық дамудың жаршысы сол еді. Ол уақытта атасы **Норберт Винер** боп есептелетін кибернетика заманы басталды. Ал ендігі заман 4-ші өндіріс революциясы уақытысында барлық ақпаратты бір жерге жинап, сақтап, өңдеуден өткізіп, оларды кез келген жерге жеткізу арқылы тез шешімдер қабылдау маңызды. Мысалы, *бұл жаңа технологиялар арқылы, блокчейн, интернет жүйесі, цифрлы технология, кванттық технология, киберрискіге дейін, ары қарай жасанды интеллект, робототехника, дрондар, алдыңғы қатарлы материал, аддиті өндіріс, көп өлшемді печать, геном сияқты әлемнің ең озық инновациялық жаңалықтарын* адамзат пен табиғат алдында игеру алдымызда тұр. Цифрлы технология адам денесіне қалай кіреді? Бұл этикалық мәселе қалай шешіледі? Адам өзгерісі мен жасанды интеллект,

роботтардың ара қатынасы қалай болмақ, бірін-бірі алмастыра алады ма? Оларды адам басқарып реттейді ме, жоқ әлде жасанды интеллект басымдық жасап кете ме?

Осылардың бәрін математиканың көбейту есеп кестесі сияқты егжей-тегжей білуіміз керек және қалай игеріп өмірімізге пайдалану жол картасын жасауымыз қажет. Ол үшін адамның психологиясы, сана-сезімі өзгеруі қажет. Бұның бәрі сана революциясына әкеп тірейді. «Қазақ халқы осыған даяр ма?» деген сұрақ туады. Онда «қалай жасау керек? Қанша шығын кетеді? Қанша уақыт керек? Қандай нәтиже аламыз? Басқаларды қалай қуып жетеміз?» деген сұрақтар жауабын күтуде. Климаттың температурасы 2 градусқа көтерілсе, не істеу керек? Басқа планеталар мен байланыс қалай болмақ? Жер, ауа, космос қалай қатынаста болады? Бұл жерде деректер базасы, геоинженерия, космос технологиясын игеру сияқты тың, маңызды мәселелер алдымызда тұр.

Адамзаттың дамуына басқалармен қоса, әсіресе, екі нәрсе тікелей әсер етеді деп ойлаймын. **Біріншісі**, ғарыш саласындағы іздену жұмыстары. Өмір сүруге лайықты жаңа планета табу;

Екіншісі, әлемді, өмірді жақсарту үшін жасанды интеллекті игеру. Бізге келсек, осыларды тек «білімді қоғам» жасағанда ғана шешуге болады. Осы жерде Стивен Хокингтың сөзін келтіргенді жөн көрдім: «Күн жүйесінде ғылыми ізденіс жасайтын уақыт келді. Мүмкін, өзімізді-өзіміз құтқару үшін бір-ақ мүмкіндік – ол космосты игеру мүмкіндігі қалған болар?»

Қандай цивилизация Жасанды интеллект болса да 1-ші басымдылық адами құндылық, содан кейін жасанды интеллект, жаңа технология т.б. өмірімізге өзгеріс әкелетіні рас, бірақ екінші жағынан, бүкіл тіршілікті жоюы да мүмкін

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жасанды интеллект, роботтандыру

1959 жылы Нобель сыйлығының лауреаты, АҚШ физигі **Р.Фейнман** жеке атомдарды манипулятор көмегімен қозғалту мүмкіндіктері туралы алғаш баяндама жасаған болатын. Содан бері бүгінде нанотехнология саласындағы зерттеулер практикалық маңызы зор нәтижелер беруде. Генетика, медицина, клондау, микроағзалардағы бактерияларға әсер ету және машина жасау, электроника және басқа да салаларға нанотехнологиялар дендеп енгізілсе, ғылым көп алға кетпек.

«Нанотехнология» деген сөзді қазақша түсіндіретін болсақ, ол «кішкентай өлшемді технология» дегенді білдіреді. «Нано» сөзі – «миллиардтың бір бөлшегі» мағынасын береді. Қазір бұл ғылым дүниежүзі бойынша үлкен сұранысқа ие болып отыр. Нанотехнологиялардың арқасында заманауи есептегіш машиналар мен өндірістік технологиялардың, сол сияқты, дәрі-дәрмектердің өндіріліп жатқанын білеміз.

Жаңа технологиялардың адам сенбейтін жетістік-болжамдарын футурист **Рэй Курцвейл** жыл сайын жариялап отыр. Сол болжамдары мүл-

тіксіз орындалып, өмірімізге біртіндеп еніп жатқанының куәсі болып отырмыз. 2025 жылы дайын атомнан кез келген затты құрастырып шығаратын нанороботтар пайда болады екен. Жалпы, ғалымдардың болжауынша, нанотехнологияның үш негізгі міндеті бар:

Біріншісі, 2025 жылы атомнан кез келген затты құрастырып шығаратын роботтардың міндетіндегідей, ерекше қасиеттерге ие болатын материалдар жасап шығару. Мысалы, көлемі шағын қағаз сияқты затты жарақат алған жерге қойса, ол қанның құрамын, қандай дәрі қажет екенін анықтап береді дегенді «Scientific Amerika» журналы жазған еді.

Екіншісі, көлемі молекула, не атомға тең белсенді элементтері бар электрондық схемалардың өндірісін ұйымдастыру .

Үшіншісі, көлемі молекулаға тең механизмдер мен роботтар жасау, оларды наномашина деп те атайды.

Өкінішке орай, елімізде жаңа технологияларды дамытуды қолға алу баяу жүріп жатыр. Ресей мемлекеті нанотехнологияны дамытуға миллиардтаған АҚШ долларын бөліп, зертханалар ашуда. Біз олардан қалыспауымыз қажет. Бірінші робот 1961 жылы АҚШ-та пайда болса да, қазір Жапонияда 310 мың өндіріс роботтары істейді, ал әлемде 1,4 миллион робот бар екен [60].

XXI ғасырда жасанды интеллект адаммен тікелей байланыса бастады, ол экономиканы да цифрландырып тауар шығаруға көшті, денсаулық саласынан бастап әлеуметтік есептерді де шыға-

руда. Жасанды интеллекттің қауіпсіздікке, киберқауіп сияқты қауіп-қатерге теріс әсері де болуы мүмкін. Теріс пиғылдылардың қолына түссе, жасанды интеллекті адамзатқа қарсы жойқын қару ретінде пайдаланылып кетуі де ғажап емес. Кеше ғана дронның өзі мұнай зауыттарын талқан етіп, көп залал әкелді, ал енді мына жағдайда қандай қауіп-қатер күтіп тұрғанын болжаудың өзі қиын. Сондықтан жасанды интеллектпен адам қайткен күнде де санасуы керек. Бірінші өндіріс роботы өткен ғасырдың 60-жылдары АҚШ-та пайда болды. **Алан Тьюрингтің** өткен ғасырдың 50-жылдары айтқаны айдай келуде. Ол былай деген: «Егер машина ойланса, ол бізден жақсы ойлайды».

2019 жылы роботтандыруға 135 млрд. доллар ақша жұмсалды. Салған қаржылар 3-4 жылда еселеп өсуде. Әр 18 айда еселеп өсетін **Г.Мур** заңы іске асуда [61]. Қазір әлемде 1,1 млн. робот болса, ал өндірген машиналардың 80%-ын роботтар жасаған.

Аздаған уақыттан кейін көлік машинасында жүргізуші болмайды, адамсыз машиналар сізді керек жерге алып барады. Келешекте 50 миллион адамсыз машиналар 1 миллиард жеке көлігіңізді ауыстырады [62].

Қазір барлық іс-қимылыңды алақандағыдай бағып, біліп, көріп отыратын заманға келдік. Біз өзімізді еркінбіз деп ойласақ та, үстімізден балыққа тасталғандай көрінбейтін тор тасталған, біз сол ақпараттық тордың астында бейғам тірлік кешудеміз. Жұтатын ауа, су-қорегіміз бар демесен, қалған барлық құқығымыз шектелген, ғарыштан әр қадамымыз жіті қадағалануда.

Міне, қазіргі заманның тірлігі осы. Бабаларымыз бала кезімізде ақырзаман келеді деуші еді. Сонда түсінбей, «ол не?» деуші едік. Егер сенің барлық іс-қимылың шектеулі болса, бір сценариймен, **көнгіш, ыңғайлы адам** болып жүрсен, бұл қай заман болғаны? Құдайдың адамға берген өмір бостандығы сақталмай ма? Жанның тәннен бөлініп, ана дүниеге кетерінде адамдардың мына өмірге риза болмай кететіні де сол себептен шығар деген кейде ой келеді.

Жаңа технологиялардың дамуымен бірге адамның ішкі жан дүниесі, өмір құқығының шектетілуі ең үлкен мәселе болып көтерілуі тиіс. Мұндай жағдайда, адам өзін тыр жалаңаш жүргендей күйде сезінері анық.

Бүгін «адамның жасанды миын» жасап шығару үшін миллиардтаған ақша жұмсалып, он жылдан бері нейротехнология саласында ғылыми ізденіс жасалуда [60]. Сол жасанды интеллект, роботтар өмірімізге дендеп енбей тұрып, адам мен машина арасында қандай шектеу болуы керек, соны әзірден бастап анықтап алу керек. Осының жолын қазір іздемесек кеш қаламыз. Егер бұл мәселе шешімсіз қалса, дүние асты-үстіне түсіп, адамзат апокалипсиске ұшырап, баяғы атам замандағы ескі өмір қайта басталуы мүмкін. Қазір адамзат өз миының мүмкіндігінің жоғары шегіне жетіп, енді қазір интеллектуалды дәрежесі кему процесіне бара жатқандай. Себебі, бүгінгі адам ойланғысы келмейді, ештеңеге бас қатырмайтын **«комфортты зонаға»** кіріп алған. Жаңа технологиялар көз ілестірмей өршіп, күллі әлемдегі адам-

затты өз торына шырмауда. Бұл мәселе интернет шыққалы бері қатты біліне бастады.

Бифуркация нүктесіне келіп жеткендейміз, ары қарай адамның рухани интеллектісі төмендейтін сияқты. Ал физикалық тұрғыдан алып қарастырғанда, бүгінгінің адамы физиологиялық тұрғыдан да нашарлауда, «гиподинамия» күйіне ұшырауда. Қазіргі өмірде керегі ақша, әлемді капитал басқарып тұр. Осы жерде Гамлеттің: «Болу керек пе, болмау керек пе?» деген белгілі сөзі еске түседі. Біз осы тұрғыда бүкіл адамзат болып ойлануымыз керек. Егер компьютер Мур заңына бағынып, өте тез дамыса, онда оның мида ұстау қабілеті алдымыздағы 100 жылда өзінің интеллектуалды мүмкіндігі бойынша адамнан озады. Мұны айтқан Стивен Хокинг өмір бойы ғарыштағы қара құрдымдар құпиясын зерттеп өткен адам. Себебі, Стивен Хокинг жер бетінде адамзатқа төніп келе жатқан бір қауіптің барын ашық айтты. «Басқа планетаға қоныс аудару мәселесін қолға алуымыз керек, әйтпесе, кешігеміз», - деген ғалымның сөзін Илон Маск қолдап, тіршілік кешуге ыңғайлы басқа планетаны бағындыруға қадам жасауда.

Сонымен, алдағы болашақта жасанды интеллект адамзатқа қызмет ете ме, әлде адамзат жасанды интеллектке бағынышты бола ма? **Рэй Курцвейлдың** айтуынша, «**сингулярлық күй**» 2045 жылы күтілуде. Бұл дегеніміз, квантты компьютер арқылы адамның биологиялық ой-өрісі жаңа технологиямен қосылады, ал одан кейінгі заманда адам мен машинаның ешқандай айырмашылығы болмайды [61]. Бұл адамға не береді?

1. Денсаулығыңды қалпына келтіретін чиптер, дене мүшелерін алмастыратын бөлшектер.

2. Адам миының жұмысын жақсартатын **чиптер**, компьютерге тікелей қосылу.

3. Адам терісінің астына орналастырылатын чиптер, адам өмірін, әлеуметтік төлемдерді, банктегі ақшаларын жүйелейтін құрылғы.

Соңғысынан бас тартқан жағдайда, әлеуметтік сақтандыру, т.б. қоғамдық жеңілдіктерден айрыласың, онсыз жұмысқа алынбайсың т.б.

Адамның өмір сүру жасы ұзарады, өмір сүру салты, қорегінің сапасы жақсарады, бірақ жоғарыда айтқанымыздай, адам өмірі өз еркінде емес, үнемі бақылауда болады.

Адамның жеке өмірі, бостандығы осымен шектеледі, атыңыз «Қазақбай» емес, «Цифрбай» болады, жасанды интеллект өмірі басталады, адам мен машина арасын ажырата алмайтын күйге жетеміз.

Осындай «жұмаққа» таңдау жасайтындар да болуы мүмкін. Қазіргі қоғам бай мен кедей болып бөлінсе, ол кездегі қоғам қалай бөлінетінін елестете беріңіз. Егер адамзат осындай күйге түссе, **Міржақып Дулатов** айтқан «Оян, қазақ!» ұраны «Оян, адамзат!» болып өзгеруі мүмкін.

Себебі, алдымызда біз білмейтін масштабтағы өзгеріс кезеңі келе жатыр. Мұны «жаңа цивилизация» деп айтуға бола ма? Қазір біз өмірдің ең қызған кезі **«Өзгерістер кезеңі»** деп аталатын өтпелі заманда өмір сүрудеміз. Ақырын бір құдай біледі!

Алдағы өмірде, адам қандай болады, жасанды интеллект бой бермей кете ме, роботтар біл-

генін істей ме, оны білу мүмкін емес. Оны әлемдегі ең озық үлгідегі компьютер де модельдей алмайды.

Осыларға жауап беретін сананың өзгерісі, **нейробиологияның** дамуы, жалпы ғылымның адамзатқа қызмет етуі. Әлем өзгеріп сана ғасыры өз жаңалықтарын әкеледі. Бұл жерде ең бастысы адамзат екіге бөлінбей, бай кедей демей жалпы өркениетке қызмет етсе әлем сақталады. Ғылым жалпы дамуға қызмет етеді, байлықты ғылым жасайды. Ол уақытта адамға керек квартира, тамақ, киім, әлеуметті сұраныс бәрі жеткілікті болады, тіпті артығымен шығарылады.

Егер адамзаттың пайда болу тарихына көз жіберсек, Дарвиннің тұжырымынша, адам маймылдан жаратылған делік: *гиббон – орангутан – горилла – шимпанзе – икемді адам – өзін-өзі түзеген адам – ақыл кірген адамдардың* 3 млн. жылдан бастап бүгінге дейінгі эволюциялық жолмен дамығанын ескерсек, онда біз адамның тағы бір жаңа түрі тууының алдында тұрмыз. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша бұған кем дегенде 250 мың жыл керек екен [63].

Адамзат жаңа технологиялар арқылы қаншалықты алға кетсе де, басқа планеталарда тіршілік бар ма, жоқ па, оны әлі нақты анықтай алған жоқ. Біз қол жеткізген ғылым мүмкіндігі әлі де болса, айналамыздағы материялардың 5%-ақ пайызын біле алады екен.

Бір мәселені анық айтқым келеді, біз қаншалықты алға кеттік десек те, интернет, роботтандыру, жасанды интеллект т.б. бәрібір, **бір кез-**

дерде ауылға ораламыз. Себебі ауыл қазақтың шыққан жері, адам табиғат анадан ажырап ешқайда кете алмасы анық. Жоғарыда 2025 жылы дайын атомнан кез келген затты құрастыруға қабілетті алғашқы нанороботтар жасалмақшы екенін айттық. Осы жетістік ауылшаруашылығында да қолданылатын болады. Нанороботтар өсімдіктер мен жан-жануарларды алмастырып, азық-түлік өндіретін дәрежеге жететін болады. Осыған сәйкес экологиялық жағдай жақсара түседі. Себебі өнеркәсіптің жаңа түрлері болашақта қалдық заттар шығармай, оның есесіне нанороботтар ескі қалдықтарды жояды.

Ауылда шығармашылық адамдары тұруға асығады деп ойлаймын. Таза табиғат қаланың аласапыран арпалысынан қашқан шығармашылық адамдарына жан тыныштығын, таза шабыт сыйлауы мүмкін. Сол үшін **шығармашылық ауылдарын ашу** – уақыт талабы болатын кез келеді.

Қазірдің өзінде ауылға көңіл бөліне бастауы керек. Зиялы қауымға, бизнес өкілдері, есті азаматтарға «Баратын ауылыңды ертерек дайында, ауылдың тынысын ашуға қазірден көмектес» дегім келеді. Себебі болашақта ауылда тұрғысы келетін зиялылардың тізіміне кіре алмай қалуың мүмкін.

Сөз соңында айтарым біздің келешегіміз – бір аламан бәйге, көп аттан бөлініп, суырылып алға шыққан қос сәйгүліктің жарысы сияқты. Біреуі көз ілеспей дамып келе жатқан алып **жаңа технологиялар, екіншісі, адамның тума ақыл-ойы, парасаты, рухани жандүниесі.** Ең дұрысы,

осы екі тұлпарды жеке жібермей, бір-біріне қарсы бәсекеге жарыстырмай бүкіл адамзат отырған бір арбаға жегетін болсақ, бәрінен озар едік. Дегенмен де адамның ой-санасы, моралі, интуициясы, сезімталдығы адамзат дамуының мәдени-тарихи кезеңдерінен жақсысын алатыны бәрінен де жоғары тұратынына сенемін!

*Ежелден келе жатқан Уақыт пен кеңістіктің
шығыстың мораль көкжиегі тоғысқан кезде
философиясына қарсы жаңа өркениет бастала-
қоятын батыс өрке- ды
ниетінде жаңа пара-
дигма туған жоқ.*

ОТЫЗ БЕСІНШІ СӨЗ

Өркениет

Техногендік өркениет әлемге ешкім күтпеген тосын жайларды алға тартып отыр, қазіргі жаһандық дағдарыстардың бір себебі де сол. Әсіресе, экологиялық дағдарыс әрқайсымыздың көз алдымызда өтіп жатыр. КСРО күйрегеннен кейін АҚШ жалғыз алпауыт державаға айналып, жаһандану идеологиясымен әлемді жалмап келеді. Оған аз ұлттардың мәдениеті жұтылып, ұлттық рухани, материалдық құндылықтар аяусыз жойылуда. «**Өркениет қақтығысы**» деп аталатын ғаламдасудың өз шегіне жеткені сонша, Американың өмір салты, доллары, ағылшын тілі үлкен салмаққа ие болды, басқа ұлттардың тілдік және мәдени құн-

дылығы экспансияға ұшырауда. Мұны АҚШ идеологтары қоғамдық дамуда болмай қалмайтын құбылыс деп барынша насихаттап бағуда.

Қазақ сияқты аз ұлттар бұл жағдайда не істемек? Кеше ғана орыс тілі мен мәдениетіне бой ұрған ел едік, оның салдары қазіргі қоғамнан анық білініп тұр. Ділі мен тілі орыстанған қазақтар енді ұрпағын америкалықтың өмір салтына бейімдеуде, тілін үйреніп, шетелге кетуге асығуда. Себебі жаһандану саясаты біздің билікті ұлттық құндылықтарды бірінші орынға қойдырмауда. Біздің билікке де керегі сол сияқты: қазақ елін өз тілі мен ділін, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын құрметтейтін «білімді, озық ойлы, бақуатты ұлтқа» айналдыру үшін әрекет етуге асығар емес. Біресе **үштілдік саясат жүргізеді, әліппені алып тастайды, латынға көшеміз деп, басын бастап аяғын бір тастады.**

Осыны көріп отырып, қазақ неге бейқам? Кімге сеніп отыр?

Егер Абай идеясын ту етіп, қазақтың рухын оятпасақ, өркениеттер қақтығысында аман қалмамыз анық. Біз сияқты аз ұлт тұрмақ, жаһанданудың мұндай барысы әлем халықтарын да ойландыра бастады. Қытай, Франция, Германия сынды елдер әрекетке кірісті. Қытай көшедегі жарнамаларда ағылшын жазуының көрінуіне тиым салуда. Ал Франция билігі сол елде тұруға келген әр шетелдік өз ұлттық құндылығынан бас тартып, француз қоғамының ажырамас бөлшегіне айналуы тиіс деген талап қояды. Германия канцлері

Ангела Меркель де өз елінде көпұлтты, көпмәдениетті мемлекеттен бас тартқысы келетінін мәлімдеген.

Қазақстан да 130 ұлт тұратын көпұлтты ел, мұндағы ұйғыр, дұңған аудандары қазақтың тілі мен мәдениетін мойындап, «Ұлттық Ассамблея» диаспоралар арасында біздің елге тиімді болатындай насихат жүргізу керек. 2020 жылдың ақпан айында болған қазақ-дұңған қақтығысы да көп жайтты аңғартты. Масаншыны мекен еткен дұңған халқының қазақтан гөрі Қытайға бүйрегі бұратыны байқалды, екінші жағынан біздің биліктің шекарада тұратын **«анклабқа»** көп жылдар бойы ешқандай мән бермегендігі көрінді.

Тек Германия ғана емес, Ұлыбритания, Испания, Австралия елдері де елдегі көпұлттылық саясатын реттеуге кіріскені рас. Түрік еліндегі Ризе қаласының тұрғындары өзінің ұлттық болмысын, қарым-қатынастарын сақтап қалу үшін теледидар, интернет, электр жарығынан бас тартқан дейді.

Бұдан аңғаратынымыз, өзге елдер өз ұлттық ерекшелігін сақтап қалу үшін жаһандану саясатына тосқауыл болатын әрекеттерге көшіп жатыр, ал біз ше? Нарыққа бейімделеміз деп жүріп, өз ұлттық бет-бейнемізді жоғалтып алмаймыз ба?

Ұлт дегеніміз – тіл. Біздің тіліміз осы 30 жылдың ішінде мүлдем күйреп, көркемдік бояуы жоғалып, аударма тіл деңгейіне түсіп қалғаны рас. Әйтпесе, қазақ тілі синонимді, образды тіл емес пе еді? Мақалдап, мәтелдеп, тұспалдап, астарлап сөйлейтін қазақ қайда қазір?

Қалай дегенде де, «өркениеттер қақтығысында» ұлт ретінде өз әлсіздігімізді көрсеттік. КСРО отарында 70 жыл бойы атеизм идеологиясы жүрді, тәуелсіздік алған кезде мұсылман боламыз деп мешіттер сала бастадық, дінге бет бұрдық. Бірақ аяғы не болды? Араб өркениеті қазақтың санасын, ділін жаулай бастаған жоқ па? Қыздарымыз хиджап киіп, ер-азаматтарымыз шошайтып сақал өсіріп, шалбарларының балағын қысқартты. Менталитетімізге тән емес уағыздар айтып, елді іштен ірітті. Аяғы көп жастарымыз бала-шағасымен соғыс болып жатқан Сирияға қашып, сол жақта тоз-тоздары шықты. Саналары әбден уланып, қазақтан бір белгісі жоқ дүдәмал мәнгүртке айналды. Араб пен қазақ өркениетінің қақтығысында, өкінішке орай, біз осындай жағдаймен бетпе-бет келдік.

Бұдан жарты ғасыр бұрын батыс өркениеті әлемді дүниежүзілік дағдарысқа әкеп тірейді деп ешкім болжамаған еді. Бірақ өзіміз көріп отырғандай, жағдай қазір мүлдем басқа бағытта өрбуде. Әлемдегі халықтың бес пайызын құрайтын америкалықтар үлесінде дүниежүзіндегі энергетикалық шығынның 45%-ы, қоршаған ортаны ластайтын қалдықтардың үштен екісі бар екен. Техногендік өркениет табиғатты жансыз, органикалық емес дүние деп танып, адамды табиғаттың бір бөлшегі деп қарастырып келген дәстүрлі өркениетке қарсы уәж айтады. Осыдан да әлемде экологиялық дағдарыс өріс алып, адамзат өз құрдымын өзі жеделдетуде. Басқа планеталарға қоныс ауда-

ру идеясы бағытында жұмыс істеп жатқан батыс өркениеті ондай планетаны тапқан жағдайда да, күллі адамзатты ол жаққа көшіре алмасы анық, құрбандар міндетті түрде болады деген сөз.

Әлемде өркениеттер көп, 25 жыл бұрын «Өркениеттер қақтығысы» мақаласын жазып, осы тақырыпты алғаш қозғаған **Самюэль Хантингтон** оларды батыс өркениеті, индуистік өркениеті, ислам өркениеті, конфуциан өркениеті, латынамерикалық өркениет, жапон өркениеті, православиелік өркениет, африкалық өркениет деп жіктейді. Бұл өркениеттер арасындағы айырмашылық тайға таңба басқандай көрініп тұр. Бұл өркениеттер тілі, ділі, мәдениеті, дәстүрі мен діні жағынан бөлек екені белгілі. Әсіресе өркениеттер арасын дін қатты бөліп тұратыны рас. Басқа ұлттық белгілер жаһандануға жұтылса да, діннің оңайлықпен жоғалып кетуі мүмкін емес. 2001 жылдың 11 қыркүйегінде ислам мемлекеті Нью-Йорктегі «Егіздер» мұнарасына террористік шабуыл жасағанда, батыс өркениеті мен екеуінің арасында қақтығыс басталып кеткен. Салдарынан қаншама мұсылман елдері қанды қырғынға ұшырады және көп елде әлі де соғыс жүріп жатыр. Жалпы, батыс және ислам өркениеттері арасындағы қырғиқабақ соғыс 13 ғасырдан бері жалғасып келеді. Ал басқа өркениеттер арасында да «қырғиқабақ соғыс» ешқашан толастаған емес.

Қазіргі кезде әлемдік саяси мәселелер АҚШ, Ұлыбритания, Франция арасында шешілсе, әлемдік экономикалық мәселелер АҚШтан бастап, Германия, Жапония арасында шешімін та-

уып келеді. Бұл елдер өзара тығыз байланыста, біз сияқты әлсіз мемлекеттер олардың ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мен Халықаралық Валюта қоры (ХВҚ) шешімдері де, ең алдымен, АҚШ мүддесін көздейді. Дегенмен, С. Хантингтон экономикалық және қарулану жағынан үлкен күш болып саналатын АҚШ-тың бір әлсіз жері бар екенін айтады. С.Хантингтонның пікірінше, **мұсылман-конфуциандық одақ** АҚШ-қа үлкен қауіп төндіріп тұр. Батыстық мәдениет қазіргі кезде әлемді үстіртін жаулап алса да, жоғарыда аталған өркениеттерге келгенде, АҚШ қауқарсыз. Исламдық, конфуциалдық, индуистік, буддистік және православиелік мәдениеттердің идеясы мен құндылығы қатты тамыр жайған, діни фундаментализммен күресу ұлттық белгілерді «жұтып қоюдан» әлдеқайда қиын. С.Хантингтонның өркениеттік жік теориясын Ф.Фукуяманың «Тарихтың ақыры» тұжырымдамасына қарама-қарсы салыстыруға болады. Егер Фукуяма тұжырымдамасын батысқа қару ретінде қолданған болса, жаһандану қарсыластары С.Хантингтон теориясын қолдануда. Менің ойымша, **ежелден келе жатқан шығыстың мораль философиясына қарсы қоятын қазір батыс өркениетінде жаңа парадигма туған жоқ.**

Жалпы, ғылыми-техникалық прогресс ғаламдық ынтымақтастыққа, жалпыпланеталық ақпараттық жүйелерді, байланыс, көлік, сауда-саттықты құруға, елдер арасындағы көне айырмашылықтарды жоюға әкеліп соқтырады. XX-XXI ғғ. жер бетіндегі адамзаттың өмір сүруімен

байланысты жаһандық проблемалардың – ядролық соғыс қаупі, экологиялық апаттар, демографиялық проблемалар мен басқаларының туындауы – адами өркениеттің бірлігі туралы пікір, сондай-ақ Ұлы Жібек жолына балама ретінде әлемде бірыңғай өркениеттік белбеу қалыптастыру үшін қосымша негіз болады.

Өркениет, көбінесе, урбанизация, ғылым, техника және технологиямен байланыстырылады. Ғалымдардың баға беруі бойынша, аталмыш бағыттарда ашылған жаңалықтар мен табыстар аз емес, мәселе жекеленген елдер үшін олардың қолжетімділігінде. Десе де адамның интеллектісі әлі де әлемнің жасырын сырларын ашуға қабілетті. Бәлкім, келесі ашылулар мен «ноу-хау» ноосфералық ізденістер арқылы ғарышпен, Ғаламның басқа планеталарымен және т.с.с. байланысты болатын шығар. Осылайша, әлемдік өркениет өзінің дамуының жаңа сатысына, яғни **гуманистік ноосфералық және жаңа планеталық өркениет типіне** көшуге аяқ басты.

Өркениет пен ғылымның дамуы мәдени-рухани дамумен әрқашан бірегей емес екенін атап өткен жөн, соңғысы адамгершілік, эстетикалық, діни өлшемдерді қамти отырып, қоғам өміріндегі тәуелсіз және белсенді топ болып табылады. Осыған байланысты, өркениеттің дамуында адамзат рухани дамуды естен шығармауы тиіс, өйткені ол өз кезегінде кез-келген өркениеттің төзімділігінің берік іргесі болып табылады.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ СӨЗ

Генийлер келе ме?

21 ғасырда нәубеттердің көбейгені соншалықты әлемдік өркениет өзгеру керек деген тұжырымға келдім. Әлемдік кризистермен күресуге дамыған елдердің өздері дәрменсіз. Ол үшін гениалды идеялар, жаңалықтар керек. Оны жасайтын, тудыратын гениилер. Олар бұрын болған, қазір қайда деген сұрақ туады. **Гений дегеніміз** – ол адамның ең жоғарғы деңгейдегі интеллектуалды, шығармашылық ой-өрісінің жемісі мен жетістігін бүкіл әлем қабылдауы. Генийлер жай адамдар да, биліктегілер де әлемнің өзгеріс суретін түгел көре алмайтынды көретін басқа деңгейдегі талант иесі. Генийде қоғамның дамуына күш беретін өзгеше көрегенділік болады. Әрине оған гениалды идеяларын іске асыру үшін көмекші құралдар есебінде супер компьютерлер, жылдамдатқыштар, космостық телескоптар, гравитациялық желілер қажет болады. Президенттер келеді, кетеді, ал генийлер, ақылды кеңесшілер қалады деп бекер айтылмаған.

Осындайда әлемді күрт өзгерткен генийлерді еске алған жөн. Алдымен ойға **Альберт Эйнштейн** түседі. Оның ерекшелігі ойлау жүйесіндегі елестету түйсігі, ойлау арқылы тынымсыз жасаған эксперименттерінде. Ол осыдан 100 жыл бұрын **гравитациялық толқынның** барын

айтып, кеңістік, уақыт, энергия, материя туралы жаңалықтарымен адамзаттың көзқарасын өзгертті. Мұндай гениалды идеяның тууы Эйнштейнде сезімталдық, көрегенділік, интуиция күшті екенін көрсетеді. Ол қараған заттың медицинадағы магнитный резонанс сияқты (МРТ-дей) барлық құрылымын көре білген. Эйнштейннің негізгі ерекшелігі ол оның көрегенділігінде, елестету түйсігі (воображениясында) және өңкей ойымен эксперимент жасағандығында. Осының бәрі оны **«салыстырмалы теориясын»** ашуға алып келді.

Әлемдік өркениетке жаңалықтарды ашқан генийлер көп. Олардың аз ғана бөлігі мыналар: Лао-Цзы, Будда, Конфуций, Платон, әл-Фараби, Ибн Сина, Леонардо да Винчи, Уильям Шекспир, Иссак Ньютон, Моцарт, Чарлз Дарвин, Ф.Ницше, Д.Менделеев, А.Эйнштейн, К.Маркс, Мария Кюри, Т.Эдисон. Н.Тесла, Р.Оппенгеймер, А.Вернадский т.б. Осылардай болам десеңіз алған бағыттан таймау керек. Кейінгі 30-40 жылда генийлерді әлем көре алмай қалды. Ең соңғы гений деп 2018 жылы өмірден озған космо-астрофизик Стивен Хокингты және көзі тірі Билл Гейтсті айтуға болады.

Бүкіл әлемді дүр сілкіндірген, Еуразияны билеген Түркі тегінің де сақ, ғұн, түркі қағанатынан бері генийлері жеткілікті. Солардың бір тобы: Мөде, Аттила, әл-Фараби, М.Қашғари, Қ.Ясауи, Ж.Баласағұн, Шыңғысхан, Ә.Науай, Абай т.б. Бір өкініштісі Абайдан бері екі ғасыр өтсе де бізден, жалпы Түркі әлемінен бір де бір

әлемдік деңгейде **Нобель сыйлығына ие болған ғалым гений жоқ.** Бұдан бізде Нобель сыйлығына лайықты азамат жоқ деген сөзден аулақпын. Оған да дамыған елдердің қойып қойған тұзақтары бар. Шығыстың әлемдік өркениетке берген үлесін ескере отырып Конфуций, Лао Цзы, Будда, әл-Фараби, ибн Сина т.б. ғұламалардың ғылыми, рухани мұрасын жаңғырту үшін *Нобель сыйлығына балама ретінде «Шығыстың жұлдызы»* атты әлемдік жүлде (премия) жасау керек деп ойлаймын. 220 млн.-ға жуық түркі тілдес халықтарынан әлі талай генийлер шығар

Әлемде 2050-2060 ж.ж. түбегейлі өзгерістер болуы мүмкін. Ал олар ғылыми-технологиялық революция арқылы болады деп күтілуде. Мысалы, **«термоядролық синтез» шексіз экологиялық таза энергия бермекші.** Әлі күнге дейін белгісіз болып келген үлкен жарылыстың нақты әсері де шешілуі мүмкін. Жерде қалай өмір пайда болғаны да анықталады. Айға адамдардың бірінші болып көшуі. Басқа планетада өмірдің бар не жоқ екені де белгілі болмақшы. Жердің тереңде жатқан орталық кіндігін табу да алдағы проблема. Осындай әлемдік жаңалықтарды шығаратын өмірге генийлер келуі әбден мүмкін. Біздің жастарымыз да осы үрдістен кенже қалып қоймауы керек.

Біздің жастарды не күтуде? Бір нәрсе анық, келешекті жасайтын ғылым мен жоғары технологиялар. Олай болса жастар ғылымды терең меңгеруге бет алуы қажет. Себебі ертең ғылым сенің күнделікті өміріңнің бір бөлігіне айналады. Оның

шыңы жасанды интеллект пен наномедицинаның өмірдің жақсы өзгеруіне беретін әсері. Адам тағдыры осыларға байланысты болады. Ғалымдардың айтуынша 21 ғасырда әлемді өзгертетін жаңалықтар күтілуде.

Әрине генийлер жоқ жерден, не кедейшіліктен тумайды. Ол үшін қоғамды ізгілендіру қажет. Әсіресе халықтың күн көру деңгейін көтеру, білімін сапалы ету, жұмыспен қамтамасыз ету т.б.

Әлеуметтік инновациялар генийлерді тудырады. Мұның бәрі тек саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар жасалған, адам құқықтары сақталған, демократиялық қоғамда ғана болады. Азаматтық қоғам жасау, халықтың басым көпшілігінің жақсы жағдайда өмір сүруі - әр мемлекеттің негізгі мақсаты болуы керек.

Ол үшін 30 жыл бойы қалыптасқан ескі жүйені өзгертіп, әділетсіздіктен біржолата кетіп, Конситуциялық өзгерістер жасап Жаңа Қазақстан, жаңа демократиялық жүйе, азаматтық қоғам орнату керек.

Мен өзімді гениймін деп санамаймын да. Бірақ солардың табалдырығында жүргендердің бірі болуым мүмкін. Осы орайда мынаны айта кеткім келеді. Өмірде сен тек гениалды идеяларыңмен, ашқан жаңалықтарыңмен ерекше (уникальный) дүниелеріңмен қаласың. Сен бұл пәниде, ертең ешкім сөндіре алмайтын артыңда іс қалдыруың керек. Қысқаша айтсам ел үшін өмірімде жасаған жобаларымды келтірейін (1,4,5,9,39,56,70-74 еңбектерімде көруге болады).

- «Түркістанды жаңғырту, рухты ояту» жобасы.

- Өз қаражатыма салған «Түркібасы әулиесі» кесенесі;

- Абай және Қазақстанның болашағы;

- Түркі әлеміне рухани серпіліс беру;

- Мемлекетті 5-тік спиральмен жаңаша басқару;

- Жаңа өркениетке өтуге «Қоғамды жаңғырту ілімі»;

- Қазақстанды модернизациялау;

- «Жерді игеру», «Қазақ өрісі», ауылға асар;

- Әлемдік ортақ валютаны реттеу;

- Кіші, орта кәсіп – елге нәсіп;

- Әлемдік және Түркі өркениеті, болашақтың концепциясы.

- 1000 жуық ғылыми, публистикалық еңбек, 90 ғылыми монография, оқулықтар жарық көрді.

6-7-ші сезім ілуде біреуге қонатын бақ

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

6-7 сезім түйсігі

Ерте заманнан бері өркениеттер дамыған сайын адамның интеллектуалды ойлау жүйесі дамып келеді. Онда осыдан 3 млн. жыл бұрынғы Африкадан шыққан адам тектес маймылдан, 200 мың жыл бұрынғы бастапқы ақылы кірген адам-

нан қазір сенің не айырмашылығың бар? Сана жетілмеген болса да, ол заманның адамының өз еркі өзінде болды, аң аулап, не нәрсені қара күшпен жеңіп, өз дегенімен жүретін [62].

Бүгінде адамзат дамуы осылайша өзін-өзі торға әкеліп қамағандай әсер қалдырады. Бұдан 150 мың жыл бұрын **қару, құрал** ойлап тапты, 6 мың жыл бұрын **атты үйретті**, керегіне жаратты. Ат үстінде Шыңғыс хан жарты әлемді жаулап, өз ұрпақтарының билігіне қалдырып кетті. Өткен ғасырда **машина двигателі** шықты т.б. [63]. Бүгін «адамның жасанды миын» жасап шығару үшін миллиардтаған ақша жұмсалып, он жылдан бері **нейротехнология** саласында ғылыми ізденіс жасалуда [60]. Сол жасанды интеллект, роботтар өмірімізге дендеп енбей тұрып, *адам мен машина арасында қандай шектеу болуы керек*, соны әзірден бастап анықтап алу керек. Осының жолын қазір іздемесек кеш қаламыз. Егер бұл мәселе шешімсіз қалса, дүние асты-үстіне түсіп, адамзат апокалипсиске ұшырап, баяғы атам замандағы ескі өмір қайта басталуы мүмкін.

Қазір адамзат өз ми мүмкіндігінің жоғары шегіне жетіп, енді интеллектуалды дәрежесі кему процесіне бара жатқандай, мүмкін қателесетін де шығармын. Себебі бүгінгі адам ойланғысы келмейді, ештемеге бас қатырмайтын **«комфорт-ты зонаға»** кіріп алған. Жаңа технологиялар көз ілестірмей өршіп, күллі әлемдегі адамзатты өз торына шырмауда. Бұл мәселе интернет шыққалы бері қатты біліне бастады.

Әсіресе өткен ғасырдың ортасында Кибернетиканың дамуы одан кейінгі 4-ші өндіріс рево-

люциясы, жаңа технологиялар арқылы адамның ойлау жүйесіне үлкен серпіліс беруде.

Мысалы, бұл жаңа технологиялар арқылы блокчейн, интернет жүйесі, цифрлы технология, кванттық технология, киберрискіге дейін, ары қарай жасанды интеллект, робототехника, дрондар, алдыңғы қатарлы материал, аддитивті өндіріс, көп өлшемді печать, геном сияқты әлемнің ең озық инновациялық жаңалықтарын адамзат пен табиғат алдында игеру алдымызда тұр. Цифрлы технология адам денесіне қалай кіреді? Бұл этикалық мәселе қалай шешіледі? Адам өзгерісі мен жасанды интеллект, роботтардың ара қатынасы қалай болмақ, бірін-бірі алмастыра алады ма? Оларды адам басқарып реттейді ме, жоқ әлде жасанды интеллект басымдық жасап кете ме?

Осылардың бәрін математиканың көбейту есеп кестесі сияқты егжей-тегжей білуіміз керек және қалай игеріп өмірімізге пайдаланудың жол картасын жасауымыз қажет. Ол үшін адамның психологиясы, сана-сезімі өзгеруі қажет. Бұның бәрі сана революциясына әкеп тірейді. «Қазақ халқы осыған даяр ма?» деген сұрақ туады. Онда «қалай жасау керек? Қанша шығын кетеді? Қанша уақыт керек? Қандай нәтиже аламыз? Басқаларды қалай қуып жетеміз?» деген сұрақтар жауабын күтуде. Климаттың температурасы 2 градусқа көтерілсе, не істеу керек? Басқа планеталар мен байланыс қалай болмақ? Жер, ауа, космос қандай қатынаста болады? Бұл жерде деректер базасы, геоинженерия, космос технологиясын игеру си-

якты тың, маңызды мәселелер алдымызда тұр.

Жаңа технологиялар шарықтап тұрған заманда мемлекеттерді қандай Президент, қандай Премьер басқару керек деген сұрақ туады. Себебі қазіргі басшылардың интеллектуалды кәсіби мүмкіндіктері өмірдің, жаңа технологиялардың талабынан көп төмен. Сол себептен де әсіресе рухани таяздығымыздан ел басқаруда көптеген қате кетуде. Менің айтайын дегенім мемлекетті басқаруға келген келесі Президентке кәсіби білімі, біліктілігімен қатар ең керегі жаңа сезім-түйсік арқылы келетін көрегенділік. Көсем – көрегенділігімен көсем.

7-сезім дегеніміз – ол адамның әртүрлі саладан жаңа білімі болса, оның санасы, ойлау жүйесі жоғары деңгейде болып, бүгінгі, ертеңгі өркениет үрдістерін біліп отырады. Мысалы физика заңдылықтарын, жаңа технологияларды, интернет, глобальды сеть, цифрландыру, жасанды интелект, рухани тереңділігі тағы басқалар. Мұндай потенциалы бар адам осының бәрін энергетикасымен жұмылдыра отырып, медитация жасап «озорение» болғанда, ол басқа адамдар көре алмайтын кеңістікке шығып бір жаңалық ашады, не бір жаңа сезім туады. Ол, сол жаңа деңгейде былайша айтқанда, медицинадағы «магнитный ренонанс» сияқты жай адамдар көрмейтін жаңа дүниелерді көре алады. Мұндай ұшқыр сана-сезім генийлерде болады, мүмкін өте білгір адамдарға да келер. Қазіргі өмірде жаңа сезім тудыру арқылы тез алға кетуге болады. Қазір ең керегі адамның айнала-

дағы өзгерістерге сезімталдылығы, әрине ол тек өзін-өзі білімін жетілдіруден болады.

Бір нәрсе анық, жастар техникалық білімді жақсы игеруі керек. Бізге информациялық желілермен басқара алатын көптеген білімді жанаша ойлайтын мамандар керек. Бәріне бір жауап – **«білімді қоғам»** болу керек. Бізге сезімталдықты дамыту керек, себебі, ол бізге алда не күтіп тұрғанды сезе де, көре де алуымыз үшін керек. Біз 6-7 сезім арқылы бір жағынан жаңа технологияны, екінші жағынан рухани – тарихи заңдылықты да қабылдап, салыстыра отырып, қате жібермейтін шешімдерге жол бере аламыз. Үшінші, осылардың бәрі глобалды тор цифрландыру арқылы, ақпараттық қамтамасыз етіледі. Осылай адами қасиеттер мен сезімталдық арқылы жаңа ғасырда, техникалық дәуірде бейбіт өмір сүруге болады. Бұл жерде ең маңыздысы әсіресе дамыған мемлекеттердің бір-біріне сенімділігі қажет.

Жасанды интеллектің, геномиканың дамуына байланысты адамзат алдында этикалық рухани, жеке адамның жаны мен тәніне әсер ететін мәселелер тұр. Мысалы, жасанды интеллект арқылы «биологиялық синтезбен» сәбиді өмірге алып келу, немесе тез арада «коронавирус» сияқты генетикалық ауруларды даяр вакцинамен жою, адамның жасын 150 жасқа, немесе одан да әрмен ұзарту, алгоритм арқылы адамнан да тез ойланып шешетін роботтар жасау, т.б. жетістіктерге жетуге болады. Осындай жағдайда адамның өзі робот болып кетпей ме, адамның жаны – тәнге айналып

кетпей ме, қай жерде мұның шегі болады деген сұрақ тумай ма? Бұл жерде діннің де өзіндік рөлі күшті болу керек.

Өзіңмен талай жыл бойы сырласып жүрген дәрігеріңізді тастап, жасанды интеллектпен жасалған робот-дәрігерге жүгінуге тура келмей ме? Цифрлы заманда адам өзінің адами қасиеттерін, жеке сезімталдығын және басқа да адамға тән болмысын жоғалтып алмай ма? Осы адам басына сыймайтын сұрақтардың жауабын кім айта алады? Әрине бұған жауап беретін жаңа ғалым, жаңа бағыт бағдар.

Қазір елдің жүйкесі жұқарғаны соншалықты ойламаған жерден бір нәзік мәселе шыға келсе бүкіл мемлекетке үлкен қауіп, әсер туғызуы мүмкін (2022ж. Алматы трагедиясы). Мысалы, олар кедейшіліктен, жұмыссыздықтан, коррупциядан, жер, тіл, көп балалы ана, саяси репрессия т.б. кез келген мәселеден бұрқ ете қалуы неғайып. Осындайда бұларды болдырмау үшін бірінші, әрине экономика бай-қуатты болу керек, екінші 6-шы түйсік арқылы сезімталдық керек. Мұны жасау үшін халықтың көңіл-күйін саралап отыру және «глобалды сетті» білу, интернет, цифрландыру жақсы даму қажет.

XXI ғасырда сана, рухтың ауырған кезеңі, бұған бәрі кіреді: саясат, экономика, ғылым, білім, мәдениет, денсаулық т.б. Мұндай күйзелісте көп уақыт бойы бұрынғы әдеттегідей іс жасау бекер. Себебі, қазіргі биліктің жол картасы жаңа компас-сыз істемейді. Бұл жаңа кеңістікке біліммен қатар

адамның сезімталдығы, 6-7 сезім, жаңа технологияны пайдалану қажет. Маңыздысы көрегенділік, бір қарағанда ескі мен қатар жаңаны да көре білу. Мүмкін сананы қайта жаңғырту арқылы бәріне жаңадан қарау керек шығар.

7-сезім арқылы глобалды сеттегі, жасанды интелекттегі немесе база данныхтағы болатын адамзаттың дамуына керек емес процессті дер кезінде алгоритмдер арқылы реттеуге немесе қоғам пайдасына шешуге болады.

Бұл жерде бар шындықты айтпаса тағы болмайды. Жаһандау, кризис заманында алда не күтіп тұрғанын білу мүмкін емес. Көз алдымызда болып жатқан (коронавирус сияқты) сан-алуан құбылыстарды биліктегілер толық көре білмейді. Себебі, олар «глобалды сеттің», сетевой экономиканың негізін түсіне бермейді. Бір орында жылдап отырса, ғалымдарды тыңдамаса, ескі психологиямен қайдан білсін. Реттеуге уақыт аз.

Ақылды басшыны тағы 30 жыл күтудің қажеті жоқ! Сол себептен ескі жүйеден кетіп билік басына жаңа формацияның жастары келіп, халықтың, жер мен тіл тағдырын өз қолына алу керек. Біз болсақ бар ақылымызды айта отырармыз, әсіресе рухани-тарихи құндылықтар өте қажет.

Платон мен Сократ та корольдерін тәрбиелеуге тырысты. Мынау өзгермелі заманда келешек тек Президенттің де қолында емес, ол халықтың сапасына байланысты. Қазір бізді глобалды сеть, жасанды интеллект, интернет т.б. жайлап кетті. Енді бұрынғы жүйеден ақылды басшы келу екі

талай. Сол себепті басқару жүйесінің қазіргі заманға негізделген жаңа философиясын жасайтын жастарға сенім арту керек.

*Адамзат коалиция арқылы
ашық қоғамға ауысуы керек*

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Жаһандану феномені

Әлем жаһандану процесіне кіргені әлдеқашан. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына байланысты жаһанданудың арқасында әлемде жойқын күштер үлкен өзгерістерге әкелетін глобальды проблемалар пайда болды. Олар ноосфера, космосты игеру, биотехнология, жасанды интеллект, атом, гендік инженерия, экология, адамның ең жоғарғы санасын дамыту т.б. техногендік, гравитациялық салалары.

Ғасырлар тоғысында адам өркениеті жаһандану орманында адасып, уақытысында сара жолын таба алмай технократтық бағытта кетіп өзінің рухани эволюциялық даму мүмкіндігін, қоғамдық қатынастардың дамуын шегеріп алды. Кризистің де түп тамыры осында адами құндылықтарды дамытып келешекке қалдыруда жатыр. Егер адамзаттың маңдай терімен тапқан табысының көп бөлігі қазіргідей материалды сфераны күшейтуге, қару жараққа, армияға немесе соларды тез дамытатын технологияларға т.б. баю, не үстемдік жасау мақ-

сатына жұмсала берсе, онда басқасын қойғанда дамыған мемлекеттердің өздері де құрдымға кете береді деп ойлаймын.

Біз жаңа сұранысқа жауап беру үшін G7, G20 мемлекеттері, жалпы БҰҰ-да адамзаттың қайда бара жатқандығы туралы маслихат жасап, бағыт бағдарды анықтап, бірінші басымдықты адамның рухани-мәдени дамуына, адами, моральдық, жаңа этикалық қасиетіне беріп, соларға үлкен инвестиция салып жобалар ретінде іске асыру қажет.

Бұл жерде адамның құқығы сақталып, оның өмір сүруіне керек нәрсенің бәріне қолжетімді болу, әсіресе барлық деңгейде тегін білім алуына, денсаулығы мен жұмыспен қамтамасыз етілуі тиіс. Ал өскен адамның өз жағынан саналы, адал, өтірік айтпайтын, жағымпаз емес, керісінше айналасына қол ұшын беретін, бір-бірімен араласуға, мәселелерді бірігіп шешуге даярлығы болуы, оның толық адам екендігі – қоғамға керегі. Ал толық адам өмірдің, қоғамның дамуына, өркениетке қызмет етеді. Себебі ол ұлы Абай айтпақшы өмірдің көрінген және көрінбеген сырын да толық түсінген, игерген азамат. Адамның өмірдің мәніне деген махаббаты, өзін сүюден, өзін-өзі зерделеуден, қадірлеуден басталып, басқалардың да қадірін білуге әкеліп, бүкіл қоғамды дамытуға қабілетті екенін көрсетеді. Сонда махаббат адам өмірінің мақсатына айналады да, ал кемелденген адам бүкіл прогреске қызмет етеді.

Кемел адамның ой-санасы, білімі арқылы роботтарды, жасанды интеллекті жасағанда

жоғарыдағы рухани басымдықтары алға шығып, адам ешуақытта «киборгтардың» құлы болмауға мүмкіндігі бар. Немесе адамға жаңа технологиялар жетістігі үстемдік құрып кету қаупі төнуде. Мұндайда қандай гений болса да жеке адамның қазіргі келеңсіздіктерді жеңуге мүмкіндігі аздық етеді. Ол үшін бұл мәселені жүйелі түрде жағдай жасап, жаңа идеология ретінде және өндірістік қатынастарды дамытып, сананы өзгерту арқылы іс жасау қажет. Сананы өзгерту – асау ат сияқты сол білімді қуып, ерттеп мінуде. **Бұл ұзақ процесс, себебі қоғамдық сананың даму процесі әлі жетілмеген.**

Менің ойымша қазіргі әлемде болып жатқан тез өзгерістерді ескеріп, әсіресе роботтар, нанотехнологиялар, биотехнология т.б. жақсылықпен бірге үлкен апат әкелетін ғылым мен техника жетістіктеріне БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесі **«регламент»** қабылдау керек. Сол регламентте көрсетілу керек, осылардың қай түрі бойынша қандай көрсеткіштерді, оның қандай шектерін заңды түрде қатаң сақтау керек екендігін. Қауіпсіздік кеңес БҰҰ-ның барлық мемлекеттер қатысқан үлкен жиналысында, жылына бір рет есеп беріп отыруы қажет. Тек осылай қатаң бақылау арқылы вирустардың, биомикробтардың келу қаупін қадағалап, егер болған жағдайда тез арада вакцина шығарып, олардың ары қарай таралуын тоқтатуға болады.

Тағы бір алда күрделі мәселені анықтау тұр. Ол қазір өте жетілген **техногенді даму** мен

көнеден келе жатқан эволюциялық жолында табиғи дамудағы біздің **рухани құндылығымыз арасындағы қатынасты, байланысты анықтау** қиынның қиыны. Бірақ бұлардың ара қатынасы қалай болады, баланс керек пе, шығатын шығындар қалай болмақ? Бұл көпфакторлы ізденісті, есептерді қажет етеді. Әрине екеуі де дамуды қажет етеді. Бір нәрсе толғандырады, ол менің ойымша әсіресе дамып келе жатқан елдер рухани салаға аз қаражат салуда. Мысалы Қазақстанның ғылымға салатын қаражаты жалпы ішкі өнімге 0,13% -ақ, (бұл 20-30 есе кем), білімге 3,8% (2 есе кем), мәдениетке 3,2% (2 есе кем), денсаулыққа 3,3% (2-3 есе кем). Жалпы әлемде де технология жағында басым инвестиция салынуда, ал рухани сала қалуда.

Бір сұрақ туады? Келешекте бүкіл озық ғылым мен технологиялардың жетістігін пайдаланып бай мен кедейдің арасы еселеп ажырап адамзаттың азғантай бір бай бөлігі жетістіктің бәрін өз қолына алып, қалған бүкіл адамзаттың басым бөлігін кедейшілікте ұстау қаупі төніп тұр. Бүкіл адамзат қақ бөлініп, бір бөлігі адам болудан қалуы мүмкін. Осылай болмас үшін қазірден не істейміз?

Мысалы, ғылымның жетістіктері жасанды интеллект, роботтар, жасты ұзартатын наноботтар т.б. өте қымбат адамға қызмет ететін дүниелер бірінші ең бай адамдарға қол жетімді болады. Оны жасайтын нарық, бизнес экономикасы. Бұл жерде ғалымдардың кінәсі жоқ, олар тек жаңалықтарды

ізденіспен шығарады, ал пайдалану басқа саясат. Ғалым әлемде бай, кедей деп бөлмейді, керісінше ғылым өмірді жақсы дамыту үшін қызмет ететін ең күшті құрал.

Бірақ қазір адамды өлтіріп жатқан, адамның өзі, оның өмір сүру образы. Оның ішінде семіздік, диабет, жүрек қан-тамырлар ауруы, рак, т.б. оған қосылған коронавирус сияқты жұқпалы вирустар дендеп барады. Егер басқа планетадан қарасақ жалқауланып та барамыз, жерді игеру, терлеп-тепшіп еңбек етіп нан табудан қалып барамыз.

Техниканың прогресс арқасында біз, дамып келе жатқан елдер сияқты бір-ақ секіріп интернет, цифрлы технология, тағы басқа жетістіктерді дамыған елдердегідей пайдаланудамыз, тек қаражатың болса ала бер. Ғалымдардың өздері бұрын шетелге шығу ілеуде біреу, әлемнің ғылымымен танысу қиын, шет тілі де қол жетпейтін жағдай еді. Енді аз уақыттың ішінде интернет арқылы егер білімнің күшті болса әлемді шарлап кетесің, мақалаңда шетелде шығып жатыр. Информация мен технологиялар қол жетімді.

Қазір өмір бір аламан бәйге сияқты озып та кетуге болады, қалып та қоюға болады. Мәселе сол елдің, сол мемлекеттің дамуына өз сара жолын табуда және оны әлемдік үрдіспен байланыстыра білуде. Әрине бұл тұрғыда әр елдің жарысқа шыққан мүмкіндіктері де бірдей емес, даму кезеңі де, потенциалдары да әртүрлі. Ара қашықтық осыдан бастап жинала береді.

Бір нәрсе маған анық, біз сол әлем жаңалықтарын бір жағынан игеріп те үлгере алмаудамыз, ал екінші жағынан оларды сын көзбен кезең-кезеңмен тиімді пайдалана алмай жатырмыз. Егемендігімізге 30 жыл болса да, қазіргі билік жүйесі де бұған даяр емес, коррупциясыз демократиялық жүйе құра алмауда. Білімсіз қоғамға айналып барамыз, қоғамдық институттар тиімді жұмыс істемейді. Қазіргі билік оларға өз ықпалын жасап, жұмыс істетпейді. Бұл жерде ең керегі әр адамға, қоғамдық үкіметтік емес ұйымдарға, былай айтқанда 3-ші секторға мүмкіндік беріп, әр саладан мамандарды тыңдап, демократиялық дебаттар жүргізіп қоғамды ізгілендіру керек. Жергілікті өзін-өзі басқару сияқты заңдар қабылдау қажет.

Сонда адамзатты жер шарынан не жоқ қылып жіберуі мүмкін? Олар табиғаттың теріс құбылыстары ма, вулкан, жер сілкіну, топан су, климаттың жылынуы т.б. Бірақ ең үлкен жойқын апат сол адамзаттың ойлап тапқандарынан келуі мүмкін. Ол ядролық соғыс, микробтар, коронавирус сияқты вирустар, лабораториядан тесік тауып шығып кететін т.б. Ондай жағдайда өмір галактикада өлуі мүмкін. Сол себепті ең артығы, асылы өмірдің қымбат екенін, әлемде бейбіт өмір сүру керек екенін берген Аллаға рақмет. Сондықтан Сократ айтпақшы: «өзіңді білген – ақылды болудың басы» - деп.

Жоғарыда біз айтқан алдымызда келе жатқан қоғамның жаңа құрылымы **«интегралды гума-**

низациялық ноосфералық өркениет» жәй туа салмайды. Ол осы күнге дейінгі дамыған елдерден, қоғамдық қатынастардан туындайды. Мұның негізі дамыған мемлекеттерден шығады. Мысалы қазіргі Скандинавия елдерінің дамуы осыған саяды деуге болады. Оларда әсіресе әлеуметтік проблемалар тиімді шешілуде. Осы тәжірибеге біздің шығыстың мораль философиясы қосылса Конфуций, әл-Фараби, Науаи, Абайдың ілімдері алдағы жаңа өркениетті толықтырар еді деген үміттемін. Қазіргі заманда тек адамзаттың «коалиция» сияқты біріккен ой-санасы жаңа өркениетке жол ашады ден санаймын. Ол үшін біз қазіргі капитал шығару өндірісінен кетіп, адамды ізгілендіру өндірісіне бет бұруымыз керек. Бұл мақсатта БҰҰ-нан бастап, әр мемлекет, әр ел, әр халық, әр адам өзін танумен айналысып, өзін-өзі ізгілендіріп Абай айтпақшы толық адам жасауға тырысу керек. Бұл жолда мемлекет қолдап әр адамға барлық жағдай жасау керек.

Болашақта жаһандану мен логистика арқасында көптеген мемлекеттер заңды түрде егемендігін, шекарасын сақтап қалады да, бірақ сауда экономикалық, гуманитарлық мәселелерімен бір бірімен интеграцияланып үлкен одақтар құрады деген болжамды келтіремін. Олардың бейбітшілікті сақтау үшін біріккен армиясы да болуы мүмкін. Әлемдік планеталық үкімет осы армия арқылы бейбітшілікті сақтап тұра алады, тағы басқа экологиялық, стихиялық апаттардан қорғай алады деген үміт.

Алдағы уақытта **адамзат** қоғам болып бірігеді, эволюциялық даму арқылы **ашық қоғамға ауысады**, әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістер жасалып қазір бізді басқарып отырған билік пен әлемдік корпорацияларға қысым жасап, өзінің өркениеттілік шарттарын орындататын болады. Соның арқасында әлем интеграцияланып **гуманистикалық ноосфералық эволюциялық өркениетті** даму жолын жалғастыра бермек. Адамзат өміріне өзгеріс дәуірі басталды деген осы. Себебі сол уақыттарда адам ештеңеге тәуелді болмайды, тамақ, киім-кешек, білім, денсаулық, тұратын үй т.б. адамға керек материалдық, рухани құндылықтардың барлығы қажетті деңгейде қамтамасыз етілетін болады. Осы өмірде де адам **«бір жұмақта»** өмір сүре алады деген болжам күтілуде. Осының бәрін шашып жібермей, бір бірімен құрастырып бүтін жасап тұратын әлемді сақтап та, ұстап та тұратын адамзаттың махаббаты.

XXI ғасыр сана дәуірі

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Келешек - сана өзгерісінде

Сана алғашқыда мифологиядан басталып, діни санаға, метафизикаға, содан соң философияға қатысты категорияға бола тұра табиғатпен тығыз ақпараттық байланыста екені мәлім. Адамның 3 жастан бастап жеке ойлау тәжірибесі өсе

келе көмелеттік жасқа дейін қатты дамып, ары қарай шығармашылық мүмкіндіктері, ойлау жүйесі жетіле береді. Ол алдына мақсат қойып кім болғысы келеді, соған тырысады. Ол 30 жастан аса 40-қа дейін барлық рухани, психологиялық күш, ойлау жүйесі, санасы жетіліп, қоршаған ортамен қатынаста болып үлкен өзгерістер жасауға немесе бір жаңалық ашуға дейін көтеріле алады. Халық кеменгер ғой. Мүмкін біздің қазақта ержігіт отызда орда бұзып, қырықта қамал алады дегені осыдан шыққан болу керек.

Бірақ қазіргі өркениет басқа ғой. Егер уақытында **Атилла, Тұмар ханым, Шыңғысхан, Әмір Темір** т.б. түркі тегіміз ат үстінде бес қаруымен, айла күшімен жарты әлемді жаулап бағындырса, ал қазір сананы жетілдіру арқылы білім мен ғылымның көзі, рухани ізгілікпен халықаралық деңгейде үлкен абырой-атаққа ие болуға мүмкіндік бар. Ол үшін батыстық технократтық даму жолынан кетіп сананы өзгертіп, бетті шығысқа бұрып **Конфуций, Будда, Лао-Цзы, Әл-Фараби, Науаи, Абай** т.б. шығыс философиясын игеріп жаңа өркениеттің жолына түсу керек.

Барлық осыған дейін жинап-терген күшті сананы өзгертуге бұрып, кейбір батыс елдері сияқты қаруланып соғысқа, әртүрлі қақтығыстарға немесе экологиялық катастрофаға, экономикалық кризиске алып келетін теріс істерге жұмсамау қажет. Мынау есікті қақпай кіріп келе жатқан жасанды интеллекттің, роботтандырудың құрбаны болып кетпеу керек. Әрине мәселелерді жеке

дамыған тұлғалар шешіп тастай алмайды. Бұл жерде адамзаттың осы уақытқа дейін дамыған оң нәтижелерін алып, жалпы теріс қалыптасқан жүйені өзгертуге, өндірістік қатынастарды, бүкіл қайта өндіріс процестерін жаңғыртуға жүктеу керек.

Адам санасын эволюциялық дамыту арқылы бүкіләлемдік қоғамдық ұйымдардың, институттардың мүмкіндіктерін қоғамды жаңғыртуға жұмылдыру қажет. Әрине әлем, халықтар, мемлекеттер бірдей емес, сол үшін білім, мәдениет, ғылымның жаратылыстану әсіресе гуманитарлық саласын адамзаттың игеруіне инвестицияны жұмсау керек. Сонда ғана сана жоғарғы деңгейге көтеріліп, рухани қоректеніп жаңаша дамуға жол ашады. Бір сөзбен айтсақ адамға тек білім, тағы да білім, жаңа білім керек. **Білім бүкіл массаны алғанда ғана санада үлкен серпіліс болады.**

Бір өкініштісі біз әлемнің даму процесіне үлкен әсер беретін діннің және ғылымның мүмкіндіктерін неге жеке қараймыз. **Дін мен ғылымды интеграциялап біріктіріп, бір цивилизациялық даму жолына салатын уақыт келді деп ойлаймын.** Себебі дін жағында руханият күшті, адамдардың санасы махаббатқа, Құдайға деген сенімге берік болса. Ал ғылым, білім жағында техникалық прогресс, көптеген әлеуметтік инновация, бизнес, экономикалық жаңалықтар, тез баюға әкелетін технологиялар, биология, медициналық жаңалықтар, адам өмірінің ұзаруы т.б. Ал біз болсақ осы екі әлемдік прогрестің алыбын біріктіріп қараудың орнына оларды дін мемлекеттен бөлек, білім діннен бөлек деп қажет бөліп тастадық.

Догматикалық көзқарастан кетіп, бұл парадигманы өзгерту керек.

Адамға деген нағыз махаббат Құдайға да, ғылымға да жат емес. Мысалы өткен ғасырдағы біз 70 жыл құрсауында болған Совет одағының Коммунистік партиясының діндерді атеизм саясатымен қоғамнан бөліп тастауы, мешіттердің күрт азаюы бәрібір оның құлауына алып келді. Кейінгі 30 жылда жүздеген мешіттердің салынуы халықты имандылыққа жетелеуде.

Егер шын демократия керек десек, біз келешекте партиялар және қоғамдық ұйымдар туралы заңға өзгерістер енгізіп, дінге негізделген партия құруға рұқсат жоқ деген бапты алып тастау керек. Бұл дінге сенушілердің құқығын сақтайды және олар қоғамның бір бөлігі ретінде билікті құруға атсалысады. Бірақ одан бұрын діннің өзіндегі көптеген былықтарды жөндеу керек, ондағы мыңдаған адам құқығын сақтамайтын, керісінше таптайтын әртүрлі секталар, молдалардың білімсіздігі т.б. Бұған да жылдар өтеді. Сириядағы, Ауғанстандағы т.б. қақтығыстар, соғыстардан нәтиже шығару керек.

Менің ойымша, түбінде біз дін мен ғылымның басын біріктіре алып, демократиялық қоғамдық процестерге дінді араластыра отырып сананы күрт өзгертіп адамзаттың жаңаша дамуына аяқ басамыз. Бұл үлкен революциялық (резервті) мүмкіндікті әлем әлі пайдаланбай келеді. Шындығына келгенде діннің де, ғылымның да, қоғамдық ұйымдардың да, мемлекеттің де мақсаты біреу – өркениетке, адамзатқа қызмет ету. Ал іске

келгенде неге бөлеміз? Бір сөзбен айтқанда ғылым мен діннің шынайы бәсекелестігі керек. Оларды бір-біріне қарсы қою емес, керісінше бірігіп өркениетке, адамзатқа қызмет етуі қажет. Сананың жетілуі, билік деңгейіне көтерілуі, интеллектуалды ел сол кезде болады.

Ғалымдардың бағалауы бойынша адамның миы 100 млрд. нейроннан тұрады екен және сонда нервтік байланыстар бар. Сонда қаншама ойлар, сезімдер туады, сана дамиды. Алда бүкіл сананы да, адамды да билейтін үш жойқын күш, ол **біріншісі** – коронавирус сияқты, зертханадан шығып кететін микробтар. Мұның бәріне вакцина қайда? **Екіншісі**, егер бұзылған наноботтар әлемді жайласа одан сұр у сияқты сілекей шықса ол аттан да, судан да, мұздан да жаман апатқа апарады. **Үшіншісі**, жасанды интеллект пен роботтар адамды тыңдамай билікті өз қолына алса қиямет қайым деген сонда болуы мүмкін. Сол кезде XX ғасырдың 40 жылдардағы Жапонияның Нагасаки қаласына түскен атомдық бомбалар ойыншық болып қалады. Мұндай жойқын күштер адамзатты жоқ қылып жібермеу үшін әлемдік қауымдастықтар, БҰҰ, институттар, G7, дамыған мемлекеттер тек өздерінің емес, бүкіл өркениетті ойлап, тек тұтынушылық санадан арылуы керек. Келешек - санада дегенім осы.

Ғалымдардың болжамы бойынша наномедицина, нейробиология, квантты технологияда, струн теориясында т.б. салаларда ғылыми революция болады, бізде күтпеген таңқаларлық әлемдік жаңалықтар ашылады. Сол уақытта адам қиын-

дықсыз, ақыл ойдың күшімен өзінің айналасындағы кез-келген құбылысты басқара алады. Міне сонда әлем сана ғасыры, сан әлемі болмақ. Ең уайымдайтыным адамзат екіге - бай және кедей болып бөлініп кетпесе екен. Бірақ ғылым әлемді не кедей, не бай деп бөлмейді. Жалпы әлемнің бар байлығы, бүкіл адамзат тек ғылымға борышты. Себебі ғылым қоғамның дамуының двигателі. «Өзіңді білген – ақылды болудың басы», – деп Со-крат бекер айтпаған екен. Бәрібір адамзат өз тағдырына ие, әр адам да солай. Сананы дамыту жер бетіндегі адамның өміріндегі негізгі құндылығы.



*Жаңа
әлемде өмір
қызықты
һәм қатерлі*

*Коронавирус уақытында
алтын балық ұстап алған сәт*

ҚЫРЫҚЫНШЫ СӨЗ

Өмірдің мәні неде?

«Мен кімін?» «Қалай, не үшін өмір сүріп жүрмін?», «Өмірдің мәні неде?» деген сұрақтар адамзат пайда болғалы әркімді де мазалайтыны

хақ. Мұның тарихи, рухани, діни, ғылыми философиялық тағы басқа аспектілері бар. Бұл мәселемен ертеден адамзат ғұламалары Лао-цзы, Будда, Конфуций, Сократ, Платон, Архимед, Аристотель, Әл-Фараби, Науаи, Абай т.б. айналысқан. Өркениет өзгерген сайын, ғылыми жаңалықтар ашылған сайын, әрине бұл мәселеге көзқарас та жаңалана береді. Өмірдің мәнін білген адам, өзінің бұл өмірге керек екенін нақты сезінеді де, ізгілікті іс жасап жақсы өмір сүруге тырысады, саналы адам болып шығады.

Адамның өмір сүру мәнін ғылыми түрде қарасақ, оны бір жағынан қоғамдық ғылым, ал екінші жағынан жаратылыстану ғылымының нәтижелерінен көруге болады. **Қоғамдық ғылым** адамдардың бір-бірімен қатынасын және табиғатпен үйлесуін зерттесе, ал **жаратылыстану ғылымы** адамзаттың, материяның шығу тегін, оның әлемде пайда болу қағидаттарын және өмір сүру себептерін анықтайды. Менің ойымша, осы екі саланың өзекті туындыларын – руханият пен технологияны біріктіре отырып ізденсек қана біздің мына тұрақсыз заманда қайда бара жатқанымызды, өмірдің мәнін де анықтауға мүмкіндік туады. Осы жерде айта кеткен жөн, жалпы адамзаттың қалыптасуында, әлемнің құрылымында, өзгеруінде ғылымның рөлі маңызды болса да, ол әлі аз әсерін тигізіп отыр. Алда өте ауқымды ғылыми ізденістер керек. Мүмкін жаңа дүние ретінде, **адамзаттың дамуына серпіліс беретін ғылым мен дінді біріктіріп қарау керек** шығар деген ойдамын.

Ал енді өзегіміз ауылға тоқталайық, бәріміз де ауылдан шықтық. Ауылдың қарапайым адамынан сұрасақ, ол өмірдің мәнін, әрине, бала-шағалы, немерелері болып берекелі өмір сүру, ағайын-туыс алдында абыройлы, құда-жекжатпен араласу, ата-бабаның мұрасын жалғастыру, тіл, жер, табиғат, отанын сүю, қастерлеу, бақуатты болу деп айтар еді. Өзіме келсем, 2 айлығымнан Сәбден нағашы атам мен Кенжегүл әжем тәрбиеледі. Үлкен ұлын ата-әжесінің қолына беру, бұл ежелден келе жатқан қазақ халқының рухани ерекшелігі, өсу артықшылығы. Ұлы болмаған, 13 қыздан соң мені, үлкен қызының баласын, өзінің ұлы ретінде бауырына басып өсірді. Әрине, тіпті жүгенсіз ерке болғаным рас. Бүкіл ауылға тентек бала атаныппын. Балалардың капитаны, тарзаны болып 15 рет бұзықтығымнан әртүрлі жарақат алып, бірде қарын жарылып, бірінде итке таланып, енді бірде қазықтан бас тесіліп, тағы бірде тарзан болып ағаштан құлап аяқ сынып, енді бірде Арыс өзенінен ессіз өлі ағып кеткенде шопан құтқарып, тағы басқа балалық, шалалық әрекеттерден қайта-қайта ауруханаға түсе беріппін. Кейбір тентектікті тіпті айтуға да ұяласың. Жас кезде көшбасшы болуға талпындым. Бала кездегі өмірдің мәні өзінді көрсету болады екен, күш-жігер, энергия көп, ақыл аздау, бірақ бірінші болу, төбелесте жеңу мәртебе көрінеді. Ал сәл өсе келе спорттан алға шығу, 11 сыныпты бітіргенде спорттың 17 түрінен 1-2 разряд атағын алған едім. Еркін күрестен Қазақстан чемпионы болдым. Бір өкініштісі,

әлем чемпионы бола алмадым. Себебі КСРО-ның құрама командасына мені өз салмағымнан емес, төменгі 57 кг. салмақта күресуге алмақшы болды. 11 кг. салмақ қууға тура келген соң, жаттықтырушым рұқсат бермеді. Бұл да бір мақсат болды. Ол кезде Мәскеуде отырған биліктің Қазақстан, Орта Азия республикаларынан әлем чемпионатына алмайтын теріс саясаты бар еді. Әлем чемпионы болатын **Ә.Айханов, Ә.Нұрмаханов, А.Бұғыбаев** ағаларымызды да алмады. Өмір жылжып, жас өскен сайын сана толығып мақсат та, өмірдің мәні де өзгере береді, махаббат та болады т.б. Бұл өмірдің заңдылығы.

Тарихта миллиондаған адам үлкен ұлттық қозғалысқа қатыспаса да, өмірдің мәніне сенеді. Ең керегі адам артынан жақсы іс қалдырса болды, сонда оның жеке тарихы, рухани өмірі өмірден озғанда да жалғаса береді. Егер өлімнен кейін жаным тәнімнен ажыраса, жұмаққа кетсе болғаны деп ойлайды ол. Кейбір адамдар өмірдің мәнін Құдайға табынумен, дінге сенумен байланыстырады. Қиналса, қайғы көрсе, мешітке барады, Құдайға табынады. Дін турасында өмірдің мәні біреу-ақ – жұмаққа жету. Әрине, идеал болғаннан соң, оған жету өте қиын. Құдайдың бар екеніне сену, неге, кімге сену әркімнің өз жеке ісі мен таңдауы.

Адамның рухани дамуы, тек дін жүйесімен байланысты емес, ол – өміріміздің бейнесі, қоғамды ізгілендіруге талпындыру. Керек болса, біз құдайдың, табиғаттың алдында байлығымызбен жауап бермейміз, керісінше, істеген жақсылығы-

мыз, рухани құндылығымыз бен санамыз қай деңгейде екендігімен есеп береміз. Адам өмірде үлкен байлығымен жетістікке жеттім деп мақтануы мүмкін. Адамның рухани өте азғын болуы біріншісін жоққа шығарады да, ол адам Абайша «толық адам» болмайды. Ал байлыққа көзсіз ұмтылу бақыт әкелмесі анық. Рухани күшті адам жамандық жасай алмайды. Себебі, оны жоғарыда айтқан моралі жібермейді. Оқу орындарында сапалы біліммен қатар, **«моральды азамат»** тәрбиелесек игі болар еді. Оның өзін өзі тануға, өзінің потенциалын ашуға, мәдениетіне, тазалығына және оның ішкі адами сапасына мән берілсе жөн болар еді.

Адам өмірден озғанда оның артында қалған мұра нақты, пайдалы дүниелік болу керек. **Себебі енді оның рухани өмірі басталады.** Мәселен, ол мәдени немесе биологиялық сипатта болуы мүмкін. Ия, ол керемет сурет салып, өлең, не көркем сөз туындысын жазып қалдырса, өмірінің мәні сол болуы мүмкін. 100 жылдан соң ұрпағы оның мәдени артефактасын көретін, оқитын, жалғастыратын болады. Немере-шөбере, ұрпақтары сол әке салған үйде тұратын, жиі-жиі жиналатын болады. Міне, рухани өмір, адамның рухани өлмеуі осы.

Мысалы, біздегі қара орман халқымыздың арқасында байыған миллионерлерді, өте бақуаттыларды алайық. Ол бәрі байлыққа байланысты, менің миллиондаған ақшам тек өзіме, жақсы өмір сүруім үшін керек деп ойлайды делік. Бірақ күндердің күнінде бір себептермен мұндай өмірдің

мәні жоқ екенін сезінді делік. Онда ол психологқа, дәрігерге барып ем алады, айтқан жерден аулақ, жан күйзелісі салдарынан өзіне-өзі қол салуы да мүмкін. Ал егер ол мыңдаған адамға жұмыс беріп, әртүрлі мецанаттық жақсылық жасаса, елінің экономикасына қомақты үлес қосса, онда ол өмірінің мәнін тауып алып, бақытқа кенелер еді. Ал біздің қазіргі байларымыздың қандай екенін халық жақсы біледі, мүмкін ішінде жақсылық жасап жүрген бірең-сараңы табылар.

Өмірдің мәнін табу деген ол өзінді табу. Қоғамнан ойып орныңды алу, өзіңнің өмірдегі орныңды белгілеу. Өзіңнің жинап терген рухани және материалды байлығыңды, бар мүмкіндігіңді отбасыңа, ел игілігі үшін іске асыра білу. Сонда ғана сенің қай дәрежеде керек екенің байқалады да, ал өзің бір бақытты адам екеніңді сезінесің, айналаң да түрленіп кетеді.

Өзіме келсем, экономикалық еңбектерім, монографияларымнан басқа, Түркібасы әулиені, Түркістанды жаңғырту сияқты көп істерімнің бірегейі ретінде Әлемдік және Түркі өркениеті, Келешектің концепциясы, Абай және Қазақстанның болашағы, ХХІ ғ. қоғамды жаңғырту ілімі туралы еңбектерімді атар едім, олар адамзатқа септігін тигізсе, онда менің өмірімнің мәні бар дер едім. Себебі өмірге келген соң қоғамға, басқа адамға керек екендігімді, соларға көмек беру қажет екенін түсіндім. Бірақ кейде не үшін жүргенін білмейтін басқаларды көріп, түсінбей қаламын. Мүмкін олар да сондай бір жақсы миссия тапқан

шығар, бәлкім мен оны түсінбеген болармын. Мұны енді «ана жаққа», екінші рухани өмірге барғанда білетін болармыз.

Бір еңбегімде жазған сөзімді қайталағым келеді; **«Бұл пәниде өмірдің мәні, жұмақ дегеніміз – адам өмірінде көптен бері өзімізді жетілдіру үшін жинап терген ішкі жан дүниемізді, рухани және материалдық құндылықтарымызды ізгілікті істерге толық пайдалану деп ойлаймын»**. Сонда ғана адам өзінің зор мүмкіндігін, өмірге керек екенін сезініп, нағыз бақытқа бөлене алады. Мұнда адамның әділеттігі, сезімталдығы, санасы, күш-жігері және барлық мүмкіндігі бір мақсатқа, идеалға жету үшін, бақытты болу үшін қосылып, жүйелі түрде, жұмыла қызмет етеді де, бір жойқын күш ретінде жарып шығады.

Сонымен бірге әр адамның алдында бүгінгі күннің өмірімен қатар арманы бар. Ол бұл пәниде орындалауы да, орындалмауы да мүмкін. Кейбірін келешегіміз – бізден кейінгі жастар орындауы мүмкін. Бірақ оның негізін қалауға атсалысу – біздің парызымыз. Мысалы, мен «Жас-Алаш» газетіндегі бір мақаламда былай деп жазыппын: **«Қаншалықты дамысақ та, байысақ та, космосты игерсек те, бәрібір, бір кездерде, түбінде біз ауылымызға оралатынымызды ұмытпайық»** деп. Ауылға қазақ халқының өзегі ретінде **«Творчестволық ауылдар»** салу керек.

Келешекке көз салсақ, мысалы, ХХІ-ғасырдың ортасында жаңа технология, биотехнология арқасында адам бір өзі қалмайды, көп халық

қаладан ауылға жылжитын болады. Себебі, таза ауа, су, табиғат, бау-бақша, ата-тегің жатқан киелі жер, тыныштық т.б. ұлы дала тарихи, рухани құндылықтар – ауылда. Жаңа цивилизациялық идеяларды да ауылда жазуға болатыны өз басымнан өтті. Ауылдан қол үзген емеспін, жиі-жиі ауылға барып, ауыл тыныс-тіршілігіне қарайласып тұрам.

Мені Алматының жарты ғасыр тұрғыны, академик, қала адамы деп қана тануы мүмкін. Бірақ негізінде көп идеяларым ауылда туды, оның ішінде Кембридж Университетінде менің қатысуыммен презентацияланған әлемдік деңгейдегі жобалар да бар... Ол кітапқа Нобель сыйлығының иегері оң пікір жазған. Президентке, Үкіметке елдің жағдайын көтеру үшін 47 ұсыныс, жобаларды бердім, 3-4 көркемсуретті фильмнің идеясы да ауылда туды т.б.

Бұл жұмбақтың шешімі мынада: ата-бабаларым бұрын тұрған киелі жерге, бала кезімде әжемнің айтқан естелігімен, қалың орман арасына, бастау жанына, Арыс өзенінің жағасына бір үйшік салғам; сонда барып тып-тыныш, таза ауа, таза бастау суы, тұнып тұрған табиғатта, талай күн мен түн ойланып, толғанып, медитация жасап, идеямды бастап жазам да, Алматыда аяқтаймын. Ата-бабаларымның аруағы қолдай ма, ой-өріс арқылы генийлермен сол жерде ақылдасатын іспетті сезінемін өзімді. Әрине, ауылдың тыныс-тіршілігін жақсы білем, сол жердегі ағайын-туыс, азаматтармен, ауыл зиялыларымен жиі ақылдасып тұрамын. Бір бақыт келгендей, жақын-

да ғана Арыс өзенінің бойынан қолыма өмірімде болмаған алтын балық ұсталды. Мұны неге болжарымды өзім де білмеймін. Бір Алланың жіберген ісі шығар.

Іске асқан және асатын жобалар: Түркібасы әулиесі (өз қаражатыма салдырдым); Түркістанды рухани жаңғырту жобасы; Түркі әлеміне серпіліс беру идеясы; Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация; Мемлекеттегі жаңаша басқару жобасы; Ауылды жаңғырту; Тың жерлерді игеру; Қоғам дерті т.б. Осы жобалар туралы өзімнің үлкен іске қатысым бар екенін сезіну, қанағаттану арқылы бір елдің, бүкіл адамзаттың болашағына септігімді тигізу деп білем.

Қоғамдық ұйымдар өмірді жаңғыртуға, Мемлекетті дамытуға үлес қоса алады. Кезінде Платон сияқты біз академик С.Зиманов пен бір топ ғалымдар 2006 жылы **Қазақстан Ғалымдар одағын құрдық**. Әлі жемісін беріп келеді. 3 съезін өткіздік, билікке көптеген ұсыныстар жасадық, халыққа өз ойымызды айтудамыз т.б. Егер ғылымның, білімнің дамуына, жалпы прогреске септігін тигізіп жатса, бұл да бір өмірді мәнді ете түсудің жолы. Себебі ғылымға, білімге үйрету биліктің қаһарына ілікпейді десек те, не дара ғалымдар одағын құрдың деп министр мені директорлық қызметтен алмақша болғанда С.Зиманов бастаған ғалымдар араша түсті, ризашылығымды білдіремін. Адам білімге құштар болуы мүмкін, бірақ Абайдың толық адамы сияқты өте жетілген ақылды, кеменгер болу қиынның қиыны. Менің миссиям тек жаңа ғылымға, білімге үйрету

Түпкі стратегиялық мақсат біреу – **«Қазақ Мемлекетін» әлемдік өркениеттің төріне шығару.** Осыған атсалысайық, ағайын! Бізді қанша жүрер дейсіз, базардан қайтып бара жатсақ та, бірақ спорттық формада болуға тырысып бағамын. Еңбектерім келер ұрпаққа рухани азық, дертіне ем болып қалса екен деймін...».

Қазіргі күнделікті өмірде бәрі тез, интернеттен керегінді ала саласың, ойлауға уақыт жоқ заман болды. Білім жинау ойлау жүйесіне емес, тек алу, тез пайдалану, информацияны игеруге сүйеніп кетті. Біздің еркіндігіміз биліктің, халықаралық корпорация, қаржы жүйесімен шектеліп отыр. Жаңа технологиялар, интернет, ақпарат заманының т.б. құралдары мен құбылыстары адамды гуманитарлық – ізгілік санадан алыстатып тастады. Ал дамыған елдер тек баюды ойлап рухани құнсызданып, азғындыққа салынып келеді. Ғылым, менің ойымша, 2 нәрсемен тығыз айналысу керек. Біріншісі, ғарышты игеру, жаңа ғаламшар, өркениет іздеу. Екіншісі, гуманитарлық, рухани жанару арқылы, жаңа рухани және өте жоғары білімді, ізгілікті адам тәрбиелеу.

Себебі ХХІ ғасырдың жастары жаңа руханиятқа негізделген білім арқылы ғана технологияны, ақпарат пен жасанды интеллектіні, роботтарды адамзатқа қызмет еткізе алады. **Сол кездегі адамзаттар тек жеке тұлға ғана емес, одан да жоғары адамзаттық жаңа өркениеттілікті қорғайтын деңгейге көтеріледі.** Абайдың тілімен айтсақ нағыз «Толық адам» болады. Әйтпесе технология жетістіктері бізді тыңдамай, өз бағдар-

ламаларымен адамды биотехнология жүйесіне бағындырып, жасанды интеллект арқылы сенің екінші көшірмеңді жасап, робот адамына ауыстырып, ал жаныңның қабын, тәніңді ескірген дене деп лақтырып тастауы мүмкін. Сонда адамзат өркениетіне нағыз қауіп-қатер төнді деуге болады.

Қазіргі, алдағы өмірде ең керегі, **ол ойлау жүйесін** болып жатқан өзгерістерге тез бейімдей білу!

Ол үшін 21 ғасырда адам жасына қарамай, өне бойы болып жатқан өзгерістерге, жаңалықтарға сай оқуға, ізденісте болуға тура келеді. Сонда ғана Сіз қазіргі өмірге сай, толыққанды өмір сүре аласыз. Өмірдің талабына орай кәсіби мамандығыңыз да өзгеруі мүмкін. Жаңа өзгерістерге тез бейімделу қиынның қиыны болмақ.

Алдағы Сана Ғасырында, **жаңа өмірде жастарды неге оқыту керек** деген сұраққа:

1. *Ойлау жүйесі сын критикалық болу керек.*
2. *Қарым-қатынасқа үйрету.*
3. *Коммуникацияға, IT технология, жасанды интеллект, биотехнологияға үйрету. Себебі адамды өзгертетін осы салалар болады.*
4. *Творчестволық ойлау жүйесін игеру.*
5. *Жиі-жиі болып жатқан өзгерістерге жаңа білім алу арқылы ой-өрісіңізді, ішкі жан дүниеңізді тез адаптация жасау қажет.*
6. *Осыларды өмірмен байланыстыру үшін Гуманитарлық білімді оқыту керек. Әр адамға, басқа Генийлермен қатар әсіресе Ұлы Абайдың толық адам ілімін білу қажет.*
7. *Әр жасқа интегральды білім болу керек.*

Бір ғана мысал, Қытай мемлекеті қазір әлемде екінші орынға шықты, ал енді тағы 5-10 жылда АҚШ-ты басып озбақшы. Мұның себебі біреу ғана, Қытайда идеология күшті! Олар Лао-цзы, Конфуций ілімін тікелей іске асыруда. Әлемде мыңдаған мектептері бар...

Адам жаңа деңгейге қалай көтерілуге болады?

Ол үшін қажырлы еңбек пен көп білім керек. Әсіресе **рухани даму** жолына түсу қажет. Ең алдымен өзінді танып, басқаруды үйрен. Адам өзі Ұлы Абайдың толық адамы болып, оның ойлау жүйесі, ақылдылығы, кемеңгерлігі, төзімділігі, ішкі жан дүниесінің сапасы ең жоғарғы деңгейге жету керек. **Алтыншы сезімді** тудыруға медитация жасау. Адам көп дайындық жасап өзін-өзі өзгертуге, жаңаша дамуға, бүкіл адамзатқа қызмет етуге бел байласа, онда оны бұл жолда ешкім тоқтата алмайды. Адам **сананы ояту** арқылы ішкі рухани дүниесін дамытып, өмірдің мәнін табады.

Өз басым қазақ елінің амандығы мен әр отбасының бақытты, қауіпсіз өмір сүруі үшін жұмыс істедім. Егер айтқандарым уақыт өте дәлелденіп, ұсыныстарым, істеген істерім Қазақстанның өркениетті ел қатарына қосылуына зәредей болса да септігін тигізіп жатса, онда маңдай терімнің зая кетпегені, өмірдегі негізгі миссиямның орындалғаны, өмірдің мәні де осы деп есептеймін. Мен жай ғана елімнің алдында өз парызымды өтедім деп білемін.

*2,2 миллион зейнеткерлеріміздің әлеуетін
пайдалану туралы арнайы заң қабылдау
қажет*

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ СӨЗ

Кәріліктің құндылығы

Бізге де кәрілік келді. Жасың 75-ке келгенде, кемелденген шағында өзінді қалай сезінесің? Бір Құдай білер қаншаға келерінді. Ал бірақ әке-шешем, әже-аталарымды алып қарасам, алда 10-15-20 жыл ғұмыр бар сияқты, әрине егер бәрі ойдағыдай болса. Бірақ өмір өз дегенін жасайды, кейде кетуің әп-сәтте болуы да мүмкін. Мұны корона-вирус індетімен екі рет ауырғанымда көрдім. Ауруханаға есепсіз келіп түсіп жатқан адамдар, ұзақ түнде ыңырсыған дауыстар, кейбірі өмірден кетіп те жатыр. Күні-түні сарт-сұрт жүріс, сау адамды ауыру қылатын жер. Бір психологиялық шабуылды көресіз. Сап-сау жүргендер де кетіп жатыр. Кеше ғана қасыңда жүрген небір тұлғалар өмірден озды. Бұл әлемдік дерт онсыз да аз қазақтың зиялыларын қырып салуда. Олар олимпиада чемпионы Ж.Үшкемпіров, академиктер У.Шәлекенов, А.Қошанов, К.Нәрібаев, Е.Ерғожин, К.Сағадиев, С.Сатубалдин, М.Кемел, М.Саятов, С.Пралиев, қоғам қайраткерлері К.Аухадиев, А.Айталы, Т.Досмағанбетов, К.Дүйсекеев, М.Жұмабаев, М.Иргалиев, Ш.Сариев, Н.Нұрғалиұлы т.б. қанша адам аймақтарда, ауылдарда өмірден озды. Иманды болсын.

Небір қазақ тұлғалары арғы жағын айтпағанда ақтабан шұбырындыда бір қырылса, отызыншы жылдардағы ашаршылықта – екі, Сталиндік репрессияда тұлғаларымыз тікелей атылды – үш, Ұлы отан соғысында Қазақстаннан 603 мыңдай адам қайтыс болды. Ал бесіншісі бірде көрініп, бірде көрінбейтін қару, ол Заманбек Нұрқаділов пен Алтынбек Сәрсенбаевты қатыгездікпен өлтіргеннен бастап, Жаңаөзендегі қырғын т.б. келеңсіздіктер. Ең өкініштісі бүкіл халықтың адам құқығын, сөз бостандығын, сайлау еркіндігін бұзып, аузын жауып қоюы диктаторлық режимнің жүйесі. Бұл тікелей өлтіргеннен де қиын. Бұлай айтқанымның себебі өркениетті дамуға қарсы қатігездік іс елдің дамуын көп жылдарға ығыстырып тастайды. Бізде де солай болып тұр. Себебі 30 жылға созылған халықтың күнкөріс деңгейінің нашарлығы. Қанша мыңдаған өскелең жастардың келешегі қиылуда. Қаншасы шетелде жүр. Олар егер отанымызда оң демократиялық өзгеріс болса, ертең келіп қол ұшын беруге даярмыз деуде.

Үлкендеріміз айтатын еді, *«ажалы келмесе қырғын соғыстан да аман келеді»* – деп. Өлім деген адамзатқа түсініксіз феномен. Одан да бір күн артық өмір сүрсең де ниетің түзу, оптимист, арманың болу керек сияқты.

Абай айтады: *«Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.*

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, злым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік» [2].

Мен бұлай ойламаймын, мүмкін Абай уақытысында солай болған шығар. Қазіргі өмір де, таным да өзгерді. Бірақ ұқсастық та бар. Ол қазіргі өмірдегі әділетсіздік. Өмір өзгерсе де, сол бай мен кедей теңсіздігі. Кедей мен байдың арақашықтығы 30 есеге жеткен. Мені қынжылтатыны ХХІ ғасырда осындай ел, осындай жемқорлық жайлаған мемлекет болғанымыз. Шындығына келсек, Совет одағында да мұндай келеңсіздіктер болған емес. Әкеміз де, шешеміз де, ағайындар, жалпы халық коммунистік заманда өмір сүрсе де таза болды, шындық болды, жұмыс та, тегін оқу да, сенім де болды. Ал біз болсақ социализмнен кетіп капитализмге, нарықтық экономикаға көшіп, барлығынан айырылып бюрократиялық, олигар-

хиялық елге айналдық, өкінішті-ақ. Бұл жерде халықтың кінәсі жоқ, халық кемеңгер. Бір-ақ сол халықтың ақылдыларын билік тыңдамады. Биліктің өздеріне қажет идеологиясы болды, ал жалпы-халықтық идеология болмады.

Нарық жүйесіне көшкен Скандинавия, Эстония сияқты елдердің тәжірибесін алмадық, не өз жолымызды таңдай алмай, екі ортада күн кешудеміз. Абай айтпақшы, алдымыз бір сағымдай, бұлыңғыр. Сипат та, сурет те жоқ, көзіміз талуда.

Мұндайда мен де ұлы Абай сияқты қолыма қалам алып өз ғұмырымда білгенімді қағазға түсіріп келемін. Тағдырдың қалауымен Жоғарғы Кеңесте 1990 жылы депутат болып, Президиум мүшесі, комитет төрағасы ретінде риясыз қызмет етуге тырыстым. Басында бәрі дұрыс басталды. Кейін шетелдің әрекетімен билік басы бұзыла бастады. Жап-жақсы қабылданған Қазақстанның тұңғыш, бірінші Конституциясы бұзылып, референдум деген сылтаумен Президентке басым құзырет берілген екінші Конституция қабылданды. 30 жылда ол Конституция көптеген өзгерістерге ілігіп, Президентке шексіз құқық беріліп, жеткен жеріміз диктаторлық мемлекетке айналдық. Масқара! Осы себептермен арамыз ажырады. Мен мұндай жолмен жүрмеймін деп ә дегеннен-ақ, өз көзқарасымды ашық айттым да, жаздым да. Бұның салдарынан маған барлық есік жабылды, басқасын қойғанда өтіп тұрған әлемдік деңгейдегі ғылыми жобаларымды да қаржыландырмай қойды. Қайсы бірін айтайын, оппозиция деген атақпен бір торға салғандай өмір кешудемін.

Әділеттілік іздеп соттасып та көрдім. Бәрі бекер, билік өздері соттайды, өздері жарылқайды, ешқандай шындық жоқ екенін ғасырдың басында **жалғыз ұлым Қайрат** шенеунік бандиттің қолынан қайтыс болғанда көрдім. Сонда жүздеген хат алдым. Хаттарда: *«Егер депутат Сіздің қолыңыздан ешнәрсе келмесе, онда біз қарапайым халық төзгеннен басқа амал жоқ»* - деген екен.

Жоғарыда айттым ғой, біраз жыл бұйыру мүмкін деп. Енді тағы 10 жылға жоспар жасауға бел будым. Себебі осы кезеңде халық үшін біраз нәрсені тындыруға болар. Ары қарай не боларын бір құдайдың өзі білер. Күн тәртібіне келсем, күнде таңертең бір сағатқа жуық денешынықтыру қимылдары, әсіресе созылу, омыртқа, буындарға жаттығу жасаймын. Суық суға жуыну, белден жоғары, орамалмен ысыну. Түсте, кейде кешке жүру, күніне 7-10 км. Әрине режим ұстауға тырысам. Күнде әрқалай 6-7 сағат шығармашылық іс жасаймын. Тауға шығу, балық аулау тағы бар.

Жалпы қартаю ол генетика мен клетка деңгейіндегі кедергілердің жиналуы. Жас ұлғайған сайын клеткаларда, ДНК-да кедергілер жиналады да, оның ағзасын нашарлатады. Соның арқасында терің мыжырайып, салбырай бастайды, сүйегі морт кететіндей халде болады, шашың түседі, иммунитетің нашарлайды, ақырында өлесің. Ал адамның жасын ұзартатын наномедицинада **наноботтар** пайда болуға жақын. Наноботтар иммундық клеткалар сияқты денеге орнатылып, вирустармен күреседі, қан айналымында жүріп

эртүрлі артық заттарды жояды, микробтарды тазалайды. Бір уақыттарда бұл наноботтар адамның жасын ұзартатын медициналық тетік ретінде әр жанұяда болуы мүмкін. Ал бірақ бұл наноботтар табиғаттың заңына қайшы келе ме деген сұраққа ғалымдардың әлі жауабы жоқ. Наноботтар ә дегенде өте қымбат тұрғандықтан, оны өте бай адамдар пайдаланады. Ал біртіндеп бағасы арзандап, жалпы қоғамға пайдасы болады. Оның игілігін біздің балаларымыз, немерелеріміз, жастар көрер. Олар келе жатқан интеллектуалды сананың жетістіктерімен танысады, геномика, космосты игеру, мүмкін басқа планеталарға жаңа өмір барлығын білу, оған да адамның ұшуы т.б.

Жақында алдағыны ойлап, таза өз тапқаным, кітаптан түскен ақшаларыма Сібірдің ағаштарынан (срубтан) кішкентай үй, кабинет салдырдым. Енді уақыттың көбісін шығармашылық іспен, сол кабинетте өткізуге тырысудамын. Мұндай үй экологиялық жағынан таза, жақсы ойлар келуі мүмкін, ауылда тұрғандайсың. Жалпы құдай берген ұл-қыз, немере-шөберелер жеткілікті. **Жұбайым Жанат** екеуміз енді солардың амандығын тілейміз. **Жанат** күні-түні немерелермен айналысса, мен ғалым болған соң миссиямның басқаша екенін түсінемін. Елімнің келешегіне толғанам. Қолымнан келгенше өнегелі сөзімді қазақ халқын дағдарыстан тезірек шығаруға, рухани жетілуге бар күшімді жылдар бойы салып келем. Әлі де 4-5 кітаптың жоспарларын жасап қойдым, кірісіп те кеттім. Міне наноботсыз-ақ

осылай оптимистік жағдайда ғұмыр кешудемін. Шынымды айтсам дәл қазір көңіл-күйім жақсы, ғылыми-шығармашылық жұмысқа ынталық, ой-қозғау интеллектуалды деңгейім, ғылыми, спорттық формам өзімнің ойым бойынша мені әлі де сол ғылыми ізденіс жағынан бір пикте жүрген сияқтымын. ХХІ ғасырдың сарапшыларының айтуы бойынша 60-80 жас арасы адамның шығармашылық кезеңі дейді. Белгілі ұғым бар, адам өмірінің басым көбін авторитет алу үшін еңбекке арнайды. Ал кәрілік келгенде сол авторитет саған қызмет етеді – дейді.

Қазақстан Президентіне халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, экономикамызды дамыту үшін ұзын саны 47 ұсыныс хат жолдаппын. Олардың «Түркістанды жаңғырту» жобасы сияқты біразы іске асса, қалғандары өз кезегін күтуде. Әрине бұл хаттар билікті тез арада өзгерте алмайды. Оған қоғамдық ұйымдардың, халықтың да даярлығы жақын, бірақ әзірше көрініп тұрған жоқ. Күнделікті өмірдің қиындығына ел арасындағы келеңсіз жағдайларға бұқаралық ақпарат құралдарында қатты болса да өз сөзімді айтудамын.

Қоғамды ізгілендіру үшін әр адам атсалысу керек. «Менің қолымнан не келеді», – деп шетте тұрсаң ешнәрсе өзгермейді. Әр адам өз өмірінің ұстасы болуы керек. Бірақ өз басыңа серпіліс беретін сирек кездесетін уақытыңды жіберіп алма. Біз **«ыңғайлы адам»** болып барамыз. Жоғарыдан басшылар қалай айтса, солай дұрыс деп, бас шұлғып істей береміз. Осындай теріс қалып-

тасқан жүйемен өмір сүрудеміз. Билік БАҚ арқылы неге сендіргісі келсе, соған сендіруде. Жетілудің шегі жоқ екенін қазір де сезінудемін. Бұл әлі де шығармашылық өмір бар деген сөз.

Талай шетелге шығып жүрміз, байқаймыз. Көбіне дамыған мемлекеттердің қариялары, шетелдің музей, тарихи жерлерін аралауда, сауықтыру орталықтарында демалуда (Жапония, Оң. Корея, Қытай, Еуропа елдері т.б.) Олардың зейнетақылары жоғары, барлық әлеуметтік жеңілдіктер жасалған, әлеуметтік құқықтары сақталған. Зейнеткерлердің қоғамдық ұйымдары бар. Олар өздерінің құқықтарын қорғайды, әрі мемлекетіне жақсы істер жасайды.

Біздің де зейнеткерлеріміз, зиялыларымыз осындай құрметке лайықты деп ойлаймын. Мысалы, әр ауданда, қалада **«Зиялылар үйі» (орталығы)** болса. Ол жерлер ой қозғау залы, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, асық ату, бильярд т.б. әрі демалыс, әрі ақыл беретін орталықтары, интеллектуалды клубтар болар еді. Қазақстанда зейнеткерлеріміздің саны 2,2 млн адамнан асады. Бұл үлкен интеллектуалды потенциалымыз тиімді пайдаланылмауда. Зиялыларымыздың ақыл ойының әсері қоғамның дамуына күшті болар еді.

Қорыта келе айтарым, **зейнеткерлер мен зиялылардың әлеуетін пайдалану туралы арнайы заң қабылдау қажет.** Олардың ешқайсысы мемлекеттің назарынан тыс қалмау керек, қастарында көңіл-күйін көтеріп жүретін еріктілер (волонтер) болғаны жөн. Алдағы уақытта қартайған

адамдарға жағдай жасау қадірлі жұмыстың бірі болмақ, оған қаражат та көп бөлінетін болады. Ал олардың кеңесі, ақыл-ой парасаты елеміздің дамуына, әсіресе жастарға ауадай қажет.

Әуестік адамға жаңа пәрмен береді

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ СӨЗ

Әуестік

Хобби дегеніміз адамның күнделікті ісінен, мамандығынан тыс басқа бір тірлікпен айналысуы бос уақытта өзіне басқаша сүйікті іс жасап демалыс беруі арқылы қанағат, ләззәт алуы. Қазір заман күрт өзгерді, интернет, цифрландыру заманы бәрін тез істеп, тез шешуің керек. Кейде ойлануға да уақыт, әсіресе жастар бір проблеманы шешу үшін тез интернетке жүгінеді:.

Хобби қазақта бұрын да болған. Біздің ата-тегімізде мал бағу, дүние жинау жанұяны тәрбиелеумен қатар көкпар, аударыспак, ат жарыс, күрес, аң аулау, асық ойнау т.б. сияқты бір жағынан спорт, ал екінші жағынан әртүрлі өнерге әуестік істері, яғни хоббилері болған. Ол уақытта кең заман, ешкім сені уақытпен қыспайды.

Қазір **ең қымбат уақыт пен идея**, екеуі де тапшы, көп еңбекті, ізденісті қажет етеді. Осындайда адам психологиялық депрессияға түспеу үшін әрі денсаулығы жақсы болу үшін әуесқойлық істер, хобби іздейді.

Хоббидің түрлері көп, ол тауға шығу, балық аулау, атпен жүру, биллиард, шахмат, дойбы, тоғыз құмалақ, домбыра тарту, жүру, жүгіру т.б. әртүрлі ойындар мен қатар түрлі заттар марка жинау, әшекейлер жасау, сурет салу, кітап оқу, ән тыңдау. Әсіресе творчестволық адамдарға хоббимен айналысу өте қажет. Себебі ми демалады. Жүйкең тазарады, соның арқасында жаңа ойлар, идеялар туады. Генилер де хоббимен айналысқанның арқасында небір әлемдік деңгейде жаңалықтар ашқан.

Мысалы, мен тауға шығу, балық аулау, жайау жүру, биллиард, шахмат ойнауды өзімнің хоббиім деп есептеймін. Осы хоббилермен айналысып жатқанда кенеттен бір идея келеді. Мида сақтап кейін қағазға, компьютерге түсіріп іске асырасың. Менің әлемдік деңгейдегі 10-шақты жобаларым да осы сәттерде келген еді. Сондықтан мен үшін хобби ол бір жағынан демалыс сияқты, ал екінші жағынан кенеттен миға келетін жаңа ойлар, идеялар, жобалар. Мұнда әрине «медитациясыз» болмайды, ми жұмыс істеп тұру керек. Ол физикалық күшпен, табиғат аясында пайда болатын сәт. Сол уақытты дер кезінде ұстап қалып, сезім түйсігінді іске қосып, медитация жасап көптен ойлап жүрген проблеманды шешу мүмкіндігін жасайсың. Осындай сәтте сенен бақытты адам жоқ, бір керемет ләззәт құшағына енесің. Бәрін қағаз, компьютерге түсіріп біткен соң, адам өзіне демалыс беру қажет, қыдырып, отбасыңа уақыт бөліп, ағайын-туыстарыңа барып бой жазу керек.

Бірде әлемге әйгілі актер **Асанәлі Әшімовпен** Совминнің больницасында жатыр екен, кездесіп қалдық. Сонда Асекеңнің айтқаны «мен

әсіресе үш нәрсені хоббиім деп есептеймін: шахмат, билльярд, преферанс» дегеннен соң біз кездесіп ойнап тұратын болдық. Соның айналасында өмір туралы, халықтың қал жағдайы т.б. мәселелерді қозғап пікір алысатын болдық. Оның айналамызға да пайдасы тиіп, билікке де ұсыныстар берілді.

Хоббиді жеке адаммен қатар ұйымдасқан топ жасаса қоғам үшін тиімдірек болар еді деп ойлаймын. Себебі, көптеген хоббидің түрінен әртүрлі кружоктар ашып қолы бос азаматтар, әсіресе, зиялы қауым бас қосып тұрса, пікірлер де айтылса қоғамның дамуына әсері жақсы болар еді. Бұған жергілікті билік жүйесі мүдделі болу керек. Қазір ақылгөй аға-апайлардың көбісі зейнеткерлік жаста, өмірлік тәжірибе мол, бірақ ешкімге бере алмай, төрт қабырғада теледидар көргеннен басқа ісі болмай қалды. Азаматтық қоғам осындайда керек, азғантай халықтың потенциалын еліміз үшін пайдалануымыз бізге тек алға даму, абырой әкеледі деп ойлаймын.

Менің ұнататыным бір жағынан адамға да, ал екінші жағынан халыққа да пайдасы тиетін хоббилер ұйымдастырылса дұрыс болар еді. Мысалы, мен мынандай **«Ой қозғау»** идеясын көтермекпін. Сонда ой қозғау хобби ме, жоқ әлде нақты іс пе?

Себебі қазір Қазақстанда 2,2 млн пенсия жасында халық өмір сүруде. Олардың ішінде өте дарындылары көп, әсіресе Кеңестер одағында білім алғандар. Әлі елімізге берері де бар, бірақ пайдаланбай сыртта қалуда. Неге осылардың бір бөлігінің басын қосып бір **«Ой қозғау»** орталығын

ашпасқа. Сол орталықта зиялылар жиналып хобби ретінде болсын әртүрлі нәрсе бойынша пікір алмасса, идеяларын ортаға салса, жақсы ұсыныстарын қорытып іске асыратын билік жүйесіне жіберсе мұның несі артық. Бұл бір жағынан әуесқойлық, ал екінші жағынан халыққа пайдалы іс болар еді.

Ой қозғау орталығы еліміздегі білімді азаматтардың, өнер тапқыштардың жаңалықтарын, жаңа идеяларын, жобаларын халыққа, билікке жеткізіп, қозғау салып іске асырса. Бұл жерде шексіз байлығымыз, үлкен мүмкіндіктеріміз бар, әсіресе рухани салада соларды қозғау керек.

Ертең байып үлгерген біздің бизнесмендеріміз де осыған мән берер. Ертеден келе жатқан рухани, тарихи, мәдени құндылықтарға жол ашатын кез келді. Қазақстан үшін кезек күттірмейтін мәселе осы қиын кезеңде зиялыларымыздың бар мүмкіндігін пайдаланып халық игілігіне жарату, жастарға өнеге, үлгі көрсету әсіресе тәрбие жөнінен.

Гуманитарлық ноосфералық өркениет ғасыры

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ СӨЗ

Қоғамды жаңғырту ілімі

Әрине ХХІ ғасырдың басынан бастап әлемде болып жатқан күрт өзгерістер, 2008 ж. және 2020 жылғы екі кризис дүниежүзінің астаң-кестеңін шығарды десе болады. Бұл қандай фено-

мен, неге мен деген G7, G20 дамыған мемлекеттері, халықаралық ұйымдар мұндайға дәрменсіз болып тұр? Сонда адамзат құрдымға кете бере ме деген сұрақ туады? Мәселе байлықта емес, қыруар қару-жарақта емес, әлемді аузына қаратам деп үстемдік жасап келе жатқан АҚШ-та да немесе оған қарсылас, таразының екінші жағына шыққан (СССР-дің орнына) Қытайда да емес болып тұр.

Сонда мұның түп тамыры неде деген сұраққа – ол қазіргі өркениет қоғамының, табиғаттың даму заңдылықтары бұзылып, рухани-ятсызданып, деградацияға түсуінде. Қоғам қазіргі жаңалықтарға, ғылым мен технологиялардың жетістіктеріне даяр болмады, ал екінші жағынан капиталистік дамыған мемлекеттер АҚШ-қа қарсы аузын аша алмай, соның тек баю саясатының жетегінде кетуде. Мен деп мақтан ететін Сократ, Эйнштейн, Шекспир, А.Смит, Маркс т.б. шыққан Еуропа цивилизациясының да қоғамды жаңғыртуға, дағдарыстан шығуға ғылыми дәйекті концепциясы қазірше болмай тұр?

Осындайда әлем қайда бет алды, біз қайда барамыз деген сұрақ туады? Бұған жауап бере алатын қоғамдық ғылымдардың кризиске түсуін де мойындаған жөн. Жоғарыда көрсеткендей ғылымның төресі философия ілімінен бастап, дін әлемі, политэкономия, социология, тарих, экономика т.б. ғылымдардың ХХІ ғасырдың тасқынына жауап бере алмауында. *Мұндайда қоғам дамуының парадигмасы өзгеру керек деген ой келеді.* Оны локальды, әлемдік соғысқа жеткізбей эволюциялық

жолмен әлі де жасауға болады. Маркс адамзаттың әлеуметтік дамуы туралы дұрыс айтқан. Бұған капиталистер мән бермеді. Жалпы қоғам дамуының жаңа концепциясы керек.

Мұның кілтін капитализм мен социализмнің орнына келетін қоғамды өткен ғасырда Гарвард социологы, Ресейден кеткен Питрим Сорокин мен АҚШ-тың теоретигі Джон Гэлбрейт айтып қойған [74,75]. Егер әлемдік соғыс болмаса, қоғам мен мәдениетте енді келетін басты құрылым **«интегралды қоғам»**, **«конвергентті жол»** деп айтып кеткен болатын. П.Сорокиннің әлеуметтік-мәдени интегралды құрылымында ғылым, гуманитарлық этика, жоғары мәдениет және осылардың бірлігі гуманитарлық өркениеттің дамуына тікелей әсер етеді деген пікірі құптарлық [74]. Менің ойымша, осы шынайы өмірде ескерілмеген идеяны қазіргі жағдайға байланысты кейбір қосымшалармен толықтырып бүкіл әлем негізге алуға болар еді. Ашығын айту керек, қазір ең жоғарғы билік басындағылардың біліктілігі төмендеу және де олар саясат пен амбицияның, байлықтың жетегінде (Трамп т.б), ал білетін ғалымдарды тыңдай бермейді.

Жаңа «интегралды қоғамды» 7 формациялық қоғам, жетінші уклад деп атауға болады. Менің ойымша, жаңа интегралды қоғам осы уақытқа дейінгі цивилизациялық дамудың ең жақсы құндылықтарын ескеріп, әсіресе капитализм мен социализмнің жақсы тәжірибесін алып, алдағы жаңа технология, жасанды интеллект, роботтандыру, адам геномы т.б. жаңа туатын әлемнің

жаңалықтарын пайдалану керек. Әрине интегралды қоғам жұмақ жасамайды, бізге әлі капитализм мен социализмнің теріс жақтары коронавирус ауруы сияқты біздің иммунитетімізге талай теріс әсер береді.

Бұл жерде бізге көмек беретін адамзаттың көп ғасырлар бойы жинап келе жатқан рухани-мәдени, тарихи құндылықтары, иммунитетін қалыптастыратын тегінің генетикалық күштері. Міне біз осы әлеуметтік салаларды сүттің қаймағы сияқты бетке шығарып, үлкен басымдылық беріп, инвестиция салып дамытуымыз керек.

Шындығына келсек тек капиталистер ғана емес, біз де бұл жағына көп мән бермедік. Енді рухани жаңғыру деп бүгін ғана үн көтерудеміз. Оның өзі кейде бір партияның жалауы сияқты болып қалуда, іс мәнсіз, жүйесіз, тереңділік жоқ.

Осы орайда бізге Ұлы Абайдың, әл-Фарабидің т.б. жалпы шығыс философиясы ілімі көмекке келеді, егер толыққанды айналыссақ [15,37,69]. Конфуций «ең алдымен биліктегілер, тіпті осы дүниенің ұлылары ізгілік пен әділеттілікті негізге алса, адамның өмірі кемелдікке жетер еді деп есептейді». Будда, Лао-Цзы, Конфуций ілімінде қазір біз іздеп жүрген азаматтық қоғамның негізгі қағидалары жатыр [57,65,66]. Олар бірлік, ізгілік, әділеттілік, теңдік, жоқтықты бағалау, тәртіп, еңбек, өнегелі өмір т.б. Олар мәңгілік мораль философиясын, ережелерін белгілеген. Абайдың толық адам ілімі де осыған саяды [35,45].

Қазір әлемге, әсіресе дамыған мемлекеттерге жетпей тұрған жаңа технология емес, керісін-

ше осы жоғарыда көрсетілген бір сөзбен айтсам, адамзаттың рухани-өнегелік құндылықтары. Бірақ олар әлемдегі жаңалықтарға байланысты ой-сананың өзгеруімен келеді. Жалпы әлемдік психологияны өзгертетін уақыт келді.

Әрине қазір жаһандану заманы болғандықтан проблемаларды шығыстың не батыстың философиясы, құндылықтарынан ғана емес, оларды әлемдік тұрғыдан қарастырған жөн. Бұған жоғарғы кеңістіктен қарасаң, қазір әлем елдеріне керегі интеграция, мегодипломатия арқылы келісімділік, әлемдік сауда, экономикалық қатынастар, табиғаттың заңдылықтарын сақтау, жалпы әлем өркениетінің дамуы мен ноосфералық космосты бірге игеру сияқты макропроблемалар жеткілікті. В.И.Вернадскийдің ноосфералық ғылымының күні тұмақ [67].

Менің ойымша, осы екі концептуалды бағытты: **біріншісі** көнеден келе жатқан рухани-адами құндылықтар мен **екіншісі** XX, XXI ғасырдың жаңа үрдістерін бірге електен өткізіп адамзат пайдасына қолданған жағдайда әлем өзгереді де, түрленеді де, ал оны мекендеген халықтар баянды өмір сүре алады. Бүкіл әлем генилерінің де армандап айтып кеткен қағидаттары да бейбіт, баянды өмір сүру, адами құндылықтарды, табиғат заңдылықтарын сақтау.

Осындай ойдан кейін нақтырақ айтсақ, менің пікірімше қазір бүкіл әлемге жалпы ортақ қатысы бар бір ғана идеология қажет сияқты. Бұл жоғарыдағы құндылықтарды ескеретін «гуманистік

идеология». Ол қоғамдық және өндіріс қатынастарын, адам теңдігін, әділеттілікті, келісімділікті, мегодипломатияны, шығыс философиясын, батыс демократиясын, ізгілік тәрбиесін қамтитын саясатты қажет етеді.

Ал енді ХХІ ғасыр – ол капитализм мен социализмнің орнына келетін жоғары **гуманитарлық ноосфералық өркениет** ғасыры болмақ деген пікірді білдіремін. Бұл жерде гуманитарлық қоғам құру үшін, әр адамның, азаматтық қоғамның шығармашылық мүмкіндіктері пайдаланылады деген сөз. Себебі адам өзінің ақыл, ой санасы және тілі арқылы ең жоғарғы биологиялық феномен болып есептеледі.

Жалпы гуманитарлық идея тек біздің ғана емес, ол әсіресе дамыған елдердің есігін айқара ашқанда ғана барлығымызға прогресс болады. Әлемді мекендеген халықтарды біріктіретін құндылықтар: әлемдік келісім мен татулық, алға даму мен жетілу, табиғат заңымен өмір сүру, ноосфералық өркениетке қызмет ету, адами қасиеттерді ұстау мен **ізгілікті азаматтық қоғам құруға** талпыну т.б.

Осыларды айта келе өркениеттің дамуына тікелей жауап беретін әлем институттары G7, G20, БҰҰ, ЕО, НАТО, БРИКС, ШОС т.б. әлемді тұрақты дамыту үшін бір тұжырымға келгені жөн болар еді. Менің ойымша, алдымызда да жаңа өркениет **7-ші жаңа формацияның негізі ол интегралды қоғам, конвергентті жол**, ал оның ұстанымының бірегейі **гуманитарлық идеология**,

қоғамды ізгілендіру, бейбітшілік жолы дер едім. Бұл биіктікке, ізгілікті қоғамға әлі бір мемлекет жете алған жоқ. Әрине бұл гуманизациялық процесс алдағы сана ғасырына ұзақ жол сілтейді, ол үшін мүмкін талай буын өзгеру керек шығар.

Әр елдің, әр мемлекеттің өз даму жолы, өз саясаты болуы мүмкін, ол заңдылық та, ал бірақ дүниежүзінің галактикалық дамуына келгенде мемлекеттердің өзара қарым-қатынас, келісім арқылы бір ұстанымға келгені жөн. Біз әлі білмейміз алда ноосфералық дамуда басқа планеталарда тіршіліктің бар-жоқтығын, бізден басқа цивилизацияның бар екендігін.... Сол кездерде біздің цивилизацияның абыройына нұқсан келмейтін іс жасау керек деген ойдамын.

Қазіргі жаһандану заманындағы әлемдік үрдісті ескере отырып *үш тұғырлы даму идеясын* алға тартпақшымын. Әлемнің тұрақты дамуы тең үш бұрыштың үш қабырғасы сияқты **рухани жаңғыру-технологиялық** серпіліс және оларды қамтамасыз ететін **қауіпсіздік** мәселесінен тұрады (Сурет) . Бұл әлемдік үш бұрыш Біріккен Ұлттар Ұйымының назарында болса, үшбұрыш арқылы біз әлемдік тарихи дамудың тепе-теңдігін сақтап, оның логикасын бақылауымызға болады. Бұлар үш тұғыр (руханият, технология, қауіпсіздік) жаңа өркениеттің базалық даму элементтері болып есептеледі.



Сурет 1. Жаңа өркениеттің үш тұғыры

Үш тұғырлы дамудың идеясын қысқаша айтсам деймін. **Бірінші**, *руханият туралы* айтсақ адамгершілік, рухани-мәдени, тарихи құндылықтар, дәстүрлерді сақтауға бағытталған үрдістерді мемлекеттік гуманитарлық идеологияны жасаудан бастау керек. Өткен мыңжылдықтағы ыңғайлы өмір сүруді қазіргі өмірмен салыстыра келгенде, жаңа өркениетке, жаңа мәдениетке шыдамдылық пен зайырлы плюрализм маңызды болады. Руханиятты жаңғырту мен қоғамды ізгілендірудің негізгі құраушылары мыналар: *өткеннің, қазіргі мен болашақтың тарихы; әлемдік психологияны өзгерту; адамның жаңаша ойлау қабілетін арттыру; рухани-моральдық құндылықтарды қалыптастыру; әлемдік діндерді жаңғырту, оның ішінде ислам, христиан, буддизм, конфуций т.б.; креативті адам капиталының дамуы барысында әлемдегі халық санының өсуі, қоғамның үйлесімді дамуы.*

Осыларды мұқият ескере отырып БҰҰ-ның бастамасымен жалпы әлемнің азаматтық дамуының жаңа рухани-идеологиялық доктринасын

қабылдайтын уақыт жетті. Біз қоғамдық дамуға рухани серпіліс, гуманистикалық пәрмен беру арқылы постиндустриалды өркениеттің парадигма-сын жасай аламыз.

Бәлкім, әлі де біраз уақыттар бойы капитализм күшпен өмір сүрер. Себебі, қару күшті, бірақ экономикасы олигархиялық қаржы капиталына, трансұлтты компанияларға бағытталған болған-дықтан келешек оларда емес. Бұл жерде Скандинавия елдерінің инновациялық даму жүйесіне Шығыстың мораль философиясын қосып пайдалану керек сияқты.

Екінші, технологиялық дамуға келсек қазір дамыған мемлекеттер жаңа VI-технологиялық укладты (ТУ) тез игеруде. Олар био және нанотехнология, генді инженерия, ақпараттық технология, цифрландыру, жасанды интеллект, роботтандыру, космостық технология т.б. 2025 жылдан ары қарай осының арқасында әлемде жаңа VI ТУ, ғылыми-техникалық прогресс қатты дамитын болады.

Әлемдік дағдарыстан шығудың жалғыз жолы — ол инновациялық даму жолы, яғни ауқымды халықаралық кластерлік, әсіресе жоғары технологиялар бойынша даму бағдарламаларын орындай отырып, инновациялық серпіліс стратегиясын жасауы қажет. Жаңа білімге негізделген экономикаға өту керек. Ол үшін ғылым, білім, денсаулық салаларын модернизациялау, қомақты инвестиция салу қажет. Осындай әрекет арқылы жаңа білім іске асып, үдемелі прогресске әкеледі. Жаңа технология арқасында әлемде көптеген

жаңалықтар пайда болады, әсіресе космосты игеруде, биотехнологияда т.б. Мәселе осыларды халықтардың игілігіне жаратуда.

Бүгін «адамның жасанды миын» жасап шығару үшін миллиардтаған ақша жұмсалып, он жылдан бері нейротехнология саласында ғылыми ізденіс жасалуда. Сол жасанды интеллект, роботтар өмірімізге дендеп енбей тұрып, адам мен машина арасында қандай шектеу болуы керек, соны әзірден бастап анықтап алу керек. Осының жолын қазір іздемесек кеш қаламыз.

Үшінші, *қауіпсіздік мәселесі* әлемде тыныш-тықты сақтаудың кепілі. Себебі ғаламдық қауіпті, дағдарысты, апаттар мен т.б. қауіп-қатерлерді ескеретін жүйе жасақтау арқылы әлемдік қауіпсіздік қамтамасыз етіледі. Әлемді тану серпіні еселеп өсетін ғаламдық ғылыми үрдістің кезеңі келіп жетті. Өкінішке орай, АҚШ-тың кейінгі он жылдықта әскери шығындары жалпы ішкі өнім бойынша 60% өскен. Бұл дегеніміз әлемнің өзге мемлекеттерінің әскери шығындарының 50% деген сөз. АҚШ, Ресей, ҚХР т.б. мемлекеттердің қарулануы бойынша жарысы тоқтамаса, онда үшінші дүниежүзілік соғыстың туындауына әкеп соғуы мүмкін. Бұл өз кезегінде жер шарының жойылып кету қаупін тудырады. Оған тек өз-өзімізге адами көзқараспен қарап, өркениетті жаңғырту арқылы ғана жол бермеуге болады. Өкінішке орай осыны түсінбей келеміз.

Осы қауіпсіздік мәселесіне байланысты экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, демо-

графиялық, ғылыми-техникалық, ақпарат-тық, энергетикалық, ғарыштық, азық-түлік, биотехнологиялық (биомик-робтар, наноботтар, роботтар) т.б. қауіпсіздіктерді біртұтас етіп қарап, олардың пайдалану критерия-ларын және шектеулі көрсеткіштерін жасау керек. Біз бұлардың көпшілігіне жасадық. Мысалы, өндіріс саласын сипаттайтын көрсеткіштер мен олардың шектеулі мәндері келесілер: өнеркәсіп өндірісіндегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 70%, ал машина жасау 25%, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі ЖІӨ-ге 25%, негізгі қордың тозуы 40%, өңдеу өнеркәсібінің экспорттағы үлесі 40% болу керек. Осындай шектеулі критериялар 13 қауіпсіздіктің бәріне жасалып және оларды БҰҰ-да, әр мемлекетте де пайдалануға болады. Бұл өте ауқымды жетістік болар еді.

Қорыта келе айтарым, әлемнің тұрақты дамуы үшін осы үш тұғырлы базалық элементтерді БҰҰ-да жақсылап пайдаланса бейбітшілікке нақты қадамдар жасалып, әсіресе рухани мүмкіндіктеріміз артып, алдағы гуманитарлық ноосфералық өркениетке аяқ басамыз. Үштұғырлы дамуды жаңа цивилизацияның негізгі факторы ретінде пайдаланып, ХХІ ғасырдың даму стратегиясын жасауға, пайдалануға болады. **Гуманитарлық ноосфералық өркениет** жасау жер бетіндегі бүкіл адамзаттың басты мақсаты болуы тиіс. Осы мақсатқа қадам жасалды деп есептейміз.

*Бізге керегі экономиканы әртараптандыру,
саясат пен қоғамды демократияландыру*

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Қазақстанның сара жолы

Қазақстанның жағдайы. Қазақстан егеменді ел болғалы 30-шы жыл. «Ә» дегенде үміт күшті еді. Өкініштісі шаш етектен байлығымызды ел ырысына пайдалана алмай, реформаны дұрыс жүргізбей біз бюрократиялық, олигархиялық, спекулятивті капитализм құрсауында қалдық. **Экономикамызды әртараптандырмай**, мәнді тек мұнай, газ, қазба байлыққа бергендіктен, қазір жағдайымыз қиын, шикізат елі болдық. Мысалы, Норвегияны алсақ, бар болғаны 40 жылда балықшы елден ең дамыған ел қатарына көтерілді. Себебі мұнайды тек алып, сатып қоймай, қайта терең өңдеуден өткізіп, зауыттарын салып, қосымша құн өндірістерін жасап, Норвегия мемлекеті бүкіл экономикасын күрт өзгертті. Осыларға қажетті заңдар шығарып, оларды қатаң орындады.

Осы жылдары жіберген биліктің әлеуметтік-саяси қателіктері жеткілікті. Сөз, ақпарат бостандығы, жерге иелік ету мен тіл бостандығы, адам құқығын сақтау жолында ат төбеліндей халық талай боздақтарынан айырылды, талайы түрмеде жатыр, шетелде де жүр т.б. Халық оны ұмытпайды!

Елімізде **сыбайлас жемқорлықтың шарықтап тұрғаны соншалықты**, оның ішінде

бұрынғы премьер-министрлер, министрлер, депутаттар, әкімдер, банк, бизнес өкілдері т.б. жеткілікті. Тіпті бұл жоғарыдан төменге дейін тамырын жайған бір дертке, жүйеге айналды. Зардабын қарапайым халық тартып отыр. Осының бәрі мемлекетімізді басқарудағы биліктің көп жылдар бойы жіберген күрделі қателіктерін көрсетеді. Зиялы қауым мен көзі ашық азаматтардың да дер кезінде осыған тоқтау жасай алмағандығында десе де болады. Бар шындықты қорықпай басып айтатын баяғы Бұхар, Махамбет сияқты батыр, билеріміздің, Алаш ұлдарының көрінбегені өкінішті-ақ. Екінші жағынан шындық үшін бас көтергенді қағып тастайтын биліктің таяғы тағы бар. Бұл да біздің 70 жыл бойы Кеңес дәуірінің қылышының астында болғандығымыздан арыла алмай жатқандығымызды көрсетеді.

Қазіргі халықтың күннен күнге күн көрісінің төмендеп бара жатқаны, қымбатшылық соңы үлкен наразылыққа алып баруы мүмкін. Қоғамда билікке деген сенім кетіп барады, елді бір дәрменсіздік билеп тұр. Егер біз ел ішін кернеген теріс күштерге даяр болмасақ, онда қоғам ыдырайды. **Қазір біздің қоғамда моральды тозу (износ) дерті қатерлі ісіктей белең алып тұр.** Өнегесіз жүрісімізді бір тәртіпке салатын уақыт келді. Кемел ойлы, алдағыны ақылмен болжай білетін басшы, болатын өзгерісті сезе отырып, егер «қазаннан қайнаған буды» дер кезінде шығара алмаса, оның атылатынын білсе керек еді. Алысқа бармай-ақ оны көршілерден де көрдік емес пе?!

Қазіргі билік жоғарыда айтылған кемшіліктерді сезіп, әсіресе қаңтар оқиғасынан кейін біраз

реформалық қадамдар жасауда (конституцияға өзгерістер, халықтық референдум, Президенттік, Парламенттік сайлау т.б. заңдарға өзгерістер). Бірақ бұл күрделі өзгерістер қаншалықты 30 жыл бойы қордаланған дағдарыстан алып шыға алады? Оны уақыт көрсетер.

Біздің тағы бір үлкен кедергіміз ол – жаһандық интернет, цифрлы жүйе, ақпараттық топтар, квантты компьютерлік технологиялар т.б. Келешекте мұнай мен газдың орнын осылар басатын болады. Оған қарсы тұра алатын озық ойлы, осыларды игере алатын білімді жастар билікке келуі керек. Қазіргі жағдайда жастар шетелге кетуде. «Болашақтан», т.б. іс жасап жатқан жастардың отанына келмеу себебін несіне жасырамыз. Халқымыздың келешегін кімнің қолына береміз? Баяғыда талантты жастар ауылдан келуші еді, мектептің, үлкендердің тәрбиесі күшті болатын.

Қазір ауыл тозды, ал жоғарғы білімді тауарға айналдырып жібердік, бәрі ақылы. Біздің мектеп жасындағы балаларымызды Ресей талай жыл бойы жеңілдіктермен алуда. Біз жастардан айырыла бастадық. Осыны кім ойлап жатыр?

Елдегі қордаланып қалған келеңсіздіктердің қайсы бірін айтасың? Осылай кете берсек, біз ХХІ ғасырдағы өркениет пойызының соңғы вагонына білімсіз міне алмай, мәңгілік шикізат елі болып қалуымыз немесе сол алпауыт елдерге жұтылып кетуіміз мүмкін.

Не істеу керек? Қазақстанға мәдени революция керек пе?

Енді біз қандай жолмен, кімнің соңынан жүруіміз керек, қай елдің озық тәжірибесін алсақ деген сұраққа, мысалы қазір АҚШ-тан кейінгі әлемде екінші орынға шыққан Қытайды алайық. Әрине Қытайдың іскерлігін, инновациясын, трансферт технологиясын, кіші кәсіпті тез дамытуы, немесе қатаң тәртібін алуға болар. Бірақ оның саяси-экономикалық реформасын түгел алуға болмайды, себебі онда адам құқығы тапталуда. Немесе диктаторлық жүйеден кейін тез демократиялық дамуға көшкен, жаңа технологиясы күшті Оңтүстік Корея жолы ма? Жоқ әлде дүниежүзілік соғыстан кейін қатты дамып кеткен Жапония, немесе Азия барыстары Сингапур, Малазия ма? Кеше ғана Советтер одағында бізбен бірге жүрген, Эстония елі ме, қазір тез дамып, жалпы ішкі өнімі әр адамға шаққанда 25000\$ асып отыр. Жоқ әлде Батыс Еуропа мемлекеттерінің, оның ішінде Скандинавия елдерінің азаматтық қоғамды дамытудағы озық тәжірибесі керек пе?

Менің ойымша біздің осы адасқанымыз жетеді, қазір жол айрығына келіп тірелдік. Егер қазірге дейін 30 жыл бойы шетелдік «серіктестеріміздің» кеңесімен жүріп, өзіміз де басқара алмай ескі жолмен барсақ, онда соңы тығырық. Ал бізге керегі ең озық, өзімізге лайықты әлемдік тәжірибені қолдана отырып **қоғамды өзгерту, өзіміздің отандық дара даму жолымызды табу керек.**

Әрине, таңдау халықтың еншісінде. Бірақ ол үшін халыққа бұл дағдарыс жағдайдан қалай шығу туралы бағдарлама ұсыну қажет. Бұны жасау

қазіргі билікке қиын. Олардың басым көпшілігі ескі кадрлер, шындықтың толық көрінісін көрмейді, өйткені мемлекетті вертикалды түрде, жоғарыдан төмен, ескі әдістермен, орынсыз амалдармен басқарып келеді. Осылайша жаһандық желінің, жаппай коммуникацияның, жаһандану жаңалықтарының мәнін түсінбейді. Билік өкілдері біздің өзгермелі өмірімізді, яғни халықтың жағдайының қиын екенін түсінсе де, бірақ қазіргі құрылған, әсіресе жемқорлыққа үйренген билік басындағылар халықты ойлап, олардың қажеттілігін жүзеге асыру жолында жұмыс атқаруға мүмкіндік бермейді. Бұл Қазақстан үшін «Ариаднаның жұмбақ жіптері» секілді болып тұр.

Соңғы уақытта қабылданып жүрген ішінара шешімдер халыққа өте маңызды болса да, 30 жыл бойы жиналған проблемаларды шешу өте қиын болары анық. Себебі Қазақстанда 2022 жылдың басында қанды «Қаңтар оқиғасы» болды. Ә дегенде Жаңа Өзендегі газ бағасын төмендетуді қолдап шыққан бейбіт халықты белгілі күштер, биліктен айырылып қалу қаупін сезе қойып, тез арада алдын ала дайындалған бұзақыларды, діни теріс күштерді салып, тып-тыныш жатқан елімізді, Алматыны тас-талқан етті. Қаңтар оқиғасын ұйымдастырушылары да, бейбіт халықты қырғынға ұшыратқан авторлар да, олардың жендеттері де белгілі. **Тек оған бүкіл Қазақстан халқының алдында саяси-қоғамдық ашық баға беру керек.** Сонда ғана билік халық сеніміне ие болады. Егер биліктің миы Қаңтардағы қайғылы

жағдайды қатты ойланып, халық ойлағандай шешім шығармаса, онда ол тағы бір катастрофаға алып баратындай сценарияға ұшырауы мүмкін. Бұл жағдайда түбегейлі өзгерістермен қатар, әсіресе ең маңыздысы ескі жүйеден кету, бүкіл кадрларды ауыстыру, жемқорлықтан құтылу.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін жиып-теріп келгенде менің көп ойланып, толғанып маман ретінде айтарым Қазақстанға эволюциялық жолмен **мәдени революция** (культурная революция) керек.

Мәдени революция дегеніміз біз өзімізден бастап - 30 жылда қалыптасқан бүкіл билік жүйесін өзгертуіміз керек. *Қазақстанның бүкіл құрылымын өзгерту үш бағыттан тұрады: экономиканы әртарап тандыру арқылы инновациялық жолға түсу, әлеуметтік инновация, адам капиталының сапасын арттыру, сананы өзгерту; түбегейлі саяси реформа жасау.* Экс-Президент айтқандай бірінші экономика сосын саясат емес, менің ойымша осылардың бәрін бір жүйе (процесс) ретінде қатар жүруі керек. Бұл ойды мен о бастан-ақ айтқам да, жазып та бергем билікке. Бірақ тыңдар құлақ жоқ. «Жас-Алашта» жазған едім. Қазақстанда көп жылдар бойы қордаланған, ластанған, қоқыр-соқыры көбейген билік жүйесін, адам жанын, арын, моралін, ой - өрісін, психология, рухани құндылықтарын тазартатын бізге үлкен “СЫПЫРҒЫШ” өте қажет.

Біз тегіміздің қандай болғанын және тарихымыз бен болмысымызды терең танып «тектоникалық тереңдікте сезіне отырып, мына

қиын әлемдік өркениетте не күтіп тұрғанын білуіміз керек».

Мәдени революцияны түбегейлі шешу үшін дамыған елдердің тәжірибесін алып, оған Қазақтың менталитетін қосып, **Мемлекетімізге түбегейлі модернизация** жасау керек: *саяси* модернизация, *рухани-әлеуметтік* модернизация, *экономикалық* модернизация.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ЖОЛЫ (не істеу керек?)

1. Әлеуметтік инновация.

Жаһандық дағдарыс, болып жатқан өзгерістер, атап айтқанда, ғылым мен білім, мәдениет пен имандылық, адамгершілік ұлттық құндылықтар саласындағы теріс салдарларды анықтады. Сұрақ қоғамның моральдық тозу қаупі туралы болып тұр. Мұның басты белгілерінің бірі – мемлекеттік басқарудағы ең төменгі деңгейден жоғары деңгейге дейінгі адами капиталдың барлық саласында белгілі *кәсіби қабілетсіздік, немқұрайлық* болып тұр. Бұл әсіресе дамушы елдер жағдайында айқын көрінеді. Мысалы, дағдарыс кезінде тіпті дамыған елдердің өзінде тәуекелді басқаруда кадрлардың жетіспеушілігін сезінді. Тағы да айтам, бізде кадр саясатын түп тамырымен өзгерту керек.

Осыдан әлеуметтік инновацияның жаңа парадигмасы - **білімді қоғам, жаңа заманның тұлғасын жасау керек**. Жаһандық дағдарыс жағдайында білім беру және ғылым алдыңғы

қатарға шығып, ұдайы өндірістік циклдің бүкіл жүйесінің негізіне айналады. Бұл идеяның пайда болуынан бастап, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайда табумен аяқталатын, сондай-ақ жаңа өркениеттік даму үшін инвестицияларды жүзеге асыру қажет.

Сондықтан бізге адами капитал саласында қаржыландыруды көбейтіп, тұрақты өмірге байланысты **«минималды қалыптар»** құру керек және бәсекеге қабілетті креативті экономикаға өту қажет:

- **денсаулық сақтау** (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынысы бойынша денсаулық сақтауды қаржыландыру ЖІӨ-нің 6% -дан кем болмауы керек, ал бізде 3,2%);

- **ғылым** (мемлекеттің қалыпты дамуы үшін ғылымды қаржыландыру ЖІӨ-нің 1,5-4,5% болуы керек, ал бізде - 0,13%);

- **білім** (ЖІӨ-нің кем дегенде 6% болуы керек, ал бізде 3,2%);

- **мәдениет** (ЖІӨ-нің кем дегенде 5%, ал бізде 3%);

Жоғарыдағы фактілер көрсеткендей, біз экономиканың өте маңызды осы әлеуметтік бағыттарын **«қалдықтық негізде»** (остаточный принцип) көптеген жыл бойы қаражатты өте аз беріп ұстағанымыз көрініп тұр. Осы салалардың артта қалғандығын айқын көрсетеді. Мысалы, ғылымды қаржыландыру 20-30 есе артта қалған кезде, кедей ғалымдардан әлем жаңалықтарын қалай талап етуге болады? Ғалымның миы толық, бірақ қалтасы тесік, ал әкімдердің миында не

бар екені белгісіз, бірақ қалтасы толық дейтінім осыдан.

Академик Қ.Сәтбаев басқарған ҚР Ұлттық ғылым академиясын жабудың да осындай стратегиялықтеріс мәні бар. Мұндай келешегімізге балта шабу, қатыгездікке де саяси баға берілер. Жоғарыдағы мысалдар Елбасының Қазақстанды білімсіз елге айналдыру саясаты екенінің дәлелі. Ал білімсіз елді Ұлы Абай айтқандай не төбеден таяқтап отырып (ішінде бас көтергендерді қағып тастау), не паралап отырып, диктаторлық басқару оңай. Біз осылай сыбайлас жемқорлығы шарықтаған, коррупциялық елге айналдық.

Адами және әлеуметтік қажеттіліктер саласында әр адамның жеке тапсырысына дейін тауарларға, қызметтерге және басқа да әлеуметтік қажеттіліктерге әртүрлі әлеуметтік сұраныстарды қалыптастыру қажет. Осыған байланысты үшінші сектордың, яғни *азаматтық қоғамның* рөлі күрт артады. Әлеуметтік капиталды қалыптастыру бірінші кезекте тұрады және ол жақсылап инвестициялануы керек.

Осыған сүйене отырып, адами капитал саласындағы осындай **минималды әлеуметтік-экономикалық стандарттарды** (өмір сүрудің белгілі бір стандарттарын) орнату арқылы біз шынымен де жақсы өмірді қамтамасыз ете аламыз. Минималды стандарттарды экономикалық өсу қарқынымен байланыстыра отырып, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын анықтауға болады. Бұл шешілмей келе жатқан Үкіметтің айналысатын мәселесі.

Әлемдегі ең бай елдердің бірі бола отырып, сонымен бірге халқымыз аз болғандықтан, біз осы бай мұраны сақтай аламыз ба? Біздің еліміздің адами әлеуетін әр адамның «кодталуынан» жеке тұлғаның биометриялық өсуіне дейін бағалауымыз керек. Басқаша айтқанда, барлық тұрғындарға жан-жақты қызмет көрсету және өзін-өзі қамтамасыз ету үшін барынша жағдай жасау, желілік экономикамен, Интернет желісімен және цифрландырумен бүкіл елді «қамту» өте маңызды. Теледидарда көрсеткендей ХХІ ғасырда қазақ баласы тауға, не үйдің төбесіне, не ағаш басына тарзан болып өрмелеп интернетті ұстау қазақ еліне масқара емес пе? Мұнда ең бастысы ұлттық қауіпсіздікті, адамгершілік аспектіні қамтамасыз ету – адамды бақылау емес, оның қажеттіліктерін қанағаттандыруда көмектесу керек. «Сананы өзгерт, өзің өзгер!» - дейтінім сол.

2. Түбегейлі саяси реформа.

Біз енді әлемдік қауымдастықта өзіміздің қоғамдық-тарихи, саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық бет-пердемізді толық анықтап алуымыз қажет. Шындығына келсек, біз бұл мақсатқа жеткен жоқпыз, осы жолды меңгерудеміз. Ал ішкі саясатымызда да түбегейлі реформалар жасауымыз керек, Конституциялық өзгерістерден бастап, бүкілхалықтық референдум қабылдауға дейін проблемалар бар...

Қазақстан 30 жыл бойы президенттік басқару жүйесімен жүрді. Бұл жүйедегі жақсысы да, жаманы да өзіміздікі, оны талдап жатпайық.

Енді саяси-демократиялық кезең басталуы керек! Парламенттің рөлін күшейту қажет. Бұл мемлекетімізді басқаруды «**Парламенттік басқару жүйесіне**» көшіру, яғни, Президенттің құзырын күрт шектеу. Үш биліктің: заң, сот және атқарушы биліктің тепе-теңдігін іс жүзінде сақтау. Осы жүйеге көшкенде, заң, сот жүйесінде әділеттілік орнар еді, жемқорлық тыйылып, халықтың жағдайы жақсарар еді. Қаншалықты өзіне ауыр болса да, келешек үшін ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа осы батырлық қадамға бару керек – деп ойлаймын. Егер осылай жасаса, оның біліп білмей істеген қателіктерін халық кешірер еді. Біз кім болсақ та халық алдында борыштымыз.

Нақтырақ айтсам, біз унитарлы мемлекет болғандықтан да, бірпалаталық Парламентке өтуіміз қажет. Онда депутаттардың саны – 150, ал оның 50%-ы партиялардан, 50%-ы бір мандатты мажоритарлық округтардан елге белгілі маман, қайраткерлер сайлануы тиіс. Себебі, қазір «партия» деп халық қай депутатты жергілікті жерден сайлағанын, өзінің мұң-мұқтажын кімге айтарын, ал олар шешілмесе, қай депутатты қайтарып, басқасын сайлауды білмей қалды. Партиялардың Парламентке өту межесі 3-5%-дан аспауы керек. Бұл ұсыныстарды мен Парламентте талай рет депутат болып, оның ащы-тұщысын татқаннан кейін, ең тиімді жол деп таныған соң айтып отырмын.

Мұның ең өзектілігі – оппозиция деп қорықпай жаңа партияларды тез тіркеу, көп партиялы Парламент жасақтау және оның

статусын көтеру болып отыр. Өйткені парламентаризм – «қалталы депутат емес», көппартиялы орта, пікірталас арқылы шындыққа шығу алаңы. Біз, ең бастысы, сайлауды таза демократиялық жолмен өткізуге тиістіміз. Халық өз дауысын қандай партияларға қанша пайызбен бергендігін өзгертпей, әкімшілік ресурсты алып тастап, әдеттегідей дауыс ұрламай, Парламентке сайлау өткізу керек. Сонда жаңа Парламент жаңа Үкіметті жасақтаудан бастап, жаңа кадр саясатын жасай алады. ***Жаңа Парламент қоғамдық комиссия құрып, Қазақстанның 30 жылдағы даму жолына әділ саяси, экономикалық, қоғам-дық баға беру керек.***

Бұл жағдай өз басымнан өтті, келеңсіздіктің құрбаны да болдым. Сайлаудың әділ өткеніне билік емес, халық сенуі қажет. Егер сен мәселенің құрылымын білсең, онда жөндеп басқара аласың демекші осының ішінде күйіп-пісіп жүргеннен соң ұсынудамын.

**Қандай Конституциялық өзгерістер жаса-
сақ та, реформалар қабылдасақ та ең абзалы
халықтың жағдайы, әлеуметтік күнкөрісі
төмендемеу керек.** Әр адамға бет бұратын уақыт келді. Адам мен табиғаттың қадірін білсек қадірлі адам, қадірлі қоғам, қадірлі мемлекет боламыз. Осы жолда барлық күш-жігерімізді алдағы уақытта **ізгілікті дамыған қоғам орнатуға** салуымыз өте қажет.

XX ғасырды өнеркәсіптегі жоғары техноло-
гияның ғасыры десек, ал енді XXI ғасыр – ол
жоғары **гуманитарлық ноосфералық өркениет
ғасыры** болмақ деген пікірді білдіремін. Бұл жерде

әр адамның, азаматтық қоғамның мүмкіндіктері пайдаланылады деген сөз. Себебі адам өзінің ақыл, ой-санасы және тілі арқылы ең жоғарғы биологиялық феномен болып есептеледі.

Реформа билік басындағылардың мүддесі үшін емес, қоғамның, елдің мүддесі үшін жүргізіледі. Азаматтық қоғам институттарының жұмысын жетілдіру қажет. Атқарушы мемлекеттік биліктің жұмысына **қоғамдық бақылау орнатылуы тиіс**. Осыған орай, азаматтық қоғамның негізгі белгісі, жергілікті өзін-өзі басқарудың көзі – биліктің халықпен санасуында және халықтың, азаматтық қоғамның шешім шығаруға формалды емес, белсенді түрде араласуында.

3. Экономикалық реформа (жаңа модель).

Негізгі мақсат біз экономиканың шикізат моделінен кетіп, экономикамызды, өндірісімізді әртараптандырып (диверсификациялап) инновациялық жолға түсіп, ары қарай қазақ қоғамын ізгілендіру (гуманизациялау) болып табылады. Барлық байлықты (ресурсты) жаңа технология мен әлеуметтік инновацияға салсақ тез алға басамыз. Бұл жаңа қоғамдық және өндірістік қатынасқа, экономиканың дамуының жаңа моделіне өту деген сөз.

Жаңа заман, жаңа талапқа байланысты барлық шығынды күрт азайтып, **Мемлекетті басқарудың жаңа жүйесіне (моделіне) көшу керек**. Сол кезде жаңа кадр саясаты, жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық реформа адамның

тыныс-тіршілігіне тікелей әсер етері анық, сонда ғана халық билікті қолдайтын болады.

Мен **«Мемлекетті 5-тік спиральмен (мемлекет, бизнес, ғылым, адам қажеттілігі, информатизациялау) жаңаша басқару туралы жобамды»** ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа жібергенмін. Сонымен қатар бұл жоба «Жас Алаш», «Дат» газеттері мен «Abai.kz», «qamshy.kz» т.б. интернет сайттарында да жарияланды. Бұл менің арнайы жаңа Қазақстанды жаңаша басқару жобаммен танысасыздар деген ойдамын. 30-шы сөзге мән беріңіз.

Ең дұрысы, **билік осы өзгерістерді өзі бастағаны жөн, өзі мұрындық болуы тиіс.** Сонда ғана, осындай өркениетті ісі арқылы билік, шынында да, қоғамның саналы әрі **салауатты күшіне арқа сүйей алады.**

Түйінді ойретінде айтарым, алдымыздағы екі онжылдықтағы ең басты қиындық – **Мемлекетті тиімді басқаруда және жаңа технологияларға сай кәсіби біліктілікте, жаңа кадр саясатында болмақ.**

4. Қазақстанда мәдени революция іске асу үшін тез арада нақты қаражатпен қамтамасыз етілген 4 тағдырлы Ұлттық жобаның шешу тетіктерін жасауды ұсынамын:

Бірінші мемлекеттік жоба. ҚР ашық нарықтық экономика болуы керек, әсіресе **ашық саясат және қоғамды демократияландыру,** соңғысы жоқтың қасы. Ол үшін Конституциядан бастап бірқатар заңдардың қабылдануымен осы бағыттарды түбегейлі реформалау қажет, әсіресе

көп партиялы Парламент, судьяларды да халық сайлау керек.

Екінші мемлекеттік жоба. Қоғамның рухани-тарихи жаңаруы жаңа өркениетке жол. Негізгі назар мәдени, тарихи, денсаулық, моральдық – адамгершілік, ұлттық құндылықтарға, әсіресе жаңа білімге аударылуы керек. Нағыз демократияны тек білімді ел, азаматтық қоғам құра алады. Осындайда ұлы Абайдың толық адам ілімінің жол картасын жасап, біздің рухани Конституциямыз ретінде халықты оқыту керек. Қазақстанға рухани-мәдени ренессанс қажет.

Үшінші мемлекеттік жоба. Ауылды жаңарту мен ауыл шаруашылығын дамытуға аса басымдық беру керек. Мұнай мен газдың орнына бренд астық пен ет өндірісі болуы керек. Қазақстан өзінің азық-түлік мүмкіндігімен әлемнің бірнеше елін тамақтандыра алады. Жасанды интеллект, робототехника, адам геномы және басқалардың пайда болуымен байланысты №1 проблема адамдарды экологиялық таза өнімдермен және сумен қалай тамақтандыру біздің генофондымызды сақтайды.

Сондықтан дәл қазір мүмкіндікті жіберіп алмауымыз қажет және жақын арада Қазақстанды азық-түлік державасына айналдыруымыз керек. Ол үшін 2023-25 жылдары АУЫЛ ЖЫЛДАРЫ деп жария етіп, арнайы Мемлекеттік бағдарлама қабылдап, үлкен қаражат бөлу керек. **Жаңа Қазақстанның болашағы ауылға бетбұрудан басталады.** Егер азық-түлік державасы болғымыз келсе ауылшаруашылығы өнімдерінің жалпы ішкі

өнімге шаққандағы үлесі қазіргі 4,5 пайыздан кем дегенде 20-25 пайызға дейін өсуі керек.

Төртінші мемлекеттік жоба. Жаңа өндірістік құрылым саясатына, **индустриалды-инновацияға** көшу, технологиялық құрылымдарды жедел дамытудың тиісті Мемлекеттік бағдарламасы мен сыни технологияларды тез дамыту қажет. Біз алда инновациялық дамыған экономикасы, гуманизациялық қоғамы бар ел болуымыз керек.

Соңғы айтарым, мүмкін бізді тектілігіміз, ата-бабаларымыздың рухы, болжампаздығымыз, әлемдік тез өзгерістерді түсінгендігіміз алдағы күтпеген нәубеттен сақтап қалар! Цифрлы әлем, цифрлы экономика заманында уақыт өте тапшы, бәріміз ойланып шешім қабылдайтын сәт туды.

Қасаң тартқан сананы өзгертіп, рухани тазаратын кез жетті! Бұл біздің соңғы мүмкіндігіміз болуы мүмкін. Сондықтан мен Сіздерді мәдени революциялық жолға, дана халқымыздың көрегенділігін ұстанып, ата-бабаларымыздың бірлігі мен тірлігін жалғастыруда қапы қалмауға шақырамын!

Осы мемлекеттік деңгейдегі 4 жоба ҚР Президентінің және халықтың тікелей назарында болу керек. БАҚ, телеарналардан тұрақты түрде, жиі-жиі беріліп тұруы қажет.

Құрметті оқырмандар, осы көптен бері жазып та, айтып та жүрген осы **«Қазақстанда мәдени революция»** жасау керек деген ойыммен бөлістім. Ерте ме, кеш пе әйтеуір бір болады. Уақытты тағы-да жіберіп алмайық. Мұны не Президент, не халық жасайды. Ал ең дұрысы халық болып бірге жұмылып жасау керек.

*Алыстағыны болжамасаң, жақындағы
қиындыққа тап боласың*

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ СӨЗ

Қорытынды. Келешекке бір сұрақ...

Қазіргі жаһандану мен әлемдік дағдарыстар кезеңінде енді қандай ой-болжамдар болады, барлық зерттеулер осыған негізделуі керек. Әлемдік деңгейде қажеттілігі бар **адамзат қоғамы өз дамуының формасын ауыстырғаны жөн.** Біздің міндетіміз, өркениет дамуына кішкене болса да үлесімізді қосумен шектеледі. Қазір ой адамын кешегі тарих пен бүгінгі күннен гөрі «келешегіміз не болар екен»? деген сұрақ қатты толғандырады. Адамзат жаһандық өтпелі дәуірде индустриалды кезеңнен өтіп әлемнің постиндустриалды даму кезеңінде өмір сүруде.

*Біздің пікірімізше, орнын **постиндустриалды өркениеттің интеллектуалды экономикасы** алмастыратын нарықтық экономикаға деген көзқарасты өзгерту қажет. Ол жаңа білімге, ғылым мен жоғары технологияларға, руханияттың барлық түрлері мен құндылықтар жүйесін жаңартатын адам капиталының бәсекеге қабілеттілігіне негізделуі тиіс.*

Қазіргі **капитализм мен социализм** де ренессансты өзгерістер кезеңіне аяқ басқалы тұр. Ендігі кезекте постиндустриалды өркениеттің уақыты келді. Осы орайда, дамудың басты бағыты ғарышты игеру, басқа планета іздеу, ноосфераға

шығуға тікелей байланысты. Осыған орай, тарих бетіне капитализм мен социализмнің тоғысқан тұсында адамзат дамуының **үшінші жолы – интеллектуалды экономикаға негізделген постиндустриалды өркениет кезеңіне өтуі тиіс**. Бұл қоғамдық қатынастардың жаңа типіне көшу жолы болып табылады.

Рухани құндылықтарға, адамгершілік принциптерге негізделмеген экономикалардың түбі дағдарыс пен құлдырауға алып келетіндігін тарихтың өзі дәлелдеді. Ендігі кезекте жаһанданудың тұрақсыз ғасырында **қоғамды ізгілендіру туралы идея** халықтар мен мемлекеттерді жақындастыру факторы болуы мүмкін. Көпжылдық тарихи құндылықтарды жаңғырту мен қолдану жолы арқылы жоғарыда аталған шараларды жүзеге асырғаннан кейін, адамзаттың рухани-мәдени дамуына, ғаламдық өзгерістер жасауға кең мүмкіндіктер ашылады.

Бұл қоғамның мәртебесін сақтап, кідіріске айналмаудың үлкен қадамы болмақ. Ізгілендіру идеясының басты міндеті адамның ой-өрісін, ішкі сана-сезімін ХХІ ғасырдың жаңа өркениетті қоғамының талаптарына сәйкес өзгерту. Әлемдегі қарама-қайшылықтарды жөнге келтіру бойынша көп іс атқаруға тура келеді.

Адам – Ақыл – Таным – Ізгілік – Жетілу – Кемелділік. Абайдағы нұрлы ақыл осы асыл сипаттарды Жүсіп Баласағұнда әділет пен ізгіліктің құлы, қызметшісі болуға шақырады. Адам аты мен қасиетін ақылмен ақтап, сақтай алады, яғни, ақыл – адамның танып-білу қасиеті. Танып-білу барысында таным қалыптасады. Адамның дүние

мен өз әлемін танып-білген танымы ізгілікке жол ашады. Әрі ізгіліктің өз жолынан таймағанда ғана қасиеттілігі көрінеді, жетіледі. Адамзат ұрпағының қасиетті қос жолы – таным мен ізгілікті ақыл – бірдей басшы, теңдей тірек жетілу арқалы сөз адамның мәдени-рухани дамуының ХХІ ғасырдағы басты бағыты болмақ.

ХХІ ғасырдағы қоғам мен табиғаттың үйлесімді дамуын қалпына келтіру үшін шикізат ресурстарын, пайдалы қазбаларды игеру мен өндірудегі ірі кемшіліктерді жою кезек күттірмейтін мәселе. Оның орнына жаңа көзқарас, жаңа идея, жаңа даму жобаларын жасау қажет. Бұл шараларды кейінге қалдыруға болмайды. **Тарихи даму заңдылықтарына сүйену** өте маңызды, сондықтан, қоғамды рухани-мәдени дамыту мәселесі – ең басты міндет болуы тиіс.

«ХХІ ғасырда қоғамның жаңа түрі қандай болуы керек?» деген сұраққа қатысты екі факторды ескерген жөн.

Біріншіден, бүкіләлемдік тарихи даму логикасын (тәжірибесін), сондай-ақ, әрбір ел мен аймақтың рухани-мәдени құндылықтары мен шынайы отандық тарихты қолдану. Келешекті білу үшін өткен тарихты білу керек: көп уақыттан бері не өзгерді, не кетті, өзгеріссіз не қалды? Абай айтқан «дүниенің көрінген сыры мен көрінбеген сырын» анықтай отырып, келешекті болжауға болады.

Екіншіден, ХХІ ғасырдың жаңа қажеттіліктері, сондай-ақ, ең алдымен, **постиндустриалды ізгілікті-ноосфералық өркениетке өту.** Оның бірінші кезеңі – жаңа VI-VII технологиялық укладтарты игеру. Инновациялық технология, ғылым,

техника мен адам капиталын белсенді инвестициялау қажет.

Айтылғандардың барлығы әлемдік тәртіптегі жаңа ғаламдық стратегияны жасау қажеттілігінің шынайы уақытының келіп жеткендігін дәлелдейді. Өткен мыңжылдықтағы ыңғайлы өмір сүруді қазіргімен салыстыра келгенде, жаңа өркениетке, жаңа мәдениетке шыдамдылық пен зайырлы плюрализм өте қажет болады.

Әлемдік тарихи дамуды ескере отырып, қоғамды ізгілендіру мен руханияттылықты жаңғыртудың негізгі құраушылары, автордың ойынша мыналар:

- өткеннің, қазіргі мен болашақтың тарихы;
- әлемдік психологияны трансформациялау, адамның жаңаша ойлау қабілетін арттыру;
- рухани және моральдық құндылықтарды жаңғырту;
- әлемдік діндерді, оның ішінде ислам, христиан, буддизм, конфуцизм және басқаларын ынтымақтастыққа, түсіністікке шақыру;
- креативті адам капиталының дамуы барысында әлемдегі халық санының өсуі және олардың өмір сүру сапасын көтеру;
- қоғамның үйлесімді дамуы (гипердемократия заманы);
- ХХІ ғасырдағы рухани революция, жасанды интеллекттің роботтардың халық игілігіне қызмет еткізу.

Сөз соңында айтарым, жалпы, осы еңбекте айтылған ойлар, көтерілген мәселелер, олардың

шешілу тетіктері, жолдары бір сәтте туған жоқ. Бұл ұсыныстардың барлығы – менің көп жылдан бері келе жатқан саналы өмірімдегі үлкен ізденістен туған, талай сараптамалардан өткен, талай рет халық арасында айтылып, сұрыпталған дүниелер. Бұл мәселелер жылдар бойы менің жан дүниемді қозғап, маза бермей, түнгі ұйқымды қашырып, күндізгі тыныштығымды кетірген ойлардың жиынтығы. Бұған менің көптеген шетелдерде болған тәжірибем, зауытта істеген жұмыстарым, 50 жылдан астам өмірлік тәжірибем мен іргелі ғылыми ізденістерім, Парламентте 4 рет депутат болып істеген еңбегім, әсіресе, мыңдаған халық арасындағы көптеген кездесулерім өз септігін тигізді.

Кейінгі жылдары әлемдік ғұламалардың еңбектеріне, тарихымызға, мәдени, рухани құндылықтарымызға мән беріп, көптеген ұлы тұлғалардың өмірімен, еңбектерімен жете танысып қана қоймай, олармен ой-өріс арқылы жиі сұхбат құрып, ақыл-кеңес алатын болдым. Абаймен, Шәкәріммен «пікірлесіп», соларды ақ қағазға түсіріп, ұсынып отырмын. **Кейде қатты да айтатын, өткір де сынаймын**, себебі уақыт талабы сол, әділет пен шындық жолы қашанда ащы келеді. Қазіргі дүниежүзілік дағдарыс уақыты сын айтуды талап етеді, шындықты айту арқылы келешекке жол ашылуы мүмкін. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейді кемеңгер халқым. Бұл еңбектің кемшілігі болса, келешекте толысып, кемелдене берер. Өйткені, мен — қазақпын, менталитетім де солай, кемшіліктер мен жетістіктер де қазақи қалпымен көрініс берді деп ойлаймын.

Бүгінде Абайдың «кемел адам» ілімін «толық адам» идеясымен жалғастырып, **рухани адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыру басты мәселе болып отыр.**

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, – деген Абай сөзін нысанаға алып, жас ұрпақты билікқұмар, мансапқорлыққа емес, елжандылыққа тәрбиелеуіміз керек-ақ.

Еліміз егемендік алған 30 жылда қол жеткізген жетістіктер де аз емес. Олар жаңа биіктерді бағындыруға жетелейді. Кемшіліктер де жеткілікті. Еліміздің өркендеу жолында ештеңе де оңай болмасы анық.

Бүгінгі мемлекеттік жүйенің жіберіп отырған қателіктері өте көп. Экономиканы дамытатын реформаларға әлі толыққанды бара алған жоқ, шетелдік инвестицияны жүйелеп, мемлекеттік мүддеге оңтайландыру жағы ақсап жатыр, жеке кәсіпке, ауылшаруашылығына әлі де болса дұрыс көңіл бөле алмай отыр. Бюджетке түсетін салық қоғам үшін тиімді жұмсалып отырған жоқ, 30 жыл бойы инфляция деңгейін де қадағалай алмай келе жатқаны мемлекеттің үлкен кемшілігі. Бүгінгінің адамы «бай емеспін, баспанам жоқ, жұмысым жоқ, жолым болмай қойды» деп ойласа, мәселе оның өзгермеген санасында болып тұр. Жаңа өмірге бейімделу, жинақталу, өмірінді жоспарлау – бүгінгі күннің талабы. Себебі, нарықтық заман адамның жинақы болуын, мақсат айқындығын, еңбекқор болуын қалайды. Бұл күнгі адам – өз-өзіне ие, өзі қалай миын жұмсап, қарекет етсе, оның бақуаттылығы

да соған байланысты болмақ. «Мемлекет мені асырауы тиіс» деген масылдық санадан арылуы тиіс. Мемлекет қоғамның жалпы дамуын, жүйесін қадағалайды, адамды масыл қылу – мемлекеттің көздеген мақсаты емес. «Мемлекет асырайды» деген идеология 30 жыл бұрын КСРО жүйесімен бірге жойылып кеткен. Алайда, сол сана өзгермей, жеке адам әлі де бүгін солай ойласа, Абай айтқан надандық сонда жатыр.

«Мемлекет үй бермеді, жұмыс бермеді» деген жеке адамдардың بازیнасы қазіргі нарықтық заманда орынсыз болмақ.

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та, бар, қалан, – дегенде, Абай жеке адамға үлкен жауапкершілік жүктеп отыр, «қаланатын кетігінді тауып беруге біреу міндетті» деп отырған жоқ. Жеке адам кәсібін жасап, жағдайын жасауға ұмтылар болса, мемлекет тарапынан көмек сол – салықпен, басқамен жеке кәсіп иесінің жолын кеспеу, пара талап етпеу, банктен аз пайызбен несие беру, қайтару жолын оңтайландыру. Сонда ғана отандық экономика дұрысталмақ, болашағымыз жарқын болмақ.

Материалдық жағдайы дұрысталғанда ғана халық рухани дүниесін байытуға кірісе алады. Материалдық және руханияты бірдей дамыған ел ғана жетістікке жетеді.

Қорыта келгенде, мынаны айтқым келеді: осы еңбекте көптеген түбегейлі мәселелерді көтердім, бірақ барлық мәселені шешіп тастау мүмкін де емес. Шама келгенше, үлес қосып, **халыққа ой салу, толғандыру үшін жасаған дүние.**

Мен қазақ елінің амандығы мен әр отбасының бақыты, қауіпсіз өмір сүруі үшін жұмыс істедім. Егер менің айтқандарым уақыт өте дәлелденіп, ұсыныстарым, істеген істерім Қазақстанның өркениетті елдер қатарына қосылуына кішкентай болса да септігін тигізіп жатса, онда маңдай терімнің зая кетпегені, өмірдегі негізгі миссиямның орындалғаны деп есептеймін. Мен жай ғана елімнің алдында өз парызымды өтедім деп білемін.

Осы еңбек туралы «Ақыл-ой кеңесін» құрып, оған бұрынғы ұлы дала тұлғаларымен қатар, өзім көзін көрген кейінгі ғалым-қайраткерлерді қостым, еңбектерін оқып, ой түйдім. Олар: Д.Қонаев, Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Ж.Тәшенов, Ә.Марғұлан, С.Зиманов, Б.Әшімов, А.Асқаров, Ө.Сұлтангазин, Ш.Шокин, Ш.Есенов, А.Абдулин, Г.Бельгер, Т.Кәкішев, М.Айтқожин, Ө.Жолдасбеков, С.Тәкежанов, Қ.Тұрысов, Н.Балғымбаев, М.Оспанов және тағы басқа мемлекет, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері. Осылардың бәрін де елге сіңірген еңбектері үшін ерекше құрмет тұтамын және ризашылығымды білдіремін, отбасы мен туыстарына рахметімді айтамын. Егер осы азаматтар ақыл-кеңес бермесе, олардың рухани құндылықтарын пайдаланбасам, менің жазғандарымнан мұндай дүние тумас та еді. Тағы да көп рақмет! Олардың әруақтары Қазақ елін қолдап жүрсін!

Бір ой келеді, 2007 жылы басталған дүниежүзілік дағдарыста Еуропада және басқа елдерде **«Карл Марксті оқыңыздар»** деп, бәрі оқи бастады. Себебі, Карл Маркс дүниежүзілік қаржылық

кризистің бүге-шігесіне дейін біліп, заңдылықтарына шалқан гений. Ал енді бізді алда **«ізгілендіру қоғамы»** күтіп тұрса, онда мен **«Ұлы Абайды оқыңыздар»** демекпін. Біз ХХІ ғасырда Абайға қайта бет бұрып, оның шығармаларынан ақиқат пен шындықты, оның «толық адамынан» ар-ұят, намыс пен мейірімділікті алып, өзімізді өзгертуге, ішкі жан-дүниемізді түзетуге бет алсақ екен деймін.

Қоғам дамуының ғасырлар желісіне, тарихқа көз салсақ, бізде Абайдан бұрын да, кейін де небір зиялылар, ғұламалар болған, әлі болады да. Зейін қойсаң заманына қарай бізде айтылмаған сөз де қалмаған сияқты. Бір өкініштісі, айтылған сөздер істен алшақ жатыр. Бұл біздің менталитетіміз, ол ойымызға да дендеп кетті. Ал Абай болса, біздің осындай менталитетімізді қалай өзгертеміз деп ізденіс жасап, ой-санамызды өзгертуге тырысты.

Қазір жаһандану процесінде дүниеде болып жатқан күрт өзгерістерге жауап беру үшін әлемнің ғұламаларымен қатар, ұлы Абайға қайта жүгінуге тура келеді. Сұрақ тууы мүмкін. Сіз өзі Абайды ту ете бересіз, қазақта басқа тұлғалар да жеткілікті ғой деп. Дұрыс та шығар, бірақ Ұлы Абай әр қазаққа ең жақын тұлға екеніне кім күмән келтіреді. Егер Абай ой-өркениетін іске асырмасақ, біржола артта қалғанымыз. **Абайдың өсиеттерін әрі мұқият оқитын да, әрі іске асыратын да заман туды.**

Келешекке қояр бір-ақ сұрағым бар:
Адамзат ХХІ ғасырдың екінші жартысы және

XXII ғасырда жаңа белеске шықпақшы. Ол қандай белес? Ол – қоғамдық ноосфера өркениетін құру, космосты игеру, басқа планетаны іздеу т.б. **Біздің алдымызда** «ноосфералық ізгілендіруге және әлемдік өркениеттің I типіне қалай өтеміз?» деген сұрақ тұр.

Бұған көзі ашық, көп оқыған, дүниежүзілік өркениеттің дамуынан ізденген жастарымыздың арасынан келешек Әл-Фараби, Дулати, Абай, Шәкәрім, Шоқан, Тұрардай тұлғаларымыз сияқты т.б. ғұламалар шығып, өз жауабын берер деген үміттемін.

Түбі Қазақ Мемлекеті әлемдік өркениеттің төріне шығуы керек! Осыған атсалысайық, ағайын! Бізді қанша жүрер дейсіз, алдағы рухани өмірге бара жатырмыз. Ол жаққа ешқандай дүние алып кетпеймін, бірақ «Оразалының 45 ойлы сөздері» мен 1000 шақты еңбегі, 100 шақты кітаптары келер ұрпаққа рухани дүние болып қалар деген үміттемін.

ТҰЖЫРЫМ

Сонымен жарты ғасыр бойы жинап-теріп зерделеген ой-пікірлерімді **«Қазақстанның болашағы үшін»** баян еттім. Көбісі өз басымнан өткізген екі формация: кеңестік дәуір мен егемендік алған 32 жылдағы ел арасындағы, жалпы халықаралық деңгейдегі көкейкесті проблемаларды ашып және олардың шешу тетіктерін көрсету еді. Қалай болғанына оқырман қауым бағасын берер.

Бар өмірімді арнап ізденіспен жазылған бұл 45 сөздің ерекшелігі – мәселенің түп тамырын зерделеп, қазіргі жағдайды ашық айтып қана қоймай, олардың шешу тетіктерін қиынның қиыны болса да беру болды. Одан да тереңдеп, ғалым ретінде адамзаттың дамуы үшін, қазақ елі үшін пайдалы бірнеше проблемалар бойынша нақты жобалар жасап ұсындым. Ең өзектілерін қысқаша тұжырымдап көрсетейін:

1) 3-мың жылдықтағы адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы, ол руханилық, ғылыми-техникалық революция, экология, ғарышты игеру, экономика және әлемдік қауіпсіздік сияқты постиндустриалды әлемнің жалпы адами өркениетінің «планеталық үйін» құру қағидаттарына негізделген. Әртүрлі пәндік білім салаларында іргелі ғылыми теорияларды құру және синтездеу, осы алты негізгі компоненттерді басқару процесін ұйымдастыру болашақ өркениетті жобалаудың бірыңғай шығармашылық үдерісінің әртүрлі аспектілері болып табылады. Өйткені олар ғылым мен құбылыстарды тоғысты-

ра отырып, бірыңғай біріктіруші философияны дамыту негізінде жаңа өркениеттік көпполярлы әлемнің жалпы тұтас бейнесін көрсете алады. *Бұл концепция кітап болып 2016 жылы Лондонда басылып шықты. Презентациясы өзімнің қатысуыммен Кембридж университетінде өтті. Нобель сыйлығы иегерінің пікірі бар. Скопус базасына енетін басылымда жария етілді.*[72,73,77]

2) Тұңғыш рет 5-тік спираль негізінде мемлекетті басқарудың жаңа парадигмасы – мемлекет, бизнес, ғылым, қоғам және ақпараттандырудың өзара әрекетіне негізделген. Осы негізгі элементтердің коллаборациясы негізінде ғана жаңа өркениеттің күрделі міндеттерін шешуге болады. *Бұл жоба Қазақстан Республикасының президенті Қ.Тоқаев мырзаға 2019 жылы жіберілді. Халықаралық форумда, конференцияларда баян етілді.*[76,79]

3) Түркістан алқабында жаңа рухани-технологиялық кластер құру – қоғамды ізгілендіруге бастар жол. Бұл жобаның мақсаты – Түркістанды халықаралық деңгейдегі рухани орталыққа айналдыру, Ұлы жібек жолында шығыс пен батысты біріктіретін Еуразиялық интеграцияны жандандыру. Сонымен қатар, тарихта алғаш рет, Орталық Азиядағы бір аймақ мысалында әлемге адамзаттың рухани-мәдени және жаңа технологиялық, инновациялық даму мүмкіндіктерінің өзара іс-қимыл моделі көрсетіледі. Мұндай тәсіл көпполярлы әлемнің кез келген өркениеттік аймағында кәдеге жарай алады. *Бұл жоба Елбасы Н.Назарбаев мырзаға*

2012 жылы жіберілді. 2018 жылы Президенттің жарлығымен іске аса бастады. Халықаралық Авторлық куәлік алынды. [4,71]

4) Әлемнің, әсіресе дамушы елдер экономикасының өркендеуіне серпіліс беру үшін **«Шағын және орта кәсіпкерлікті үдемелі дамыту стратегиясының концепциясы»** ұсынылды. Бұл жоба планеталық және планетааралық ауқымдағы ең күрделі міндеттерді шешуге қабілетті, даму бойынша қуатты халықаралық қоғамдық-саяси күшке айналған **орта таптың өсуі** үшін жағдай жасайтын 9 жобаны қамтиды. *Бұл жоба Елбасы Н.Назарбаевқа 2018 жылы жіберілді. Монография болып шықты.[78,79]*

5) Қазір әлемде миллиондаған адам кедейшілікте өмір сүріп, аштық пен жоқшылықтың күнін кешуде. Соңғы жылдары АҚШ долларының артық эмиссиясынан ақша массасының көлемі өндірілген тауарлар көлемінен 10-12 есеге асып түсті. Экономикалық заңға сәйкес, мұндай теңдіктің бұзылуы дағдарысқа алып келеді. Көптеген әлемнің бай елдері жаңа технологиялық жетістіктерге капитал иегерлерін байыту үшін қол жеткізуде. **Әлемдік валютаны реттеуші ретінде бүкіл әлем үшін «қуаттылық», яғни киловаттың валютаға қатынасы – киловатт/валюта түріндегі бірыңғай валютаны өлшеуді анықтау, реттеу әдісі әзірленді.** Бұл нақты қуаттылықпен қамтамасыз етілмеген спекулятивті капиталдан құтылуға септігін тигізеді. *Бұл жоба БҰҰ 2016 жылы жіберілді. [73,79]*

6) Қазіргі өркениет, қоғамның, табиғаттың даму заңдылықтары бұзылып, руханиятсызданып, деградацияға түсуде. Мұндайда қоғам дамуының парадигмасы өзгеру керек. Менің ойымша, жаңа интегралды қоғам осы уақытқа дейінгі дамудың ең жақсы құндылықтарын ескеріп, әсіресе капитализм мен социализмнің жақсы тәжірибесін алып, оған қоса алдағы жоғарғы технология, жасанды интеллект, роботтандыру, адам геномы т.б. туатын әлемнің жаңалықтарын пайдалану керек.

Жаһандану заманында әлемнің тұрақты дамуы үшін **үш тұғырлы даму идеясы ұсынылады**. Ол үш бұрыштың үш қабырғасы сияқты **рухани жаңғыру, технологиялық даму және** оларды қамтамасыз ететін **қауіпсіздік**. Жаңа парадигмаға байланысты қазір бүкіл әлемге жалпы ортақ бір ғана идеология қажет. Ол қоғамдық, өндіріс қатынастарын, адам теңдігін, әділеттілікті, келісімділікті, мегодипломатияны, философиялық ізгілік тәрбиесін, адамзаттық рухани-өнегелік құндылықтарын қамтитын **«гуманистік идеология»**. Үштұғырлы даму идеясын жаңа өркениеттің негізгі факторы ретінде қарап, ХХІ ғасырдың негізгі стратегиясын жасауға пайдалануға болады. **Ғылым мен дінді жеке жібермей, интеграциялап бір жүйе ретінде прогреске қызмет еткізетін уақыт жетті.**

7) Болашақ өркениеттің квинтэссенциясы ретінде адамның ертеңгі күнін болжау қиын, алайда ғылыми тұрғыдан болжап беруге болады. Бүкіл адамзат ғасырлар бойы синусоид спиральмен дамығандықтан, қырғын кезеңдер, апатты

дағдарыстар мен соғыстар, жекелеген елдер мен халық арасында үлкен шығындар болған, жаңа өркениетке қадам басу кезеңдері де болды. Адамзат ежелгі Шығыс халықтарының арасында *бұрынғы құлиеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік және азиялық құлдықтан кейінгі* **жаңа жетінші формацияға** көшу үстінде. Бүкіл эволюциялық-тарихи үдерісіне сүйене отырып, шартты түрде рухани-технологиялық құрамдас бөліктер басым болатын қазіргі дамуды **интегралды инновациялық қоғам** деп атауға болады. ХХІ ғасырда және келесі ғасырларда адамзаттың одан әрі дамуы негізінен: ғарышты, ноосфераны және планетааралық өркениетті игеруімен және күн энергиясын, сутегі энергиясын, магнетизмді, атомдардың телепорациясы, жасанды интеллект, роботизация, ақпараттандыру және т.б. негізделген жаңа әлемдік революциялық ашылулармен байланысты болмақ.

8) Жаңа жаһандану жағдайында адамзат **планеталық қоғамды дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеуі қажет**, барлық елдерді көпполярлы әлемдегі өркениет диалогы мен серіктестігіне тартуы және **«Өркениет болашағы»** планеталық өркениет конгресін (Дүнижүзілік саммит) өткізуі тиіс. Адамзат өркениетінің болашағы алғаш рет ортақ мақсаттарға, яғни **планеталық азаматтық қоғамды құруға** біріктірілген жаһандық ізгілендірілген қауымдастық ретінде бірге өмір сүріп, дамуы керек. Бұл форумның ұйымдастырушылары (форум әрбір 5 жыл сайын өткізілуі мүмкін) біздің ойымызша, ең

алдымен, БҰҰ, G7, G20, ЕО, ШЫҰ және басқа да халықаралық қоғамдық институттардың болғаны абзал. Сол жерде ғалымдар мәселені қарастырып, ақылдасып, пікір алмасып, «біз қайда бара жатырмыз және бізді қайда жетектеп барады?» деген сұрақтарға жауап табуға тырысар. Өзірше, жетекшілердің өзі бізді қайда бастап бара жатқандарын білмейді, ал біз қайда жылжып бара жатқанымыздан хабарсызбыз.

Абай сөзімен пайымдасақ:

Көк тұман - алдыңдағы келер заман,

Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Адамзат қазір жолайрықта тұрғаны рас. Не біз ноосфералық өркениетке қарай дами отырып, биосфералық сана-сезім қалыптастыру бағыттарын түбегейлі өзгертеміз, жаңа жол табамыз, не бізге жер бетінен жойылып кету қаупі төнеді. Қазіргі заман беталысы адамзат өмірін кеңістік бойынша да, уақыт бойынша да шектеуде. Ақиқаттың күні, яғни Гамлет сұрағы туады: «Бүк не шік... Жаңа Өркениет өмірі».

*Барлық оқырмандарға ризашылығымды білдіремін. Егер өз ойларымен бөлісетін болса мына адреске жазуына болады: **osabden@mail.ru***

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сәбден О. ХХІ ғасырдағы адамзаттың өмір сүру стратегиясының концепциясы – Алматы, 2014. – 72 б.

2. Абай Құнанбаев. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.

3. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. – Алматы, «Жазушы», 1988. - 560 б.

4. Сәбден О. «Түркістан өңірі» рухани – жаңа технологиялық кластерін құру Қазақстан қоғамын ізгілендіру жолы. – Алматы, 2014. - 104 б.

5. Сабден О. Аширов А. Концепция стратегия выживания человечества в ХХІ веке и продовольственная безопасность. - Алматы: «Экономика» - 2015. -200 с.

6. Дулати М.Х. Тарихи Рашиди. – Алматы, «Туран», 2003. - 616 б.

7. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы, «Атамұра», 2010.

8. Байпаков К.М., Азимхан А. Все дороги ведут в Туркестан: памятники, персоны. – Алматы, 2013.

9. Сабден О., Арменский А, Копылов И. и др. Управление жизнью на планете Земля. – Алматы, 2012. – 628 с.

10. “Қаныш” энциклопедиясы, – Алматы, “Қазақ энциклопедиясының” редакциясы, 2011.

11. Қонаев Д.А. О моем времени. – Алматы., «Дәуір», 1992. -312 с.

12. Руменцева Т.Г. Фридрих Ницше. М. Книжный дом, 2008, - 192 с.с.

13. Қазақ энциклопедиясы. 10 томдық. – Алматы, «Қазақстан», 2008.

14. Мағауин М. Шыңғыс хан. Төрт томдық. – Алматы, «Дәуір», 2011. – 608 б.

15. Валиханов Ч. Ч. Избранные произведения. – Москва, Наука, 1986.

16. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. – Алма-Ата, 1985.

17. Айтматов Ч.Т. Тавро кассандры. Спрг, «Азбука-классика», 2007.

18. Жак Аттали. Краткая история будущего. – Питер, 2014.

19. Назарбаев Н.Ә., Еуразия жүрегінде. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 308 б.

20. Қызыласов Л.Р. Городская цивилизация срединной и северной Азии: исторические и археологические исследования. – М., 2006. – 360 с.

21. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в средней Азии в древние времена. – М-Л.: Изд. АН СССР, 1950.

22. Аджи М. Великая степь. Приношение тюрка. – М.: Аст, 2017. – 671 с.

23. Ахатнуров С. Распад Тюркского каганата VI-VIII в.в. с. 33-34.

24. Ал-Ала Ибн Хассул. Книга о превосходстве Тюрков над другими войнами. // Drevlit.ru/trxsts/i/ibn_hassul.php

25. Паркер Э. Татары. История возникновения великого народа. – М., 2008. – 223 с.

26. Груссэ Р. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан

27. Ахматнуров С. Роспад тюркского каганата VI-VIII вв. – М. 2015. – 176 с.

28. Осборн, Рождер. Цивилизация. Новая история западного мира. – М.: Аст, 2018. –768 с.

29. Рахманалиев Р. Империя тюрков. История великой цивилизации. М.: РИПОЛ классик. 2015 -704 с.

30. Аджи М. Азиатская Европа. М. АСТ, 2014 -1128 с.

31. Тұрғамбаев Г. Ақиқат жолында. – Алматы, 2008. – 480 б.

32. Лама Шариф. г. «Казахстанская правда». 10.08.2011.

33. Әуезов М. Абай жолы. –Алматы, 2006.

34. Зиманов С. Полное собрание сочинений. 10 томов. – Алматы, Медиа – корпорация «Зан», 2009

35. Жолдасбеков Ә. Машиналар механизмдерінің теориясы. –Алматы, Ғылым, 1979.

36. Мырзахметов М. Абайтану 1-2 кітап, – Астана «Деловой Мир», 2010-1180 б.

37. Калиев Г. Аграрные проблемы на рубеже веков. РГП “НИИ экономики АПК и развития сельских территорий”, – Алматы, 2003.

38. Абай. 1,2 том Алматы, «Жазушы баспасы», – 1995.

39. Кошанов А.К. Избранные труды в 10 томах. – Алматы, экономика, 2014.

40. Сәбден О. 25 томдық Экономика таңдамалы еңбектері. –Алматы, 2017.

41.Сабден О. г. «Казахстанская правда», 4 декабря, 2015 г.

42. Субетто А.И. Ноосферно-научные и духовно-нравственные основания выживания чело-

вещества в XXI веке. «Астерион», – Санкт-Петербург, 2013.

43. Вернадский В.И Научная мысль как планетарное явление. – М., Наука, 1991.

44. Бабалар сөзі. – Астана., «Фолиант», 2015

45. Дербісәлі. Ә. Қазақ даласының жұлдыздары, Тарихи - филол. зерттеу, А., 1995.

46. Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана «Фолиант». 2012.

47. Сыдыков Е.Б. Шәкәрім. - Алматы. 2013

48. Бельгер Г. «Избранное», изд., «Ruap», 2014

49. Джан Хауг. Нострадамус. Полное собрание пророчеств. – М., 2002. - 864с.

50. Макиавелли Н. Государь. Размышления над первой декадой Тита Ливия. – Минск, 2004. 703 с.

51. Гумилев Л.Н., Древние тюрки – М., 2014.

52. Кейнс Д.М. Экономические последствия мира. (The Economic Consequences of the Peace, 1919).

53. Stiglitz J. Freefall: America, Free Markets and the Sinking Economy Norton: 2009.

54. Яковец Ю. Глобальные экономические трансформации XXI века. Экономика. – 384 стр. 2011

55. Фридман Д. Следующие 100 лет: прогноз событий XXI века. – М., ЭКСМО. 2010.

56. Мичио Каку. Физика будущего. – М., 2012.

57. Sabden O., Armensky A. Sustained economic growth in the EurAsEC countries on the basis of laws of development. - Almaty, 2011.

58. Лао-цзы. Книга о пути жизни. – М. АСТ, 2019. -256 с.
59. Сократ. Я ничего незнаю. 2019. -320 с
60. Росс, Алек. Индустрия будущего. –М., АСТ, 2017. 287 с.
61. Шваб, Клаус. Четвертая промышленная революция. –М., «Э», 2017, -208 с.
62. Коннель О., Марко. Искусственный интеллект и будущее человечества. М., ЭКСМО. 2019. -480 с.
63. Харари Ю.Н. Краткая история будущего. М., Синдбад, 2018, -496 с.
64. Арти Закария. Облачный мир: Эволюция сознания и технологий. – М., АСТ. 2019. -368 с.
65. Куда движется век глобализации. Волгоград: Учитель. 2019. -400 с.
66. Эдвард Томас. Будда. История и легенды. : ЗАО Центрполиграф; Москва; 2003. 390 с.
67. Конфуций. Суждения и беседы. М., Рипол классик, 2010. -368 с.
68. Вернадский В.И. Научная мысль как платные явление. – М.: Наука. 1991.
69. Хокинг Стивен. Краткие ответы на большие вопросы. –М. ЭКСМО, 2019. -256 с.
70. Навой А. Хамса. Ташкент. Изд. Лит и искусств. 1986.
71. Сабден О. Қоғам дерті. Алматы: «Service Press».- 2020. - 226 б.
72. Сэбден О. Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация. – Алматы, 2019. – 464 б.

73. Sabden O. Abai, Future of Kazakhstan and world civilization. – London, 2018. – 324 p.

74. Sabden O., Ashirov A. The the conceptual strategy for humankind's survival in the XXI centure and food security. – London, 2016. – 170 p.

75. <http://www.nkkm.ru/referats/333281-pitim-Sorokinrusskaya-sotsiologiya> (дата обращения: 21.04.2020)

76. Гэлбрейт Дж. К. Новое индустриальное общество. – Москва; 1969. 452-455 с.

77. Сабден О. Проекты перехода к новой цивилизации. Под редакцией С.Глазьева, А.Сатыбалдина. Научные проекты. / – Алматы : «Service Press», -2021. - 175 стр.

78. Сабден О. Өркениет жобалары. С. Глазьев, А.А.Сатыбалдинның редакциялауымен. / –Алматы: «Service Press», -2021. - 179 б.

79. Сабден О. Ойлы кітап. Ойлы кітап (Қоғамды жаңғырту ілімі) XXIX том. Алматы, «Servise press» . 2021. -364 с

80. Сабден О. Әлем, түркі өркениеті, Қазақстан және болашақтың концепциясы/Мировая, тюркская цивилизация, Казахстан и концепция будущего/ World, turkish civilization, Kazakhstan and concept of the future. Алматы, «Servise press». – 2022. 510 б.

1990-2023 жж. Қазақстан Республикасы Президентіне, Үкіметіне берілген 47 ұсыныс-хаттар тізімі:

1. О республиканской программе подготовки кадров за рубежом. (1990 г.)

2. О создании и организации деятельности Национального научного фонда. (13 ноября 1991 г.)

3. О создании Высшего консультативного совета по науке и технике при Президенте Республики Казахстан. (Июль 1992 г.).

4. Об интеграции науки, образования и подготовки кадров. (23 ноября 1993 г.)

5. О корректировке Правительственной программы. (1994 г.).

6. О концепции новой экономической политики (Февраль 1995 г.).

7. Концепция новой экономической политики («Советы Казахстана», январь 1995 г.)

8. Жаңа экономикалық саясаттың тұжырымдамасы («Халық кеңесі», 13 қаңтар, 1995 ж.).

9. О государственной поддержке отечественных производителей (1995 г.)

10. Об ускорении экономической реформы в Казахстане на пороге XXI века. (Ноябрь 1997 г.)

11. О государственной монополии на производство виноводочной продукции и создании национальной корпорации «КАЗАХСТАН ШАРАБЫ» (Май 1998 г.).

12. Об ускорении экономической реформы (май, 1998 г.).

13. О создании Национального Агентства по науке и технологиям (Апрель 2006 г.)

14. Стабилизация и рост конкурентоспособности экономики Казахстана. (Алматы, 2008 г.)

15. Об инновационном развитии экономики Казахстана и роль науки (Алматы, 2009)

16. О повышении конкурентоспособности человеческого капитала в Республике Казахстан (2010).

17. Экономика 2020 – новый путь и Казахстанское экономическое чудо (2011 г.)

18. О создании национального научного центра фундаментальных и прикладных исследований (2011 г.).

19. О некоторых направлениях совершенствования организации и управления территориальным развитием (2011 г.)

20. «Общественная палата» Республики Казахстан – палата больших надежд (2011 г.)

21. К политической модернизации страны: новый подход и новый проект ее реализации (2011 г.).

22. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тіл туралы» жаңа заң жобасы (2011 ж.)

23. «Түркістан Өңірі» рухани – жаңа технологиялық кластерін құру туралы мегажоба (2012 ж.).

24. Записка о пенсионном возрасте женщин (22.05.2013 г.).

25. Записка О реформе науки (Открытое письмо 06.03.2014).

26. Абай және қазақ болашағы (04.2015 ж).

27. Записка «О судьбе науке» (Открытое письмо 06.11.2015).

28. Алдымыздағы үлкен қиындықтан шығу үшін Қазақстан халқының барлық күш-қуатын біріктіретін уақыт келді (15.01.2016)

29. «Қоғамдық палата» құру – мемлекетті тиімді басқарудың қажеттілігі (13.05.2016)

30. Освоение казахстанской целины XXI века – как возрождение истории и укрепление страны (24.05.2016 г.)

31. Мемлекетті төрттік спиральмен басқарудың жаңа парадигмасы: мемлекет, бизнес, ғылым және қоғам. 02.02.2017ж.

32. Латыннегізді қазақ әліпбиін жетілдіру жөніндегі «Ғалымдар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі жұмыс төбының ұсынысы.

33. Академик О.Сәбденнің ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, Қазақстан халқына ашық пікірі (1 хат, 2018 ж.)

34. Академиктің бірінші Ашық хаттағы «Біз өзі қайда бара жатырмыз...» деген сұраққа жауап ретінде берген «БЕС ҰСЫНЫСЫ» (2 хат)

35. Академиктің ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, Қазақстан халқына үшінші ашық хаты: «Бизнесті қалай бүкіл халықтың дәулеті жасаймыз?»

36. Академиктің ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, Қазақстан халқына төртінші ашық хаты: «Түркістанды рухани астанаға айналдыру жобасы».

37. Академиктің ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, Қазақстан халқына бесінші ашық хаты: «Ғылым мен білімнің дамуына жаңа серпіліс беру туралы».

38. Академиктің ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, Қазақстан халқына алтыншы ашық хаты: «Мемлекетті 5-тік спиралмен басқару жобасы».

39. Академиктің ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа, Қазақстан халқына жетінші ашық хаты: «ҚР саяси реформа жасау туралы».

40. ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа «Мемлекетті 5-тік спиральмен жаңаша басқару жобасы» (30.07.2019)

41. ҚР Президенті Қ.Қ.Тоқаевқа «Абай атындағы рухани академия» ашу туралы (2019 ж)

42. Ауылыңа бәрі бір оралатыныңды ұмытпа (2020): ҚР Президенті Қ.Қ. Тоқаевқа, Қазақстан халқының назарына

43. 30 жылда жоғалтқан сенімді халыққа қалай қайтарамыз? Тығырықтан шығу жолы! *Қазақстан халқына ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа ашық хат. (Жас Алаш, 14.01.2021)*

44. *ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевқа. Ашық хат. Жас Алаш. 5 тамыз 2021 жс. «Бұқаралық спортты дамыту, түбегейлі реформа жасау туралы»*

45. *ҚР Президенті ашық хат. Қазақстанға терроризм емес, мәдени революция керек. Жас Алаш. Қаңтар 2022 жыл.*

46. *7 жылға сайланған ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевқа 7 ұсыныс. Жас Алаш. Желтоқсан 2022 жыл.*

47. *ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың назарына (ашық хат). Ана тілінің тағдыры мүшкіл екені даусыз. Дат газеті. Қаңтар 2023 жыл.*

Қазақстан Ғылымдар одағының президенті, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, э.ғ.д., профессор, академик О.СӘБДЕНнің қысқаша өмірбаяны

Оразалы Сәбден 1947 жылы 20 мамырда Тастұмсық ауылы, Түлкібас ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келді.

1964 ж. орта мектепті бітірді. 1970 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ химиялық-технологиялық институтын автоматтандырудың инженер-технологы мамандығы бойынша тамамдады.

1971–1973 жж. Шымкент қорғасын зауытында инженер-электрик, «Қазмонтажавтоматика» трестінде инженер.

1973–1990 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясы Экономика институтының инженері, аға экономисі, кіші ғылыми, аға ғылыми және бас ғылыми қызметкері.

1978 ж. экономика ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін кандидаттық диссертация қорғады.

1986-1987 жж. Мәскеуде, КСРО ғылым Академиясының экономика институтында ғылыми тағылымдамадан өтті. Ал 1989 жылы докторлық диссертация қорғады, 1999 жылы профессор атағын алды.

1990 ж. Жоғарғы Кеңестің депутаты және төрт рет ҚР Парламенті депутат болып сайланды. ҚР Жоғары Кеңесінің ғылым және білім комитетінің төрағасы (1990 ж.); экономикалық реформа комитетінің төрағасы (1994 ж.); ТМД мемлекеттерінің парламентаралық Ассамблеясының

мәдениет, ғылым, білім және ақпарат комитетінің тең төрағасы (1995 – 2001 жж.); Қазақстан инженерлер одағы қоғамдық-саяси қозғалысының ұйымдастырушысы және төраға орынбасары болды.

2001–2003 жж. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің президенті болып жұмыс істеді. 2004 ж. М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясының профессоры, «Қазақстан – АҚШ» анализ жасау және болжау институтының құрылтайшысы және президенті.

2006 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Ғалымдар одағы» Республикалық қоғамдық бірлестіктің негізгі ұйымдастырушысы және президенті.

2006–2012 жж. ҚР БҒМ ҒК Экономика институтының директоры.

2012 жылдан бастап ҚР БҒМ ҒК Экономика институтындағы «Экономикалық саясат және жаһандану» орталығының жетекшісі, бас ғылыми қызметкер.

1992 ж. ҚР Ұлттық инженерлік академиясының және Халықаралық инженерлік академиясының академигі (Мәскеу қ.), 1996 ж. Жоғарғы мектеп Халықаралық ғылым академиясының және ҚР Жоғарғы мектебі ғылым академиясының академигі, Еуразия Халықаралық экономикалық академиясының академигі, «ҚР Білім беру үздігі» (1998 ж.), 2010 ж. ҚР жаратылыстану ғылымдарының Ұлттық академиясының академигі, 2014 ж. Халықаралық инноватика академиясының академигі, 2015 ж. Халықаралық жаһандық зерттеу академиясының академигі (Мәскеу қ.), 2017 ж. Ресей жаратылыстану академиясының академигі.

Жалпы көлемі **800 ғылыми еңбегі** бар, соның ішінде **98 монографиясы мен кітаптары** жарық көрді. Жас ғалым ретінде ғылыми еңбектеріне 1980 жылы ғылым және техника жөнінде Ленин комсомолы сыйлығы берілді. 2003 жылы «Қазақстанда нарық экономикасының дамуының концептуалды негіздері» атты 11 монографиялық ғылыми еңбектеріне ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

О.Сәбденнің негізгі ғылыми ізденістері оның таяуда жарық көрген **30 томдық «Экономика: таңдамалы еңбектерінде»** баяндалған. Олар мына мәселелерге арналған: *ұлттық экономиканы басқару; бәсекелестік экономика; инновациялық және интеллектуалды экономика; өнеркәсіптің тиімділігін арттыру; нарық экономикасының теориясы мен әдістемесі; логистика; шағын және орта бизнесті дамыту; ғылым, білім және инфрақұрылымдық мәселелер; ХХІ ғасыр және одан кейінгі ғасырдағы адамзаттың өмір сүру жолы; жер шарындағы өмірді жүйеге салу; қоғамның рухани даму және жаһандану мәселесі; мемлекетті «бестік спираль» негізінде басқарудың жаңа парадигмасы; Қазақстанда парламентаризмді дамыту және оны жаңа заңдармен қамтамасыз ету және т.б..*

Автордың 50 жыл бойы іргелі және қолданбалы ғылыми ізденістері Үкіметтің 1973-2023 жылдардағы ғылыми гранттық бағдарламаларда көрсетілген. Автор ғылыми ізденістерінің нәтижесі бойынша Елбасы және Үкімет атына бағытталған 47-ден астам концептуалды ғылыми ұсыныстар берді. Олардың көпшілігі іске асты, қалған

бөлігі өз уақытын күтуде. Солардың ішінде жүзеге асқандары: *Жаңа экономикалық саясат концепциясы-1995ж ; Шет елдерге жас маман, кадр дайындау-1991ж; Президент жанынан ғылым мен техника саласында Жоғарғы консультативті Кеңес құру-1992, 2022ж.; Кіші кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы-1996ж; Экономикалық реформаны жеделдету-1997ж; Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттігі-2007 ж. Түркістанды рухани жаңғырту 2012 ж., Абай облысын, Абай академиясын ашу 2018 ж., Ұлттық Кеңес 2019 ж., Ұлттық Құрылтай 2022 ж., Ұлттық ғылым академиясына Мемлекеттік статус беру, Президент жанынан ғылым кеңесін ашу 2022 ж. т. б.*

ТМД мемлекеттері бойынша Парламентаралық Ассамблеяда комиссияның тең төрағасы ретінде көптеген моделді заңдарды қабылдауға ат салысты (1997-2001 жж). Қазір Ресей Ғылым академиясының жанынан құрылған Еуразиялық экономикалық интеграция, модернизация, бәсекеге қабілеттілік пен тұрақты даму ғылыми кеңесінің мүшесі, ЕурАзЭС-тың жаңа технология комиссиясының мүшесі, МПА-ның ғылым, білім комиссиясына ұсыныстар беруде. ТМД елдерінің Парламентаралық Ассамблеясының құрмет грамотасы (1997 ж.), ҚР Президентінің алғысы (1997 ж., 2022 ж.), Ресей мен Қазақстан арасындағы ғылыми ынтымақтастықты нығайтудағы ерен еңбегі үшін М.Ломоносов орденімен (Мәскеу қ. 2007 ж.) марапатталған.

Ғылым мен әлемдік экономиканың дамуына қосқан ерен еңбегі үшін 2017 жылы келесідей медаль, ордендермен марапатталды:

- *Нобель сыйлығының лауреаты Сайман Кузнец атындағы алтын медальмен;*
- *В.И.Вернадский атындағы орденмен;*
- *Нобель сыйлығының лауреаты В.Леонтьев атындағы күміс медальмен;*
- *Kultegin алтын медалімен №003.*
- *Құрмет ордені.*

Академик О.Сәбден – өз Отанының патриоты ретінде, Қазақстан халқының дамуы үшін, ескі жүйенің жасаған түрлі қиындықтарына қарамастан, өз ұстанымынан таймаған халықаралық деңгейдегі белгілі ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері. Мысалы, О.Сәбденнің тікелей басшылығымен **Мемлекеттік тіл «қазақ тілі»** туралы жаңа заң жобасы жасалып, Елбасына жіберілген болатын. Жер тағдыры мәселесі көтерілуіне, әсіресе, жерді шетелге жалға бермей, өз азаматтарымызға сатпай, тек ұзақ жылдарға жалға беру арқылы игеруге тікелей септігін тигізген. **Жер реформасы** туралы мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде заңдарға өзгерістер енгізу, тың жерді игеру, кооперация құру жобаларын Үкіметке ұсынды.

«Түрік халықтары тарихының келбеті» альбом идеясының (2003 ж.), сондай-ақ өз қаражатына тұрғызылған «Түркібасы Әулиесі» (2004 ж.) тарихи монументінің авторы. «Жаралы сезім» (2008 ж.), «Әйгерім» (2015 ж.), «Жақсы адам» (2014 ж.), «Жер» (2017 ж.) көркем фильмдер идеясының авторы, соңғы екі фильмнің сценарийінің авторы.

Еркін күрес бойынша СССР спорт мастері, Қазақстан чемпионы.

Оразалы СӘБДЕН

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САРА ЖОЛЫ

Редактор – профессор Тымболова А.
Басылым үшін жауапты – Адилханов О.
Компьютерде беттеген және верстка – Байханова М.

Баспаға жіберілді 23.01.2023 ж.
Пішімі 84х108 ¹/₁₆, баспа табағы 22,25

Офсеттік басылым

Тапсырыс №19

Таралымы 3000

«Service Press» баспаханасы,
Алматы қ-сы, Халиуллин к-сі, 32
тел. 8(727) 352-82-02